Орта тап идеясы батыс әлеуметтануында XX ғасырдың екінші жартысында кең етек жайды. АҚШ және басқа да капиталистік елдердегі ғылыми-технологиялық революция дамуы, реформалар бағытындағы меншік диффузиясы нәтижесінде кедейлер үлесі азайды. Салыстырмалы табыс деңгейі халықтың басым бөлігіне тән болды.

Қоғамның индустриялық және постиндустриялық кезеңдеріне өту кезінде «орта тап» өзекті құбылыс болып табылатындығына қазіргі әлеуметтік зерттеулер дәлел. «Технологиялар және экономикадағы қызмет көрсету саласының дамуы, сондай-ақ мемлекеттің ерекше түріне («әлеуметтік мемлекет» және «әлауқатты мемлекет») бетбұрыс оның кеңейіп, қалыптасуына ықпал етті»[4].

Қазіргі заманғы қоғамның тағы бір жаңа үрдісі орта таптың арасындағы диферренциацияның артуымен байланысты. Нәтижесінде, зерттеудің фокусы жеке-жеке құрама топтарды зерттеуге ойысты. Зерттеушілер алдымен «жаңа» орта тапқа назар салса, кейін «кәсіби мамандарға», яғни бірегей адам капиталы иелерін зерттеген, ал соңғы жылдары «ақпараттық қызметкерлер» деп аталатын топ қызығушылық тудыруда. Өйткені 1980 жылдардан бері орта тап қоғамға тұрақтандырушы әсер ететін «әртүрлі сапалы әлеуметтік топтардың жиынтығы» саналады.

Таптарды, қабаттарды және жіктерді анықтау үшін М. Вебер, П. А. Сорокин және басқа әлеуметтанушылар ұсынған көп факторлы стратификация ең қолайлы критерийлер ретінде қаралған. М. Вебер билік, мүлік және беделді кез келген қоғамның иерархиялық құрылымын анықтайтын үш өзара әрекеттесетін факторлар ретінде қарастырды. Оның айтуы бойынша, билікке ие болу, яғни басқаларға ықпал ету мүмкіндігі, қоғамдық өмірдің барлық салаларында кездеседі. Меншіктегі айырмашылықтар экономикалық таптарды қалыптастырады, өз кезегінде, экономикалық жағдай нақты экономикалық жүйедегі табысты арттыруға қажетті құралдар мен дағдыларды иемденуге мүмкіндік береді (не шектейді). Билікке қатысты айырмашылық адамдардың үлкен топтары арасында айырмашылық тудырады [5].

«Орта тап» феноменінің әртектілігін мойындай отырып, қазіргі заманғы зерттеушілер қоғам мен оның негізгі топтарын зерттеуде кластерлік талдау әдісін қолдануды ұсынады. Экономикалық ресурс (жеке бизнес, меншіктен түсетін табыс), билік ресурсы (белгілі бір ұйым ішінде қабылданатын шешімге ықпал ету мүмкіндігі), біліктілігіне қатысты ресурстар (білім деңгейі, біліктілігін арттыру мүмкіндігі) және мәдени (ерекше әлеуметтендіру ортасы) ресурстарды сипаттайтын айнымалылар орта тап ішіндегі негізгі топтарды анқтау үшін енгізілген.

«Орта тап» ұғымының заманауи анықтамаларының саяси астары да жоқ еместігін және саяси мақсаттардың талаптарына сәйкес өзгеріп отыратындығын да ескерген жөн. Сондай-ақ, мұндай анықтау жолдарының көптігі кейде қазіргі кездегі өнеркәсіптік (салыстырмалы түрде қай елде кедейлік басым, қай елде байлық анғұрлым эгалитарлы бөлінгендігін көрсету) және дамыған (кедейлік өте төмен және байлықтың тең емес түрде бөлінген) елдер арасындағы «байлықты» өлшеу және салыстыру үшін де қолданылады. Осындай салыстыру әдістердің көбі қатаң сынға ұшыраған болатын. Мысалы, Томас Пикетти өзінің «XXI ғасырдағы капитал» еңбегінде бүкіл әлемдегі әлауқатты өшеуде анағұрлым жиі қолданылатын Джини коэффиценті еңбек және капиталға қатысты теңсіздік сияқты әртүрлі өлшемдерді араластырып жіберетіндіктен, теңсіздіктің көптеген өлшемдері мен еңбектегі түрлі механизмдердің ара жігін нақты анықтау мүмкін еместігін жіті сынаған болатын [6].

2009 жылдың ақпанында Экономист журналында жарияланған мақалада дамушы елдердегі қарқынды экономикалық дамудың нәтижесінде әлем халқының жартысынан астамы орта тапқа жатқызылған. Онда орта тап дискрециялық кіріс таба алатын адамдар тобы делінген. Орта тап өкілдері кедейлер сияқты бар тапқанын тамаққа ғана жұмсайтындар емес, керісінше азық-түлік пен коммуналды шығындардан кейін табысының үштен бірі дискрециялық шығындарға жұмсай алатындар. Бұл адамдарға тұтыну тауарларын сатып алуға, денсаулығын жақсартуға, балаларының сапалы білім алуын қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді. Қалыптасып келе жатқан орта таптың басым бөлігі бұғанасы бекіген бай елдердің емес, керісінше дамушы әлем

стандарттары бойынша орта тап адамдары болып табылады, табыстары дамыған елдердің деңгейіне сәкес келмейтіндіктен, дискрициялық пайызбен есептелінеді. Мұндай анықтау тәсілі бойынша Азиядағы орта таптағы адамдар саны батыстағы көрсеткіштен шамамен 2007 немесе 2008 жылдары асып түскен.

Дамыған елдердің басым бөлігінде орта таптың саны межелеп емес, бірден арттты. Қарқынды өсім олардың «орта тапты» анағұрлым кең мағынада анықтауымен байланысты. Кедей елдер халықаралық саудада өздері ұсына алатын арзан еңбек күшінен максималды пайда таба бастағанда ондағы кедейлер орта тапқа миллиондап кіргенімен, олар халықаралық нарықта арзан тауарларға өздері баға қоя алмады. Ол кезеңде жылдам урбанизация жүрген еді, ол уақытта фермерлер маргиналды шаруашылықтарды тастап, зауыттарға бет бұру нәтижесінде жалақылары халықаралық деңгейге жетпес бұрын өздерінің экономикалық өнімділігін бірнеше еселеп арттырды. Бұл кезең Қытайда 1990 және 2005 жылдар арасында жүзеге асып, «орта тап» қытайлары халықтың 15%-нан 62%-на дейін жеткен болатын. Үндістан мұндай көрсеткішке енді ғана жетті.

Кедейлік шегінен көтерілу бірнеше он жылдықтарға созылып, ғаламдық орта тап санының 2030 жылға дейін артатындығы жорамалданған. Жылдам дамуға негізделе отырып, зерттеушілер ғаламдық орта тап тұрақты дамудың қозғаушы күшіне айналатынына сенім білдіреді. Алайда мұндай пікірлер біржақты емес және қызу талқылануда [7].

Кейбір зерттеушілердің бағалауы бойынша американдық орта тап халықтың 45% құрап отырғандықтан, Экономист мақаласындағы көрсеткіш бойынша американдық орта таптың мұндай көрсеткіші әлемдік орташа деңгейден төмен болар еді. Бұл айырмашылық Экономисттің өзге өлшеу үлгілерінен әлдеқайда өзгеше екендігінен болып табылады [8].

2010 жылы ЭЫДҰ жұмыс құжатында қазіргі таңда 1,8 млрд адам ғаламдық орта тап өкілі болып табылады делінген. Credit Suisse-тің әлемдік әл-ауқат бойынша 2014 жылғы қазанда жарияланған баяндамасында дүние жүзі бойынша шамамен $10,000 - $100,000 арасында табыс табатын бір миллиард ересек адам орта тапқа жатқызылған [9].

Барлық дерлік өлшемдерге сай американдық орта тап – бұл жылдық табысы $25000 мен $100000 арасында қалыптасқан топтар жиынтығы. Дегенмен, бұл көрсеткіштердің өзі тым кең ауқымды болып табылады. Сондықтан Уильям Томпсон мен Джозеф Хики американдық орта тап екі негізгі топтан тұратын бес таптық өлшемді алға тартады [10].

Жоғарғы орта таптың өкілдері (тұрғындардың 15 % дейін) «кәсіпқой мамандар» немесе «ақ жағалылар» деп аталады. Олар сапалы жоғары білімдегі жетістіктерімен және жоғары экономикалық қауіпсіздігімен ерекшеленеді. Олар жылына әдетте шамамен $ 100,000 табыс табады.

Төменгі орта тап (шамамен 33%), әдетте, колледж/мектеп түлектері мен жартылай кәсіби мамандар. Алғашқылармен салыстырғанда осы тап ішілік топтар өкілдерінің білім деңгейі анағұрлым төмен, жұмыс орнына тәуелді және кіріс деңгейі де төменірек. Төменгі орта таптың кәсіби профиліне орта таптың басым бөлігін құрайтын мектеп мұғалімдері, сауда және көлік жолдары жұмысшылары, төменгі және орта буын менеджерлері жатады.

Кеңестік ғалымдар мойындағандай ресейлік сарапшылар да Кеңестік режим кезінде орта таптың болмағанын мойндады. Оған қоса кеңестік сарапшылар орта тап пен оның тұжырымдамасының өміршеңдігіне сенімсіздікпен қараған болатын: Маркстің тұжырымын жалғастыра отырып, орта тапты антогонистер мен қаналушылар арасындағы уақытша құбылыс деп түсінді.

Орта тап пен ауқатты топ өкілдерінің мәртебесі бірдей болса, Кеңестік халықтың басым бөлігін (60 жылдар мен 1980 жылдар аралығындағы) орта тапқа жатқызуға болар еді. Себебі олардың көбі әрқайсысы автокөлікке оңай (Кеңестік бренд) қол жеткізе алатын, тұрғын үйін қамтамасыз ете алатын және демалысында Кеңес Үкіметінің кез келген демалыс орнына баруға мүмкіндігі жететін (кем дегенде екі жылда бір рет) оқытушы, инжинер және ғылыми қызметкер сияқты жұмысшылар еді. Сонымен қатар, тегін арнайы кәсіптік, жоғарғы және жоғарғыдан кейінгі білім, сондай-ақ тегін денсаулық сақтау және адам нанғысыз тұрақтылық болды. Кеңес халқына жетпеген ғаламдық орта тап атрибуты тек либералды бостандық ғана еді.

Әдетте қазақстандық орта тапқа жататын отбасының екі-үш бөлмелі тұрғын үйі, екі - үш автокөлігі және әр мүшесіне кемінде 50000 теңге табысы бар. Дегенмен, халықтың иелігіндегі тұрғын үйдің басым бөлігі Кеңестік дәуір мұрасы (себебі отбасылардың көбі пәтерлерін 1960-1970 жылдардағы «стагнациялық кезеңде» үкіметтен алған), көлік құралдары әдетте қолданыс мерзімінен шыққан және табыс көлемі әртүрлі болып келеді. Қазақстандық сарапшылардың басым бөлігінің қорытынды пікірі бойынша нарықтық реформалар айқын жүзеге асқанымен, Қазақстанда нақты сегменттелген орта тап іс жүзінде осы уақытқа дейін қалыптасып үлгерген жоқ. «Орта тап қоғамның негізгі қозғаушы күші болуы керек болғанымен, қазақстандық қоғамда басым фактор емес. Бір сөзбен айтқанда, өзге де посткеңестік елдер беттесіп отырған мәселелерге қазақстандық орта тап та тап болып отыр, яғни аталмыш тап әлі толыспаған, тіпті қалыптаспаған. Сонымен қатар, ол тым әлсіз: жуырдағы теңге бағамының құлдырауы көптеген орта тапқа жатады деп пайымдалған үй шаруашылықтарын қайта төменгі межеге шегіндірді.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. Заславская, Т.И. Социальные трансформации в России / Т.И. Заславская, В.А. Ядов // Социологический журнал. – 2008. – №4.

2. Аристотель. Политика: соч.: в 4-х т. – М., 1983.

3. Lewis Corey, «American Class Relations,» Marxist Quarterly, vol. 1 no. 2 (Jan.-Mar. 1937), pg. 141.

4. Тихонова, Н.Е. Средний класс: теория и реальность / Н.Е. Тихонова, С.Е. Мареева. – М.: Альфа, 2009.

5. Вебер, М. Основные понятия стратификации / М. Вебер // Социологические исследования. – 1994. – №5.

6. Piketty, Thomas (2014). Capital in the Twenty-First Century. The Belknap Press of Harvard University Press. p. 243. ISBN 978-0-674-43000-6.

7. Parker, John (12 February 2009). «Special report: Burgeoning bourgeoisie». The Economist(published 13 February 2009). Retrieved 13 December2009.

8. Gilbert, D. (2002) The American Class Structure: In An Age of Growing Inequality Belmont, CA: Wadsworth; Thompson, W. & Hickey, J. (2005).

9.http://www.oecd.org/redirect/dataoecd/12/52/44457738.pdf)

10. Thompson, William; Joseph H ickey (2005). Society in Focus. Boston, MA: Pearson.

**ӘОЖ: 316(045)**

# ҚАЗАҚ ОТБАСЫ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ КОНСТРУКЦИЯЛЫҚ СТРУКТУРАЛИСТІК ТАЛДАУЫ

**Кульбаева А.М.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.
**Тлеспаева А.А.**
Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

**Аңдатпа.** Мақалада дәстүрлі қазақ отбасында орын алған трансформа-цияларды конструкциялық структуралистік концепция тұрғысынан талдау жасау талпынысының нәтижелері ұсынылады. XX ғасырдың 20-30 жылдары жүргізілген қазақ қоғамын «модернизациялау» процестерінің қазақ отбасы және онымен байланысты әлеуметтік институттарды трансформациялауы ұсынылады.

**Түйінді сөздер:** модернизация, трансформация, қазақ отбасы, шежіре, мәдени капитал, дәстүрлі қоғам, ұлт, тіл, жаһандану.

Заманауи қоғамда отбасы әлеуметтік институт және әлеуметтік топ, сондай-ақ мәдени мұра, құндылықтық-нормативтік жүйе трансляторы ретінде трансформацияланып жатыр. Отбасы трансформациясы, әлеуметтік институт ретіндегі функцияларының өзгерісі және отбасы мүшелері рөлдерінің өзгеруі – құрылымдық өзгерістер мен өмірді әлеуметтік ұйымдастыратын жаңа конструктілердің пайда болуының, күнделікті тұрмыс практикаларынан агенттердің ауытқуының нәтижесі.

Отбасы трансформациясын әлеуметтанулық талдау – қоғамдағы әлеуметтік қатынастар мен практикалар ерекшелігін ғылыми интерпретациялау мүмкіндігі. Мақалада заманауи процестер ықпалымен дәстүрлі қазақ отбасындағы тенденцияларға талдау жасауға талпынамыз. Талдауды француз әлеуметтанушысы Пьер Бурдьенің структуралық конструктивизм немесе конструкциялық структуралистік тұжырымдамасының негізінде жүзеге асырамыз. П.Бурдье ұсынған әдіснама қоғамдағы әлеуметтік процестер мен тенденцияларды түсіндіруде құрылым мен агент, объективтілік пен субъективтілік арасындағы алшақтықты еңсеруге бағытталған. Объективті құрылымдар (рудың не елдің әлеуметтік жады, мәдени код, дәстүр, әлеуметтік институттар) агент санасын, әрекетін, өзара әрекеттесуді және қоршаған әлеуметті репрезентациялауын шектейді. Әлеумет репрезентациясы, өз кезегінде, объективті құрылымдарға ықпал етеді. Құрылым мен агенттің өзара ықпалдастығының нәтижесінде практика туындайды [5].

Дәстүрлі үлкен қазақ патриархалдық отбасы патрономия формасына ие болды. "Патрономиялар шаруашылық, салт-дәстүр, аумақтық мүдделердің ортақтығымен байланысты жақын туыстардың ұжымы болып табылады. Дәл осы патрономияда көшпенділер қорғаныс және көмек табады, тұлға әлеуметтендіруінде маңызды рөл атқарады, тек жеке адамның ғана емес, жалпы отбасының да тіршілігін қамтамасыз етуге кепілдік береді" [1, 186б.]. Патрономия – әлеуметтік ұйымның ұяшығы, онда "негізгі біріктіруші тізбек – генеологиялық туыстық дәстүр, ол қазіргі әлеуметтік қатынастардың идеологиялық негіздемесіне қызмет етеді» [1, 189б.].

Дәстүрлі қазақ қоғамында "отбасы" және "шаруашылық" ұғымдары ажырамас ұғымдар болды: қазақ патриархалдық отбасында өндірістік-шаруашылық тәртіп жас ұрпақтың әлеуметтендіру, білім беру және шаруашылық дағдыларын қалыптастыру жолымен берілді; отбасы мүшелерінің әлеуметтік рөлі (күйеуі мен әйелі, аға және жас

ұрпақ) қатаң сараланып, бір-бірін толықтырып отырды. Генеологиялық туыстыққа негізделген әлеуметтік қатынастарды сақтау «капитал айналымы», яғни ұрпақтан ұрпаққа жер ресурстарының мұраға қалу тәсілі еді [4]. Мәселен, қазақ үшін өзінің шежіресін білу дәстүрлі қоғамда мәдени және әлеуметтік капитал болды. Мәдени капитал – мәртебеге және билікке ие болуды қамтамасыз ететін білім немесе идеяларды, ал әлеуметтік капитал - әлеуметтік желілер және олардың арасындағы қоғамдағы өзара байланысты қамтыды [5].

«Дәстүрлі шаруашылық құрылымының өзгеруі – жартылай отырықшылыққа және уақыт өте толық отырықшылық өмір салтына жаппай көшудің, яғни көшпелі тұрмыстың тарихи қалыптасқан түрі мен ғасырлар бойы қазақтардың отбасы құрылымының өзгеруінің негізгі себебі және нәтижесінде отбасылық-туыстық топтар ішіндегі дәстүрлі әлеуметтік байланыстардың бұзылуы» [8].

ХХ ғасырда қазақстандық қоғам мен отбасындағы қарым-қатынастардың өзгеруіне ықпал етіп, сол өзгерістердің кейінгі ұрпақ әлеуметтік жадында "із" қалдырған екі негізгі трансформациялық кезеңді бөліп көрсетуге болады. Бірінші трансформациялық кезең – жаңа кеңестік Қазақстанда ұжымдастыру, индустрияландыру, урбанизация, көші-қон, кеңестік мәдени революция және осы процестермен байланысты қазақтардың үдемелі, күштеп отырықшыландыру саясаты жүргізілген ХХ ғасырдың 20-30 жылдары. Екінші кезең социалистік құрылыстың құлдырауымен, тәуелсіздікке қол жеткізумен және ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында еркін нарықтық қатынастардың ене бастауымен байланысты.

ХХ ғасырдың 20-30 жылдары кеңестік Қазақстанды модернизациялау кезеңі болды. Модернизация дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманға көшуді білдіреді. Модернизация процестері қоғамның түрлі салаларында қатар жүреді. «Дәстүрлі», «индустриялық» (заманауи, жаһанданған) және "постиндустриялық" (постзаманауи, постжаһанданған) терминдерінде қоғамның даму сатысын түсіндіру – әлеуметтік дәстүрдегі эволюциялық әдістің классикалық көрінісі. Әлеуметтану классиктері (Ф.Теннис, Г.Зиммель, М.Вебер, Э.Дюркгейм, Д.Белл, А.Турен және т. б.) дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманға өтуді талдау және түсіндіруде мынадай процестерді ажыратады:

- шаруашылықты жүргізу әдістерінде өзгерістер орын алады (дәстүрлі қоғам үшін ауыл шаруашылығымен айналысу тән болса, индустриялық қоғамдарда ауыр және жеңіл өнеркәсіп дамиды, постиндустриялық қоғамдарда қызмет көрсету саласы дамиды);
- урбанизация және миграция процестері күшейеді (өнеркәсіп қалыптасқан/дамыған өңірлерде қалалар пайда болып, қалаларға миграция артады);
- еңбек бөлінісі күрделенеді (мамандану, еңбек нарығының сегментациясы және кәсіби дағдылардың дамуы);
- отбасылық-туыстық байланыстар әлсірейді (жақын туыстардың бірнеше ұрпағы бірге өмір сүретін дәстүрлі кеңейтілген отбасы ыдырайды, нуклеарлық отбасы қалыптасады);
- қоғамның маргиналдануы (деәлеуеметтену) жүреді, яғни әлеуметтік ұйымдастыру, шаруашылық-экономикалық және рухани салалар трансформация-ланады.

ХХ ғасырдың басында кеңестік Қазақстанды модернизациялау қоғамдық өмірдің барлық салаларында жүргізілді. Осы кезеңге дейін ғасырлар бойы синтезделген және өмір сүрген қоғамдық өмірді ұйымдастыру принциптері Кеңес үкіметі ұсынған жаңа қағидаттарға сәйкес келмеді. Қазақ қоғамының модернизациясына түрткі болған ұжымдастыру, индустрияландыру процестеріне шаруашылық жүргізудің көшпелі және жартылай көшпелі әдісі қарама-қайшы келді. Егер дәстүрлі қазақ қоғамында

шаруашылық жүргізу мал шаруашылығымен байланысты болса, ұжымдастыру және индустрияландыру еңбек бөлінісін, маманданудың күрделенуін, белгілі бір жерде адамдарды топтастырудың негізгі детерминанты болды, яғни көшпелі және жартылай көшпелі қоғам әлеуметтік өмірінің өзгеруінің алғышарты болды. «Әлеуметтік-экономикалық өмірді ұйымдастырудың патрономиялық принципі отбасының экономикалық тиімділігінен гөрі туыстық құндылықты жоғары бағалауға бағытталған, ал заманауи қоғамдарда туыстық қатынастар индивидтің экономикалық мақсаттарын бірінші орынға қояды» [10].

Қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдеуі, әртараптану және жаңа кәсіптердің пайда болуы ХХ ғасырдың басында білім беру, әсіресе кәсіптік білім беру саласында реформа жүргізуге себепші болды. Білім беру процесін жүйелеу және ескі әлеуметтік-шаруашылық өмірдің практикалары негізінде қалыптасқан күнделікті кәсіби тілді «жою», жаңа кәсіби лексиканы қалыптастыру тілді біріздендіруге алып келді. Білім беру жүйесі мен тіл жаңа шындықты құрастырудың құралы ретінде алға шықты [2].

Егер кеңестік мәдени төңкеріс барлық деңгейде білім беру жүйесін реформаласа, индустрияландыру урбандалудың негізгі түрткісі болды. Қазақстанда урбандалу процесі бүгінгі күнге дейін де жалғасуда. Урбандалудың классикалық процесі нарықтық қатынастардың, қаржы институттарының дамуымен, еңбек дифференциациясымен сипатталады, бұл анонимді, тұлғалық келбеті жоқ индивидтің қалыптасуына және жеке мақсаттарды жоғары бағалайтын жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастарды құрастыруға алып келеді. Қаланың анонимділігі қала тұрғындарының отбасылық топтан тыс "деәлеуметтену" процесіне ұшыратады [3] және оны қарым-қатынастың жаңа формаларын (ең алдымен, жұмыста) қалыптастыруға және қалалық қауымдастыққа енуге ықпал етеді [9].

Көшпенді және жартылай көшпелі қоғамдардың дәстүрлі құрылымдарын «модернизациялау» және өмірдің әлеуметтік ұйымдастырудың «социалистік қалыбына» ену белгілі бір нәтиже бергенімен, дәстүрлі қоғам үшін жаңа, бірақ «дамыған» әлемде доминантты әлеуметтік институттардың қалыптасуы әлеуметтік іс-әрекеттің «жаңа» агентін құрастырудың іргелі негізіне айналды. Сонымен, әлеуметтік-шаруашылық өмірдегі күнделікті практиканың өзгеруі ұрпақтан ұрпаққа берілетін жаңа білімді тудырды [10].

«Рулық габитусты қалыптастыратын объективті әлеуметтік орта жоғалғанымен, шежіре - шығу тегін, елін және тустық байланыстар туралы білім – белгілі бір статусқа ие болуға мүмкіндік беретін мәдени капитал ретінде құндылығын сақтаған... Бұл капитал қазіргі заманда өзектендіріліп, қайта концептуалдануда» [6]. Қазіргі қазақ қоғамында «шежіре», «жеті ата», ру/отбасы мүшелерінің бір-біріне өзара көмек көрсетуі әлеуметтік институттары әлсірегенімен, «ата» және «әже» институттары әлеуметтік функциялары, ата-аналар мен балалар өзара қарым-қатынасы өзгергенімен, қазіргі қоғамда оларды әлі де байқауға болады.

П.Бурдье мәдени капиталдың инкорпорацияланған, объектіленген және институттанған түрлерін ажыратады. Инкорпорацияланған немесе игерілген капитал белгілі бір агенттің іскерлігі мен дағдыларын, практикалық білімін білдіреді. Объектіленген «символдық құрамдас бөлік» болып табылады және қарым-қатынас мағынасын анықтауға және мәдени кодтарды айқындауға мүмкіндік беретін заттық формадағы ерекше белгілер мен символдар. Институттанған адамда көрініс тапқан мәдени капиталдың құндылығын куәландыратын әр түрлі дәлелдерді білдіреді [5]. З.Наурызбаева осы процестерді «шежіренің инкорпорацияланған мәдени капитал әлсіреді, институттанған да, алайда кітап және басқа да өнімдер түрінде нарықта сұранысқа ие объектіленген капитал белсенділігі артуда», - деп түсіндіреді [6].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Артыкбаев Ж.О. Казахское общество: традиции и инновации Артыкбаев Ж.О. - Новое изд. - Астана: Парасат Әлемі, 2003. - 290 с.

2. Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. - М.: "Медиум", 1995. - 323 с. Перевод Е. Руткевич.

3. Зиммель Г. Большие города и духовная жизнь// Логос. 2002 N3-4.

4. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. Алматы «Социнвест»— Москва «Горизонт», 1995.- 320 с.

5. Осипова Н. Г. "Генетический структурализм" Пьера Бурдье. - РИЦ ИСПИ РАН Москва, 1996. - 143с.

6. Практики и места памяти в Казахстане [Текст]: монография / К.А. Медеуова, У.М. Сандыбаева, З.Ж. Наурзбаева, Д.Т. Толгамбаева и др.; Министерство образования и науки Республики Казахстан, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева. – А: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2017. – 318.

7. Стасевич И.В. Брак и семья у казахов в конце XIX — начале XXI в. Время традиция. URL: http://www.kunstkamera.ru/files/lib/978-5-884314-159-6/978-5-884314-159-6_04.pdf(20.04.2018)

8. Томас У. Польский крестьянин в Европе и Америке / У. Томас, Ф.Знанецкий// Контексты современности. Хрестоматия. -Казань:1998.с.141-225.

9. Richards, P. Indigenous .Agricultural Revolution: Ecology and Food Production in West Africa. London; Hutchinson, 1985.

10. URL: http://geolike.ru/page/gl_8069.htm (20.04.2018)

**УДК: 323:316 (045)**

## К ВОПРОСУ О СОВРЕМЕННЫХ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ ПРОЦЕССАХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

**Буянова Л.Л.**
Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга
им. Ш.Есенова, г. Актау

**Аннотация.** Данная статья посвящена современным межэтническим отношениям на современном этапе в Республике Казахстан;современный Казахстан-государство полиэтническое, поликультурное и многокон-фессиональное.

**Ключевые слова:** казахстанское общество, полиэтничность, многоконфессиональность, суверенитет, национальная идентичность.

На современном этапе Республика Казахстан представляет собой государство со стабильной внутриполитической, социально-экономической и культурной обстановкой.

В конце XX - начале XXI века в Казахстане стали стремительно развиваться межэтнические процессы. В этот период была провозглашена независимость Республики Казахстан. Для казахстанского общества конца XX - начала XXI вв. характерны кардинальные трансформации в смене идентичностей, и этническая идентичность, наравне с другими, выходит на первый план.

Казахстан является полиэтническим государством, и сегодня важнейшим фактором ускоренной модернизации становится обеспечение равноправных условий для развития всех этносов, населяющих страну.

Геополитическое положение Казахстана и его межэтнический состав свидетельствует о том, что полиэтничность оказала благоприятное воздействие на социально-экономическое, политическое и культурное развитие, а синтез культур дает мощный импульс для подъема экономики, и всех сфер общества.

Н.А. Назарбаев в своей книге «В потоке истории», отмечает, необходимость различия уровней идентификаций народа Казахстана в переходный период: первый связан со становлением народа Казахстана как единой гражданской и политической общности, а второй - с национальной идентичностью казахского народа, интегрирующего все существующие межэтнические отношения в стране [1].

Становление национально-государственного суверенитета должно опираться на принципы демократического, правового, социального государства и гражданского общества. Единство идеи о национально-государственном суверенитете и естественности, незыблемости, неприкосновенности основных прав и свобод граждан - надежная гарантия стабильности межэтнических отношений. Это, в свою очередь, способно оказать позитивное влияние на процесс развития этнического сознания, избежать его деформации у всех этнических сообществ страны.

Н.А. Назарбаев подчеркивает, что Республика Казахстан - являясь по своей сущности национальным государством, должна выражать интересы всех граждан, в том числе интересы, идущие от их национальной принадлежности, а также развития многонационального населения.

Нынешнее общественное развитие на постсоветском пространстве характеризуется сложными и противоречивыми процессами переходного периода на пути от тоталитарного прошлого к подлинной демократии. Демократизация увенчалась независимостью и суверенитетом нашей республики. Сегодня мы находимся на поворотном и решающем этапе становления казахстанской государственности, осуществления социально-экономических, политических реформ, изменений в других сферах многообразной общественной жизни. Для осуществления намеченных стратегических целей необходимо постоянное укрепление межнационального согласия.

По мере развития экономических и социальных реформ, соприкосновения людей с сегодняшними жизненными реалиями сильнее дают о себе знать исторические и современные цивилизационные отличия, присущие этносам. Все актуальней становится проблема культурной и этнической самобытности, проявляется повышенный интерес к языкам и традициям.

После распада прежней системы нынешнее общество переживает сложный период поиска собственных путей продвижения к цивилизованному миру. Казахстан переходит в новое историческое состояние. Став независимым государством, он совершает переход от тоталитарного режима, централизованной экономики и моноидеологии к обществу демократическому, с рыночными отношениями и плюрализмом в идеологии. Такой переход и сопровождающие его трудности вызвали к жизни новые социальные проблемы, которые не были характерны ранее. Одна из них связана с национальными отношениями. Гармонизация их является одним из приоритетных направлений государственной политики страны. Национальные противоречия в разных странах проявляются по-разному, иногда принимают очень обостренную форму и могут привести к столкновениям между этносами, проживающими на территории одного государства. Примеров тому в современном мире, к сожалению, довольно много.

Национальные проблемы могут обостряться по разным причинам. Как правило, в многонациональном государстве один этнос выступает как коренной, титульная нация, дающая название стране. Весь вопрос в том, как государство может одновременно сохранить авторитет и влияние коренной нации в обществе и в то же

время не ущемлять интересы других этносов, которые когда-то прибыли в эту страну, осели и тоже активно участвуют в экономическом, политическом, социальном и духовном развитии данной страны. Поэтому задача власти — обеспечить всем нациям, этносам равные возможности для их развития, духовного, социального возрождения. При сегодняшних бурных процессах пробуждения национального самосознания, возрождения самобытной культуры, языка и традиций остро стоит вопрос укрепления единства народа и целостности общества.

Стратегической задачей суверенного Казахстана определено достижение внутренней консолидации общества, единства многочисленных национальных групп населения.Современный Казахстан — государство полиэтничное, поликультурное и многоконфессиональное.

В республике, при численности населения в 15,8 млн. человек, в настоящее время проживают представители около 130 национальностей, в т. ч.: 8,1 млн. (51,8 %) - казахов, 4,9 млн. (31,4 %) - русских, 686 тыс. (4,4 %) - украинцев, 256 тыс. (1,6 %) - немцев, 269 тыс. (1,7 %) - татар. На долю остальных национальных меньшинств приходится 9 % - 1,4 млн. человек [2].

Возникающая отсюда проблема утверждения взаимного доверия и терпимости между людьми различных национальностей и религиозных взглядов в гетерогенном обществе была, есть и будет существовать в обозримом будущем.

Вопрос о межэтническом согласии и гражданском мире всегда имел для республики исключительное значение. Полиэтничность или моноэтнич-ность общества - это не плюс и не минус. Такое состояние необходимо воспринимать как данность. При этом следует отметить, что именно полиэтничность казахстанского общества во многом помогла полной институционализации Казахстана как независимого государства. Этот фактор стал и основанием для успешного экономического развития Казахстана в деле привлечения иностранных инвестиций.

Перед нашей страной стоят задачи не только по сохранению позитивных достижений, накопленных в течение нескольких лет совместного проживания в рамках одного государства, но и по дальнейшему укреплению единства и согласия. Н.А. Назарбаев подчеркнул: «Достижение реальной независимости требует мощной политической, интеллектуальной, духовной поддержки. Нам необходимо обеспечить не только экономический, организационный, кадровый прорыв на этих направлениях, но создать атмосферу, консолидирующую общество, необходимо создать в обществе адекватную переменам духовную атмосферу».

Для реализации этих целей нужна общенациональная идеология. Ее современная трактовка сводится к общей объединяющей идее, к наличию общих целей и интересов у людей, являющихся гражданами единого целостного государства. В таком понимании национальная идеология становится фактором межэтнической интеграции, базируясь на таких принципах, как межнациональное согласие и гражданский мир, формирование казахстанского патриотизма [3].

Реальной платформой для единства и консолидации народа Казахстана является наша общая история, наша общая земля. Общность исторических судеб этносов Казахстана, пережитая народами трагедия депортации - ключ к пониманию межнационального согласия, бесценного достояния республики.

Мы живем в едином обществе, где каждая народность имеет свое достойное место. В нем происходит сложный внутренний взаимообмен духовности. Сохраняемое в полиэтничном Казахстане межнациональное согласие - это результат духовного родства народов от многолетнего совместного проживания и процессов созидания. Именно духовные качества, особый менталитет всех без исключения народов,

населяющих современный Казахстан, позволяют сохранить гражданское согласие и межнациональную стабильность [4].

Ни один народ не в состоянии жить в изоляции, тем более в стране, последовательно проводящей политику свободы, равенства и братства всех народов и наций.

Республика Казахстан, опираясь на уже полученный опыт, действительно является единственным гарантом межэтнической, региональной и международной безопасности в регионе, так как учитывает вышеперечисленные «скрытые угрозы» для национальной безопасности Республики Казахстан и прилагает усилия к сохранению мира и стабильности не только в центрально азиатском регионе, но и во всем Мировом сообществе [5].

В современном Казахстане довольно ясно выражены результаты межэтнических и межкультурных взаимодействий и взаимообогащений, прослеживаемых исторически и особенно усилившихся в настоящее время, благодаря мудрой этнической политике, одним из ярких проявлений которой является создание Ассамблеи народа Казахстана.

ЛИТЕРАТУРА

1. Назарбаев Н.А. В потоке истории. Алматы, 1999. 296 с.

2. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане. Алма-Ата, 1991. 191 с.

3. Масанов Н.Э. Положение этнических меньшинств в суверенном Казахстане. Центрально-Азиатский проект. – Алматы, 1997. 79 с.

4. Романова Н.В. Этнополитические процессы в Республике Казахстан. А: Казахстан, 1998. 167 с.

5.Население Казахстана. Сборник статей. – Алматы, 2007. 160 с.

**ӘОЖ: 371:796 (045)**

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУ, ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ

**Молдаханов И.О.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар жәнеинжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Мақалада салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыра білу, болашақ жастарды білімге, тәлім мен тәрбиеге, мамандығына дұрыс үйрету, денсаулығын нығайту, жүйке психикасын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, сымбатты өсіру мәселелері және әрбір ата-ана мен білім беру саласындағы мамандардың алдында тұрған үлкен міндеттер туралы айтылады.

**Түйінді сөздер:** Салауатты өмір салты, дене шынықтыру, білім, тәрбие, жастар.

Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді елімізде осы бағытта жоғары оқу орындарында оқитын жастардың жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан жеке тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған.

Барша жастардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жас ұрпаққа салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаны таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді

келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу - бүгінгі күнде бұл білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі.

Әрбір жасқа білім ақыл-ойдың бастапқы түрткісі және негізгі құралы, әрі көрсеткіші болғандықтан, әрбір жасөспірім салауатты өмір сүру үшін біріншіден ақыл-ойын жетілдіруі қажет, екіншіден әлеуметтік жағдайын түзеуі тиіс, ол үшін негізінен адал еңбек етуі керек.

Жастардың болашағы оның денсаулығына байланысты. Білім алу, оқып үйрену немесе біреуді үйрету үшін адамға мықты денсаулық қажет. Жастардың денсаулығын сақтауға деген құндылық бағдары әрдайым, әртүрлі жағдайларда өзінің ойы мен іс-әрекеттерін денсаулығын сақтауға бағыттай алуы тиіс.

Жастардың дені сау болу үшін оқытушылар оған жақсы дәстүрлер мен әдеттерді сіңіріп, салауатты өмір салтын сақтаудың қажеттілігі мен оны іске асырудың жолдарын үйретуі қажет. Салауатты өмір салты - адам денсаулығын нығайтып, оңтайлы қимыл-әрекеттерін қалыптастыратын, адамгершілік қасиеттері мен ерік–жігерін жетілдіретін негізгі тәрбие бағытының бірі.

Сондай-ақ, дене шынықтыру-ерік-жігері мықты, тәртіпті, батыл және белсенді, өз Отаннын қорғауға лайықты жас ұрпақты ойдағыдай әзірлеуде аса маңызды әлеуметтік міндеттерді атқарады. Дене шынықтыру жастардың ақыл-ой және еңбек әрекетінде нәтижелі жұмыс істей алатын сапа қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі таңда жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру мемлекеттің алдында тұрған ең басты міндеттердің бірі. Білім беру мен салауатты өмір салтын сақтау жүйесін жақсарту, еңбек өнімінің өсуі адамға қатысты мәселелерді зерттеуді талап етеді. Болашақта өскелең ұрпаққа халықтың барлық әлеуметтік жас шамасы бойынша дене дайындығын және салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулығын жақсарту ұлттық құндылықтарымызбен таныстыру, сонымен қатар, жастар арасында нашақорлықтың және қылмыстың алдын-алу, іс-шараларымен ұлттық спорт түрлерінің, ұлттық қозғалыс ойындарының кеңінен етек алып, жастарды тәрбиелеуде, салауатты өмір салтын насихаттауда, спорттық және дене шынықтыру саласында маңызды рөл атқарады.

Оқу мен дене шынықтыру сабақтарында белсенділікке жастардың саналы қызығушылығы арқылы жетуге болады. Белсенділік білімді, іскерлік салауатты өмір салтын меңгеруге жастар тарапынан болатын ұмтылыстан көрінеді.

Үйретудегі реттілік пен жүйелілік бұрыннан таныс жаттығулардан таныс емеске, қарапайым жаттығулардан қиын жаттығуларға біртіндеп ауысудан тұрады. Осы ауысулар жастардың орындай алатын күш жұмсау керектігін барлық уақытта талап етуі тиіс. Жүйелілік күрделі, бірақ жастардың шамасы жететіндей талаптарды ұсынатын сабақтың мақсаты мен мазмұнында, бағдарламаларда, спорттық жаттығуларда және жаттығуды қайталау саны, жастардың белсенділігі, тексеру, табыстарды бағалау және жарыстың әдістері арқылы қол жетеді.

Қоғам үшін адамға ең қажет нәрсе - оның өмірі мен денсаулығын сақтау. Адамға бұл өмірде денсаулықтан асқан бақыт та, байлық та жоқ. Себебі денсаулықтың жоқтығы адамның ойлаған ойын жүзеге асыруға кедергі жасайды, бұл әсіресе жастардың жалындаған болашағына күш-қайраты мен қиялына кедергі болады. Қазіргі кезде әрбір жасөспірімнің дене бітімі жағынан жан-жақты дамуы - бұлшық еттердің болаттай мықты және берік болуы, жүрек-қантамыр жүйелерінің, дененің тыныс жолдарының, ас қорыту мүшелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда әрбір жасөспірім өз ағзасының құрылысы мен дене бітіміндегі атқаратын қызметін жақсы біліп, салауатты өмір салты ережелерін саналы түрде орындауы қажет. Әрбір жас өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек,

себебі дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке, оқуға, дене шынықтырумен шұғылдануға өз қабілеттілгін арттырады.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы негізгі құралдардың бірі – бала тәрбиесі әсіресе, мектептен тыс уақыттағы сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың мән-мағынасы өте зор болып келеді. Сонымен қатар бүгінгі қоғамымызда салауатты өмір салтына деген саналы көзқарастың жеткіліксіздігі жастардың рухани деңгейінің төмендігіне және соның нәтижесінде жағымсыз жайттардың кең өрістеуіне себепкер болып отыр.

Салауатты өмір салты - адам үшін аса маңызды, денсаулықпен тікелей байланысты құнды нысан және адам мәдинетінің бір бөлігі. Денсаулық адам бақытының негізгі бөлігі.

Қазіргі кезде қоғамның болашағы әрбір адам денсаулығына байланысты. Сондықтан адам денсаулығының жағдайы тек қоғамдық ғана көрсеткіш емес, сонымен бірге қуатты экономикалық, еңбек, қорғаныс және мәдени әуес болып табылады.

Денсаулық - салауатты өмір кепілі. Осы салауатты өмір кепілін,оның қыр-сырын білу басты міндет. Қай заманда болсын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Сол тәрбиенің бір түрі рухани байлық десек, артық айтқандық емес.

Адам бойындағы жақсы қасиеттері мен игі істерінің қайнар көзі осы рухтан бастау алады. Адамның материалдық қажеттілігінің бірі - дене мүшесінің саулығы. Бүгінгі күні ең маңызды мәселе - салауатты өмір салтын қалыптастыру. Яғни, адам денесінің саулығы, бірқалыпта сақталуы, нығаюы, ширауы, сергуі еңбекке қабілеттілігі, құлшынысы, құштарлығы, ниеттілігі, ынталығы биологиялық үрдісте мәлім болады.

Ал рухани қажеттілік деген ұғым - рухани жетілуі, яғни жанның тазалығына, адалдығына, имандылығына байланысты. Сол себептен дене тәрбиесімен айналысатын адам өзін әрқашан сергек сезінеді. Спорт жастарға қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады. Яғни, өмірді сүйіп және қадірлей білуге, тек жақсылыққа ұмтылуға тәрбиелейді.

Сонымен қатар жастарға дене тәрбиесі сабағын өткенде олардың жас ерекшеліктері, денсаулығы, спортпен қаншалықты шұғылданғандығы, дене шынықтыру жаттығуына қатысуы ескерілуі қажет. Осыған байланысты дене шынықтыру оқытушылары, топ жетекшілері мен дәрігерлер жастардың еңбек, демалыс және дұрыс тамақтану тәртібі, дене тазалығынсақтау, дене күштері мен денсаулықты шынықтыру амалдарының маңыздылығы жайында әңгіме жүргізу, баяндамалар жасау, спортшылармен қызықты кездесулер ұйымдастыру,жастардың жаппай спорт түрлеріме айналысуға деген қызығушылығы және қажеттілігін тәрбиелеу. Мысалы, табиғат аясында серуен құру, саяхат жасау, туған өлкеге жорық жасау, әртүрлі спорттық жарыс ойындарын, спорттық үйірме жұмыстарын ұйымдастыру.

Бірінші байлық денсаулық дейміз, осы сөздің салмағын, жүктер жауапкершілігін көбіне сезбейтін де, мойындамайтын да сыңайлымыз. Айтылған сәтте көңілімізге қонады, құлағымызға жағады. Қазіргі уақытта әр азаматымыздың өз өмірінің аяғына дейін сай болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін жастарымызды салауатты өмір салтына әзірлеу қажет.

Бүгінгі күнде өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстанда жоғары оқу орындарындағы жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғаларды тәрбиелеуге басты талап етіп қойылған.

Салауатты өмір салты бұл дене шынықтыру, спорт, дене тәрбиесі мен туризм, табиғатқа серуен, халықаралық туризмдер мен таза ауада жүру жатады. Әрбір адам өз денсаулығын сақтау үшін кешкі тамақтан соң таза ауада бір-екі сағат серуен құрып жүрсе өзінің ұйықтауына пайдасы зор.

Адам денсаулығына зиянын тигізетін жат әдеттерден аулақ болған жөн. Атап айтқанда, темекі тарту,спирттік ішімдіктер, есірткілік заттар.

Адам денсаулығы үшін арақтың орнына қымыз бен қымыран ішу, темекі тартудың орнына таза ауада көбірек жүру. Жастарға есірткіні пайдаланбай, көңіл көтеретін мәдени көпшілік орындарға баруды, жалқаулыққа салынбай еңбек етуді, табиғатты адам үшін жаратқанын, тіршілігінде дұрыс пайдалануды, денсаулығына зиян келмейтіндей жағдайда болуын қадағалауды салауатты өмір салты деп ұғамыз.

Еліміздің егемендік алуы Қазақстандағы дене шынықтырумен спорт және ұлттық ойындар мәселесіне басқаша сын көзбен қарауды қажет етеді. Осыған байланысты соңғы жылдары біздің қарастырып отырған ізденіс тақырыбымызға орай бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді.

Атап айтсақ оқушылардың дене тәрбиесімен ұзақ жылдар бойы айналысып жүрген зерттеуші Сүгірәлі Тайжановтың еңбектері мен педагогика ғылымдарының докторы Амантай Қарақовтың спортқа мамандырылған жоғары оқу орнының студенттеріне арналған «Дене тәрбиесі» оқулығы, бұнда авторлардың дене тәрбиесінің маңызы, сабақтан тыс түрлері, таңертеңгілік гимнастика, жазғы демалыста студенттердің өздері таңдау, маманданатын спорт түрлері бойынша болашақ мамандардың кәсіби-қолданбалы дене дайындығы, дене тәрбиесін оқу және болашақ еңбек қызметің ғылыми ұйымдастырумен біріктіру, студенттердің салауатты өмір салтының негіздері және дене жаттығуларын қолдану гигенасы туралы қажетті мәліметтер берілген, студенттің алған біліміне қоса жастардың денсаулығына байланысты көптеген құнды, маңызды мәліметтер де қамтылған.

Дене тәрбиесінің дамуы оған қоса ағзаны жетік білуге, қозғалыс жүйелерінің тиімділігін арттырып отыруға және дене тәрбиесінің сан-салалы түрлері мен тәсілдері арқылы ғылыми негізде еңбек өнімділігін ұлғайтуға өз дене тәрбиесін белгілі дәрежеде дамытудың әдістемесін жасап және оны әрі қарай жалғастыруға болашақ жастардың мүмкіндігі көп.

«Денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» - дейді халқымыз. Ата-бабаларымыздың бұл даналық ой–пікірі талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жетіп отырған шындық. Ұлттың денсаулығы ұлан асыр байлық екені рас, тек оған ие болу үшін көп күштер жұмсауымыз қажет. Денсаулық адамға бірақ рет берілетін табиғат тартуы. Ол тұрақты, мәңгілікке берілмейді, үзбей өзгерісте болады. Оны сақтау үшін еңбек сіңіру, ауырмай тұрып іс-әрекет жасау керек. Оған нақты білім, ынта-ықылас, ерік–жігер қажет, онсыз баянды, әрі ұзақ денсаулықты сақтау қиын, денсаулық адам бақытының бірінші байлығы.

Әрбір жасөспірімді сол бақытты уысынан шығармауға тәрбиелеуіміз керек. Денсаулықтың мықты болуы үшін қандай әдістерді қолдануды, жақсы жұмыс халін, күнделікті тұрмыс қиындықтарын жеңуі, белсенді өмір сүру жағдайларын білуі қажет. Денсаулық - салауатты өмір кепілі.

Осы салауатты өмір кепілін, оның қыр-сырын білу басты міндет. Қай заманда болсын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты өмір салты ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет.

Адамның салауатты өмір сүру салты өздігінен қалыптаспайды. Салауатты өмір сүру салты өмір сүруде мақсатты түрде қалыптасады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру негізі мен күн тәртібін сақтау адамның өз өмірін құра білуіне, оның тұрақтылығына, тазалығына, шыңдалуына, тамақтануына, дәрілер пайдалануына, ішімдік ішіп және шылым тартуына парасатты қатынасы болып табылады. Әдетте бұл бір жағынан салауатты өмір салты, бұл – өмір салтының ерекше

түрі, екінші жағынан өмір салтының басқа пішіндері мен көріністерін іске асыратын және дамытуға ықпал ететін жағдай.

Салауатты өмір салтына деген қызығушылық тұрғындардың елеулі түрде денсаулықтарының нашарлауы мен олардың өмірінің қысқаруымен байланысты.

Дене шынықтыру студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру, бұл - тұлғаның жарасымды дамуының құралы болып табылады. Ол адамгершілік тәрбиемен сәйкес келеді. Денсаулық, еңбек қабілетін сақтау, жастарды ерік күші мен моральдік сапаларына тәрбиелеу қоғамның басты міндетті деп халық санаған және санайды да.

Салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыра білу, болашақ жастарды білімге, тәлім мен тәрбиеге, мамандығына дұрыс үйрету, денсаулығын нығайту, жүйке психикасын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, сымбатты өсіру әрбір ата-ана мен білім беру саласындағы мамандардың алдында тұрған үлкен міндет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ТайжановС., ҚарақовА. Дене тәрбиесі 4-кітап /жоғары оқу орындарын арналған оқулық/ Оқулық.Алматы: Эверо, 2014 ж.

2. Әленұлы Ш. Халықтың тәрбие тағылымдары. Алматы.РБК.1998.

3. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. Орынбор.1924.

4. Сәтімбеков Р. Табиғат қорғау (сыныптан тыс жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқаулар) – Алматы. Рауан 1992.

5. Мұқанов М.М. Ақыл-ой өрісі. Алматы, Қазақстан, 1990

6. Спорт теориясы мен әдістемесі. Сейсенбеков Е.К. Астана 2013 жыл.

7. Әбдешов Б. Ұлттық тәрбие бастауы. //Ақиқат. 2007.

8. Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. –А: Т.3.Т.4,1999.

**УДК 327.3**

## РАЗВИТИЕ ГУМАНИТАРНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА НА ПОСТСОВЕТСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ

**Медиханова А.Б.**
Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга
им. Ш.Есенова, г. Актау

**Аннотация.** В статье рассмотрены вопросы гуманитарного сотрудничества на постсоветском пространстве, некоторые аспекты межрегионального сотрудничества между Казахстаном и Россией.

**Ключевые слова:** гуманитарное сотрудничество, межкультурный диалог, приграничное и межрегиональное сотрудничество.

Распад Советского Союза привел не только к ликвидации единого государства, но и к разрушению единого гуманитарного пространства, а некогда жившие в одной стране народы были разделены межгосударственными границами. В первые годы независимости в странах СНГ естественно превалировали центробежные силы, но вместе с тем шел довольно сложный, и в некоторых отношениях противоречивый путь поиска новой модели межгосударственных отношений, позволяющих сохранить и расширить сложившиеся в советский период прежние связи политической, социально-экономической, и, конечно же, гуманитарной сферах.

Необходимо отметить, что сегодня проблемы гуманитарного сотрудничества приобретают особую актуальность, и в первую очередь это связано с возросшим влиянием человеческого фактора на деятельность государств в области международных отношений. Если до недавнего времени внешняя политика в основном оставалась уделом государственных деятелей и представителей элитарных кругов, то в эпоху демократизации и глобализации уже нельзя не считаться с мнением гражданского общества как у себя в стране и за рубежом, а привлечение представителей общественности к участию во внешнеполитическом процессе превращается в одну из важнейших задач так называемой публичной дипломатии. Сегодня необходимость активных действий в рамках публичной дипломатии также обусловлена тем, что в постбиполярном мире все большее значение начинают приобретать альтернативные, то есть невоенные и неэкономические ресурсы внешнеполитического влияния, связанные с использованием т.н. «мягкой силы» («soft power»).

Большую роль в развитии гуманитарного сотрудничества на постсоветском пространстве играет Межгосударственный фонд гуманитарного сотрудничества государств-участников СНГ (МФГС). Фонд был образован в 2006 году. Договор о создании МФГС был подписан на заседании Совета глав правительств СНГ 25 мая 2006 г. в Душанбе семью государствами - Республикой Армения, Республикой Беларусь, Республикой Казахстан, Кыргызской Республикой, Российской Федерацией, Республикой Таджикистан, Республикой Узбекистан. В 2008 г. к Договору о Фонде присоединилась Азербайджанская Республика, в 2014 г. - Республика Молдова.

Цель Фонда - содействие развитию общего гуманитарного пространства и межкультурного диалога в Содружестве путем поддержки и реализации совместных мероприятий (проектов) в области культуры, образования, науки, архивного дела, информации и массовых коммуникаций, спорта, туризма, экологии и работы с молодежью, Деятельность МФГС направлена на совершенствование имеющихся и создание новых эффективных механизмов сотрудничества стран СНГ в этих областях и осуществляется на основе ежегодных планов, которые принимаются Правлением Фонда по согласованию с Советом по гуманитарному сотрудничеству государств-участников СНГ.

В своей деятельности по различным направлениям сотрудничества МФГС ориентируется на цели и задачи, сформулированные в концептуально-стратегических документах, утвержденных высшими органами СНГ. За последние несколько лет в Содружестве были приняты секторальные стратегии - международного молодежного сотрудничества, развития физической культуры и спорта, укрепления сотрудничества в сфере туризма, концепция сотрудничества в сфере культуры.

МФГС является исполнителем и/или источником финансирования примерно половины наиболее масштабных мероприятий общегуманитарного характера, включенных в Планы приоритетных мероприятий в сфере гуманитарного сотрудничества государств-участников СНГ. Ряд крупных проектов общегуманитарного характера при поддержке МФГС приобрели постоянный характер, среди них можно отметить следующие:

- форумы творческой и научной интеллигенции СНГ;
- Межгосударственная программа «Культурные столицы Содружества»;
- Межгосударственная премия «Звезды Содружества» за достижения в области науки и образования, культуры и искусства, гуманитарной деятельности;
- Международная премия Совета по гуманитарному сотрудничеству СНГ и МФГС «Содружество дебютов» для талантливой молодежи стран СНГ - молодых профессионалов в одной из сфер гуманитарной деятельности в соответствии с тематикой Гуманитарных годов в СНГ (науки и инноваций, культурного наследия,

экологической культуры и охраны окружающей среды, спорта, туризма, образования и др.);

- Международный Форум победителей «Великая Победа, добытая единством», который поддерживается МФГС начиная с 2014 г.

В сфере образования при поддержке МФГС создан и успешно развивается современный механизм академической мобильности на пространстве Содружества - Сетевой университет СНГ (СУ СНГ), консорциум 28 ведущих вузов из 9 стран Содружества. Обучение по согласованным 2-годичным магистерским программам позволяет студентам получать сразу два диплома – своего национального вуза и одного из ведущих российских вузов-участников консорциума, что повышает конкурентоспособность выпускников на рынке труда стран СНГ. В научной сфере ряд проектов МФГС направлен на совместное использование уникальных объектов научно-технологической инфраструктуры стран СНГ, таких как Объединенный институт ядерных исследований в России, Тянь-Шаньская высокогорная научная станция в Казахстане, Варзобская горно-ботаническая станция «Кондара» и Сейсмическая станция «Симиганч» в Таджикистане, ставшие местом совместной работы ученых из всех стран Содружества.

В области культуры проекты МФГС направлены на формирование новых и расширение действующих каналов взаимодействия творческой интеллигенции, развитие межкультурного диалога на пространстве СНГ, создание возможностей для совместного творчества, расширение доступа молодежи к лучшим образцам классического и современного искусства и культурному наследию стран Содружества. Ряд инициатив Фонда, таких, как Молодежный симфонический оркестр СНГ, объединяющий молодых музыкантов из всех стран Содружества, - можно отнести к культурным и социальным инновациям, которые создают модели для дальнейшей интеграции государств в гуманитарной сфере.

Развитие сотрудничества молодежи стран Содружества - один из приоритетов деятельности МФГС. При поддержке МФГС созданы постоянно действующие площадки для диалога молодежи СНГ: Иссык-Кульские форумы молодых интеллектуалов в Кыргызстане, которые ежегодно обсуждают тематику очередного Гуманитарного Года в СНГ и совместные молодежные инициативы; Международная молодёжная школа проектного управления «ПЕГАС» и Школа международной интеграции и приграничного сотрудничества (Россия, г. Белгород), результатами которой ежегодно становятся молодежные проекты по повышению интеграционной активности приграничных регионов государств участников СНГ; Конгресс молодых лидеров стран Содружества (в 2018 г. он состоялся в Азербайджане). Кроме того, МФГС реализует проекты в сфере спорта, туризма, экологии, информации и массовых коммуникаций [1].

Рассматривая развитие гуманитарного сотрудничества на постсоветском пространстве, следует отметить динамику отношений в этой сфере между Казахстаном и Россией. Основы взаимодействия двух государств заложены в Договоре о дружбе, сотрудничестве и взаимной помощи между Республикой Казахстан и Российской Федерацией от 25 мая 1992 года, Декларации между Республикой Казахстан и Российской Федерацией о вечной дружбе и союзничестве, ориентированном в XXI столетие от 6 июля 1998 года и Договоре между Республикой Казахстан и Российской Федерацией о добрососедстве и союзничестве в XXI веке от 11 ноября 2013 года.

Казахстан и Россия развивают союзнические отношения на основе взаимного доверия, стратегического партнерства и всестороннего сотрудничества, руководствуясь принципами взаимного уважения государственного суверенитета и независимости, равноправия и невмешательства во внутренние дела, неприменения силы или угрозы

силой, территориальной целостности государств, нерушимости границ, мирного урегулирования споров, добросовестного выполнения международных обязательств, защиты прав человека и основных свобод. Эти отношения способствуют решению задач устойчивого социально-экономического развития, усиления конкурентоспособности национальных экономик.

Для Казахстана и России, как для многонациональных государств, очень важно укреплять гуманитарное сотрудничество для расширения межкультурного диалога, сохранения и развития этнической, языковой, культурной и религиозной самобытности народов, проживающих на территориях каждой из стран, создавать условия для активного участия их представителей в общественно-политической, культурной и социально-экономической жизни.

Актуальной тенденцией в развитии отношений между двумя странами является приграничное и межрегиональное сотрудничество. Например, сотрудничество между субъектами Российской Федерации с областями Западного Казахстана является одной из ключевых составляющих всего комплекса российско-казахстанских отношений, играет важную роль в укреплении торгово-экономического, гуманитарного и культурного сотрудничества.Взаимовыгодная кооперация Западно-Казахстанской области с приграничными регионами России осуществляется в соответствии с соглашениями о развитии торгово-экономического, научно-технического и культурного сотрудничества с правительствами Оренбургской, Самарской, Астраханской, Волгоградской и Саратовской областей, с которыми этот казахстанский регион имеет общую границу протяженностью более полутора тысяч километров. Продолжается плодотворное сотрудничество с регионами Российской Федерации и Мангистауской области. В апреле 2018 г. в область с целью обмена опытом посетила делегация Законодательного собрания Ленинградской области. Российские депутаты прибыли ознакомиться с разрабатываемыми и успешно реализуемыми в Мангистауской области проектами цифровизации в нефтяной сфере, в промышленном секторе, в области образования и здравоохранения. Российские парламентарии проявили интерес к опыту работы местных предприятий малого и среднего бизнеса, системе налогообложения, программе развития дорог, организации заповедников и охране культурных памятников на территории области.

В мае 2018 г. в рамках празднования 20-летия этнокультурного центра «Дагестан» в городе Актау Мангистаускую область с визитом посетила делегация Дагестана во главе с начальником управления Министерства по национальной политике Республики Дагестан. В ходе встречи с акимом Мангистауской области встречи обсуждались перспективные направления сотрудничества акимата с Республикой Дагестан, в частности запуск паромного сообщения между городами-побратимами Махачкала и Актау [2].

Таким образом, развитие гуманитарного сотрудничества на постсоветском пространстве играет большую роль, содействует поступательному развитию дружественных, равноправных отношений между государствами, укреплению братских и добрососедских связей между народами.

ЛИТЕРАТУРА

1. Межгосударственный фонд гуманитарного сотрудничества государств участников СНГ - http://www.mfgs-sng.org/

2. О развитии приграничных и межрегиональных связей субъектов Российской Федерации и западных областей Казахстана. - https://uralsk.mid.ru/prigranicnoe-sotrudnicestvo

**ӘОЖ: 94 (574) (045)**

# Ә.Н.БӨКЕЙХАНОВТЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУЛЕРІ

**Табылдиева О.Д.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар жәнеинжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Мақалада Ә.Бөкейханов еңбектеріндегі әлемдік деңгейде өтіп жатқан тарихи оқиғаларға саяси-әлеуметтік талдаулары, қазақ халқының тарихы, экономика мен мәдениеті, шежіресі мен тұрмыс-салты, отарлану тарихы туралы зерттеулері қарастырылған. Тобыл, В.А. Щербина, С.П.Швецов басқарған статистика-экономикалық, 1926 жылғы КСРО Ғылым академиясының антропологиялық экспедициясына қатысуы кезінде жарияланған ғылыми еңбектері мен зерттеулерінен үзінде келтірілген.

**Түйінді сөздер:** Алаш партиясы, зиялылар, экпедиция, Адай уезі, қырғыз

Заманында басқан аяқ кейін кеткен,
Жасымай Алашына қызмет еткен.
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен.
Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір басы үшін жалданбаған,
«Қайткенде Алаш көркейер» деген ойдан,
Басқа ойды өмірінде малданбаған...
С.Торайғырұлы.

Ә.Бөкейханов бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азамат, соңғы демі біткенше осы мақсат жолында сан алуан қызмет жасаған. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің Мемлекеттік Думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, ғалым ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға.

XVIII-XIX ғасырларда қазақ халқы мемлекеттілігі, өзін-өзі билеуден айырылып, бөтен жұрттың езгісі мен қанауына түссе, XX ғасырдың басында сол кезгі өркениет үлгісімен жерлерін біріктіріп, мемлекеттілігін қалпына келтіруді батыл қолға ала бастады. Бұл істің басында зиялы топ пен олардың көсемі Әлихан Бөкейханов тұрды.

Әлихан Бөкейханның еңбектерінде XIX және XX ғасырлардағы әлемдік деңгейде өтіп жатқан тарихи оқиғаларға саяси-әлеуметтік тұрғыдан талдаулар жасалып, қазақ халқының тарихы, экономика мен мәдениеті, шежіресі мен тұрмыс-салты, отарлану тарихы да қамтылды.

Төңкеріске дейін «Дала уалаяты», «Пікір», «Уақыт», «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа» сияқты газет журналдарда, Кеңес дәуірінде «Жаңа мектеп», «Темірқазық», «Жас азамат», «Жас қазақ», «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан» секілді мерзімді басылымдарға жариялап тұрған. Орысша мақалаларында «Туземец, Киргиз, Киргиз-Степняк, Сын степей, Статистик», қазақша мақалаларында «Қыр баласы, Ғали хан, Қалмақбай, Арыс ұлы» деген бүркеншек аттармен жарияланған.

XX ғасырдың басында қазақтардың дәстүрлі құндылықтары ығыстырылып, халық рухани күйзелуді бастан кешті. Әлихан Бөкейханов жалпыұлттық мақсатқа жету үшін ұлтты ұйыстырудың тетіктерін, яғни ұлтжандылықты, ауызбірлікті, ынтымақтастықты орнықтыруды алдыңғы орынға шығарды. Сондықтан да қазақ зиялыларын айналасына топтастырып, жол көрсетіп, ұйыта білген көшбасшыны халқы еркелетіп алаштың Әлиханы деп атады.

Әлихан Бөкейханов 1894–1926 жылдар аралығында төрт түрлі ғылыми-зерттеу экспедициясының жұмысына қатысты: «Тобыл» экспедициясы; В.А. Щербинаның жетекшілігімен жасалған экспедициялар; С.П.Швецов басқарған статистика-экономикалық экспедиция; сондай-ақ 1926 жылы КСРО Ғылым академиясының антропологиялық экспедициясына қатысады.

1896 жылғы Орыс үкіметінің Ф.А. Щербина бастаған экспедициясына мүше болып қатысқан Әлихан көшпелі шаруашылықтың жер пайдалану әдіс-тәсілдерінің заңдылықтарын тереңірек зерттеп-үйренді. 1896-1903 жылдар аралығында бұл экспедиция Ақмола және Семей облыстарының он екі уезінен жинаған материалдар бойынша 13 томнан тұратын ғылыми зерттеу болып Воронеж қаласында басылып шығады. Оның 4 томында Ә.Бөкейханов Павлодар уезіне қатысты еңбектері түгел жинақталды. Осы кезге дейін мал бағып, малының артынан еріп көшкен қазақ сияқты халық байлық, қазына мал кіндігінде деп біледі. Мың қойды бір-екі қойшы бағатын жұрттың сиқы «тамақ, ұйқы, жалқаулық» – дейді. Адамды еріншектікке, жалқаулыққа, тоғышарлыққа душар еткен олардың тұрмыс-салттары ғана емес, халықтың ғылым-білімнен кенжелеуінен, қараңғылығынан деп білді.

Әлихан Бөкейханов қазақтың мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қойған, өркендетуге елеулі үлес қосқан азамат. Щербина экспедициясынан кейін 1903 жылы С.П.Швецов бастаған Сібір темір жолы бойында орналасқан Челябі мен Томск қалалары аралығын мекендеген қазақтардың мал шаруашылығын зерттеуге бағытталған экономикалық экспедициясының бас қасында болады. Экспедиция мақсатына сай Ә.Бөкейханов қазақтың қой шаруашылығы, қазақы қойдың тұқымдары, жем азығы, жайылымы, малдың аурулары мен емдеу әдістері туралы мәліметтерді жинақтап зерттейді. Ол бүкіл қазақ даласы Жетісу, Сырдария бойындағы қазақтардың шаруашылығын да қамтып, салыстырып монографиялық еңбек жазып шығады. Бұл еңбегі экспедиция материалдарымен бірге «Материалы по экономическому обследованию районов Сибирской железной дороги» деген үш бөлімнен тұратын кітап болып 1904 жылы Том қаласынан жарыққа шығады. Ә.Бөкейхановтың монографиясы «Животноводство» атты 1 томның 1-кітабында жарияланады.

Ә.Бөкейханов ғылыми-зерттеу экспедициясына қазақ төңкерісінен кейін де араласқан. 1926 жылы КСРО ғылым Академиясының одақтас және автономиялық республикаларды жан жақты зерттеу мақсатында құрылған Ерекше Комитеттің құрамына Қазақстан бойынша тұрақты сарапшы қызметіне шақырылады. 1926-1927 жылдары Ерекше Комитеттің тапсыруымен С.П.Швецов басшылық еткен экономикалық, антропологиялық, этнографиялық экспедициясымен Қазақстанның зерттелмей кенже қалған өлкесі Адай уезіне аттанады. Уездің табиғатын, экономикалық жағдайын, мекендеген кіші жүз руларының тұрмыс тіршілігін, әдет-ғұрпын зерттейді. Уезд халқының құрамына тоқталып 27 болыстың 22-ін қоныстанған Адайдың қай жерді қыстап, жайлайтынын, мал санын, құдық шыңырау қазу әдісін, рулардың шежіресін схемаға түсіріп, алғаш рет генологиялық карта жасайды. Жинақталған материалдарды қорытып, «Адай уезінің қазақтары» (Казахи Адаевского уезда) деп аталатын еңбегін экспедицияның басқа материалдарымен бірге 1927 жылы Ленинградтағы академия баспасынан басылып шығады [1].

Ә.Бөкейхан қазақтың географиясын жан-жақты терең зерттеген ғалым. Жер – адамзаттың алтын бесігі. Қандай да бір халық, ұлт болмасын, оның дамуы жерге байланысты. Ол Қазақстанның қандай аймағында жер құнарлы, құнарсыз екенін өте жақсы білген. Сондықтан осыған орай қазақ халқы өзінің ыңғайлы, тиімді, сапалы шаруашылығын ұйымдастыруы қажет деген. Ә.Бөкейханов қазақтың көшпелі мал шаруашылығы отаршыл оқымыстылар айтып жүргендей жабайы, дөрекі, пайдасыз кәсіп емес, керісінше сан ұрпақтың мыңжылдықтар бойы жасаған тәжірибесінің негізінде сұрыпталған, қоршаған орта жағдайына бейімделген, табиғатпен адам әрекеті арасындағы бірлік-ынтымақты сақтап қалған, тұрақты қнім алуға болатын шаруашылық жүргізудің қалыптасқан тамаша жүйесі екенін дәлелдеп береді.

Бұл тіршілік – үлкен талас, бір бәйге, жүйірік алады, шабан қалады. Жүйіріктік ақыл, ұсталық. Сондықтан қазақтарды қоныстас жаңа көршілерден шеберлікті, кәсібилікті, өнімді еңбек етуді үйренуге шақырды. Мейлі мал бақ, мейлі егін сал бірақ сол істе шебер бол, мал тұқымын асылдандыр, жеріңді өңде, салған егініңді бапта. Қандай іспен шұғылдансаң да кәсіби шеберлік, іскерлік, білімділік қажет екендігін «Қырғыздар», «Павлодар уезі», «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы» мақалаларында жан-жақты талдап, ғылыми тұрғыдан тұжырымдар жасады. Заманның өзгеруіне байланысты дүние керегінің бәрін қолдағы алтынымызды беріп, бәрін сырттан сатып алып отырмыз дейді. Басқаларға жем болмай сауда серіктіктерін құру, әлеумет дүкендерін ашу керектігін бірігіп іс қылуға шақырды. Қазақ болмысын жаңа арнаға бұруды көздеп, әлеуметтік өзгерістерден артта қалмау үшін алдымен адам бойындағы бойкүйездіктен арылу қажет деп білді.

Ә.Бөкейханов этногенез, яғни халықтардың шығу тегі, тарихы мен мәдениеті, ру тайпалар шежіресі, қазақ жерлерінің ортарлану тағдыры туралы да маңызды зерттеулер жүргізген. «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры мен мәдени өркениеті» (1903 ж), «Дала өлкесінің түкпірлеріндегі орыс қоныстары» (1908 ж), «Қырғыздар» (1910 ж) және т.б. Бұл еңбектерінде қазақ этнонимінің шығуы мен қазақтарды қырғыздар атауының орыстар таңған қате атау екенін, қазақ-қалмақ, қазақ-орыс, қазақ-қытай қарым қатынастары, қоныстандыру және шоқындыру саясаты, ел билеу ісіндегі өзгерістерді статистикалық деректермен, дәлелді фактілер, мысалдармен көрсете берген.

«Қырғыздар» деген зерттеуінде «Ұлтымызға жасалған зорлықта шек жоқ. Мемлекеттік Думаның депутаты Марков деген біреу бет ауызы қисаймай, шіміркпестен қазақтар бұлар Шыңғыс хан мен Ақсақ темірдің ұрпағы, сондықтан Америкада қызыл терілерді қалай қырса, біз де қазақтарды солай жойып жіберуіміз керек деп айтуға дейін барған. Тапа тал түсте мал айдап кету, жазықсыз абақтыға қамау, ата-қонысты тартып алу, әбден әдетке айналдырған отаршылар туралы «Орыстан досың болса, қойыңда балтаң болсын», «орыс келді қасқыр келді» [2] деген сөздердің шыққанын Ә.Бөкейханов жасырмай айтады.

Ә.Бөкейханов ғылыми ізденістерінің ішінде тарихи құжаттарды да жариялап отырды. «Из бумаг султана Большой Киргизской орды Сюка Абылайханова», «Из переписки хана Средней Киргизской Орды Букея ии его потомков», «Из переписки киргизских ханов, султанов». Ә.Бөкейхан мемлекет, құқық, партия, дін, әбедиет т.б. мәселелер жөнінде де көп келелі ой-пікір, кеңес, ұсыныс берген. «Би hәм билік», «Русские поселение в глубине Степного края», «Серуен жасап зерттеу әдісі», «Мұғалімдерге хат: планеталар», «Хахас». «Қара қыпшақ Қобыланды», «Қазақ жыры «Қобыландыдағы» әйел бейнесі» атты ғылыми-әдеби мақалалары мен сын, рецензиялар жазды. Әлихан бұл ойларын қазақтың ұлан-ғайыр даласын мекендеген халқы-ның арасында баспасөз арқылы мақалалар, ашық хаттар түрінде таратты. Қазақтың көзі ашық оқыған азаматтарын осы мәселе төңірегінде талқылауға қатысуға шақырды.

Мақсаты халықтың ұлттық сана-сезімін ояту. Жалғыз ақпарат көзі болған газет жұмысын жандандыру. Төңкеріске дейін төрт газетті ұйымдастырып, шығарып отырған. Оның үшеуі орысша «Омич», «Иртыш», «Голос степей» газеттерінде өзі редактор болса, қазақ тілінде тұңғыш рет жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырды. Ал, төңкерістен кейін «Темірқазық» журналын шығарды.

Жалпы ағартушылық идеясын тарату арқылы қазақты саяси сауаттандыруға, белсенділіктерін арттыруға, оятуға, өз тізгінін өзі ұстайтындай халге жетуге үндейді. Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістердің қазақ халқының болашақ дамуына пайдалы және залалды жақтарын жан-жақты зерделей келе Әлихан Нұрмұхамедұлы «Сайлау» атты мақаласында қазақ қоғамындағы келеңсіздіктердің себеп-салдарларын талдап-тарқатады. Мысалы: Ресей империясы әуелі халқымыздың аңғал, аққөңіл, мәрт, жомарт, қонақжай сияқты жақсы қасиеттерін пайдаланып, оның ішіне кірді. Халықты тұтастығынан айыру басты нысана етіп алынды. «Бөлшекте де, билей бер» деген қағиданы мықтап ұстанған орыс шенеуніктері біртіндеп өзара алауыз болып отырған елді кедергісіз, соғыссыз жаулап ала бастады. Енді, жаңа қоңсымыз жақыннан біздің осал жақтарымызды, руға бөлінушілігімізді, мансапқорлығымызды тағы басқа толып жатқан кемшіліктерімізді білген бойда ағайындар арасында дау- жанжалдар туғызуға лайықты әдіс-айлалар ойлап тауып отырды.

Ресейге қараған кезден бастап жалақорлық, даукестік, іштарлық, мансапқорлық сияқты келеңсіз әдеттер сахара жұрты арасында әсіресе ел тізгінін ұстаған кісілер бойынан көрініс бере бастады. Олар әртүрлі тәсілдер арқылы қазақтар арасында іріткі салудың, бір-біріне айдап салу саясатын ұстанды. Ауызбіршілігі мен шынайы ақ пейілділік сияқты жақсы қасиеттерін жоғалтқан, керісінше екіжүзділік, күндестік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттерді бойларына жұқтырған жаңа қазақтар қалыптасты. Қырда азды-көпті жаңаша хат танитындар көздерін домалақ арыз жазумен ашты. Сайлау науқаны әкені балаға, ағаны іниге қарсы қойып, руластардың арасына іріткі туғызды. Бірі асқа, бірі атқа сатылып сандалады дейді.

Жатжұрттықтардың көздеген мақсаты кең байтақ жердің асты-үсті байлығын иемденіп, халқына үстемдік етуге негізделген болатын. Оның қырағы көзі мен ақыл-пайымы дүние жүзіндегі барлық дамыған елдердің қоғамдық жүйелерін шолып шыққандығын, оның сол жылдардағы ғылыми-мақалаларынан байқаймыз. Әлихан Бөкейханның өрелі ой-тұжырымдарының негізгі алтын қазығы еркіндік идеясы болды. «Жұрттың тірлік күйде, я өлімтік күйде өмір шегуі өзінің жігерінен болады» деді.

Намысың мен жігеріңді қайрамасаң құлшылықта болудың өзі сенің еркіңде болады. Ол сенің таңдау еркіндігің. Осы жағдайда Әлихан Бөкейхан «Екі жол» деген мақала жазды. Онда: «Әр заманның өз рәсім, өз салты бар. Адам баласының құл кезіндегі салтында хұқы үшін талас-тартысы болмайды. Хұқы үшін таласу-тартысу орнында жылау болады. Бұл бір жол. Біздің замандағы салт: әркім хұқына таласу, хұқына тартысу болады. Жылау салты артта қалды. Ендігі рәсім хұқы үшін жылау емес, хұқын талас-тартыспен қорғау. Міне бұл екінші жол» [3] .

1910 жылдардың өзінде Әлихан Бөкейхан «Қырғыздар» деп аталатын мақаласында, таяу болашақта далада қырғыз арасында, екі саяси бағытқа байланысты екі саяси партия құрылуы мүмкін, оның бірі – ұлттық-діни, қазақтарды басқа мұсылмандармен біріктіруді мақсат етсе, екіншісі батыстық деп жазған болатын. Сол кездің өзінде ұлттық көлемдегі саяси сананың қалыптасып, соған сол кезеңдегі қалыптасып отырған тарихи шындыққа нақты сараптамалар жасалғанын көреміз.

Ә.Бөкейханов: «...ойында көзі бар адамдар халықтың кемшілігін шамасынша көрсетіп, сездіріп, аурудың атын айтып, емін жазып, қағаз бетінде халық алдына салып жүр. Бірақ сөз қандай терең, үлгілі орынды болсын іс көмегі болмаса, жұмыс болып, дүние жүзіне шықпаса, келісімді болғанмен жансыз сурет қатарында қалмақшы...

Күннен күнге халық нашарлап, кедейленуге айналды... тілегіміз мынау: Халық ішінде бірігіп іс жүргізетін ұйым, игілік қауымдары таралса екен» [4] деген ойдың ар жағында, халыққа саяси партия құру қажеттігін айтты.

Кеңестік билік тұсында алашордашыл қазақ зиялыларына сенімсіздікпен қарап, оларды кеңестік қызметке қолданғанмен үнемі бақылауда ұстады. Бірақта, Ә. Бөкейхан өзінің шығармашылық қызметін тоқтатпады. 1927–1932 жылдар аралығында Мәскеуде КСРО халықтарының орталық баспасында әдеби қызметкер болып жүріп көптеген кітаптар, аудармалар, мақалалар жазып ұлтының рухани қазынасын толықтырды. Ол ұлтымыздың дәстүрі мен тарихының білгірі, өлкетану жағынан нағыз энциклопедист-ғалым болатын.

Әлихан Бөкейхан патшалы Ресей өкіметі кезінде мемлекетке қарсы митингілер мен петициялар ұйымдастырушы қырғыз-қазақтардың діни-саяси қозғалысының басты жетекшісі ретінде қудаланып, түрмелерге жабылды. Кеңес өкіметі тұсында да Алашорда үкіметінің контрреволюциялық күресінің жетекшісі ретінде «буржуазияшыл ұлтшыл» деген айыптар тағылып, өмірінің соңғы күніне дейін бақылауда болды. Үкіметтің бұл қудалаулары ойшыл-ғалымның еркін ойлауы мен жігерін мұқалта алмады. Ол өз халқының игілігі жолында қажымай-талмай қайраткерлік көрсете білді.

Алаш қайраткерлері Отаны мен халқының алдында өздерінің тарихи миссиясын абыроймен орындады да. Халқымыздың рухани өміріндегі өзгерістердің қай бағытқа қарай бет алысын, оның түп тамырдан ажырап бар жатқандығын қазақ ойшылы көре білді. Алаш көсемі Әлихан – адамға білімді болу жеткіліксіз деп түсінеді. «Ендігі жерде білімнен мақсат шықпайды. Ғазазіл жұмақтан білімсіздіктен шыққан жоқ. Балқан соғысында екі жүзден астам адам өлді, бұл соғыс білімсіздіктен емес [5]. Ұлтына жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден деп білді. Мұсылманша, орысша оқыған білімді қазақтардың ішінен неше түрлі залалды мінез көріп жүрміз. Білімнен жақсы мінез шықса бұл қалай? Бас салып әлі келгенді талап алатын болса, ұят-абыройдан тысқары болса, жығылған жаққа қылғаны иттік болса, мұның жетілген Еуропалығы, христиандығы қайда? Ендеше білімді болу, прогресске қол жеткізу, техни-камен қаруланудың оңды жағы да, залалды жағы да бар. Адамға білімді болумен қатар ізгілікті болу қажет» деп білген.

Ә.Бөкейхановтың «Хан баласында қазақтың хақы бар еді, тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» – деген намысшыл, ұлтжандылық секілді қасиеттері әр қазаққа үлгі болуы тиіс! Ал оны үлгі ету үшін әр адамның санасына Әлиханның қандай намысшыл, ұлтын сүйген ұлы адам екенін білуі керек.

Бүкіл саналы ғұмырын ұлтының бостандығы мен дербестігі үшін арнаған асыл азаматтарымыздың ұлтжанды пікірлері, әрекеттері бүгінгі ұрпаққа үлгі және өнеге. Ел еркіндігі мен ұлт бостандығы үшін құрбан болған ұлт зиялыларының артына қалдырған еңбектері арқылы еліміздің шынайы жанашырларын, елжанды, ұлтжанды азаматтарын қалыптастыруымыз керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. А., 1995.

2.Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. А., 1995.

3.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. А., 1995.

4.Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. А., 2004.

5.Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. А., 1998

**ӘОЖ: 821.512. 122(045)**

# ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДЕГІШ ҚҰРАЛДАР
## (эпитет пен теңеу және оның түрлері)

**Көбегенова Л.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Әбіш Кекілбаев өлеңдеріндегі көркемдегіш құралдар-зерттелмеген тұсы әлі де көп әдебиеттің бір саласы. Көркем шығармалардағы көркемдегіш құралдарды пайдалануды зерттеу мәселелері қазіргі таңда әдебиеттану саласында актуалды проблемалардың бірі есебінде зерттеліп жүр, өйткені көркемдегіш құралдар – әдебиеттану ғылымының бір түрі болып, тіл мәдениетін арттыратын, шеберлікке үйрететін сөз өнерінің асылы.

**Түйінді сөздер:**Тіл мәдениеті, тіл байлығы, тіл тазалығы

Жазушының немесе ақынның тілі шұрайлы, сөздік қоры мол болуы керек. Бұл-қалам иесіне қойылар бұлжымас талап. Тіл байлығы сөз өнеріндегі мазмұн байлығына әкеледі. Ал халыққа қажет шығарма – мазмұнды шығарма. Жазушының тілі бай болуға тиіс дегенде: ол өзінің сөз қорын молайту үшін ылғи ғана тыңнан сөз жасасын деп ешкім де айтпайды және әрқашан олай ету мүмкін де емес. Жазушы өзінің сөз қорын молықтыру үшін жалпы халықтық тілдің телегей-теңіз бай қазынасын, мүмкіндігінше, молырақ игеруі, оның қилы-қилы қызық құбылыстарын жете түсінуі, әр сөздің мәні мен мағынасындағы ұлан-ғайыр өзгертулердң, өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылулар мен құлпыруларды дәл аңғара білуі қажет

Тілдің көріктеу құралдарының бәрі – бірі-мен-бірі өзара тығыз байланыстағы, қарым-қатынастағы, аралас-құралас жатқан және жарыса қолданылып, бірін- бірі үстеп, толықтырып жатқан нәрселер. Көркем шығар-мадағы көріктеу құралдарының қолданылы-сын талдау әдебиет теориясынан ажырағы-сыз ұғым. Көркем шығарманы әдеби талдау ең бірінші кезекте талдауға негізделгендік-тен де көркем мәтінмен жұмыс басты орында тұруы қажет

Эпитет те, теңеу де ең алдымен өмір құбы-лысын сурет арқылы көрсететін көркем сөздер саналады және әдеби шығармалар-да мейлінше жиі кездеседі. Сондықтан олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталуға тура келеді. Адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының өзгеше белгілерін көрсету, олардың бейнесін оқушылардың көз алдына елестету, ой-қиялына әсер ету үшін қолданылатын көркем сөздердің бір түрін эпитет дейді.

Эпитет болатын көбіне сын есім (ақшыл бұлт, ащы дауыс, Қызыл ту). Кейбір зат есімдер: (күміс ай, алтын күн, меруерт жұлдыз), есімше, көсемше етістіктер: (қайнаған күн, жайнаған күн, гүлденіп, аймалап), көбіне осылар сықылды затты анықтайтын сөздер болады. Бірақ тілдегі барлық сын есім, барлық анықтайтын сөздер кез келген жерде эпитет бола бермейді. Өйткені сын есім жай ғана өз мағынасында қолданылса, бір нәрседен екінші нәрсені айыру үшін ғана айтылса, ол эпитет болмайды. Эпитет болу үшін сол нәрсені анықтай көрсетумен қатар, сол эпитеттің тигізетін әсері болуы керек. Сондықтан сын есімдердің, анықтайтын сөздердің кейбірі нәрсенің жай ғана сынын, қалпын көрсетсе, кейбірі эпитет болады.

Жазушы бір нәрсені көркемдеп суреттеу үшін ол нәрсенің өзгешелік белгілерін көрсетпей-ақ, оны екінші нәрсемен салыстырып та суреттей алады. Бұл салыстыруды

теңеу деп атайды. Теңеудің өзіне тән ерекшелігі - белгісіз нәрсені белгілі нәрсеге салыстыру арқылы көзге елестету.

Мысалы:

Дауылпаз

Нажағайдай жарқылдайды.

Оқтай зымырап, бұлтқа енеді. (Горький)

Осы келтірген үзінділердегі нажағайдай, оқтай деген теңеу арқылы бізге белгісіз дауылпаздың қимылын көзімізге елестетеміз.

Теңеулердің көпшілігі зат есімге, есімше етістікке жалғанған -тай (-тей), -дай (-дей),-ша,(-ше) және -дайын(-дейін) жұрнақтары арқылы жасалады.

Бұлардың әрқайсысына жеке-жеке мысалдар келтірелік.

Оның сөзі көкте жанған жұлдыздай.

Оның сөзі –желден жедел найзағай,

Оның сөзі күндей күліп, жарқырап,

Сақталады жүрегімде ол ұдай.

Т.Қоңыров «теңеулер» арқылы жасалған ажарлау тәсілі көркем әдебиетте ұлттық ерекшелікті анықтау үшін жұмсалғанын дәлелдесе, ал Қ. Жұмалиев теңеу арқылы белгісіз нәрсені белгілі нәрсемен салыстырып, көзге елестете алатынымызды айтады. Сонымен қатар белгілі ғалым З. Қабдолов теңеудің ұлғайған, күрделі түрін анықтап көрсетеді.

А. Байтұрсынов теңеуге анықтама бере отырып, оларды іштей екі түрге бөліп қарастырады. «Теңеу – көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бернесін суреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз.

Теңеу екі түрлі: 1) әншейін теңеу, 2) әдейі теңеу. Екеуінің арасындағы айырмасы сол: әншейін теңеу - әдетті теңеу болады; мәселен, удай ащы, айдай жарық, күйедей қара дегендегі «удай», «айдай», «күйедей» деген сияқты сөздер» - деп көрсетеді. Қай теңеуді алмайық, суреттеліп отырған нәрсені не құбылысты тура біздің көз алдымызға әкеліп, олар туралы дәл, нақты ұғым қалыптастырады. Бұл ретте теңеу белгісіз затты белгілі затқа айналдырып, шығармадағы авторлық идеяға қолма – қол көркемдік шешім тауып тұрғандай болады да, оқырман түсінігі айқындалу үстіне тереңдейді де, өнер туындысының эстетикалық әсері күшейе түседі.

Әдебиетке ақын болып келген қаламгердің жиырма үш жасында «Алтын шуақ» деген атпен өлеңдер жинағы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Ал 1999 жылы «Арыс» баспасынан «Дүние ғапыл» өлеңдер жинағы басылып шығып, бұл жинаққа «Алмас қанжар», «Шыңырау», «Туған жер», «Қара талқан», «Ақын», «Әкем түске кіреді», «Әкемді аңсап», «Тұр орнында жер мен көгім», «Туған жерге барғанда», «Далиған, қайран, далам-ай », «Алпысқа аяқ басқанда», «Дәл есімде: ол жылы сегізде едім» өлеңдері кірді. Оның шығармаларының басқалардан ерекшелігі кеңестік идеяның жетегінде кетпей, сойылын соқпай, өз оқырманымен шынайы табысуында. Жазушы қаламынан осы кезге дейін 20-ға жуық әңгіме, 10 повесть, 3 роман жарыққа жарыққа шықты. Жоғарыда айтып өткен «Алтын шуақ», «Дүние ғапыл» өлең жинақтары өз алдына бір төбе.

1962 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Алтын шуақ» атты өлеңдер жинағына «Ақ Жайық», «Минут», Сол жылдар әлі жадымда», «Танктер», «Біздің бала шағымыз», «Қарындасым Нұрайша», «Жүректе әлі жатыр мұң», «Біздер», «Әке», «Махамбет» өлеңдері кірді.

Әбіш Кекілбаев шығармаларының тілінде эпитет, теңеу, метафора, инверсия, қайталау сияқты поэтикалық құралдар мейлінше көбірек қолданыс тапқан. Әбіш

Кекілбаев өлеңдерінде осындай көркемдік, бейнелілік тудыратын сөздердің ең үлкен тобы - эпитет сөздер. Ақын шығармаларында кездесетін эпитеттерді стильдік қызметі, яғни автордың эпитеттерді қолдану мақсатына қарай бірнеше топқа жіктеуге болады. Жазушы шығармаларында табиғат көріністерін (пейзаж) беру мақсатында қолданылған эпитеттерді мезгілге, қалыпты күйіне қарай жіктеп көрсетуге болады.

1) Автордың эпитетті қолданудағы мақсаттарының бірі – табиғат көрініс-терін, туған жер табиғатын суреттеуде, жеке құбылыстар мен заттарды оқырман сезіміне әсер етерліктей етіп беру. Мысалы,

Білмейді онда толқын еркелікті,
Шашпайды жағалауға өр көбікті ( 5, 5 б)
Ақ төсін аймалатса – өмір өніп,
Ақ сүтін жатыр байтақ өңір еміп.
Жасыл тал жапырағын созса айдынға,
Ақ Жайық йіскейді еміреніп (5, 6.)

Талас жоқ, осы сөйлемдердегі эпитеттің өлеңге әдемі ажар беріп тұрғаны даусыз.

2) Эпитеттерді кейіпкер портретін беру үшін қолдан-ған:

Қолаң шашта сахараның тұр түні,
Қыр сүйетін мойыл қара кірпігі
Алатаудың ақ қарындай тап-таза,
Ақ тісінің табылмас еш кіршігі (5, 22- б).

Бұл өлең жолдарынан ақынның қас сұлудың портретін сомдауға талпынғанын бірден-ақ байқауға болады.

Қыр күніндей қызулы от бар көзінде
Көктеміндей сұлулық бар өзінде.
Маужыратқан, жадыратқан жаныңды
Самал желдің лебі бар әр сөзінде (5, 22б)

3) Эпитеттерді кейіпкердің жағымсыз бейнесін беруге жұмсаған:

Махорка жеп тастаған жирен мұртты,
О құдай, едірейтіп күлгіз енді.

Бұл өлең жолдарынан жымия күліп, жирен мұртын ширата сап сипап тұрған жас жігітті емес, тістері сарғыш тартып кеткен жирен мұртын махорка жеп тастаған жұғымсыз жан бейнесін көреміз, яғни Әбіш Кекілбаев эпитет пен теңеуді кейіпкердің жағымсыз бейнесін сомдауда да жұмсай білген.

Әбіш Кекілбаев шығармаларында қолданылған эпитеттерді құрылымына қарай да топтастыруға болады. Олар:

1) сын есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы жасалған эпитеттер, моделі: сын есім + зат есім: Мысалы, жасыл тал, ақ құйын, ақ боран, ақ дүлей боран, көкшіл теңіз, көкжал толқын, ащы тер, өр көбік, қатқыл көңіл, қоңыр бұлт, тәтті көңіл, тентек ақын, қара тұңғиық, асау байтал, тәтті үміт, соқыр сезім, шынайы көңіл,бақытты ғұмыр, ұсақ діріл, орақ тұмсық, дөң маңдай, ыстық толқын, жұпар леп, боз жусан, көк сағым, бос киял, жайлы мінез, жылы жүз, қу тіл, сүйір тұмсық, т.б.

2) есімше формалы етістік пен зат есімнің тіркесуі арқылы жасалған эпитеттер, моделі: есімше + зат есім.Мысалы: жайқалған гүл алаң, тентіреген құйын, бұрқылдаған шаң, жарқыраған үміт, күмбірлеген кең отау;

3) есімше формалы етістік, сын есім және зат есімнің тіркесуі арқылы жасалған эпитеттер, моделі: есімше + сын есім + зат есім. Мысалы, шақырайған аппақ қар, еп-ерсі тікірейіп тұрған қасқа бас, шымырлап аққан мөлдір бұлақ, іске бел буған тәуекел шырай т.б.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әбіш Кекілбаев – қазақ әдебиетінде поэзия, проза, дрматургия, сын, публицистика, аударма жанрларында бір кісідей үлес қосқан қарымды қаламгер. Әбіш лирикасындағы бейнелі сөздер жүйесінің, суреттеу, мәнерлеу құралдарының, сөз қолдану шеберлігінің, сөз саптау ерекшелігінің жұмбақ сырлары алабөтен, жаратылысы өзгеше. Басқа-ша айтқанда, суреткердің сұлулықты көре білуі, сезе білуімен қатар оны шебер бейнелеуіне, даралық өнер тұлғасы ретіндегі шеберлігіне келіп тіреледі. Түрлі бей-нелеуіш құралдар арқылы бейнеленген, сөзбен салынған суреттерден сол суреткердің шеберлігін байқаймыз. Ол көркем шығармаға өң беріп, реңкін дамытып қана қоймайды, мазмұнын байытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қирабаев С. Суреткер. //Егемен Қазақстан.2009.24 шілде.5.6-б.
2. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. Алматы . 6 т. 1999.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы. Жазушы. 1980ж. 18б.
4. Қазақстан тарихы. Алматы. 3-том. 2010ж. 253 б.
5. Кекілбайұлы Ә. Сыр десте. Замана дидары. Алматы. 2009ж. 1-2 б.
6. «Маңғыстау» энциклопедиясы. Алматы. «Атамұра». 1997ж.

**ӘОЖ: 821.512. 122 (045)**

## ЖАНАҚ САҒЫНДЫҚҰЛЫ АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Көбегенова Л.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Жанақ сөздерінен арғы-бергіні көп көрген, еркіндікке мүмкіндік мол айтыс өлеңнің өзінде кісілікті ұстанып отырған, әдептен аса озбаған ой мәдениеті, сөз мәдениеті көрінетіндігі айқындалған. Жанақ – өз дәуірінің ғана емес, жалпы қазақ сөз өнерінің тарихындағы елеулі тұлға екендігі айтыс саласында ерекше орын алғандығымен де көрінген. Жанақ Сағындықұлының белгілі, беймәлім болып келіп, енді айналымға қосыла бастаған туындыларын өлең түрлері, поэзиялық өлшем, құрылым жөнінен арнайы зерттеу – қазақ поэзиясының даму, жанрлық баю, түрге бөліну мәнін аша түсер нақтылы мәтіндік нұсқалардың көркемдігін айқындайды.

**Түйінді сөздер:** елеулі тұлға, қазақ сөз өнері, айтыс, көркемдік, ой мәдениеті, сөз мәдениеті.

Жанақ Сағындықұлының сөз мұрасы кейінге соншалықты мол көлемде жеткенімен, оның шығармашылығының көркемдік мәні ұрпақтан ұрпаққа солғындамай ауысып келе жатыр.

Академик Серік Қирабаев өзінің «Жанақ ақын» атты зерттеуінде Жанақтың шығармалары әлі де толық жиналып баспа бетін көрмегенін айтып отырып, мынадай дерек ұшын алған тастайды. «Оның Орынбаймен, Сарыбаймен айтыстары белгілі. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында Жанақтың Сабырбаймен, Байбаламен, Ысмаилмен қақтығыстары, Орманшы, Байқадам, Боқай ақындармен шағын айтастар сақталған. Бұл шығармаларды тапсырушылар ақынның өмірі жайлы деректер де келтіреді. Тіпті Айнатасов Тәужи «Жанақ ақын хикаясы» атты

дастан да жазған. Бұларды әлі де екшеп жариялау, зерттеу – алдағы күннің міндеті» [1, 72 б.].

Абайдың ақынның өрісінде өзінен ілгеріде өмір сүрген Жанақ ақынның ықпал-өнегесі болғандығы туралы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында баяндайтыны белгілі.

Зерттеуші Бауыржан Ердембеков Жанақ ақынның өмірдерегін негіз етіп жазылған «Құланбай, Абай және Жанақ ақын» атты зерттеуінде осы мәнде өзіндік байламдар жасайды.

«Құнанбаймен аралас-құралас болып Абайға әсер еткен бір топ өнер адамдары, оның ішінде, әрине, шоқтықты топ ол – ақындар болса, соның ең арқалылары «Абай жолына» енген. Өкініштісі, заманның қыспағына қарай көбінің аты өзгертіліп, өңі айналдырылып берілді. Ол ежіктеп түсіндірмесе де белгілі жайт. Дулат – Барлас, Сарыбай – Қадырбай, Жанақ – Садақ, Түбек, Шүмек болып өзгергеннен-ақ Абайға әсер еткен ортаның кеңестік заманда қаншалықты қыспаққа алынғанын бажайлай беріңіз» [2, 77 б.].

Ердембеков Байырдан осы зерттеуінде Құнанбай Өскенбай биге ас бергенде Жанақ қобызға қосып айтыпты деген сөздің мәтінін келтіріпті.

Ей, Құнанбай, Құнанбай,
Қазақта сенен артық
Ұл туар ма мынандай?
Ас бердің әкеңес
Үш жүздің қосып баласын.
Әкесіне ас берген,
Қамбар жері – Ошанда.
Алшынбай болып тірегі,
Қалың Арғын – Бошанға
Басын қосқан үш жүздің
Құнанбай, сірә, осал ма?!
Бақ қонар таудай басыңа,
Әмірші болып қашанда.
Құнанбайдай ұл туып,
Өз әкеме ас берсем
Тобықтының баласы-ау,
Жылай беріп қайтесің
Топырағы торқа болсын да...

Б.Ердембеков 1942 жылғы «Ақын аға» болып шыққан «Абай» романындағы Жанаққа қатысты қайсыбір баяндаудың кейінгі басылымда алынып қалуы туралы назар аударарлық жайды қозғайды.

«Әкесі Құнанбай аса бағалаған Жанақ жырларына Абайдың қанып өскені кәміл. Романдағы: «Қарт ақын «Сабырбайды айтып отыр – Б.Е.) әр сөзінің тұсында әлдебір ертегідей алыс ақын Садаққа соға береді. Бала кезінде өзіне өзге ақындардан өзгеше көрінген сол Садекең екен. «Көргені мен білгені ұшан-теңіз. Ол кісінің айтқаны мен жеткізгенінің мың да бірін білмейміз. Тегін емес, кеудесінен нұр саулаған ақын сол еді, жарықтық!» – деп сөйлейді.

Садақ Қыдырбайдың айтуында жай ақын емес. Өзінше бір көреген жан сияқты», – деген жерден Әуезовтің Жанақ туралы айтпақ бір әңгімесі үзілген. Кейінгі басылымдарда жоқ Жанақ туралы әңгіменің төркіні төмендегідей: «найман ішіне бір тойға келген Жанақтың атына бір даукес жабысып, алдын ала есінеген аттың таңдайындағы меңді көріп алған ол куәлікке сол белгіні айтып атын иемденіп кетеді. Жанақ атының ерін алып жатып:

Жанын берген Жанақтың шұбарын жер,
Мына адам бұл шұбарды менікі дер.
Жақсы атыңды жалғанға сатқан жанның
Бар құдай, өзің біліп жазасын бер, –

дегені айнымай келіп, дауқұмар бұлақтан қарғып өткен кезде жетектегі ат тартынып қалып аттың мойнына байлаған белбеуіне сүйретіліп өледі».

... Абай, сөз жоқ, Жанақ жырларын ерекше бағалады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының ең көркем нұсқасы Жанақтікі деген, сол нұсқаны негіз етіп Абай «Қозы Көрпештің» бір нұсқасын жазғызып, 1884 жылы атақты ғалым Г.Н. Потанинге сыйға тартқан. Жырдың бір данасы Н.Я. Коншиннің орыс географиялық қоғамына тапсырған Абай өлеңдерінің жинағымен бірге сақтаулы» [3, 78-79 бб.].

Б. Ердембеков «Қозы Көрпештің» Абай, Абайдың ақын шәкірттеріне қатысы туралы біршама өзіндік байламдар жасаған. Академик Әлкей Мағұланның тоқтамдарына қатысты саралауы ойға тартатын негізі бар қисындар сияқты.

«Жанақ нұсқасы, бірде – Бейсенбай, немесе Абай немесе Потанин нұсқаларының өз ішінде үлкенді-кішілі өзгерістер болғанымен бір түбірден – Жанақтың айтуынан тарағаны анық. Ал, жыр нұсқаларындағы өзгерістерге келсек, Жанақ күшті ақын. Ол дәл осы жырды қалың жұрттың алдында бірнеше рет жырлағаны тағы бар. Әр жырлағанда ақынның көңіл күйі, шабыты, көрерменнің ықыласы дегендей бір Жанақтың жырлауының өзі азды-көпті өзгеріске түсуі әбден ықтимал. Ал оны қайта жырлаған Бейсенбайдың жыр аяғын өзінше тұйықтауын алсаңыз, немесе кейінгі Шәкірдің Қозы Көрпеші жыр нұсқасынан гөрі назиралық туындысына көбірек келеді.

Сондықтан да, бұл арада айтарымыз Жанақ нұсқасының өңделіп, халыққа таралуына Абайдың және оның маңындағы ақын шәкірттердің үлес салмағы мол. Ал жырдың қай тұсына қай ақынның қаламы тиді деген мәселеге нақты жауап беру қиын. Шәкірттерінің жырлауынан шыққан дүниені үстінен бір қарап, жөндемеуі мүмкін емес Абайдың. Өзі жазбаса да, жазғандарға көңілі толып, бір нұсқасын орыс зерттеушісіне жіберген. Ал, қолдазбаның Абайдікі болмауы да заңды. Жырға қатысы бар кез келген шәкірттері – Ақылбай, Мағауия, Бейсенбай, Уәйістерге, немесе жазуы әдемі басқасына жырды көшіртіп, «Семипалатинского уезда, Чингизской волости А.К.» деп жіберуіне ұстаз Абайдың хақысы бар.

Демек, бүкіл түркі халқына ортақ әйгілі жырдың бір тармағы – Жанақ, Байкөкше, Шөже сынды Абайдың өзі нәр алған ақындар мен Бейсенбай, Уәйіс сынды шәкірттерінің, содан кейінгі Абай дәстүрін жалғастырушы Шәкір сынды халық ақындарының арасын жалғап, абайдың ақындық ортасы сынды үлкен тақырыптың өзегін сабақтастырып жатқан рухани желі» [4, 82 б.].

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының ондаған нұсқасының арасында Жанақ ақын жырлаған нұсқаға ғылымда әріде Шоқан Уәлихановтан бастап көңіл бөліп келе жатқанымен, жырдың осы нұсқасына қатысты, оның Жанақ ақындығының жаңа бағытына қатысты айтылып, ашылуын күтіп жатқан мәселенің бірі – біздіңше, Шоқан Уәлиханов айтатын қазақ халық поэзиясы үлгілерінің бесінші – өлең түріне қатысты деуге болады.

«5 Өлең...

Бұл өлеңнің кәлпін өздері үйреніп қалған суырып салма өлеңге де сәйкестеп, қолайы келгенде айта береді. Әйгілі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» поэмасын, өлең формасында, маған Жанақ ақын айтып беріп еді.

... Татар поэзиясының формалары қазақтардың гармониялық дыбыс пен ойға тұнып тұрған дәстүрлі батырлық жыр поэзиясының формаларын ығыстыра бастады.

... Мысал үшін, біздің ориенталистерге бүкіл шығыс поэзиясындағы көлем мен өлшем тұрғысынан тек араб өлшемі ғана ыңғайлы деген пікірге дәлел ретінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының төрт шумақты жырының біріншісін ұсынамын. (Араб граматикасымен беріледі – Л.К.).

Менен іздеп жігіттер кел кетелі
Арасында Көктөбе белгі етелі.
Азаматтар, ерінбей тыңдасаңыз,
Қозы Көрпеш-Баянды тербетелі...» [2, 166 б.].

Шоқан Уәлиханов «Қозы Көрпештің» Жанақ нұсқасының өлеңдік ерекшелігін қазақ поэзиясындағы жаңа өлең түрімен астастырып қарауында үлкен әдеби, ғылыми мән жатыр. Қазақ поэзиясына кейін қосылған бесінші түр жөнінде Шоқан Уәлиханов біршама сипаттама жасап келіп, мынадай нақтылы мәселеге назар аударған.

«Бұл өлеңнің кәлпін өздері үйреніп қалған суырып салма өлеңге де сәйкестеп, қолайы келгенде айта береді. Әйгілі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» поэмасын, өлең формасында, маған Жанақ ақын айтып беріп еді [3, 165 б.].

Жанақ Сағындықұлының белгілі, беймәлім болып келіп, енді айналымға қосыла бастаған туындыларын өлең түрлері, поэзиялық өлшем, құрылым жөнінен арнайы зерттеу – қазақ поэзиясының даму, жанрлық баю, түрге бөліну мәнін аша түсер нақтылы мәтіндік нұсқалардың көркемдігін айқындайды.

Қазіргі кезеңде, өткеннің бай сөз мұрасы және бір мәрте көркемдік таным талқысынан өтіп жатқан уақытта қазақ әдебиетінің тарихындағы айтулы тұлғаның бірі Жанақ Сағындықұлының шығармашылығы жайлы да айтар мәселелер аз емес.

Жанақ ақын XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрді. Қазірде ақын поэзиясының әлеуметтік мәні туралы да, Жанақтың өлеңдегі жаңа бағыттардың туып, дамуындағы өзіндік орны жайлы да, ақынның қазақ көркем сөзін құбылтып, түрлендіру, түлетудегі өзіндік тәсілдері жайлы да кеңінен, келелі әңгіме қозғауға қолайлы ғылыми бағыттар айқындалып отыр.

Бұл мәнде Жанақ ақыннан сақталып жеткен шығарма көлемді болмағанымен, аса ауқымды, әрі құнарлы материал. Себебі Жанақ – әдебиет тарихында, қазақ көркем сөз өнерінің даму өрісінде елеулі орын алып отырған, жанрлық, түрлік, өлшемдік-көркемдік мәндегі алуан түрлі өлең жасалған XIX ғасыр әдебиетінің орталық тұлғасының бірі. Оның шығармашылығында қазақтың эпикалық жыр дәстүрі де, арнау-толғау өлең де, лирикалық көңіл күйлі поэзия да, әлеуметтік, азаматтық, азаматшылдық үнді өлең де бар.

Жанақ ақындығының жасаған уақыты – қазақ өлеңінде жаңа түр, жаңа жанр, жаңа бағыттар өрістеген дәуір.

Өзінің кейінге аяқталмай қалған деген мәнде жеткен, расында да соңы сақталмаған «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» деген зерттеуінде қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов XIX ғасырға жеткен, сол дәуірдегі қазақ өлеңінің классификациясын жасады. Осындағы аталып жүйеленген әдебиет үлгілерінің барлығына дерлік Жанақ ақынның қатысы бар. Жанақ мұрасын дәл осы мәнде де таратып зерттеу – ақынның әдебиет тарихындағы айтулы орнын ғылыми негіздеуді толықтыра, айқындап аша түсуге қолайлы дерек, дәйек болар еді.

Біздіңше, Жанақ ақын шығармашылығында Шоқан Уәлиханов атап көрсететін жыр өлең де, қайым өлең де, қара өлең мен өлең түрі де бар (Шоқан Уәлихановтың атап көрсететін жылау-жоқтау өлеңі, негізінен, біз бөліп алып отырған өлең түрлерінің барлығымен де айтылуы мүмкін. Бұл өз алдына бір зерттеуді күтетін мәселе –Л.К.).

Әуелі, Шоқан бөліп атаған «Жыр» жайына назар аударалық. Шоқан Уәлиханов жырға анықтама беріп отырып, барлық далалық жырлардың қобыздың сүйемелдеуімен тақпақтап айтылатынына көңіл бөледі.

«Соңғы кезде, менің дала кезген кезімде жыр поэзиясының қалыс қалып бара жатқанын байқауға болады. Жырдың бар болмысы, қобыздың өзі сияқты, тек бақсылар иелігіне айналды. Солар ғана жыр болмысының өлеңдік сипатын, сақтап, жындарын шақырғанда айтады. Жыр болмысының негізімен қобыз тарту, өнердегі сәндік үлгіден атақты Жанақ жырау өлгелі шеттей бастағанын ашып айту қажет. Жанақ қаракесек ішіндегі Қамбардан, олар қазір Қарқаралы округіне қарайды.

Қазіргі кезде бар, суырып салма ақындар ескі жыраулардың әуенін де, сөзін де айтқанымен, екі шекті домбырамен сүйемелдейді [1, 164 б.].

Шоқан Уәлиханов атап, өлең жүйесінде түр есебінде танытқан қайым өлең бұл айтыс өлең екені даусыз. Айтыста Жанақ ақын – асқан суырып салма ақындығымен өз орнын алған тұлға. Оның айтыс өлең түрлері Шоқан атаған жыр, қара өлең, өлең түрінде келген деп санауға да негіз бар.

Бұл мәселе – XIX ғасырдағы қазақ өлеңіне келген жаңа түрмен сабақтас мәселе. Ол жаңа түр жайлы қазақ әдебиеттану ғылымында, қазақ өлең теориясында арнайы сөздің ұзақ уақыттар бойы қозғалмай келуінің түрлі себептері болуы мүмкін. Бүгінде ол себептерді бүге-шігесіне дейін айқындау мүмкін де емес. Қисынға келетін бір себебі – жаңа түр Шоқан Уәлиханов атаған «өлеңнің» 11 буынды өлшемі оны қара өлеңнің түріне қоса салуға орай туындаған құбылыс.

Қараңыз, Шоқан Уәлиханов бұл екі түрді буын өлшемі бірдейлігіне қарамастан, екі бөліп қарастырады. Әрі ол жүйе ғылыми негізді.

«4. Қара өлең – әдеттегі, үйреншікті өлең, бұл өлең төрт шумақты, әр шумақта жеке-жеке ой жатады. Сондай-ақ бұл өлең дауысқа негізделеді. Көбінесе, төрт шумақты өлеңдер мағынасыз болып келеді.

5. Өлең. Бұл форма қазіргі кезде барлық жаңашыл ақындар тарапынан суырып салма өлеңдерге де, поэмаларға да, әсіресе Орынбай өлеңдеріне қатысты көбірек айтылады. Өлеңнің жаңа түрін: Орынбай қарауыл ішіндегі атеке –... тармағынан, атығайдың жаңа қырғыз тармағынан шыққан Шөже ақындар насихаттап, салт-санаға дарытушылар болды. Шөже ақын үнемі Әбілхайыр Ғаббасов сұлтанның жанында болатынды. Осы өлеңдердің тақырыптарының көбісі діни сарында айтылады.

... Бұл өлеңнің кәлпін өздері үйреніп қалған суырып салма өлеңге де сәйкестеп, қолайы келгенде айта береді. Әйгілі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» поэмасын өлең формасында маған Жанақ ақын айтып берген еді. Өлең деген бұған дейін жоқ поэзияның ерекше формасының және атаудың қазақ даласына тарай бастағанына 50 жылдан асқан жоқ, бұл Қазан мен Тобыл татарларына қырға жол ашылғаннан кейінгі келген жаңалық.

... Татар поэзиясының формалары қазақтардың гармониялық дыбыспен ойға тұнып тұрған дәстүрлі батырлық жыр поэзиясының формаларын ығыстыра бастады.

... Қазақ поэзиясындағы жаңа қондырғы-форманың мәні мынада: өлең-ән, жаңадан жаннан шығарылған немесе атақты бір әнші-ақынның бұрында шығарған өлеңдері домбыраның, қобыздың, ым мен дене қимылдарының сүйемелдеуімен айтылып, ел арасына тарайды, кейбір өлеңші-ақын өз тарапынан сол өлеңге кіріспе және қорытынды сөз қосып отырады. Жоғарыда біз мысалға келтірген аудармадағы алғашқы төрт шумақ Жанақ өлеңдеріне жатады. Ол жыр-өлеңдегі Жанақтың шыққан тегі қаракесек ішіндегі Қамбар екендігі нақтылы болып келеді де, жыр-өлеңнің әрі қарай таза аңыз күйінде, ескі замандарда айтып кеткен белгілі жыраулардың жырына ұласады [3,167 б.].

Шоқан Уәлиханов өз дәуіріндегі қазақ өлең түрлеріне тоқталуда Жанақтың есімін бірнеше қайтара атап отыруында тарихи негіз бар, Жанақ ақындығы қазақ поэзиясы жаңа бір тынысын ашып, түрлене түскен, әлеумет үні, азатшылдық рухы мәнінде күшейіп, күрделене түскен дәуірде қалыптасты. Жаратылыстан дарыған ақпа-төкпе ақындық, ағыл-тегіл шешен сөз иесі Жанақ өз дәуіріндегі өлеңнің бар түрінде сөйлеген саңлақ еді.

Шоқан Уәлиханов атап көрсеткен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Жанақ жырлаған нұсқасы кейінгіге тұтас сақталып жетпеді деген мәселе бар. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының XIX ғасырдағы хатқа түсіп, басылым көруі, түрлі нұсқалары жайлы негізді, деректі, дәйекті сөз қозғай отырып, белгілі ғалым Әуелбек Қоңыратбаев Жанақ нұсқасына байланысты біраз жайды айтады.

«Бұдан соң бұл жырдың бір нұсқасын Жанақ ақын аузынан қазақтың тұңғыш ағартушысы, демократы Ш. Уәлиханов жазып алған. Бұл өзіне мектеп жасаған дарынды айтушы, қобызшы Жанақтың өз аузынан шыққандықтан және Шоқанның, Г.Н. Потаниннің жақсы бағалаған жыры болғандықтан, «Қозы Көрпеш» дастанының бір құнды варианты делінеді. Жалғыз-ақ Жанақ нұсқасы Шоқанның қолжазбаларымен бірге Тезек төренің ауылында жойылған, бізге келіп жеткен жоқ. Осы кезге дейін біз 1939 жылғы «Батырлар жыры» жинағына енген (435-508 бб.), одан бұрынырақ 1936 жылы М. Әуезовтің редакциясымен жеке жинақ болып басылған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Бейсенбай жыраудан жазылып алынған нұсқасын, сол ақынның: «Мұны Жанақтан естіп едім» деген сөзіне сүйеніп, Жанақ-Бейсенбай варианты деп жүрдік. Бірақ Бейсенбай жырының аяғы трагедиямен бітпейді, онда Қозы мен Баян қосылады. Г.Н. Потаниннің 1903 жылғы Шоқан варианттарына берген бағасына қарағанда бұл жырдың Жанақ нұсқасы да басында трагедиямен аяқталғаны байқалады. Потанин өзінің «Киргизиа в народной поэзии» деген еңбегінде қазақ арасында махаббат тақырыбына құрылған жырлардың көптігін айта келіп: «Бұл сияқты романдар «Баян сұлу» жырындағыдай аяғы қайғылы, трагедиялы болып бітпесе де, қазақ арасында осы кезге дейін көп айтылады», – деп жазады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.Тәбәрікұлы С. Жанақ ақын. – Алматы: Арда, 2006. – 203 б.
2. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – А: Ана тілі, 1991. 293 б.
3. Жармұхамедұлы М. Айтыс. – Алматы: Білім, 1990. – 52 б.
4. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Хрестоматия / Құраст. Х. Сүйіншәлиев. Алматы, 1991. – 258 б.

**ӘОЖ 94 (574) (045)**

# ӘБІЛХАЙЫР ХАН - ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КӨРНЕКТІ ТАРИХИ ТҰЛҒА

**Тоқбаева Л.Қ.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Әбілхайыр ханның қазақ халқы үшін жасаған ерлігі, саяси көрегендігі туралы ой тарқатылып, ел басқару тұсындағы қазақ елінің тарихи, әлеуметтік, саяси жағдайы айтылады. Ресей басқыншыларына қарсы қазақ әскерін бастап, беделге ие болуы, хан сайлануы, Әбілхайырдың өмірі мен саяси қызметі көрсетіледі. Сондай-ақ, ханның тарихын зерттеудегі кеңес тарихшыларының сыңаржақ пікірлері сынға алынады.

**Түйінді сөздер:** Әбілхайыр хан, «Ақтабан шұбырынды», қолбасшы, батыр, адай, қорғау, азаттық.

Тарихтың өзекті арнасы – халық басына туған қиын күндерде жеке тұлғалардың, саяси қайраткерлердің туған еліне, отанына сіңірген еңбегін, олардың қоғамдық саяси және әлеуметтік процестердегі орнын ашу болып табылады. Еліміздің ұзын сонар тарихы ерлік пен елдікке және қым қуыт оқиғаларға толы. Қазақ елі тарихында және әдебиетінде ең көп айтылған және жазылған «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деп аталатын ел басына үлкен ауыртпалық түскен, аса қиын кезең.Осынау ел басына түскен ауыртпалығы көп қайғылы кезеңнен қазақ халқын құтқаруға көптеген халық батырлары жаумен жан аямай күресе жүріп халқын ажалдан құтқарды. Сол батырлар мен қолбасылардың ішінде ерекше орын алатыны- Әбілхайыр хан.

Әбілхайыр – Кіші жүз ханы (1709 – 1748), қолбасшы, 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды» ажалынан қазақ елін құтқарған тарихи тұлға. Жәнібек ханның кіші буыны – Үсектің ұрпағы, Қажы сұлтанның баласы. Қысқаша айтқанда Қазақ мемлекетін құрған Жәнібек ханның жетінші ұрпағы. 1700 жылдан бастап Ресей басқыншыларына қарсы қазақ әскерін басқарғаны үшін үлкен беделге ие болып, 1709 жылы Кіші жүз ханы сайланған.

Осы уақытқа дейін Әбілхайыр хан туралы қазақ елінде жалған пікір қалыптасты. Бұған көп еңбек сіңірген Ресей империясы болса, соны түгелдей қолдаған Кеңес өкіметі жасаған тоталитарлық режим. Оған негізгі тағылған жаманат – Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы –деген жалған ақпаратқа қатысты мәселелер болды.

Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылмағаны туралы нақты документтер 1989 жылы Алаш ардагерлері ақталған соң шыға бастады.1991 жылы Х.Досмұхамедұлының «Аламан» атты кітабы жарыққа шыққан соң бұл тақырып кесмеске кеткен еді, алайда Әбілхайыр ханды түгелдей ақтауға әлі бірнеше жыл керек болды. Ақырында Әбілхайыр Қазақстанды «өзі хан болу үшін» Ресейге қосқан, яғни екі елдің арасындағы дәнекер емес, керісінше өмір бойы Қазақ елін қызғыштай қорғап Ресейге қарсы соғысқан ХҮІІІ ғасырдағы қазақ елінің ұлы батыры болып шықты. Хан болу үшін деп айыптауының ешқандай қисыны жоқ еді. Оны қазақ билері бірауыздан хан сайлағанда 1709 еді. Ал, оның тарихи хаты 1731 жылы жазылған болса, арасы тым алшақ, яғни 22 жылдан бері ол Кіші жүздің ханы еді. Демек хан болып билеу үшін Ресейге арқа сүйеді деген жорамалдың ешқандай шындыққа сорпасы қосылмайды... Әбілхайырдың өмірі мен саяси қызметін былай жіктедік:

1. Әбілхайыр және Ресей басқыншыларынан атамекенді қорғау...

2. Әбілхайыр және башқұрттармен қатынас.

3. Әбілхайыр және қалмақтардан елді қорғау мәселелері.

4. Әбілхайыр және жоңғарлардан елді тазарту оқиғалары...

Мұндағы бірінші мәселе Әбілхайыр XYIII ғасырдағы Ресеймен өмір бойы соғысқан қазақтың жалғыз ханы. Екінші мәселе оның қазақ елін Ресей шапқыншылығынан қорғай жүріп, Башқұрт халқының Ресейге қарсы ұлт азаттық күресін өмір бойы қолдағаны. Бұл бүкіл Түркі халықтары тарихында аса мақтанышты оқиға екенін ерекше атауға міндеттіміз.Сол қыруар еңбегімен аса үлкен беделге ие болған Әбілхайырды 1709 жылы Қазақ елінің игі жақсылары Кіші жүздің ханы етіп сайлаған еді. Үшінші мәселе тісіне дейін қаруландырып Қазақ еліне шабуыл жасатып отырған Ресейдің қоластындағы Еділ қалмақтарымен Әбілхайыр өмір бойы соғысты. Төртінші мәселе Әбілхайыр Яицкий (Жайық) казак орыстарымен және қалмақтармен қазақ елін қызғыштай қорғап жүрсе де, шығыстан қайта қайта баса көктеп шабуыл жасаған жоңғарларға да тойтарыс беріп үлгерді және Ақтабан шұбырынды кесапатынан кейін оларды қуып шығып қазақ елін азат етуі бір тарихи тұлғаның басынан әлдеқайда асып кеткен ерлік емес пе?

Жалпы қазақтың сыртқы жаулары шығыстан Жоңғар, батыстан Ресей /яғни казачьи отрядтар мен қалмақтар/ шабуылы болды.1758 жылдан соң Қазақ елі жоңғардан құтылды. Оның есесіне Орта Азия хандықтары қазаққа Оңтүстіктен бүйідей тиді. Бұл мәселеде олардың қазаққа шабуылы Ресеймен одақтастығын көрсетті. Мысалы Кенесарының ағаларының Ташкентте өлтірілуі, Кенесарының қырғыз жерінде өлтірілуі т.б. жәйттер олардың артында Ресей тұрғанын дәлелдейді...

Кіші жүздегі 26 тайпа ел Ресейге бодан болғысы келмей көп жыл жанталасты. Соның ішінде Маңғыстау, оны мекендеген «...адай секілді рулар шындығында патша өкіметі Хиуа мен түркменді алғаннан кейін ғана бағынды». Әрине осындай қиын жағдайда қазақ еліне жан жақты қысым көбейді. Жұт жеті ағайынды деген осы. Ресейдің күшті одақтасы Жоңғардан құтылғанымен қазақ еліне бейбітшілік заман келе қоймады. Мұнан кейін қазақтарға тек орыстармен ғана емес атамекенді қорғау үшін Хиуа хандығымен де соғысуға тура келді.

Сол жанкешті талай соғыстарда ерлік көрсетіп елімізді сыртқы жаулардан қорғаған талай ерлердің аты қалды. Ел ерсіз болмайды, ер елсіз болмайды деген осы... Тек Адай елінен шыққан Шотан, Атағозы, Құдабай, Дәуімшар, Мырзатай, Сүйінғара, Қармыс, Балуанияз, Шабай, Есен, Сүгір т.б. көптеген батырлардың есімдері ел есінде қалды. Солардың жуан ортасында Қазақ елін Ресей және оның одақтастарынан қызғыштай қорғаған, яғни кеудесін 48 жыл бойы жау оғына тосқан Әбілхайыр болатын.

1580 жылдары құрылған Ресейдің Яицкое казачьи войско деп аталатын баскесерлер Кіші жүз қазағына істемеген қиянаты мен кесапаты қалмады. Ғасырлар бойы біздің халқымыздың жазықсыз қанын төккен осы әскери топ 1920 жылы атаман генерал майор В.С.Толстовтың басшылығымен Иранға қашып бара жатып Маңғыстау жерінде өлімін тапты. [1]

Ақтабан шұбырынды кезіндегі Әбілхайырдың жанкешті қимылы мен іс әрекеті дер кезінде болды. Батыстан келе жатқан орыс пен қалмақтардың жойқын шабуылын тоқтатпағанда қазақ елі түгелдей орыс басқыншыларының қол астында қалатын еді. Сондықтан Әбілхайыр басқарған Кіші жүз қазақтары Ақтабан шұбырынды апатына ұшырамады. Керісінше күшті жауды уақытында тоқтатып қана қойған жоқ, сондай ақ оларды талқандап Батыс жақ шекараны қауіпсіздендіріп болған соң Жоңғарларды талқандап қазақ елін басқыншылардан тазартуға қызу кірісті. Сонымен I Петрдің жоспарын жүзеге асырмай сағын сындырған еді. Осы тарихи оқиға туралы И.В.Ерофеева:

«...Военные походы Абулхаира в 1723-1726 гг. в улусы волжских калмыков убедительно показали, что он оказался очень способным учеником и уже через несколько лет после ухода от Аюки поражал своих сподвижников и ближайших кочевых соседей в Поволжье и на Южном Урале не только дарованной ему от бога могучей физической силой, но и исключительным воинским мастерством»-деп жазып әділ бағасын берген еді.[2]

Батыстағы шекараны бекітіп, қамсыздандырған Әбілқайыр енді жоңғарлардан Түркістанға дейінгі қазақ жерін тазартуға кіріседі. Әбілқайыр 1726 ж. Ордабасыдағы халық жиналысында қазақтың үш жүзінің әскерін басқаруға қолбасшысы болып сайланды. Бұланты өзенінің жағасындағы (1728), Аңырақайдағы (1729/30) ойраттарды талқандаған соғыстарда қолбасшылық қабілеті ерекше көрінді және қазақ елін тарихта бұрын соңды болмаған үлкен катастрофадан құтқарған Әбілхайыр сынды қазақтың баласы еді...

Қорыта және қысқаша айтқанда 1730 жылға дейін Ақтабан шұбырынды оқиғасы аяқталды. Бұл қазақ еліне Ресей жасаған қиянаттардың ең үлкені еді.Тарихтың осы уақытқа дейін бұрмаланғаны соншалық, Әбілхайырдың ерлігімен халық алдындағы қызметі айтылмай келді, керісінше оның барлық оқиғалары Абылайдың атымен айтылып келе жатыр. Шындығын айтсақ Ақтабан шұбырынды оқиғасына Абылай қатысқан жоқ. Қазақстан тарихында оның аты алғаш рет 1740 жылдан бастап көрінеді...

Ресейдің кезекті қиянаты, осы бір қиын жағдайдан қазақ елін құтқарған Әбілхайыр сынды батыр қолбасшыны осы уақытқа дейін Ақтабан шұбырынды оқиғасындағы ролін айтпақ түгілі, Ресейге қазақ елін бодан қылды деп нақақтан айыптап келді. Оның Ресей патшасына 1730 жылы жазған «тарихи хатында» бодандық туралы бір сөз жоқ, онда тек башқұрт халқымен арадағы үзіліп кеткен достықты қайта орнату болатын. Алайда тарихшылар осы уақытқа дейін сол хаттың орысша аудармасын пайдаланып келген... Сондай-ақ Әбілхайыр ешқашан Ресейге бодан болу үшін ант берген жоқ...

1738 жылы Әбілхайыр өмірінде тағы бір ерекше оқиға болды. Оның сол жылы Башқұрт халқының Ресейге қарсы кезекті көтерілісіне көмек көрсеткені болды. Ресей басшылары ұзақ уақыт көп еңбек етіп қазақ пен башқұрт халықтары арасындағы достықты бұзуға көп еңбек сіңіргенін біз жоғарыда айттық. Башқұрттармен достық қатынасты орнату үшін Патша ағзамға хат жазбасаңыз болмайды дегенге алданып қалған Әбілхайыр 1730 жылы хат жазып еді. Сол хатты осы уақытқа дейін бодан болу үшін жазылған хат деп Ресей басшылары жасырып келгенін жоғарыда көрсеткенбіз.

Міне сол 1738 жылы башқұрт көтерілісін басу үшін қазақтарды айдап салып бір оқпен екі қоянды атып алмақшы болды. 1738 жылдың ақпанында генерал Татищев Әбілхайырға хат жолдап – Башқұрттардан қазақтар кек алуына жақсы жағдай туды. Әрбір башқұрттың басын әкелген қазақ жігітіне 60-100 рубль ақша беремін - деп хабарлады (3а). Сонда Әбілхайыр ақшаға қызыққан бірде бір қазақты жібермеді. Себебі Татищев ұсынған ақшаның көптігі сонша 60 сомға 12 жақсы ат, әлде 20 жақсы сиыр алуға болатын еді. Керісінше Әбілхайыр бұрынғыдай башқұрттарға көмектескен. Алайда осынау тарихи оқиғаны Ресей тарихшылары әдейі бұрмалап айтып және жазып келе жатыр. Әрине мұның бәрі Әбілхайырдың тарихтағы ролін мұқату үшін жасалған кезекті қиянаттың бірі.

1742 жылдың басында Орынборға И.И.Неплюев келген соң Әбілхайыр хан мен Ресей арасындағы жағдай бұрынғыдан бетер шиеленісіп кетті. Әбілхайыр патша өкіметімен достық жағдайды орнату үшін қолдан келгеннің бәрін жасады, алайда оны Ресей, яғни Неплюев басқарған Орынбор басшылары ақтамады. Мысалы 1744 жылы Әбілхайыр патша өкіметінен достық қатынас бола ма деген үмітпен орыстардың тұтқынға түскен 30 солдатын қайтып берді. Жалпы 1742-48 жылдары Әбілхайыр

орыстардың тұтқынға түскен 1182 солдатын қайтып берді.[3] Дегенмен, Неплюев тарапынан Қазақ еліне және Әбілхайырдың өз басына жасаған қиянаты толастамады. Әбілхайырды өлтіруге Барақ пен Күшік сұлтандарды жалдап алды. Олар қол астындағы азғантай елмен Ресейге бодан болу үшін 1735 жылы Орынбор басшысына ресми хат жазған екен. Бұл өтініш Неплюевке аспаннан іздегені жерден табылғандай болды. 1742 жылдың күзінде Барақ пен Күшік сұлтандарға үлкен құрмет көрсетіп Ресейге ресми бодан қылды, көп сыйлық берді. Олардың негізгі міндеті Әбілхайырды өлтіру ғана болды.

Сол күннен бастап Барақ сұлтан бастаған топ әртүрлі сылтаулармен Әбілхайыр ханға тиісе бастады. Әрине, барлық жанжал Неплюев тарапынан ұйымдастырылды. Хан болуды асыға күткен Барақ сұлтан жатпай тұрмай Әбілхайырды өлтіруді ойлады. Ал, казак орыстар мен қалмақардың қазақ еліне шабуылдары да көбейіп кетті. Әбілхайыр да оларға тойтарыс беруден жалықпады...

Үлкен қақтығыстардың ішінде 1746-47 жылдардағы шайқастарды ерекше атауға болады.

1746 жылдың 1ақпанында Әбілхайырдың 1500 жігіті Гурьевке жақан жердегі Яицкий форпостың жанынан айналып өтіп Жайық пен Еділ арасындағы қалмақтарға жойқын соққы берді. Сондай ақ, көптеген орыстардың яғни казактардың балықшылар поселкесін талқандады. Әбілхайырдың осы шабуылында 75 қалмақ қаза тапты, ал тұтқынға алынып әкетілген орыс пен қалмақтың саны – 638 адам. Сол тұтқынға түскендердің ішінде орыс көпестері А.Ганюшкин, И.Ветлюгин тағы казак отрядтарының басшыларының бірі А.Версин т.б. бар еді. Сондай ақ қалмақтардың бірнеше табын жылқысын айдап әкетті.

Келесі жылы, 1747 жылдың қаңтар айында 500 қазақ жігітінен құралған әскер Еділ өзеніне дейін барып қалмақ ауылдарын талқандады. Бұл ретте казак орыстар отрядтары мұқият дайындықпен отырғандықтан көп қарсылық көрсетіп, қиян кескі шайқастар болды. Екі жақтан да көп адам қаза тапты. Әбілхайыр жігіттерінен қаза тапқандар 50 адам еді. [4]

Осылай Ресей мен Әбілхайыр арасында қақтығыстар толастамады, керісінше өршіп кетті. Ресей басшылары Әбілхайыр тірі тұрғанда Қазақ елін отарлай алмайтын болған соң оны өлтіруді тез арада бір жағына шығару үшін Бараққа төтенше тапсырмаларды берді. Ақыры есіл ер, батыр қолбасшыны қапыда қолға түсірудің сәті түсті. Қабырға өзенінің Үлкүйекке құятын жерінде қапыда аз адаммен қоршауда қалған Әбілхайыр өлтірілді... Бұл 1748 жылдың 1 августі болатын. Осылай өмір бойы қазақ елін қорғап, ат үстінде өмірінің 48 жылын Ресейге қарсы соғыста өткізген есіл ер, қазақ елінің ұлы перзенті қаза болды. Оның өмірі теңдесі жоқ батырлық пен ерліктің, қазақ елінің ұрпағына үлгі болатын батырлық ғұмыр еді.

Осы айтылған нақты тарихи фактілер Әбілхайыр ханның қазақ елін ажалдан құтқарған XYIII ғасырдағы Қазақ тарихында бірінші орында тұрған тарихи тұлға екенін көрсетеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. А.1994, 44-45 бб

2. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир поководец, правитель и политик. А.1999. стр.99.

3. Көмеков Б.Е. Өтениязов С.К. Әбілхайыр хан (1685-1748). в кн. Әбілхайыр хан. А. Арыс. 2004.177-221 бб.

**ӘӨЖ 902:904(045)**

# ШАҚПАҚ АТА МЕШІТІ-МАҢҒЫСТАУ СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ ТАМАША ТУЫНДЫСЫ

**Тоқбаева Л.Қ.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Маңғыстау жеріндегі аспан астындағы тарихи ескерткіштермен қатар жерасты мешіттерінің көп кездесуі, солардың ішінде Шақпақ Ата қорымының орналасқан жері, ерекшеліктері қарастырылады. Шақпақ-Ата мешіті – Көне Үргеніш, Бұхара, Хиуа, Самарқан сәулетшілері өнерін жер асты ғимаратында шеберлікпен пайдаланудың үлгісі екендігі көрсетіледі.

**Түйінді сөздер:** Маңғыстау, жерасты мешіті, Шақпақ Ата, қорым, сопылық ілім.

Маңғыстау жерінде аспан астындағы тарихи ескерткіштермен қатар жерасты мешіттері де көптеп кездеседі. Маңғыстау жерасты мешіттерінің ең басты ерекшеліктерінің бірі- әулиеге байланысты хикая негізіндегі философиялық мәнге тән географиялық ландшафқа орналастырылып, осы күнге дейін сақталып келген намазхана, зікірхана, шілханалардың бар болуында. Басқа өңірдегі мешіттерде бірі болса, бірі жоқ. Ал Маңғыстау жерасты мешіттерінің ерекшеліктері:

Біріншіден, мешіттің ішінде қанша кісі отырса да, оқылған дұға аяттардың, айтылған уағыз насихаттардың барлық тыңдаушыларына (барлық бөлмелерде) толық естілуі. Қазіргі тілмен түсіндірер болсақ, физика ғылымындағы акустикалық заңдылықтың барлық ережелері сақталған. Сонымен қатар, Шопан-Ата, Бекет-Ата мешіттерінің есік алдында үш-төрт жүз адам тұрып, жамағат Жұма, Айт намаздарын оқыған кезде, имамның дауысы ұюшыларына толық естіліп тұрған;

Екіншіден, жылдың қай мезгілі болса да мешіт ішіндегі ауа ылғалдылығы санитарлық-гигиеналық мөлшерден аспаған. Егер ылғалдылық көбейген жағдайда жұқпалы өкпе ауруы, тұмау, сүзек және тағы да басқа инфекциялық аурулардың таралуына әкеліп соқтырар еді;

Үшіншіден, тау жынысындағы микро-макроқуыстар мен жарықтар дұрыс пайдаланылып, бөлмелер жобалы орналастырылып, үңгір салынған. Есік, түндік ашық тұрса да, іште желоайдың болмауы;

Төртіншіден, жер астындағы мешіт михрабының астрономиялық құрал-жабдықсыз қазіргі кездегі топографиялық картадағы Мекке қаласының бағытының дәлдігімен жасалуы; ғимаратқа кірер есіктің күншығысқа не құбылаға бағытталып орналасуы;

Бесіншіден, мешіт кешенінде күнделікті тұрмыс қажетіне жарататын су көздерінің болып, ішуге жарамдылығы;

Алтыншыдан, емшілік тұрғыда пайдаланатын тұт ағашының, сүлік ұстайтын орындарының болуы. Әулиелердің көзі тірісінде дұға оқып,дем салған жәдігерлерінің сақталуы;

Жетіншіден, мешіттердің орналасу мекендері геофизикалық аномальды аймақтарға орналастырылып, геологиялық,тектоникалық өзгерістермен болған рельеф ерекшеліктері тиімді пайдаланылған;

Сегізіншіден, жерасты мешіттерінің орналасуында географиялық қажеттілікті өзіндік «заңдылықтармен» байланыстыру бар. Жерасты мешіттерін обсерваториялық байқаулар жүргізуге пайдаланғандығы аңғарылады.

Тек, Маңғыстаудағы жерасты мешіт – медреселерін зерттей отырып, біршама ғылым салаларын тануға болады. Мысалы, ғимарат кешеніндегі тұщы суы бар

құдықтың айналасынан қаншасын қазсаң да ащы су көзіне кезігесің, ал әулиелердің құдығынан тұщы су шығып тұр. Мешіттердің ұзақ ғұмырында жыра-сала арнасында бола тұра тасқын судың,қарғынның астында қалмауы таңғалдырады. Сол сияқты ғимараттар кешеніне тек тұт ағашының егілуі. Емдік қасиеттері бар жиде немесе басқа ағаштардың егілмеуі –аталардың таным, біліктілігінің жоғары болғандығының белгісі. [1]

Түпқараған түбегінің теріскей шығыс бетінде – көне Кетіктен Бозашыға беттеген теңіз жағалауында небір тамаша қойнау, қыраттар мен тау жоталар, аңғар, алқаптар арасында көне ескерткіштер бар. Солардың бірі - Шақпақ Ата мешіті. Шақпақ Ата-Форт-Шевченко (Кетік) қаласынан 65, Таушықтан 25 шақырымдай жерде. Ақ сарғыш ұлу тастардан құралған жарқабақ қаптал жел, ауа райы әсерімен бұжырланып әдемі табиғи өрнек танытады. Сол қапталға көтерілер тұста тастан қашалған есік көрінеді. Есіктің екі қапталындағы жарқабақ бетінде жазда көлеңкелеп демалып отырғандай, қыста ықтасын жасап паналағандай беталды ашық сахна тектес орындар қашалған. Бұл орындардың іргелігіндегі тастақ кезет-қырпуларда жағалай өлік жерленген. Тас қырпуды ойып, үстін тұтас төрт бұрышты ұзын таспен жапқан. Үстіңгі жағында да осындай дәстүрмен үш-төрт адам жерленген [2].

Жарқабақ қапталынан қашалған есіктен жерасты ғимаратына кіресіз. Орталық күмбезді бөлме, екі қапталында михраб-сахна тектес екі бөлме. Орталық бөлменің қақ ортасында әдемі ойылған шаңырақ тектес дөңгелек тесік. Одан жарық түсіп ауа кіреді. Орталық бөлме төрінен жасалған есік арқылы табиғи тастан қашалған баспалдақпен қырат басына шығасыз. Сонда қырат басы мен төменгі аңғарға еш қиындықсыз-ақ осы мешіт арқылы қатынасуға болады. Жазғы ыстық кезде қапталдағы теңіз беттегі есіктен леп соғып тұрады. Төбедегі шаңырақтық тесік пен төрдегі есік етектен соққан желді жоғары тартып, ауа алмасып, ғимарат ішін қоңыр салқын қалыпта ұстайды. Ал, күз, көктем, қыс кездерінде мешіт ішінің ылғалдануына мүмкіндік бермей, үнемі салқын ауаны жоғары сорып тұруға қызмет етеді. Орталық бөлменің төбе тесігінің сыртынан (жер бетінен) төрт бұрышты сағана там іспетті құрылыс жасалған. Оның да төрт жағында терезе тәрізді төрт ойығы болғаны аңғарылады. Бұл құрылыс мешіт үстіндегі шаңырақтық тесіктен мал, адам түсіп кетпес үшін және оны жауын-шашыннан қорғау үшін жасалса керек. Ал, оның терезелік ойықтары ауа, сәуле келу үшін жасалған сияқты. Екі жақтан екі есік шығару мешіттің қорғаныстық маңызы болғандығын да сездіреді.

Орталық намазжай бөлменің (көлемі 5х4,5 метр) төрт бұрышынан жұмыр бағандар қашалған. Олар әрі әдемілік өң беріп, әрі мықты тіреулік міндет атқарып тұр. Бағандар әртүрлі ою-өрнектермен безендірілген. Биіктігі үш метрдей орталық намазжай зал да, оңтүстік бетіндегі михраб та, оған қарсы демалыс сәкісі ретіндегі бөлме де өте шеберлікпен жасалған. Қабырғаның әр жерінде кітап қоятын сөрелер, шырақ орындары, шымылдық-перде байлайтын қуыстар қашалған. Кіреберіс қаптал мен қабырғаларда көне түркі мақал-мәтелдері мен аяттар жазылған, салт атты адам, адамның қолы (бес саусағы), түрлі қару-жарақ пен жануарлар бейнеленген.

Жер асты ғимаратының алдыңғы бетінде ылдида құлаған мешіт тастары, іргесінде зират. Мұнда көнелі, жаңалы бейіттер. Әрісі оғыз дәуірінен. Жарқабақтан қашалған жер асты ғимараты да, ылдидағы зираттар да Шақпақ-Ата атымен аталады. Ел аузындағы аңызға қарағанда ғимарат-мешітте Шақпақ-Ата бала оқытқан. Басқыншы жаулар бір күні Шақпақ-Атаны шәкірттерімен бірге қырып кетіпті. Мешіт-ғимарат іргесінде жерленген шәкірттері екен де, ұстаз ата сүйегі ішкі бөлмелердің біріне қойылыпты.

Ғимараттың қай ғасырда салынғаны туралы ғалымдар әртүрлі болжам айтады. Геолог Алан Медоев бұл жер асты мешіті IX-X ғасырларда қашалған десе, архитектор

ғалым Малбағар Меңдіқұлов XIV-XV ғасырларда жасалған дейді. А. Медоев пікірінше: «Шақпақ-Ата – тұтас архитектуралық комплекс есебінде өте сирек кездесетін, әзірше тек Орта Азия мен Қазақстан территориясында тұтастай тастан қашалған, ешқандай бүліншілікке ұшырамай, бүтін күйінде сақталып отырған ортағасырлық бірден-бір ескерткіш.

Шақпақ-Ата мешіті – Көне Үргеніш, Бұхара, Хиуа, Самарқан сәулетшілері өнерін жер асты ғимаратында шеберлікпен пайдаланудың үлгісі. Ғимараттың есігі, қабырға, бағаналары, бұрыш шығарулары, төбе тесігі, михрабтық бөлменің жасалуы, қырпудағы тастың өзінен ойылған тас лахаттар – бәрі де Шақпақ-Ата ғимаратын салушылардың тек жәй құрылысшы, тасшы ғана емес, талғамы биік сәулетші екенін айқын аңғартады. Шақпақ-Ата – көне мәдениет куәсі

М.Меңдіқұлов Шақпақ-ата кесенесінің салыну уақытын XIY-XYI ғасырлар ауқымына кіргізіп, ноғайлы дәуірімен байланыстырады, өйткені жергілікті ақпаратшының аузынан естіген аңызда Шақпақ-ата түрікпен мен қалмаққа қарсы соғысқан ноғайлы екен. Оның лақтырған тасынан от шығатын болғасын Шақпақ атанипты делінеді.

«Адамзаттың ең ежелгі дәуірі ғылымда «тас дәуірі» деп аталады. Олар үш кезеңге Палеолит, Мезолит және Неолит болып бөлінеді. Палеолит дәуірі б.з.б. 2 млн. 500 мың – б.з.б. 12 мың жыл арасын қамтиды. Осы ерте тас ғасырының тұрақтары Маңғыстау түбегіндегі Шақпақ атадан табылған

«Шақпақ ата мешіті - Қазақстанның сирек кездесетін жартасты сәулетшілік өнерінің тамаша туындысы, ол өлкедегі жерасты ғибадатханалардың арасында сәулет көркемдігімен ерекшеленеді. Ол әктасты тау қабатынан ойыла қашалып жасалған. Жоспарда мешіт бөлмелері жарықтың жан-жақты сәулелеріне бағытталған шаңбақ пішінінде. Орталық зал жартас қабаттарынан ерекшеленген жалған аркалар мен үстіңгі қабаттары бар бағаналарға жалғаса сфералық күмбезбен көркемделген. Аркаларда сырлы бояулы нақыштардың іздері сақталған. Күмбездің тас төбесінен құдық тәріздес етіп жарық ойығы қашалып қалдырылған. Сыртқы бетінен жарық ойығының үстінен арка үлгісіндегі төрт ойықтары бар шағын ғимарат тұрғызылған. Мешіттің негізгі кірісі үшбұрышты арка пішінінде болып келеді. Кірістің оң және сол жақтары төменінде көптеген ескі қабірлер сақталған қуыс-ойықтар жасалған. 2008 жылы ескерткіш құрылысының тарихы мен оның пайда болу уақытын анықтау мақсатында тұңғыш рет Шақпақ-ата мешітінде кешенді зерттеулер өткізілді. Ескерткіштің маңында геморфологиялық және археологиялық зерттеулер, ішкі бөлмелерінің толық сәулеттік-археологиялық өлшеулері алынды, мешіт пен қорымның эпиграфикасы зерттеліп, мәдени ландшафт сарапталды. Зерттеулер нәтижелерінде мешіттің бастапқы келбетіне өзгерістер енгізіле бірнеше рет қайта қашалғаныны анықталды. Мешітке жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында ескерткіштің тарихында төрт құрылыс кезеңдерінің болғаны жайында жорамалдар жасалды. Мүмкін, бастапқыда қабырғасы бағаналар тізбегінен құралып, кірісі құдық тәріздес, төбесі күмбезделген дөңгелек жартасты қабат құрылысы қашалып, тақуаның өзі жеке тұратын - сопылық зікір салуға арналған – қылует жасалған. Соңғы кезеңдерде тақуа тұратын бөлменің жартасты бөлігіндегі қапталдарынан михрабты ойықтармен және жаңа кірісімен кеңейіп, мешіттің кірісін жартастың қабырғасына жалғастыра салып, үлкен порталды аркалы етіп көркемдеген, ал қабырғасы бағаналар тізбегінен құралып, төбесі күмбезден жасалған дөңгелек оқшау құрылысты ішкі бұрама баспалдақты мұнараға ұқсатып, одан кейін күмбез және тіреп тұратын бағаналар жасалып, ішкі бөлмелердің шығыс қанаты ұзартылады, ақырында, төртінші кезеңде мешітке жаңа қапталды кіріс пайда болып, оқшау орнатылған жоғарғы күмбездің алаңына шығатын екінші есік жасалады. Осындай кезекпен жерлеу қуыстары да салынған.

Археологиялық табыстар негізінде ескерткішке соңғы өзгертулердің XY ғ. жүргізілгені, ал алғашқы жерасты бөлмелерінің құрылу уақыты XIY ғ. тиісті екені анықталды. Мешіт маңындағы ойықтарда таста қашалған тар қабірлердегі адам мүрделері мұсылмандық дәстүр бойынша жерленгені анықталды. Мешіт орналасқан жартастан төмен бұдан басқа да үлкен қабіртастың болуы мүмкін деп болжанды. Шақпақ ата мешіті - Арал-Каспий өңіріндегі қабырғалары жазулармен және суреттермен шимайланған жалғыз ескерткіш болып табылады. Араб, түрік-шағатай және парсы тілдерінде қалдырылған жазулар мешіттің киелі орын және сопылық ханақа болғанын айғақтайды. Мәтіндердің көпшілігін осы жерге келушілер қалдырған. Бұл жерде Қажы-Тархан (Астраханның бұрынғы атауы), Қазан, Әзірбайжан, Хорезм, Бұхара мен Андиджан елдерінен келген зираттаушылардың қолтаңбалары бар. Жазулардың ең ежелгісі 1707-1708 жылдармен белгіленген, бұл ғибадатхана XYIII ғасырда аса белсенді қызмет атқарғанына куә. Келушілер өз руларын атап кеткен - арабаджа, жары, таз, түрікмен-адай. Мешіт және жерлеу ойықтары қабырғаларында атты әскерлер мен садақшылардың, жылқы, сілеусін, көп жылдық лотос гүлі, әртүрлі семантикалық түсіндірмесі болатын ашық алақан (мысалы, Фатиманың алақаны) суреттері кездеседі. Мешіттің солтүстік-батыс бағытынан Шақпақ ата қорымы орналасқан. Қорым кешенді екі бөліктен: түркімен руларына қатысты ежелгі және қазақ тұрғындарының жаңа кезеңдегі қабірлеу құрылыстарынан тұрады. [3]

Мешіттің орталық күмбезі бөлмені басып өтетін ұзын түзара, оның екі қапталында қоржын үй орналасқан. Орталық намаз оқитын бөлме 4,5 м төрт бұрышынан жұмыр бағаналар қашалып, олардың арасы сәнді дарбазамен байланыстырылған. Залдың төбесінен күмбез ойылып, одан цилиндр тәрізді ойынды шығарылған. Ойынды сырттағы шаршы жобадағы павильонмен жалғасады.×залының (5,0 Павильон орталық бөлмеге жарық түсіріп тұрған ойындыны жауын-шашыннан қорғаумен қатар, бақылау мұнарасы қызметін де атқарған. Қос қапталындағы бөлмелердің солтүстік жағындағысы жолаушылар аялдайтын ханака (сәкісі бар) болуы ықтимал. Ал оңтүстік жағындағы бөлменің төргі қабырғасында михраб, оның екі жағынан шағын екі бөлме ойылған. Мешіттің қабырғаларында арнайы жасалған өрнек белгілері байқалмайды, тек әр жерінде тайыз қашалған қуыстар бар. Негізгі әшекей-өрнек бас кіре берістің тақтасы мен босаға қабырғаларын нақыштауға (жануарлар, қару-жарақ, салт атты адам суреттері, жазулар, тағы басқа) жұмсалған. Осы қорымда жер астынан тұрғызылған Шақпақ ата мешітінен басқа X-XIX ғасырлар аралығында іргесі қаланған сағанатам, құлпытас, сағана-қойтас сияқты көптеген діни ескерткіштер де сақталған.

Шақпақ-Ата мешітінің пішіні латын крестіне ұқсайды. Бұл көмбе екі шатқалдың арасында Оңғазы тауына кіре беріс жерде орналасқан. Шақпақ-Ата мешітінен көшпенділердің тас-қалаушылық өнерін көреміз. Мешітке кіріс үлкен аркадан құралады. Арка бірнеше бөліктерге бөлінген, ол жерде жергілікті молда дүниеден қайтқандарды шығарып салады. Көптеген адамдар сол себепті осы жерге келеді. Мешіттің текше тәріздес орталық залында арканы ұстап тұратын колонналар орналасқан. Олардың арасындағы арканың бөлігі түрлі-түсті фрескалармен әшекейленген. Залдың қабырғалары әр ғасырдағы суреттермен көркемделген, ол жерден жылқылар, салт-аттылар, бұқалар, ағаш және гүлдердің бейнесін көруге болады. Көптеген жазулармен өрнектелген қабырғадан Суфийдің дүниенің мәңгілік емес, өмірдің қысқа екендігін сипаттайтын өлең жолдары бірден ерекшеленеді

Шақпақ ата мешіті сонау Атам заманнан бері Ата (тарихат) жолын ұстанған Сопылық білім ордасы болып табылады. Онда «тақуаның өзі жеке тұратын - сопылық зікір салуға арналған – қылует» бар. Шақпақ ата қорымы мен мешітінің әрбір тасы,

қабырғасындағы жазбалары мен таңба-суреттері өткен тарихтың ең тереңгі қабаттарынан сыр шертеді.

Шақпақ ата мешітінің қоршау-шарбағының кірер жеріне екі көрсеткіш тақта қойылған. Біріншісінде: «Қазақ ССР. Шақпақ ата жер төле мешіті. Х-ХIII ғ.ғ. Ескерткіш мемлекет қарауында». Екіншісінде: «Қазақстан Республикасы. ШАҚПАҚ – АТА жерасты мешіті және қорымы XII- XIX ғ.ғ. Ескерткіш мемлекет қорғауында» деген екі түрлі жазба бар. Тас құралдар Шақпақ атаның шығысында 5 км жерде орналасқан Құмаққапы деген жерден де табылған. Бұл жерде табиғи шақпақ тастардың мол болуына байланысты тас құралдар жасайтын көптеген шеберханалардың орны да болған көрінеді.

Қазақтың белгілі археологы Ж.К.Таймағанбетов Шақпақ атаға жақын маңда орналасқан Өнеже деген жерден ежелгі адамдардың тұрағын тапты. Тұрақ бұдан 40-12 мың жыл бұрынғы жоғарғы палеолит кезеңінің ескерткіші деп танылды.

Есіктің екі қапталындағы алдыңғы жағына ашық сахна тектес орындармен алты қуыс қашалған. Оң жақта бесеу, үлкендігі әр-түрлі мөлшерде, әр қайсысында бестен-оннан адам жерленген. Сол жақтағы қуыста жалғыз адам. Үстіңгі жағында да осындай үлгіде он-шақты адам. Тасты ойып, үстін жалпақ тастармен жапқан. Мұнда шамамен барлығы жүздей адам жерленген. Адам жерлеудің мұндағы үлгісі қазіргі жерлеу үлгісімен салыстырғанда ерекше. Қабірлердің көлемдері кішкентай, ені 30-50 см, ұзыны бір-бір жарым метр шамасында. Қабірлер өте тайыз, тереңдігі бар жоғы 40-50 см-ден аспайды. Адам қаңқасы өз ретімен емес, қалай болса солай, қапқа салып жиналған сияқты жерленген.

«Кіреберіс қаптал мен қабырғаларда көне түркі мақал-мәтелдері мен аяттар жазылған, салт атты адам, адамның қолы (бес саусағы), түрлі қару-жарақ пен жануарлар бейнеленген». «Салт атты адамның» бейнесі кіреберіс қапталдағы бірнеше адам жерленген үлкен қуыстың қабырғасына салынған. Оның қолында жебесін кере тартып тұрған садақ бар. Ал, «Жебе тартқан салт атты адам» Маңғыстаудың ежелгі, тіпті күні бүгінгі де негізгі бас таңбасы болып табылады. Мешіттің іші мен сыртының бірнеше жеріне аттың (жылқының) бейнелері жеке-дара да, арасында құлынды биелер де, тіпті екі жерінде жылқы үйірі салынған. Мешіт қабырғасына Бұқаның бейнесі салынған.

Мешіт қабырғасында ағаш пен гүлдердің суреті бар. Шақпақ ата қорымында атам қазақтың ислам дініне дейінгі тәңірлік крес таңбасы да бар. Шақпақ ата жер асты мешітінің өзі крес жобасымен салынған. Орталық бөлменің көлемі 5х4,5 метр, крестің бас жағы таудың төменгі ернеуінен жоғары көтерілетін, ішінде табиғи тастан қашалып жасалынған баспалары бар бөлмеден көтеріліп шыққан жердегі есіктен басталады. Баспасы бар бөлмеге кірер жердің сол жағында көлемі шағындау (2м), дөңгелек, қазақтың ағаш үйіне ұқсас бөлме бар. Крес пішінді ғимараттың ұзындығы 18-20 метр шамасында. Таудың төменгі жағынан жоғары қарай орналасқан. Аяқ жағындағы есікті ашсаң, алдыңнан жоғары көтерілетін баспалдағы бар тағы бір бөлме шығады. Ондағы баспалдақтар да табиғи тастан қашалып жасалынған. Бөлменің сыртқы есігі таудың үстінде. Ол арқылы таудың үстіне шыға келесің. Орталық бөлмеден төрт жаққа бөлінетін төрт бөлменің (4,5х5м) көлемі де, ені де (батысқа қарай сыртқа шығатын ұзын (10 м) бөлмеден басқаларының) бірдей.

Шақпақ ата Маңғыстауда әулие қорым және жер асты мешіті болса, Шақпақ ата Жамбыл облысының Жуалы ауданында осы аттас жер мен елді мекен (Шақпақ ата кенті мен Шақпақ ата станциясы), Оңтүстік Қазақстан облысының (Шымкент) Түлкібас ауданында Шақпақ баба елді мекені бар. [4]

Манғыстаудың барлық топономикалық атаулары, жер асты мешіттері мен үстіне салынған ғимараттары, ежелгі қорымдары, ондағы таңбалар мен жазулары бәрі-бәрі

ежелгі шежіреден сыр шертеді. Шақпақ Ата қорымы да тарихи шежіреге бай, Маңғыстаудың әлі де зерттеуді талап ететін киелі орны деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.Қондыбай. «Маңғыстау мен Үстірттің киелі органдары». Алматы, 2000 ж.
2. С.Қондыбай «Есен-Қазақ». Алматы 2002 ж.
3. Іргебаев Т.А. «Қазақстан тарихы». Алматы,2009 ж.
4. «Маңғыстау» энциклопедиясы. Алматы,1997 ж.

**ӘОЖ 323.1(045)**

## КАСПИЙ ӨҢІРІ: ҰЛТТЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

**Міржақып Б.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. «Каспий өңірі: ұлттық туризмді дамытудың жаңа мүмкіндігі» атты мақала Маңғыстау облысының жаңа заманғы жаңа мүмкіндіктері туралы қарастырылған, соның ішінде ұлттық туризм саласының даму тарихы мен алда қойылған жоспарлар туралы баяндалады. Әлемге мәдени жетістіктерімізбен танылуымыз үшін оның бірден бір кілті туризм арқылы ұлттық мәдениетімізді танытып, мақсатқа жету маңыздылығы туралы мақалада талқыланады.

Түйінді сөздер: Каспий, туризм, жағалау, тарих, ескерткіш, жоба.

Бүкіләлемдік туристік ұйымның болжамы бойынша, Қазақстан тұрақты туризмді дамыту үшін болашағы бар елдер сапында. Барлық туристік нарықта Қазақстанның табиғатына, ландшафтарына және ұлттық мәдениетіне үлкен қызығушылық білдіреді. Енді қысқаша қазақ елінің туризм саласына қысқаша тоқталып кетейік. Ұлы Жібек Жолы бойында орналасқандықтан Қазақстан аумағындағы қалалар мен табиғаты ғажайып қорықты жерлер ежелден саяхат және туризм нысандары болып табылған. Қазақстандағы алғашқы туристік ұйымдар 20 ғасырдың 20 – 30-жылдары пайда болды. 1929 жылы Алматы қаласында тұңғыш туристік жорық ұйымдастырыды. Оған Г.И. Белоглазов пен Ф.Л. Савин басқарған 17 мектеп мұғалімдері қатысты.

Жорық Алматы төңірегінен басталып Есік көлінде (62 км) аяқталды. 1930 жылы Алматы өлкетану мұражайы жанында Пролетарлық туризм және экскурсия қоғамының өлкелік бөлімшесі жұмыс істей бастады. Оның алғашқы төрағасы болып В.Г. Горбунов сайланды. Осы жылы Алматы қалалық телеграф пен пошта қызметкерлерінен (16 адам) құралған топ (Ф.Л. Савин басқарған) Медеу – Көкжайлау – Үлкен Алматы көлі жағалауына дейін барды.

Туризмнің бұл түріне В.Зимин, А.Бергрин, Д.Литвинов, Х.Рахимов, Г.Белоглазов, т.б. көп үлес қосты. 1931 жылы қаңтарда Алматыдан Зиминнің бастауымен алғаш рет шаңғышылар жорығы ұйымдастырылды. “Еңбек және қорғаныс” эстафетасын алған бұл жорыққа қатысқан 8 шаңғышыға ұлттық атты әскер полкінің сегіз шабандозы қосылды. Олар Алматыдан шығып, Ұзынағаштан өтіп Қордай асуы арқылы эстафетаны Қырғызстан командасына табыс етті. Сол жылы Алматыдағы Жетісугуберниясының мұражайдың жанынан Бүкілодақтық пролетарлық туризм мен экскурсия ерікті қоғамының 10 мүшесі бар алғашқы ұясы ұйымдастырылды.

Қазақстандағы туристік ресурстарға – туристік қызмет көрсету нысандарын қамтитын табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру нысандары, сондай-ақ туристердің рухани қажеттерін қанағаттандыра алатын, олардың күш-жігерін қалпына келтіріп сергітуге жәрдемдесетін өзге де нысандар жатады. Олар мәдени-танымдық, экологиялық, спорттық, әлеуметтік, діни, т.б. туризм түрлеріне бөлінеді.

1993 жылы Қазақстан Дүниежүзі туристік ұйымының мүшелігіне енді. Дәл осы жылы туризмді дамыту бағдарламасы дайындалып, ал 1997 жылы «1997-2003 жылдар кезеңінде Ұлы Жібек Жолының тарихи орталықтарының өркендеуі, түркі тілді мемлекеттердің мәдение мұраларын сақтау және туристік инфрақұрылым құру» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Елімізде туризмнің дамуы үшін барлық қажетті, мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар бар.

Қазақстандағы қандай туризм түрлері бар екенін білесіз бе? Бізде туризмнің бірнеше түрі қарқынды дамып келеді. Олар: этнотуризм, тау туризмі, емдік-сауықтыру туризмі, мәдени-танымдық туризм, аңшылық пен балық аулау, т.б. Соларға тоқталып көрейік [1].

1. Этнотуризм Этнотуризм – Қазақстандағы елдің бай тарихи өткені мен қазақ халқының мәдениетінің өзіндігіне қызығатын адамдарды тартатын туризмнің бір түрі. Қазақстанның қай аймағында болмасын жолаушылар қазақ этносына тән салт-дәстүрмен, шығармашылық ерекшелікпен танысып, елдің мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін зерттей алады.

2. Тау туризмі Қазақстан тау туризмі үшін қолайлы ел. Мұнда бұл салада барлық жағдай жасалған деуге болады. Қазақстан бойынша турлар белсенді демалысты, жабайы табиғатпен кездесулерді, қарлы тау шыңдарына шығуды, сонымен қатар, жол-жөнекей жұмбаққа толы үңгірлер мен көгілдір терең сулы көлдердің жағаларын зерттеулерді қосады [1].

3. Емдік-сауықтыру туризмі Дамушы еліміз емдік-сауықтыру туризмі үшін ерекше жер. Себебі, еліміз тек қана емдік табиғи ресурстармен ғана бай емес, сонымен бірге, табиғи өңірлерде орналасқан заманауи шипажайларымен де танымал. Емдік-сауықтыру туризмі Қазақстанның барлық территориясына таралған, сондықтан, сіз елдің қай жерінде болсаңыз да, емделумен демалысты қатар қолдана аласыз. Емдік курорттар түрлі ауруларға ем болатын минералды су, бұғы мүйізімен емдеу, емдік климат және т.б. түрлі емдеу қызметтерін ұсынады.

4. Мәдени-танымдық туризм Елімізде 25 мыңнан астам ескерткіштер және географиялық көрікті жерлер бар екен. Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасы объектілері ЮНЕСКО әлемдік маңызы бар ескерткіштері болып танылады және осы ұйымның қорғауында. Сонымен қатар мәдени құндылықтардың 2 миллионнан астам бірліктері қазіргі Қазақстан жерінің тұрмыстық мәдениетінің дамуының барлық кезеңдерін бейнелейді [1].

5. Аңшылық пен балық аулау Ерлердің ең қызығатын әуесқойлылығы – аң аулау мен балық аулау. Бұл адам мен табиғат байланысы мәдениетінің бір бөлігі іспеттес. Нағыз аңшы жануарлар әлемі мен оны белсенді қорғау туралы ақпаратқа әрқашан қызығушылық танытады. Сол секілді балық аулау да жақсы демалыс. Көл жанында әрқашан таза, жұпарлы ауа. Ол жерде адам күнделікті тұрмыс-тіршіліктен бір сәтке босап, сергек күйді сезінеді [1]. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытуда үлкен мүмкіндігі бар аймақ – Маңғыстау облысы.

2018 жылғы 12 тамызда Ақтауда Бесінші Каспий саммиті өтті, оған Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев, Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Рухани, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов қатысты.

Ашхабадта (2002), Тегеранда (2007), Бакуде (2010) және Астраханьда (2014) өткен Каспий саммиттерінің шешімдерін дамыту үшін Каспий теңізі өңіріндегі бесжақты ынтымақтастықтың неғұрлым маңызды мәселелерін талқылау, халықаралық өзекті тақырыптар бойынша пікір алмасу дәстүрлі достық, сенім және тату көршілік жағдайында өтті.

Президенттер өңірлік деңгейдегі байланыстарды, мәдени алмасуларды, медиа-форумдарды, жастар слеттерін, спорттық жарыстарды және басқаларын қоса алғанда, Каспий маңы мемлекеттерінің әртүрлі форматтардағы ынтымақтастығын жандандыруға қолдау білдірді. Міне, бұлда Каспий жағалауында орналасқан Маңғыстау облысы үшін үлкен мүмкіндіктердің белгісі, соның ішінде жоғары да айтылған туризм саласы [2].

Әлемнің түкпір-түкпірінен туристерді қызықтыратын еліміздің ерекше бір аймағы – Каспий теңізі. Жағалау маңайында орналасқан курорттық орталықтар қазақстандық туризмді дамытуға айтарлықтай үлесін қосып жатыр. Егер Каспийге саяхаттауға шыққыңыз келсе, ең алдымен, Ақтау қаласына жол тартасыз. Себебі, ол теңіз жағалауында орналасқан Қазақстанның жалғыз қаласы [2].

Өйткені 2023 жылға дейінгі туристік саланы дамытудың бекітілген Тұжырымдамасына сәйкес Қазақстанда алты мәдени-туристік кластер құрылаған болатын. Соның бірі «Каспий қақпасы» екені белгілі. Қазақстандағы туризм мәселесінде Каспий теңізінің алатын орны ерекше екені белгілі. Өйткені Каспий теңізімен Қазақстан, Ресей, Әзербайжан, Түркіменстан, Иран мемлекеттері шектеседі.

Каспий туралы деректерге зер салсақ бұл теңізі жер бетіндегі ең алып тұйық көл. Оны көлеміне қарап теңіз деп те атайды. Аты осы теңізді жағасын мекендеген ежелгі «каспий» тайпаларының құрметімен аталады екен. Теңіздің көлемі 371 мың шаршы аумақты алып жатыр. Ал, тереңдігі – 1025 метр. Онда 850 түрі табиғи тіршілік өмір сүреді. Соның ішіндегі ең керемет жануар ол – каспий итбалығы деп айтуға болады [3].

Жалпы, ішкі туризм бойынша Маңғыстау облысы Астана, Алматы қалалары және Ақмола, Алматы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстан облыстарынан кейін 8 орында тұр. Ал келушілер туризмі бойынша Астана мен Алматы қалалары және Атырау облысынан кейін 4 орында тұр.

Туризм басқармасында мәлім еткендей, Маңғыстау облысында туризмді дамыту мақсатында бірнеше бағыт-бағдар қолға алынып отыр. Біріншіден, жағажай туризмі. Бұл орайда басты назар Ақтау қаласындағы жағажай аумағына аударылады. Екіншіден, этникалық, мәдениет және экологиялық туризм. Бұл есепте мемлекет қорғауында тұрған 13-ке жуық тарихи ескерткіш пен 362 киелі орындар бар Маңғыстау облысының әлеуеті жоғары болып отыр. Үшіншіден, Бекет ата мен Шопан ата киелі жерлеріне құлшылық жасау. Бұл бағыт құлшылық етушілер санының жылдан жылға артып отырғанын көрсетуде. Төртіншіден, Ақтау қаласының облыс орталығын дамытуға ерекше назар аударылады [3].

Аталған бағыттарды дамыту барысында 4 негізгі сапар орталығын құру жоспарланып отыр. Бұл «Бейнеу», «Үстірт», «Көгез», «Ақтау» орталықтары.

Каспий теңізі – Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Иран және Түркіменстан – бес мемлекетті біріктіретін үлкен тұйықталған су қоймасы [1]. Сондықтан Маңғыстау облысында теңіз туризмін дамыту жобасы мақұлданды.

Маңғыстау облысындағы «Тастақты жол» жобасының құны 1,9 млрд теңгені құрап отыр. Бұл серуен жолы мен қаладағы құмды жағажайды біріктіретін «көпір» іспеттес ерекше жоба болып отыр [3].

Маңғыстау облысының әкімдігі «Маңғыстау геопарк» құру және оны ЮНЕСКО-ның Жаһандық геопарктері тізіміне енгізу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жалпы, әлемнің 24 елінде 77 геопарк бар.

Маңғыстау геопаркіне 21 нысан кіріп отыр. Атап айтсақ, «Сұлтан-эпе» және «Шақпақ ата» жерасты мешіттері, «Жығылған» геологиялық шұқыры, «Шерқала», «Айрықты», «Құлыптар алқабы», «Көкала» каньондары мен таулары, бірқатар музейлер мен «Отпан тау» тарихи-мәдени кешені және тағы бірқатар нысандар [3].

Туристік компаниялардың бағалауы бойынша, бүгінгі күні аталған нысанды жылына небәрі 4 мыңға жуық турист тамашалайды. Олар көбіне ТМД, Еуропа елдері, Қытай мен Жапония азаматтары. Осы орайда, ЮНЕСКО бренді шетелдік туристерді көптеп тартуға ықпал етеді. 2023 жылға қарай туристер саны 20 мыңға жетеді деп болжануда. Сонымен қатар, осы аталған мерзімге қарай Геопарк 800 адамды жұмыс қамтитын болады.

2023 жылға дейін дамыту процесінде 18,6 млрд теңге мемлекет қаражаты мен 20 млрд теңге жеке капитал инвестициялау жоспарлануда. 2023 жылға дейін туристер ағыны қазіргі 205 мыңнан 435 мыңға дейін артады. Сондай-ақ, бұл кезең ішінде туризм саласында 1900 жаңа жұмыс орны құрылады [4].

Маңғыстау облысын халықаралық іскерлік және туризм орталығына айналдыру керектігін 2011 жылы Ақтауға келген сапарында елбасы Н.Ә.Назарбаев та баса айтқан болатын. Ол үшін турфирмалар арасында ұсынылатын қызмет сапасы мен бағасы жағынан бәсекелестік болуы, басқа қалалар секілді туристерді бірінші өз еліміздің ішінде тарта біліп, шетелге шыққанша жоғарыда аталып кеткен өз елімізде саяхат жасауға болатынын көрсете білу керек.

Осындай киелі Маңғыстаудағы тарихта өзінің ізін қалдырған әлі күнге дейін сақталып келе жатқан туристік объектілері мен мекендерін жан жақты жетілдіріп, инфрақұрылымын дамытсақ, осы жерлерге арнайы турлар дайындап, алғашқыда арзан бағадды тұңғыш тұтынушыларды жинау мақсатында, сосын кемшіліктер болса түзеп, ұсыныстарды орындап, жетілдіре білсек туристер тартып, одан әрі көркейтсек және Маңғыстау облысы туризмінің брендін ұсынып, соны жарнамалап туристер шақырсақ бұл өлкедегі туризм дамымауына кім кепіл?!

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстандағы туризм түрлері https://massaget.kz/

2. Бесінші Каспий саммитінің коммюникесі// http://www.akorda.kz

3. Таңат Жайлау «Каспий қақпасы» туризм саласының маңызды бөлігі// https://alashainasy.kz/tourizm

4. Ақмарал Шағатай. Маңғыстау облысының туризмі қалай дамуда// www.baq.kz

**ӘӨЖ:811.512.122:323(045)**

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА КӨК ЖИЕГІ

**Жұматова Ж.С.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Еліміздің дамыған елдер көшіне ілесуі үшін латын әліпбиіне көшу өте маңызды. Латын әліпбиіне көшу арқылы тіліміздің қолданыс аясын кеңейтеміз. Жалпы айтқанда, заманның сұранысын, қанағаттандырамыз. Қазақ тілінің жаңа белеске көтерілуіне жағдай жасаймыз.

**Түйінді сөздер:** БАҚ, латын әліпбиі, әлеуметтік желі, телекоммуникация, білім-ғылым.

«Қазақ тілі- біздің рухани негізіміз. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл- ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе [1]. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы- қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады». 2012 жылы 14 желтоқсанда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауынан.

Бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып келе жатқан мәселелердің бірі- қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі. Себебі жазу- белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік- мәдени құбылыс. Ал жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына тереңінен әсер етеді. Баршамызға белгілі, әліпби ауыстыру- оңай жұмыс емес. Аталмыш жобаны аса бір тиянақтылықпен жүзеге асырып, оны өскелең ұрпаққа кемшіліксіз жеткізу өте жауапты іс. Олай болса, латын әліпбиін мемлекеттік жазу ретінде қолдануды да ретімен қолға алу қажет. Негізі бұл жазу бізге жат емес. Себебі, Қазақ елі латын әліпбиін бұрын да пайдаланған. Сондықтан, жаңа әліпбиге көшу аса қатты қиындық туғызады деп ойламаймын.

БАҚ деректеріне сүйенсек, әлемнің 70% елдері латын жазуын пайдаланып, білімді, ғылымды игеру үстінде. Бұл дегеніміз- білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, және т.б. қатысты жазбаша деректің бәрі латын тілінде тарайды деген сөз. Ал бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің біразы латын әліпбиін қолданады. Демек, бұл кең таралған жазу. Қарапайым ғана мысал, қазір ұялы телефонда латын әрпінде жазу оңай, ал кириллицада қазақша тере алмай қиналып жатамыз. Себебі, латын әліпбиінің қалыптасқан әрі ауқымы кең.

Күмән келтірмейтін тағы бір дәлеліміз, ақпарат және телекоммуникация-лық саладағы қолжетімділік арта түседі. Бұл арада, ең бастысы- латын әліпбиі дегеніміз ағылшын әліпбиінің негізі екендігін ескергеніміз жөн. Ал ағылшын тілі, ең ірі халықаралық тіл болып табылады. Біздің көпшілік жастарымыз осы тілді жақсы меңгеруде. Латын әліпбиі соған ұқсас болғандықтан, көп кешікпей өз маңызын арттырады деп ойлаймын. Өйткені, қоғамдағы жарнаманың өзі ағылшынша жазылса, адам назарын бірден аудартады [3]. Ал бүгінгі күні әлеуметтік желілерде ағылшынша жазатын жастар саны көбеюде. Оның өзі қуантарлық жайт. Қазіргі уақытта латын әрпін қолдану, ең біріншіден, заман талабы болып отыр. Сондықтан да заманауи технологияларға тәуелді екенімізді мойындап, кез келген жаңа дүниемен санасуымыз керек [2].

Латын әліпбиіне көшу- Елбасымыздың алға қойған ауқымды мақсаты. Латын әліпбиі- әлемде кеңінен тараған әліпбилердің бірі. Латын әліпбиіне ауысу еліміздің өз дамуын жалғастыруда зор ықпалын тигізеді [4]. Латын әліпбиіне көшуді орынды, жұртымыздың сана- сезімін арттыратын және болашағы зор шешім деп санаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Stud.kz
2. Google.kz

3. Abai.kz
4. Anatili.kazgazeta.kz сайттары

**ӘӨЖ: 327(045)**

# КАСПИЙ – ДОСТЫҚ ТЕҢІЗІ

**Жұматова Ж.С.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Каспий теңізін бейбітшілік, тату көршілік және достық аймағына айналдыру, оны бейбіт мақсатта пайдалану, егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу.

**Түйінді сөздер:** Каспий теңізі, қазақ халқы, түркімендер, салт-дәстүр, ұлттық ою-өрнек,құндылық, ұлттық ойын.

Каспий теңізі Қазақстанның батыс жағында орналасқан. Теңіздің атауы «каспий» атты ерте заманда мекендеген тайпа атауына байланысты. Сонымен қатар теңіздің басқа да атаулары болған: Гиркандық, Хазарлық; Хвандық теңізі және оның жағалауында мекендеген тайпалар туралы алғашқы деректер Геродот еңбектерінен кездеседі. Ал Каспий теңізінің аудандарын зерттеген орыс саясаттанушылардың алғашқы құжаттары IX- X ғасырларға жатады. XVIII ғ. басында Петр I Каспий теңізін жеке зерттеуге кірісті. Бұл өңірлерді зерттеуде Соимонов И.Ф; Паллас П.С; Карелин Г.С; Гмелан Г.С тағы басқа да ғалымдар мен саясаттанушылардың еңбектері зор [1]

Каспий теңізі арқылы бес ел шектеседі: Қазақстан, Ресей, Түркіменстан, Әзірбайжан, Иран. Міне осы әрбір елдің өзіне тән әдебиеті мен мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі мен діні бар. Ал Каспий- осы бес мемлекетті осы критерийлер жағынан байланыстырушы көпір іспеттес. Мен бұл баяндамада түркімен халқы мен қазақ халқының салт- дәстүрлерін салыстырып, еркшеліктерін анықтамақпын. Бүгінгі қазақстандық түркімен отбасында сол халықтың сан ғасырлар бойы жинақталған ұлттық әдет- ғұрпы қалыптасқан. Халыққа тән ізгілік, мейірімділік, әр адамнан тек жақсы мінез- құлықты күту дәстүрі түркімендердің басты құндылығы. Түркімен халқына ежелден тән достық, жайдарылық, бейбітшілік, қонақжайлылық секілді адам бойындағы игі қасиеттер олардың болмыс- бітімін айрықша етіп көрсетеді. Сайып келгенде, осы қасиеттер бізде де бар екендігін ескергеніміз жөн. Қазақ халқының ықылым заманнан бергі тұрағы- киіз үй түркімендердің де мұрасы. Түркімендердің киіз үйінің ішкі мүліктерінің бәрі киізден, жүннен, бояу мен терілерден тұрады [1] Ұлттық ою- өрнектермен әшекейленген болып келеді. Бұл қазақтар мен түркімендер арасындағы таусылмас ұқсастықтардың бастамасы ғана ма дерсіз. Себебі, ұлттық құндылықтар, салт- дәстүр, тілі, діні, әдет-ғұрпы жағынан да екі ұлт арасындағы тоғыз байланысты көруге болады. Түркімендер көбінесе қызыл түсті жақсы көреді. Жас қыздардың, бойжеткендердің киімдері әр түрлі жіптермен ою- өрнек салып тігіледі. Түркімендердің түсінігі бойынша қызыл түстің магиялық қасиеті бар, ол түрлі жамандықтардан қорғайды деген наным, сенім орнаған. Сонымен бірге қызыл түсті маталар тұрмыста қолдануда төзімділік танытады. Қызыл түс қуаныштың, бақыттылықтың белгісі болып саналған. Ал қыздар мен бойжеткен қалыңдық бастарына жұмсақ ашық түсті жібектен, күміс жіптермен оюлар тіккен тақия киеді. Оның төбесінде кішкене гунбасы болады. Гунбаның басына құстың қауырсынын қадаған. Ол қызды жамандықтан сақтайды деген ырымнан туындаған дәстүр. Ал біздің халқымызда, қыздардың құндыз, кәмшат терісімен жиектелген бас киімдерді «кәмшат

бөрік» деп, алтынмен кестеленгені «алтын бөрік», маржанмен әшекейленгені «қалмаржан бөрік» деп аталды. Барқыттан немесе қамқадан тігілген жаздық жеңіл бас киім- «тақия» үкінің үрпек қауырсынымен, күміс және алтын кестелермен әшекейленеді. Әйелдердің бас киімдері арасынан неғұрлым өзіндік сән- салтанатымен ерекшеленетін қыздардың тұрмысқа шығардағы бас киімі- сәукеле.

Түркімендердің жалпыхалықтық та, отбасылық та дәстүрлі мейрамдары бар. Көпшілік мейрамдар дінмен байланысты. Мәселен, Құрбан айт, Ораза айт. Жаңа жылды- Наурызды тойлау мұсылман елдерінің бәріне тән мейрамдар. Сонымен бірге отбасылық мейрамдар да бар. Олар баланың дүниеге келуіне арналған шілдехана тойы, жаңа қонысқа көшу, теңіз жағалауындағы түркімендер – «қайық» тойын жасайды.

Бақсы немесе жыршылар отбасы өмірінен бастап, қоғамдық- әлеуметтік мәселелердің бәрін өлеңмен жырлап өткен. Ұлттық ойындар халықтық мейрамдарда, жиын- тойларда ойналған. Ойын түрлерімен балалар да, үлкендер де айналысқан. Мәселен, асық ойынымен, көбінесе балалар айналысты. Асықты қыста үлкендер де ермек еткен.

Түркі тілдес халықтарға ортақ ат ойындары көп. Соның ішінде түркімендерде ерекше құрметтелетін ат ойындары «көкпар», «аударыспақ (атлы береш)»,» «алтыбақан (теңге ату)», «телпек алу (теңге алу)» т.б. бұл ойындарға жастарды атқа шебер отыру, төзімділік, күш санасу, ептілік т.б. өнерлерді ұштауға үйрету көзделеді.

Түйіндей келе, түркімен қазақ халықтары ежелден- ақ тілі, діні, тұрмыс- салты бір- біріне өте ұқсас бауырлас халықтар. Ал бүгінгі күннің талабы, осы ұқсастықтарды іргеілетіп ынтымақтастығымызды, татулығымызды мәңгілік сақтау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Google.kz. сайты.

**ӘОЖ 94 (574):323.1 (045)**

## ИРАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

**Бекенжанова А.А.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Маңғыстау қазақтарының 1920-1930 жылдары ашаршылық, қуғын-сүргін, ұжымдастырудың кері салдарынан Иран мемлекетіне қоныстану үрдісі, басқа этникалық кеңістікте әлеуметтік-экономикалық бейімделуі, орналасқан қалалардың сипаттамасы, жергілікті этностармен қарым-қатынас орнатуы, ұлттық мәдениеттің сақталу мен өзгеру мәселелері қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** тәуелсіздік, мемлекет, қазақ диаспорасы, бейімделу, Маңғыстау, Иран қазақтары.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып дербес мемлекет болғаннан кейін әлемге тарыдай шашыраған ағайынға көңіл бөлетін жағдай туды. Еліміздің тарихында ұзақ жылдар бойы айтылмай келген, зерттелмей келген мәселелерді жан жақты ашық айтуға, бұрын жабық болып келген тақырыптарды еркін талқылауға, өткен оқиғаларға жаңаша баға беруге мүмкіндіктер пайда болып, соның ішінде алыс және жақын шет елдердегі қазақ диаспорасы жан-жақты зерттеле бастады. Тағдырдың тәлкегімен, тарихтың әр түрлі күйзелісті кезеңдерімен астасып жататын бұл мәселенің қазақ

диаспорасы үшін әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру тұрғысынан маңыздылығы зор.

Өркениетті елдер қатарына толық құқықты мүше ретінде еніп отырған Қазақстанның енді оларға қол ұшын беруі, күнделікті өмір-тіршілігіне жағдай жасауы, оралмандардың елге қайтып келуіне себепкер болуы әбден орынды әрі дүниежүзілік қауымдастық басшылыққа алып отырған халықаралық құқық қағидаттары мен нормалырына толық сәйкес келеді.

Алыс шет мемлекеттерде қазақ диаспорасының басым көпшілігі 1920-1930 жылдары ашаршылық, қуғын-сүргін, ұжымдастырудың кері салдары, басқа да түрлі себептерге байланысты отандарын тастап кетуге мәжбүр болған, соның ішінде алыс шет мемлекеттер болып саналатын Қытайға, Моңғолияға, Иранға, Ауғанстанға қоныстанған қазақтар. Қазақ халқының бір бөлігі осындай тарихтың аласапыран жылдарында тағдыр тәлкегіне ұшырап, небір қиыншылықтырды бастарынан өткізіп, Қазақстанның батыс аймағы Маңғыстаудан теңіз арқылы көршілес мемлекет болып саналатын Иранға қоныс аударды.

Сол кездегі халықтың дәстүрлі шаруашылығының күйреуі, науқандар кезіндегі зобалаңдар, шаруа қожалықтарын кәмпескелеу, күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру, шаруаларды жазықсыз жалған жалалармен мен айыптаулар туындатқан босқыншылық салдарлары болатын.

1927-1928 жылдың қысында жұттан күйзелген Маңғыстау халқының көпшілігі көршілес Красноводскіге, Байрамәлі, Теджeнге қоныстанды, одан әрі Иранға жұмыс іздеп, тамақ табудың амалымен босқындыққа түсті. Сөйтіп, халықтың басына түскен ауыртпалық осы 1927-1928 жылдың жұтынан басталды. Жұтқа қоса үкіметтің орталықтандырылған ет және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және салық саясаты қосылды. Осы кездері Маңғыстау халқы жүн, тері, сүйек, шүберек жинап тапсыру міндетті болды. Салықтың мөлшері тым көп, өтеу мүлде мүмкін болмады. Сондықтан қыстың қақаған аязында ұлыған боранға қарамай қой қырқылды, түйе күзелді. Бүкіл қиындықтарға қарамастан Маңғыстау ауданында салықты жинау артығымен орындалды.

1928 жылдың 27-тамызында Республикалық атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің мәжілісінде «Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы қаулы қабылданады. Осыдан соң үлкен байлар, содан кейін кішігірім байлар, орта, әлді шаруалардың мал-мүлкі тәркілене бастады». Маңғыстауда ірі байларды тәркілеу 1929 жылы басталды [1].

1931 жылғы аяусыз қырғын адай халқына жан кешті қырғын, саяси қуғын-сүргін, геноцид әкелді. Елді түрлі шұбырынды, босқыншылыққа душар етіп, қасіретті қайғыға ұшыратты. Босқындар мен ауа көшкендер Түрікмен жері мен Қарақалпақстан арқылы әрі қарай шет елдерге – Ауғанстан мен Иранға өтіп кетті.

Ирандағы қазақ диапорасы бұрынғы заманнан сол елді мекендеп келе жатқан халық емес. Үкімет тарапынан жүргізілген қуғын-сүргіннен және аштықтан қорыққан қазақтар республикадан тысқары жерге және шетелге жаппай көшуге, өздерінің туып-өскен жерінен безуге мәжбүр болды. Сол кездері Маңғыстау аумағын менендеген қазақтар Иранға қоныстанды. Қазақтар негізінен Мазандаран облысының Горган, Бендер-Түрікмен, Гомбед деген үш қалада шоғырланған. Қазіргі уақытта аталған үш қала Мазандаран провинциясынан бөлініп, жаңадан 1997 ж. құрылған Гүлістан провинциясының құрамында [2].

Жаңадан құрылған Гүлістан облысының орталық қаласы Горган болып отыр Гүлістан провинциясы Каспий теңізінің оңтүстік шығысында орналасқан. Солтүстікке қарай Түрікменстанмен, оңтүстікте Иранның Семнан провинциясымен, шығысында Хорасан және батысында Мазандаран провинциясымен шектеседі. Сонымен қатар үш

таулы аймақ, жазықты жерлері бар. Қазіргі қазақтар тұратын Гүлістан провинциясының жалпы көлемі 22,000 км$^2$. 2002 жылғы санақ бойынша Гүлістан елді мекенінің халқы шамамен 1 600 000 адамнан тұрады, оның ішінде 58,7% қала тұрғыны, ал 41,3 % ауыл тұрғыны, аталған провинция 11 қала, 18 кішігірім қала, 16 аудан және 45 шағын ауылдардан тұрады.

Жалпы Иран мемлекеті өз диалекті, ұлттық киімі, белгілі бір мекені мен көсемі бар жүзден артық тайпа өмір сүруде. Қазақтар тұратын Гүлістан провинциясында түрлі діни ағымдарға жататын 20-дан астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Олар: парсы, түрік, күрд, түрікмен, белудж халқы, кавказдықтар, систандықтар, сонымен қатар саны көп емес қазақтар.

Гүлістан провинциясында тұратын қазақтар үш қалада орналасқан: Горган, Бендер-Түрікмен және Гомбед-Кабус қалалары. Горган қаласы Гүлістанның орталығы, жалпы көлемі 16 152 км$^2$ жерді алып жатыр, халқының саны – 358 877 адам. Географиялық құрылысы биіктікте орналасқандықтан ауа-райы құбылмалы, таудың шыңдарында салқын, тау самалы мен ылғалдылығы тау етегімен орталық аймағында ауысып тұрады. Осы аймақта қазба жұмыстарының нәтижесінде өте ежелгі заманғы провинцияның әр түрлі тарихи кезеңдеріне жататын ескерткіштері табылған [3].

Горганнан кейінгі екінші маңызды қала болып саналатын Гомбед-Кабус қаласы. Ол Горган өзенінің сол жағалауында, ежелгі қала Горган немесе Джурджандтқа жақын орналасқан. Осы қаланың негізгі халқы болып түрікмендер саналады. Б.Логашованың еңбегінде осы қала туралы былай жазылған «ХХ ғасырдың басында Гомбед-Кабус ірі қалалардың бірі болды. 1920-шы жылдары түрікмендердің көтерілісін басуға келген Иранның әскерлері талқандалған. Халық саны осыдан кейін қысқарып кетті. Қазіргі уақытта Гомбед-Кабус қаласы заманға сай, көшелерінің жан-жағына тұт ағаштары отырғызылған қала. Үйлері тастан қаланған, 200 м тереңдіктен артезиан құдықтарынан қалаға су құбырлары жүргізілген. Гомбед-Кабуста күріш, мақта тазалайтын және май жасайтын заводтар орналасқан. Қала тұрғындарының саны тез өсуде. 1956 жылғы санақ бойынша тұрғын халықтың саны 18747 адам болса, 1966 жылы 40807 адам, 1971 жылы 55000 адамға жетті» [4]. Қазіргі кезде бұл қала 5 071 км$^2$ жерді алып жатыр және 275649 тұрғыны бар. Гомбед-Кабус қаласының ежелгі тарихи және туристік көрнекті жерлері бар.

Тағы бір қазақтар тұратын белгілі қалалардың бірі – Бендер-Түрікмен. Бұл қала Гүлістан провинциясының батыс бөлігінде Каспий теңізінің жағалауында орналасқан, аумағы 1 576 км$^2$, халқының саны 121533 адам, көпшілігі-түрікмендер.Теңіз жағасындай әдемі көрінісі бар, әр түрлі жеке қолөнер дамыған, соның ішінде түрікмен кілемдері, кілемшелері және көпшік тыстарын тоқу. Сан ғасырлық тарихы бар Иран мемлекеті–көп ұлттар, халықтар, әр түрлі діндер мекені болып саналады. Гүлістан провинциясының халықтарының тілі, діні әр түрлі, сонымен қатар Гүлістан провинциясының, жалпы Иран мемлекетінің тұрғындары бейбітшілікпен татулықта өмір сүреді [5].

Ирандағы қазақ диаспорасы сол уақытта 1929-1930 жылдардан бері тұратын 5 мың иран қазақтарынан және 1980 жылдардағы әскери оқиғалардың кезінде Иранға орналасқан 5 мың Ауғанстаннан қашқан қазақ босқындарынан құралды. Иран қазақтары этникалық құрамы жағынан кіші жүз қазақтарына кіреді. Қазіргі барған жеріне осы кіші жүз тайпалары орналасқан жерден ауып барғандар. Кіші жүздің Табын, Әлім руларынан да кездеседі, бірақ негізінен адайлардың төрт атасы-Жеменей, Көрпе, Тіней, Құнанорыстар өрбіп-өсіп жатыр [6].

Сөйтіп, шетелдегі қазақтар басқа этникалық кеңістікде уақыт өте әлеуметтік-экономикалық, құқықтық жағдайлары бір қалыпты арнаға түсіп, жергілікті этностың қарым-қатынас тілін үйреніп, соның ішінде парсы, көрші түрікмен мәдениетін

құрметтей отырып, үздіксіз еңбектену мен үйрену нәтижесінде жұмыс істеп, бірте-бірте қоғамға, қызметке араласып, түзеліп, қоршаған ортаға бейімделу процесі барысында өзінің рухани дүниесіне, ұлттық болмысына назар аудара бастайды.

Қазақтар Иранда қазақ мақалласын (ауылын) құрап отыр. Иран қазақтары бастапқы жылдары тек күнкөрістің ғана қамын ойлап, әр түрлі кәсіппен айналысып, бір жапырақ нан үшін тіршілік кешті. Көшіп келген кезінде Горган қаласынан жан-жаққа тас жолдар салынып жатқан болатын, күнделікті табыс үшін қазақтар сонда жалданып, жұмыс жасады, саудамен айналысқандар да аз болған жоқ.

Иран қазақтары балаларын 1950 жылдарға дейін мектепке беруге шамалары жетпеді, сауат аша алмады. Тек 50-ші жылдардан кейін есін жиып, әр түрлі жұмыстарға мамандана бастады. Олардың көбі машина жөндеу, үй құрылысы, көпір салу, жүк машинасын жүргізу, ұн тартатын фабрикалар, егін шаруашылығымен айналысты. Горган мен Бендер-Түрікмен қалаларындағы жүк тасу синдикаттарында қазақтардың не 16, не 24 тонналық ауыр жүк машиналары тізіліп тұратын. Осы тұста Горган қаласының жүк тасымалдау синдикатын алғаш қазақтар ашқанын айта кеткен жөн [7].

Қаншама қиындық көрсе де, Иранда тұратын қазақ диаспорасы өмірін тек елге деген сағынышпен өткізген, ұрпағының бойына қазақылықты, қазақтың тілі мен ділін, қасиетті дінін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін сіңірген, өздерін қазақ ұлтының құрамдас бөлігі ретінде сезініп тәрбиелеген.

Шетелдегі қазақ диаспорасы қанша қиыншылықтарды бастарынан өткерседе ата бабаларының жерін өзге елдің құрамында болсада қадірлеп, қастерлеп мекен етуде. Олардың негізгі арман мақсаттары қазақтың ежелгі мәдени рухани бай мұрасын келер ұрпаққа шашпай төкпей қастерлеп жеткізу. Сондықтын тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата бабаларымызбен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай төкпей жинап алуымыз, оны ата жұртқа және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа. Халқымыздың игі дәстүрлерін сақтап қалған шетелдегі қазақтар тарихи отанына оралып ұлтымыздың тамаша қасиеттерін тірілтуге, тіліміздің мәртебесін көтеруге, ұлттық қолөнерімізді, дәстүрімізді қайта жаңғыртуға көп ат салысары сөзсіз.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1.Сариев І., Омаров М. Ойрандалған адай даласы. Алматы. 1995. 73 б.

2.Исламская Республика Иран. //Культурное представительсво Посольства Исламской Республики Иран в Республике Казахстан, 2009 г., 3 с.

3. И.Жеменей. Тарқаған шер.// Қазақ елі. 2002, 7 тамыз, 3 б.

4. Логашова Б. Туркмены Ирана.Москва: Наука, 1976

5. Golestan at a Glance. Iran. 2005

6. КәкішевТ. Көш қонысты болсын десек.// Қазақ әдебиеті. 1995, 1 тамыз, 10 б.

7. Қазақ-иран мәдени байланыстарының өткені мен болашағы. А, 2001, 30б.

**ӘОЖ 330.341**

# ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАСТАР АРАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІКПЕН АЙНАЛЫСУДЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**Давлетова А.А.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі кездегі жастардың кәсіпкерлік бағытындағы ойлары мен көзқарастары қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** кәсіпкерлік, жас кәсіпкерлер, Жастар жылы, «Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлік палата, «Бастау» жобасы, шағын және орта бизнес

Жастар – еліміздің болашағы. Ел тұрғындарының 26%-нен көбі 14 пен 29 жас аралығындағы жастар, ол 4,4 млн шамасында. Шағын және орта бизнесті дамытуда мұндай әлеуметті тиімді пайдалану қажет-ақ. Тұңғыш Президентіміз бір сөзінде: «...Еңбек етуші халықтың 60%-ы шағын және орта бизнесте жұмыс істеген кезде Қазақстан тұрақтылыққа қол жеткізеді...» деген еді. Сондықтан, дамыған елдердегідей шағын және орта бизнесі өркендеген және негізінен жұмыспен қамтамасыз ететін көрсеткішке қол жеткізуіміз қажет[1].

Елімізде осы жылы «Жастар жылы». Сол себептен жас кәсіпкерлерді қолдауға көп көңіл бөлінуде. Еліміздің бас қаласында шағын және орта бизнесті дамытуға, жеке кәсіпкерлік мәселелерін реттеуге ерекше назар аударылып келе жатқаны белгілі. Бір ғана мысал, үш жылда Нұр-Сұлтан қаласы кәсіпкерлер палатасының сарапшылары 700-ден астам түйткілді мәселені қарастырып, оның 324-і оң шешімін тапқан және де 3 миллиард теңгеден астам сомаға кәсіпкерлер құқығы қорғалған [1].

Елордамызда сауда, қызмет көрсету, өндіріс пен құрылыс салалары өркендеп, нәтижесінде жыл сайын кәсіпорындар саны көбеюде. Мәселен, жыл басындағы көрсеткіш бойынша заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер қатары 108146-ға жетті[1].

Еліміздің болашағы - Жастар, сондықтан оларға үлкен үміт артылып отыр. Тәуелсіздік жылдарында көп жетістікке қол жеткіздік. Мемлекетіміздің нығая түсуіне мол үлес қосу үшін жастар енді бұрынғыдан да белсенді болуы керек. Тұңғыш президентіміз Н. Ә. Назарбаев Жастар жылының ашылу рәсімінде еліміздегі жас кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан берілген мүмкіндіктер мен көрсетіліп жатқан көмектің нәтижесінде ірі бастамалардың сәтті жүзеге асқандығын айтты. Тұңғыш президентіміз «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының тәжірибесі туралы айтып, «Жас кәсіпкер» бағдарламасын әзірлеуді тапсырды. Бұл бағдарламаны шағын несие берудің және оқыту ісінің оң тәжірибесі негізінде құру қажеттігін де баса айтты. Сондай - ақ, жоба аясында жыл сайын білім алатын жұмыссыз жастар мен өзін өзі жұмыспен қамтығандар санын 100 мыңға дейін жеткізу алдағы мақсатта тұр [2].

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Бастау» жобасы аясында ауылдар мен шағын қалаларда 43 мың тұрғын кәсіпкерліктің қыр-сырын меңгеріп шықты. «Бастау» кәсіпкерлік негіздерін оқыту жобасы мемлекеттік бағдарламаға енбес бұрын, 2016 жылы екі облыстың (Маңғыстау, Ақтөбе) 3 ауданында сынақтан өткізіліп, оқыту форматы «Атамекен» ҚР ҰКП-да пысықталып, жетілдірілді. Алғашқы жылы жоба 80 ауданды қамтыса, 2018 жылы оған 160 аудан мен 40 қаланың жұмыссыз және өзің өзі жұмыспен қамтыған адамдары қатысты [2].

Маңғыстау облысының жастарыжастардың кәсіп ашуға құлшынысы зор 2018 жылы 300-дей жобаға мемлекет тарапынан қаржыландырылды.

«Бастау» жобасы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында жүзеге асуда. Өткен жылы жоба ауқымы екі есеге артып, алғаш рет елдегі барлық аудан, облыс орталықтары мен моноқалалар қамтылды. «Бастау» жобасы бойынша былтырғы жылы 28 345 адам оқу курстарына қатысып, 7700 адам кәсіп ашып, бизнесін кеңейтті. Ал, жобаға 2017 жылы қатысқандардың 95%-ы кәсіпкерлікпен айналысып, бюджетке салықтық түсімдерді арттырып отыр.[2]

Шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай, Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің қазіргі 20% орнына кемінде 50% өндіретін болады. Еңбек өнімділігін 5 есеге, яғни қазіргі 24,5 мыңнан 126 мың долларға дейін арттыру керек» деп шағын және орта кәсіпкерліктің маңызын атап көрсетті [2].

Осы орайда елімізде көптеген шаралар жүзеге асуда. Олардың қатарында:

- шағын және орта кәсіпкерлік еліміздегі жұмыссыздықты азайтудың негізгі нысаны. «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарлама жүзеге асқалы бері, елді- мекен тұрғындарының табысы 6%-ға артты. Кедейшілік деңгейі 5,9% - дан 3,8% - ға қысқарды.

1-сурет Жастардың бизнес бастауға кедергі келтіретін стереотиптері

Жас кәсіпкер өз кәсібін ашқысы келсе, ең алдымен – қолынан не келетінін атықтап алған жөн. Егер қолыңыздан ештеңе келмесе, өзіңізді дамыту үшін өзіңізге инвестиция салыңыз және де өзіңізді кітаптан іздеңіз, менторлерден кеңес алыңыз немесе семинарларға барыңыз.

Кәсіпкерге бизнестті бастау үшін мынадай қадамдарды бастаған дұрыс деп ойлаймын:

1. Бірінші қадам– қолыңыздан не келеді?

Сұрақты өзіңізге қою арқылы, бойыңыздағы талантты біліп, дарындылықты шыңдап, іске асырып, оны монетизациялау.

2. Екінші қадам –мен тұтынушыға қандай ұсыныс беріп және қандай тауар түрін сатып қызмет көрсете аламын?

Осы сұрақтарға жауап беріңіз.

3. Үшінші қадам– өз аудиторияңызды табыңыз? Нарыққа сұраныс табыңыз? Маркетингтік анализ жасаңыз.

4. Төртінші қадам – Мақсатты аудиториянызды анықтап, сатып алушының портретін жасаңыз. Сондай – ақ, клиенттеріңіздің қай жерлерде жүретінін анықтаңыз.

5. Бесінші қадам – Жарнама жасау және де оны әлеуметтік желілерге жүктеу керек.

1. Тұтынушыларыңыздан телефон қоңырауларын күту және өзініңге тиімді әрі тұтынушыңызға тиімді келісім шарт жасаңыз.

Кәсіпкерлік жол кәсіпкерлік мінезден басталады!

- Адалдық
- Алға тарту
- Жаңа идеялар табу
- Қорқынышты жою
- Адамдар мен байланысты орната білу.

Қорытындылай келе, мәліметтер бойынша шағын бизнестегі кәсіпорындар саны артып келеді, сонда да, отандық кәсіпкерлікті шектейтін негізгі себептерге кәсіби білімнің жетіспеуі, қаражат көзін дұрыс пайдаланбау, инновациялық идеялармен қаржыландыру көзінің түйіспеуі, тіркелген, бірақ жұмыс істемейтін кәсіпорындар санының өсуі және тағы сол сияқтылар жатады.

Сонымен, еліміздің тұрақты экономикалық дамуы үшін шағын және орта кәсіпкерлікті сапа жағынан жетілдіру өте маңызды. Негізгі мәселелерді анықтап, оның ұтымды шешімін таба алған жағдайда ғана біз экономикалық тұрақтылыққа қол жеткіземіз.Қазақта «Жас келсе – іске» деген сөзді тірек ете отырып, дамыған технология заманында ақылды да, тың идеялар жастардан шығады. Ендеше, Жастар жылы – жастарға арналуы керек. 2019 жыл жалаң сөз, жаттанды дүниеге құрылмай, жастардың нақты түйткілдерін шешетін жыл болғай!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейдахметов А.С., Елшібекова Қ.Ж., Ізмаханова А.Қ. Кәсіпкерлік: Оқулық. – Алматы: «Экономика» баспасы, 2011. – 345 б.

2. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының сайты, http://atameken.kz/kk/services/29-issledovaniya-predprinimatel-skoj-sredy

3. «Кәсіпкерлік теория, процесс, практика» Дональд.Ф. Куратко.

**ӘОЖ: 37.01 (045)**

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ-ЖАҢАША КӨЗҚАРАСҚА БАСТАУ

**Шағанова Л. Қ.**
Бейнеу ауданы, Ақжігіт орта мектебінің ағылшын тілі мұғалімі

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша орта мектепте шет тілін меңгеруі, ерекшеліктері қарастырылған. Жаңартылған білім бағдарламасы оқушының мектеп қабырғасында алған білімін өз өмірінде қажетке асыра білуілі, тілді үйрену сабақтарында оқушылардың тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту әдістері қамтылған.

**Түйінді сөздер:** бәсекелестік, жаңартылған, өмірлік білім, үш тілдік

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін
ең алдымен азаттық пен білім қажет».

Ш.Уәлиханов.

XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Қазір өзгеріп жатқан заманға сәйкес білім беру саласында түбегейлі өзгерістер енгізіліп, мұғалімдерден өз кәсіби шығармашылығын үнемі дамытуды талап етуде. Мұғалімдерге қойылып отырған талаптардың бірі- оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеру және оны тәжірибе жүзінде қолдана білуі. Ойы жүйрік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім жеке тұлғаны жаңашыл оқытушы ғана қалыптастыра алады. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, тез өзгеріп жатқан әлемнің жағдайында зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру» деп атап көрсетілген.

Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Алдымыздағы өскелең ұрпақтың алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр. Мақсатымыз оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Өз ана тілін біліп, өзге тілдерді құрметтеуге, қадірлеуге үйрету. Оқушыларды ізденуге дағдыландыру. Мемлекеттік тілді білу – парыз, өзге тілдерді үйрену – заман талабы. Қазіргі таңда мектептерде жаңартылған бағдарлама бойынша ағылшын тілі 1-ші сыныптарда оқытылуда. Негізінен ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Ал әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі.

Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім бағдарламасы оқушының мектеп қабырғасында алған білімін өз өмірінде қажетке асыра білуілі мақсат етеді. Сондықтан да бұл бағдарлама негізі «Өмірмен байланыс», «Өмір бойы оқу» ұғымдарына сәйкес құрылған.

Шет тілін оқытудың тиімділігін тек қана білім алушыларға байланысты емес, оқыту стратегиясына байланысты. Осы стратегиялардың үйлесімімен ең жоғары тиімділікке қол жеткізуге болады. Бұл мақсатқа жету үшін ең басты фактор мыналар: мұғалімнің білім алушыға немесе оқушыға деген педагогикалық іс- әрекеттің тиімділігін жетілдіру және сабақтағы әлеуметтік-психологиялық бірлестік жағдайындағы қарым-қатынасы. Тілді үйрену сабақтарында оқушылардың тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту сабақ барысында жүзеге асып отыруы тиіс және жазудан гөрі оқушылардың тыңдап түсінуіне, сөйлеуіне көбірек назар аударылады, өйткені бұл жаста балалардың көбі есту, көру арқылы есте сақтайды. Бастауыш сыныпта ата-аналардың көмегі де өте маңызды. Егер олар бүгін сабақта үйренген сөздерін күнделікті үйде қайталап отырса, келесі сабақта балалар оны ұмытпай еркін қолданатын болады. Қойылған мақсаттарға жету үшін бастауыш оқушыларының сөйлеу дағдыларын жетілдіру, дамыту және сабақта ойын түрлерін қолдануы керек. Өйткені, ойын – көңіл-күй, ойлау күштерін талап ететін, ұйымдастырылған сабақ болып табылады. Әр кез ойын шешім қабылдауды ұсынады, себебі, жеңіске жету мақсаты болады. Осы сұрақтарды шешуде ойлау шығармашылықтары қалыптасады.

«Жаз және көрсет» - деген тәсіл оқушылардың шет тіліндегі сөздің қорларын қарым-қатынас жасау үрдісінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл де – әмбебап тәсіл болып табылады, мұны лексика мен грамматиканы бекітуге қолданылады. Қарым-қатынаста қабілеттерін дамыту үшін өлеңдер қолданылады. Әндердің оқушылар үшін қызықтылығы мынада: олардың не жайында айтылатында, қандай әуен түрінде

орындалатындығы. Әндер оқушыларға бірдеңе жайлы хабар береді, қызықтырады, яғни қарым-қатынаста бірінші орынды алуға итермелейді. Бұл жағдайды оқушылар шығармашылық жұмыс арқылы, яғни отбасы мүшелері суретін салып және жазып, басында түсіндірілген құрлымды қолданып айтып шығады. Бұл жерден оқушылардың толық жұмысқа қамтылуы байқалады. Оқу материалдарының мазмұнын іріктеу барысында тез жатталатын, эмоционалды, бояуы қанық материалдарды алғаны дұрыс.

Ағылшын тілі мұғалімі оқушылардың тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін тек қана оқулықты ғана емес, басқа да қосымша материалдарды газет, журналдардан, тіпті интернет көзінен де қолдануы тиіс. Оқушылар материалды толық және тез меңгеру үшін, мұғалім көп көрнекі құралдарды пайдаланып, сабақты дұрыс ұйымдастыра білуі керек.

Сонымен бірге, балалардың физикалық психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, көп күш түсірмейтін тапсырмалар беруі қажет. Бастауышта ағылшын тілі оқыту кезеңінде әр сабаққа билер және әр түрлі қозғалыс түрлері қолданылады (сергіту сәттері). Бұларды қолдану барысында әрбір оқушыға тілдік материалды сақтау мақсаты қойылады. Өлеңдердің шумақтарын, тармақтарын қолдану күнделікті тәжірибеде негізгі грамматикалық үлгілерін сақтауға септігін тигізеді. Сонымен бірге оқыту үрдісінде пәнге деген қызығушылығын арттырып, тартымды ойындарға ұласады.

Ағылшын тілін меңгеруде сөздік қордың бай болуы да аса маңызды болып келеді. Ағылшын тілі сабағында сөздік қорды дамыту жолдары мынадай әдіс-тәсілдерден тұрады. Олар: сөйлеу, әңгімелесу, сұрақ-жауап, аударма, түсінік, кітап-мәтінімен жұмыс әдіс-тәсілдері. Оқушылардың сөздік қоры баю үшін оқытушы сабақ барысында кестелер, видеокассеталар, түрлі суреттер, көрнекі құралдарды қолдануы керек.

Қорыта келгенде, «Тілдердің үш тұғырлылығы» бағдарламасының негізгі мақсаты мемлекеттік тіл – қазақ тілін орыс және ағылшын тілдерінің деңгейіне дейін көтеріп, бәсекелестігін арттыру болып табылады. Өскелең ұрпақтың үш тілді: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілін халықаралық тіл ретінде оқып үйренуге ұмтылыс жасауы – замана талабы, болашақ ұрпаққа қажеттіліктен туындап отыр. Осыдан келе, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». Астана, 28 сәуір. - 2007 жыл.

2. Бочарова Л.П. Игры на уроках английского языка в младших классах для развития речевых навыков и умений. 1996; - 27стр.

3. Гальскова Н.Д. Теория и практика обучения иностранным языкам. Начальная школа. 2004; - 55стр.

**ӘОЖ: 316.454.5**

# КАСПИЙ ӨҢІРІ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ МҰНАЙ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

**Утегенова М.Е., Калиева М.К., студент**
**Ғылыми жетекші:Журасова А.Ш.**
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,Орал қ.

**Аңдатпа.** Мақалада Каспий өңірінің қазіргі жағдайы, Қазақстан саясатының Каспийдегі негізгі бағыттары талданып, Каспий мегаполисі көптеген елдердің саяси, әскери-стратегиялық және экономикалық мүдделері бар аймақ ретінде қарастырылады.Каспий өңірі халықаралық қатынастардағы мұнай факторы ретінде айқындалады.

**Түйінді сөздер:** Каспий өңірі, халықаралық қатынастар, мұнай-газ, энергетикалық қауіпсіздік.

XXI ғасырдың бірінші онжылдығында Каспий өңірі әлемнің көптеген елдерінің мүдделері жиналатын геосаяси жағынан маңызды аймақ болып қала береді. Бүгінгі таңда Каспий аймағы өңірлік және халықаралық деңгейлерде халықаралық үдерістер тәуелді оқиғалардың дамуы орын алған қазіргі заманғы саясаттың өзін-өзі қамтамасыз ететін өңірлік торабына айналып отыр. Каспий өңіріндегі қалыптасқан жағдай өңірлік және өңірлік емес мемлекеттердің мүдделері энергетикалық салада, халықаралық қауіпсіздік саласында да тығыз байланысты. Бұл Ресей, АҚШ, Қытай және Еуропалық Одаққа толық қатысты.Каспий өңіріндегі істің қазіргі жағдайы Қазақстанның іргелі мүдделеріне жауап беретін бағыттарды әзірлеуді, осы саясат шеңберінде негізгі стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған, практикалық шараларды жүзеге асыруды талап етеді: өңірдегі тұрақтылықты сақтау, өңірлік ынтымақтастықты дамыту[5,14б].

Бүгінгі күні Каспийде өндірілетін мұнай көлемі әлемдік ауқымда салыстырмалы түрде аз болғанымен, қазіргі уақытта байқалып отырған АҚШ, Қытай, Түркия, Еуропалық Одақтың аймаққа деген назарының артуы мұнай өндіру өнеркәсібін одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдай туғызады. Қазақстанда энергия ресурстарын ішкі тұтыну біршама аз, осыған байланысты сыртқы нарықтарға шикізат экспортын ұлғайту мүмкіндігі пайда болады. Каспий теңізі - Әзербайжан, Иран, Қазақстан, Ресей және Түркіменстанның бес шектес мемлекеттің аумағын жуатын 370,000 шаршы километрді қамтитын әлемдегі ең ірі ішкі су қоймасы болып табылады[4, 210б]. Каспий мегаполисі-бұл көптеген елдердің саяси, әскери-стратегиялық және экономикалық мүдделері бар аймақ. Көмірсутектердің, энергия ресурстарының үлкен қорларынан басқа Каспий бір жағынан Орта Азияны, Кавказды Еуропамен, екінші жағынан Еуропаны Оңтүстік-Батыс Азиямен және Қытаймен байланыстыратын трансконтинен-тальды көлік дәлізі болып табылады. Каспий өңірі Ресей, Иран,Түркия және Кавказды тұтастай алғанда дәстүрлі елдердің өмірлік маңызды мүдделерінің саласы болып қала береді. Батыстың басқа мемлекеттерінің және АҚШ-тың Каспий аймағындағы наразылықтары, барлық Каспий маңы мемлекеттерінің үлкен алаңдаушылығының мәні болуы тиіс. XXI ғасырдың басында Каспий маңы елдері алдында мемлекеттілікті қалпына келтіру процесінде көптеген проблемалар пайда болды, олардың ең маңызды бөлігі саяси және экономикалық дамудың жаңа жолдарын іздестірумен және тиімді тетіктерін әзірлеумен байланысты болды [2,117б]. Сондықтан Каспий өңірінде болып жатқан саяси және экономикалық үдерістерге жан-жақты талдау ерекше ғылыми

қызығушылық тудырады. Каспий өңірінің бірегейлігі мынадай факторларға негізделген: біріншіден, өңірде көптеген ірі мемлекеттер мүдделі және оның ісіне тартылған, екіншіден, олардың көпшілігі халықаралық қатынастардың жаңа субъектілері болып табылады.Каспий өңірінің толық энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бүгінде жағдайдың реттелмеуіне және бірқатар проблемалардың шешілмеуіне байланысты қол жеткізу мүмкін емес. Ең алдымен бұл бассейннің халықаралық-құқықтық мәртебесін белгілеу мәселесі.Каспийдегі энергетикалық даму мәселелерінің бірегейлігі негізінен екі негізгі фактормен анықталады: меншік мәселелерімен және географиямен.Мұнай қорларын бағалаудың біркелкі еместігіне назар аудару керек.Каспийдің мұнай байлықтары туралы мәселе бойынша мамандардың бағасы әртүрлі. Кейбіреулер Каспийдің Парсы шығанағының мұнай қорларымен бәсекелесуі мүмкін бай көмірсутек ресурстарына ие деп санайды, басқалары Каспийдегі мұнай қорлары бойынша бұл деректер өте асыра сілтеулік және халықаралық энергетикалық компаниялардың су айдынының түбінен мұнай мен газ өндіру нәтижесінде көп миллиондаған пайда табуға талпынысы болып табылады деп санайды [1, 123б].

Орталық Азия мен Кавказдағы маңызды геосаяси проблемалардың бірі Каспий бассейнінің проблемасы болып табылады. Мұнда, Ресей геосаяси өрісінің әлсіреуі жағдайында , АҚШ аймақта өзінің қатысуын кеңейту және энергия шикізатының көздерін әртараптандыру мақсатын көздеуде. КСРО ыдырағаннан кейін Иран мен Түркия үшін өз позициясын нығайту және өздерін өңірдегі басым көшбасшы ретінде орнықтыру мүмкіндігі ашылды. Мәскеу өз кезегінде өзінің стратегиялық мүдделерінің аймағы ретінде қарастырылатын аймақты жоғалтуды қаламайды [2, 39б]. Алайда, бір нәрсені сеніммен айтуға болады: Бүгінде Каспий шельфі әлемдегі ең бай мұнай құятын аудан болып табылады. Ал қазіргі әлемде мұнай факторы-халықаралық қатынастарға әсер ететін негізгі элементтердің бірі. Сондықтан Каспий бассейнінің мұнай және газ ресурстары әлемдік энергетикалық нарықта күштерді орналастыруға айтарлықтай әсер етеді. Мұнай нарығына қатысушылардың көпшілігі тек экономикалық қана емес,сонымен қатар саяси мүдделік қолдау құралдарының да орасан зор және тиімділігі жоғары мүмкіндіктеріне ие. Жер шары бойынша мұнай мен газ қорларын бөлудің біркелкі еместігін және оларды жалпы әлемдік ауқымда тұтынудың өсіп келе жатқан қажеттілігін ескере отырып, жетекші державалардың арасындағы, атап айтқанда Каспий өңіріндегі жасырын да, ашық қарсы күрестің салдарларын назарға алу қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. Абишев А. Каспий: нефть и политика. - Алматы: Центр внешней политики. №10. 2002.

2. Гиззатов В.Х. Правовой статус Каспийского моря - проблемы и перспективы сотрудничества при-каспийских государств. - Саясат. 1995. №3. - с. 45-50.

3. Касенов У. Каспийское море: правовой статус, нефть и международная безопасность //Деловая неделя. – 1997. – 29 августа.

4. Салимгерей А.А. Правовой статус Каспийского моря (проблемы теории и практики). – Алматы: КазГЮУ, – 208 с.

5. Сарсенбаев Б. Позиция Казахстана в отношении правового статуса Каспия и перспектив экономического развития Каспийского региона //Экология и устойчивое развитие. – №2. – С. 14.

**ӘОЖ: 316.454.5(470)(22)**

# РЕСЕЙ МЕН ИРАННЫҢ КАСПИЙ ӨҢІРІНДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ: ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

**Джаумытбаева А.К.,Уали М.С., студент**
**Ғылыми жетекші:Журасова А.Ш.**
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

**Аңдатпа.** Мақалада екі мемлекеттің аймақтық проблемалары бойынша: Каспий теңізінің халықаралық құқықтық мәртебесі, қоршаған орта туралы ұстанымдары айқындалады. Ресей мен Иран арасындағы ынтымақтастық негізі бағыттары талданады, ресей- иран қатынастарын дамытуға Батыс елдерінің саясатының рөлі анықталады. Каспий аймағындаынтымақтастықты одан әрі дамыту перспективалары зерттеледі.

**Түйінді сөздер:** Ресей, Иран, Каспий аймағы, халықаралық құқықтық мәртебе.

Ресей мен Иранның Каспий өңіріндегі қарым-қатынасының ұзақ тарихы бар. Алайда, екіел қарым-қатынасының жаңа кезеңіКСРО ыдырағаннан кейін басталды, Каспий жағасында "жаңа" тәуелсіз Каспий маңы мемлекеттері (Әзірбайжан, Қазақстан, Түрікменстан) шығып, бірқатар жаңа проблемалар пайда болды. Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесінің шешілмеуі, көмірсутек ресурстарын өндіру және тасымалдау, милитаризация және экология, жағалау аумақтары мен т. б. әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері неғұрлым күрделі болып табылды. Осының барлығы Ресей мен Ираннан Каспий өңіріне қатысты жаңа тәсілдерді әзірлеуді талап етті. Каспий теңізі мен оған іргелес жатқан аумақтар Ресей мен Иранның геосаяси мүдделерін қамтамасыз ету үшін аса маңызды мәнге ие болды. Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің акваториясы мен түбі табиғи ресурстардың, ең алдымен көмірсутегі шикізатының, биологиялық ресурстардың, оның ішінде бекіре балықтарының, сондай-ақ теңіз жағалауының рекреациялық ресурстарының үлкен қорына ие болды. Мұнда федералды және халықаралық маңызы бар көлік инфрақұрылымын (теңіз және өзен порттары, темір және автомобиль жолдары, құбыр жолдары) дамыту үшін едәуір алғышарттар болды. Бұл Ресей мен Иранның сыртқы нарықтарға мұнай мен газдың болашақ көлемін жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс құбыржолдарды төсеудің әр түрлі жобаларына жіті назар аударуын түсіндіреді.

КСРО ыдырағаннан кейін Ресей мен Иран Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесі мәселесі бойынша жақын позицияға ие болды [3,46б].Олар 1921 және 1940 жж. Ресей-парсы және Кеңес-Иран келісімдерінің әрекетін жалғастыруды талап етті. Іс жүзінде Каспий маңыелдеріне жаңа келісім-шарт жасалғанға дейін Ресей мен Иранның келісімінсіз Каспийде ешқандай қызметті жүзеге асыра алмаған шарттар ұсынылды. Өз кезегінде, "жаңа" каспий маңы мемлекеттері бір жақты пайда табу мақсатында Каспийді ұлттық секторларға бөлуге бағытталған күш-жігер жұмсады. Олар XIX—XX ғғ. Ресей мен шабдалы (Иран) арасында жасалған бұрынғы халықаралық шарттардың қатысушылары болмаған фактіге шағымданды. Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстан олардың тарихи міндеттемелерінің жоқтығын талап етті және Ресей мен Иранға қарағанда, өзін Каспий өңіріндегі өзінің сыртқы саясатын жүзеге асыруда еркін деп санады. Бұл жағдай Каспийдегі "жаңа" мемлекетті бір жақты белсенді іс-әрекетке итермеледі [2,98б]. Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесін реттеу жолдары мәселесі бойынша Каспий маңы елдерінің ұстанымдарының сәйкес келмеуі көмірсутек ресурстарының кен орындарына қол

жеткізу және оларды кейіннен сыртқы нарықтарға жеткізу үшін бәсекелестікті күшейтті. Ресей өз аумағы арқылы экспорттауға қол жеткізді.

Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесін реттеу жолдары мәселесі бойынша Каспий маңы елдерінің ұстанымдарының сәйкес келмеуі көмірсутек ресурстарының кен орындарына қол жеткізу және оларды кейіннен сыртқы нарықтарға жеткізу үшін бәсекелестікті күшейтті. Ресей өз аумағы арқылы экспорттауға қол жеткізе отырып, Каспийдегі мұнай мен газ өндірудің болашақ көлемін бақылауға ұмтылды. Иран Каспийге өзінің саяси әсерін сақтап, акваторияның кем дегенде тең үлесін сақтауды талап етті. Өңірлік емес мемлекеттер аймағындағы әсерді кеңейтуге қарсы болған Ресей мен Иранның ұқсас геосаяси мақсаттары тараптардың әрқайсысы үшін өз ұстанымын нығайтуға кедергі болған жоқ. Осылайша, көмірсутегі ресурстары үшін бәсекелестікті Иран қолдануға тырысты. 1992 жылы Тегеран Еуропаға газ құбырының жобасын ұсынды.

Елдер арасында құбыр салу туралы иран-түрік келісіміне қол қойылды. Алайда қаржыландырудың болмауы Каспий өңіріндегі құбыр желілерінің архитектурасын түбегейлі өзгерте алатын жобаны іске асыруға мүмкіндік бермеді. 1994 жылы "Ғасыр келісім-шартына" қол қойылғаннан кейін Әзірбайжан Иранның қолдауына ие болды. Қараша айында Иран мен Әзірбайжан тараптары құжатқа қол қойды, оған сәйкес Иран Әзірбайжан үлесінің бір бөлігін беру есебінен " ғасыр " келісім-шартына" қатысушылардың бірі болып саналуы мүмкін [1,182б] . Әзірбайжанның есебі түсінікті болды: Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесі және оны бөлудің секторалдық қағидаттарына келісім мәселесі бойынша Иранның ұстанымын өзгертуге қол жеткізу. Әзірбайжан-Иран келісімдері Каспий мәртебесін реттеу мәселесі бойынша Ресейді жалғыз қалдыра алды. Сонымен қатар, Тегеранның "ғасыр контрактісі" деп тануы бұрынғы 1921 ж.және 1940 ж. бұрынғы кеңестік-Иран келісім-шарттарына күмән тудыруы мүмкін. Әзірбайжандық " Шах-Дениз " мұнай кен орнын игеру жөніндегі жобаға қатысудың 10% үлесін алғаннан кейін Иран Каспийді ұлттық аумақтық сулар бойынша бөлу фактісін іс жүзінде мойындады. Тек қана Иран тарапын АҚШ қысымымен жобадан алып тастау Иранның Каспийдің халықаралық-құқықтық мәртебесіне қатысты көзқарастарының одан әрі өзгеруінің алдын алды [5,53-68б]. 1995 жылдың сәурінде АҚШ қысым астында Әзірбайжан Иранды консорциумнан шығару туралы жариялады.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. Алиев И. Каспийская нефть Азербайджана. М.: Известия, 2003.
2. Саваськов П.В. Правовой режим Каспийского моря // Южный фланг СНГ. Центральная Азия — Каспий — Кавказ: возможности и вызовы для России / Под ред. М.М. Наринского и А.В. Мальгина. М.: МГИМО. Логос, 2003.
3. Санаи М. Отношения Ирана с центральноазиатскими странами СНГ(социально-политические и экономические аспекты). М.: Муравей, 2002.
4. Сыроежкин К.Л. Центральная Азия сегодня: вызовы и угрозы.-А.КИСИ, 2011.
5. Vinogradov S.V. Towards Regional Cooperation in the Caspian: A Legal
6. Perspective // Scientific, Environmental and Political Issues in the Circum-Caspian Region. 1997. P. 53.68.

**ӘОЖ: 908:94(574) (045)**

# Ә.Н.БӨКЕЙХАНОВТЫҢ МАҢҒЫСТАУ СУ КӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

**Муханбетова Л., студент**
**Ғылыми жетекші: Табылдиева О.Д.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Мақалада көрнекті қазақ оқымыстысы және қоғам қайраткері Ә.Бөкейхановтыңғылыми экспедициялары қарастырылған. Әсіресе 1926 жылы СССР ҒА-ның шақыруы бойынша, одақтық және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі айрықша Комитетте Қазақстан бойынша сарапшы болып қызметте жүрген кезіндегі Маңғыстау Үстіртіне экспедициясы, «Адай уезінің қазақтары» деп аталатын экспедиция материалдарындағы құдықтар, құдықшылық, жалпы Маңғыстаудағы су көздері қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** Щербина экспедициясы, шыңырау,астау, құдықшылық

Ә.Бөкейханұлы көрнекті қазақ оқымыстысы және қоғам қайраткері.Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Ә.Бөкейханұлы толымды да сапалы білім алған: 1888 жылы Омбы техникалық училещесін және 1894 жылы Санкт-Петербург орман техникалық институтының экономикалық факультетін тәмамдады.XIX ғасырдың аяғында Омбы орман шаруашылығы училищесінде оқытушы болып қызмет істеді,ғылыми жұмыстармен айналысты. Ол кең көлемді 18 томдық «Ресей.Біздің Отанымыздың жалпы жағрапиалық жазбасы» атты еңбектің авторларының бірі болды. Ә.Бөкейханұлы шаруаларды Қазақстанға жаппай көшіруге әзірлік жұмыстарымен айналысқан Ф.А.Щербин экспедициясына қатысты [1].

Шөл даладағы,оның ішінде Маңғыстаудағы,бірден-бір су көздері – құдықтар сонау бағзы замандағы Ибн Фадлан, Ибн Баттута, одан бергідегі В.Ян, А.С.Алексеев, А.Н.Бөкейханов сынды көптеген тарихшылардың зерттеу объектісіне айналған.

В.Ян ол уақытта Адай уезі әкімшілік бағыныста болған Закаспий облысында қызметте жүріп, Хиуа хандығына, Үстірт ернегіне дейін келеді.Осы сапары жазбаларында құдық, құдықшылық кәсібіне тоқталады. Ғасыр тоғысында генерал губернатор Иован Субботичпен бірге су жолымен уезд орталығы Форт-Александровск қаласына келгенде,ол,әрине,бүкіл қала тұрғындарының бірден-бір су көзі қамал іргесіндегі «Патша құдық» деп аталатын шыңырауды көреді.

Бас штаб офицері топограф А.С.Алексеев 1852-1853 жылы Маңғыстаудағы келген сапарынан соң, Бозашы мен Үстірт тұрғындарының тұрмыс-салты туралы үлкен екі зерттеу еңбек жазды.Өкінішке орай,олардың бізге жеткені- екіншісі, «Солтүстік Үстірттің Жемге дейінгі топографиялық сипаттамасы» деп аталады. Бұл еңбегінде ол аталған өңірдің жылымшы бұлағынан бастап шыңырауға дейінгі су көздерін зерттеп жазған. Зерттеушіге жүктелген міндет-Хиуа хандығына жорық алдындағы дайындықты тиянақтап, ең бастысы жорықтағы әскер үшін суаттарды картаға түсіріп, сипаттап жазу еді. Ол оны мүлтіксіз орындады. Сондықтан да бұл – Үстірт шыңыраулары жөніндегі бірден-бір құнды еңбек.

Әлихан Нұрмұханбетұлы Бөкейханов 1926 жылы СССР ҒА-ның шақыруы бойынша одақтық және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі айрықша Комитетте Қазақстан бойынша сарапшы болып қызметте жүрген кезінде Маңғыстау Үстіртіне экспедициямен келді. Оның бұл сапардан жазғандары 1927 жылы «Адай

уезінің қазақтары» деп аталатын еңбегі экспедицияның басқа материалдарымен бірге 1927 жылы Ленинградта жарық көрді [2].

«Адамдар сияқты мал да жыл бойы тек құдық суын ішеді. Құдықтар солтүстікте тайыз, оңтүстікте тереңдеу. 2 сажыннан артық құдықтар шыңырау деп аталады. Маңғыстау тауларының оңтүстігіне таман тереңдігі 30-40 сажындық шыңыраулар бар,- деп жазады, Ә.Бөкейханов су көздері туралы [2]. Автордың бұл жерде «Маңғыстау таулары» деп отырғаны Солтүстік Үстірттің қазіргі Атырау, Ақтөбе облыстарының шекарасындағы Оймауыт, Желтау таулары. Экспедиция сапары сол жерлерді қамтыған.

Ә.Бөкейхановтың өзге зерттеушілерден басты артықшылығы –қазақ, қазақ тілін, тұрмысын, салтын өте жақсы біледі, әрі ғалым.

Маңғыстау тауларында аз сулы таңқы-бұлақтар бар. Көктемде тостаған тәрізді шұңғыл саздауыт жер табанына еріген қар суы жиналады да, бұл уақытша көлшіктер «қақ» немесе «тақыр» деп аталатын мал ішетін суат болады. Барлық құдықтар мен шыңыраулар кермек не ащы сулы. Суы тұщы құдықтар мен шыңыраулар сирек. Автор онан әрі шыңырауға толығырақ тоқталады.

Шыңырау. Тереңдігі 30-40 сажын, таспен шегенделген,аузы тас немесе топырақ үйіліп қоршалған терең құдықтар. Шыңырау жанында 10 шелек су сиятындай тұтас тастан ойылған астау бар. Шыңыраудан су 5-10 шелектік меспен алынады. Ол ашық жағынан дөңгелек не төрт бұрышты шаңбаққа бекітіледі. Дөңгелек не төрт бұрыш, тік төртбұрыш не сәл қиыстау матастырылған. Матасқан жеріндегі шығыршыққа ұзындығы жарты құлаш таяқ бекітіліп ұшына ұзындығы 30-40 см жіп байланған. Ол жіптің екінші ұшы ұзын арқанға жалғаулы. Арқанның келесі ұшы суды тар шыңыраудан тартып шығаратын шығыр түйенің беліне байлаулы. Шыңырау айрықша сұраныспен қазылады және қазу 100 ірі қой тұрады. Шыңырау қазатын,оған астау қоятын – белгілі шеберлер. Оларды байлар жалдайды.

Автор бұл түсіндірмесінде шыңыраудан су шығаратын ыдыс атауын «мес» деп қате беріп отыр. Оны жергілікті ел «қауға» дейді. Үлкен қауғалар ірі қара мал терісінен жасалады.

Басқа құдықтар сияқты шыңырау да және тақыр мен қақ. Адай, табын яғни бүтін уездің ортақ пайдалануында. Айырмасы оны,алдымен, ақы төлеп қаздырған, ол болмаса, оның жақын туысы, олар да болмаған жағдайда, Адайдың өзіне дейін ретімен сатылап алдымен пайдалана береді. Бір адай сонадайдан қуып,өзінің шыңырауды пайдалану құқын ана жағынан қуып келіп, «әйел ерден кетсе де, елден кетпейді»,- деп қирағаттады.

Құдықтары таңқы және тайыз солтүстік жайлауларда әр ауыл бірнеше құдықтан қазады. Олар бүкіл ауылдың ортақ пайдалануында. Көшпелі адайлар құдық қазудың шеберлері. Олар жұмыстарының таза, ұқыптылығымен таң қалдырады.

Әр адай темір күрек асып жүреді. Оны беліне қыстырып жүретіні себепті онысын өзге қазақтардай күрек деп емес, белдеме дейді. Ертеде әр қазақ өзімен бірге шақпақ, пышақ, шылбыр алып жүрсе, әр адай арқасында темір күрек – белдемесін асып жүрген. Ол онымен ауыл қонған жерде құдық қазады, тазалайды, қыста қойы мен түйесі түнейтін жердің қарын күрейді. Мал қай өрісте жайылса да су ішуге ауылға келеді [3].

Автор онан адайлардың бір,бірнеше үйден қауымдасып ауыл құрап отыру мүмкіндігінің құдыққа, оның суының өнімділігіне, өріске тікелей тәуелді екендігіне де қысқаша тоқтала кетеді. Демек құдық,шыңыраулар тіршілік көзі болуымен қатар, үлкен әлеуметтік мәнге ие, көшпелі елдің өзіне тән ауыл арасының саяси қарым-қатынасына,хал ахуалына ықпал ететін болып шықты. Далада суға тапшылық соншалық- автор ауыл иесінің көшіп келе жатып «әріптестерінен жасырынып озып

барып, суат жанындағы шөп басын буып» оның «топ будым» аталып, буған кісінің сол суатты пайдалануына құқық беретінін де жазады.

Ә.Бөкейхановтың аталған еңбегінде С.Руденконың «Суат, Шегенді құдық. Адайлар» деген фото суреті берілген. Еңбектегі Ф.Шельструп түсірген екі фотосурет – «Шегенді құдық. Адайлар», «Үй және жаппа» деп атауына қарағанда, автор даладағы құдықпен әбден зер салып, егжей-тегжейлі танысты деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық.Алматы:Қазақстан даму институты: II том.1998. 138 б.

2. Ә. Бөкейханов. Таңдамалы, Алматы. 1995. 27 б.

3. Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев - суреткер. Алматы. «Нұрлы Әлем», 2002, 40 б.

**ӘОЖ: 908:94(574) (045)**

## МАҢҒЫСТАУ БАТЫРЛАРЫ

**Лентаева Ф., студент**
**Ғылыми жетекші: Табылдиева О.Д.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Мақалада тарихи шежірелерімізде намысты қолдан бермей елін қорғаған батырлардың бірі Құлбарақ Табылдыұлының ерліктері мен өміржолы қарастырылған. Сонымен бірге әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ батыр, батырлық туралыда тоқталып өтеді.

**Түйінді сөздер:** батыр, Хиуа ханы, бахадүр, Сүйінғара батыр

Маңғыстау-тарихи шежірелерге бай өлке. Осы тарихи шежірелерімізді намысты қолдан бермей елін қорғаған батырлардың есімдері мен ерлік істері дәлелдейді. Қасиетті жерімізді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен сақтап қалған батырлардың ерен ерлігі ұрпаққа өнеге. Қазақ халқы ел қорғаған батырларының өшпес ерлігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған.

Батыр (парсы тілінде бәһадур-ержүрек, батыл, батыр)-әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Батыр атағы мирасқорлық жолымен берілмейді, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болады. Батырларды қазақ халқы ежелден құрмет тұтқан. Көшпелі халықтарда бүкіл өмірі соғыста өтетін, соғыс ісі атадан балаға жалғасқан негізгі кәсібі болған, мемлекет билікті қолына ұстаған қоғамдық топ- әскери ақсүйектер болды. Осы топта соғыс ісінің тәжірибесі жинақталып, әскери өнер дамып, қару-жарақ жасаудың, оны қолданудың биік деңгейі қалыптасты. Батырлар көбіне осы әлеуметтік жіктің өкілдері арасынан шықты. Олардың бар өмірі елдің қонысын кеңейту, халықты жаудан қорғау жолындағы жорықтарда өткен. Ел үшін жанын қиған Батырлардың есімі ел ұранына айналып, халық олардың аруақтарына табынған. Ата-бабаларынан бері қарай Батыр атанып келе жатқан, ауыр жараланса да ұрыс даласын тастамағандар қара Батыр не қара берен Батыр, қауіп-қатерді елемей, ұрысқа жалғыз кіріп ерлік көрсеткен адам жеке Батыр атанған.

XIX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстан орта азиялық феодалдық мемлекеттер – Хиуа, Бұхара және Қоқан хандығының талас нысанына айналды. Қазақстанның оңтүстігінде олардың үстемдік ету кезеңі біршама аз уақыт аралығын (шамамен 1810-1866 жылдар аралығы) алса да, бұл кезең - аймақтың Ресей империясына қосылуының тікелей алдында болған маңызды кезең еді. XIX ғасырдың басында Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал теңізіне шектесетін, сондай-ақ, Үстірт пен Маңғыстау ауданына орналасқан қазақ қоныстарын Хиуа хандығы басып алды [3].

«Елінің даңқын батыр да шығарады, ақын да шығарады» дегендей, мақала ерлігі мен әруағы жарқылдаған киелі Маңғыстаудан шыққан Құлбарақ батыр жайында болмақ.

Құлбарақ Табылдыұлы(1790-1832) маңғыстаулық Беріш (қаратоқай) руынан шыққан. Өмір сүрген кезеңі қазақ халқының басына зобалаң мен үлкен қайғы-қасірет әкелген аласапыран жаугершілік заманына тап келеді. Діни оқуы бар Құлбарақтың таным-түйсігі мен сезім-болжамы ерекше болған. Жорыққа аттанар алдында намазға жығылып, соғыстың сәтсіз аяқталатынын білсе де жауға қарсы аттанған деседі. Оның батырлығымен қоса әулиелігі әруақтап ұран шақырғанда аспанды қара бұлт торлап, дауыл соғып, жаудың үрейін алған екен. Құлбарақтың атасы Есболай ең алғаш Маңғыстауға келіп, табан тіреген қазақтардың көшбасшыларының бірі болған. Есболай әулеті Арал теңізінің терістік жағасындағы Борсық деген жерді мекендейді. Халқына қорған болған Есболайдың қазақтың басқа да рулы елдеріне де көмегі тиген.

Есболай тұқымдары ерлік пен жауынгерлікке тәрбиеленген, жаппай батыр болған. Құлбараққа отансүйгіштік қасиет ана сүтімен, Қаратоқай, Есболай, Итемген секілді жоңғарлар мен қалмақтарды ойсыратқан, қазақ жерін жаудан қорғаған ержүрек ата-бабаларынан дарыған. Әкесі Табылды да Атырау мен Маңғыстауды Хорезм басқыншыларынан қорғаған айтулы батыр болған. Ол жоңғар қалмақтарына қарсы жорықтарға белсене араласып, үлкен ерліктер көрсеткен. XIX ғасырдың 30 жылдарында болған қазақ пен хиуалық түрікпендер (яғни адай мен жәуміттер) арасында Маңғыстаудың Бозашы-Қабақты деген жерінде отырған Сүйінқараның ауылын Хиуа ханы Аллақұлдың Сүйінпұшық деген уәзірі бастап келген қалың қол шауып кетеді. Қазақ батырлары оларды қуып келіп, Қарнау деген жерде үлкен шайқас болады. Қарнау қырғынын Абыл ақын өз жырында, яғни Қырғынсай деген жерде болған оқиғаны ерекше сипаттайды. Шайқаста Мәмбетнияз күшбегі басқарған түрікмендердің қолы қазақтардан көп болады. Осы қақтығыста түрікмендер “Сүйінқараның басын алып келіңдер” деген Аллақұл ханның жарлығын орындаймын деп жүріп, түрікменмен шабысып, алдыртпай, арпалысып жүрген Сүйінқара мен Құлбарақты шатастырып алыпты. Қалың жаудың ішінде жалғыз қалып қойған Құлбарақты сыртынан түрікмен Назар келіп, қылышымен мойнын шауып түсіреді. Домалап жерге түскен басты Назар қоржынына салып алады.

Аңыз бойынша басты хан алдына әкеліп көрсеткенде әлгі бас миығынан күліпті делінеді. Аллақұл хан «Бұл Сүйінқараның басы емес, бір мұсылманның әруақты асыл батыр азаматының басы екен. Ақ жуып, арулап, қауымға қойыңдар» деген екен. Құлбарақ батырдың басы Хиуа өңіріндегі Махмұт палуанның күмбезінде жерленген. Ол жер «Бас әулие» деп аталады. 1993 жылы күзде 22 адам Хиуадағы Ишан қаласындағы Құлбарақтың «Бас әулие» деп аталатын қасиетті орынға барып қайтты. Олар сол батырдың ұрпақтары еді. Кейін барған ұрпақтары қара мрамордан дайындалған құлыптасты Құлбарақ басына қоймақ болған. Бірақ ЮНЕСКО-ның арнайы рұқсаты керек болғандықтан қойылмады. Ол тас кейінірек Хиуадан Тигенге әкелініп, Құлбарақтың «Дене әулиесіне» қойылды. Хиуадағы мұражайдың экскурсия жетекшісі Юсупов Сабур батырдың әруағы жайында тағы мынаны паш етіпті: Басты Аллақұл аса таяққа іліп қойған, бірақ бас тұрмай құлай берген, үш рет ілген, үшеуінде

де құлаған. Сонда үрейленген Аллақұл хан иесінің тегін адам емес екенін сезіп, «Басты» арулап жерлеуге әмір берген - деген екен. Құлбарақ жайында аңыздар өте көп. Батырдың ерлігін тілге тиек еткен сол кездегі ақындардаң бірі Абыл ақын Қарнаудың қырғынын былай суреттейді:

...Бүркітәлі өлді ұрыста Кежісімен,
Жанақтан Жәңгіл өлді інісімен
Өлді ерлер алған беттен таймайтұғын
Жақсылар өлді елді сыйлайтұғын.
Ішегін сүйретілген жинай жүріп
Медетте Ізбас өлді қимайтұғын.
Мырзатай өлерінде ерлеп өлді,
Қылышын ит дұшпанға сермеп өлді.
Мырзатай кім-кімнен де батыр еді,
Тіріде жауға намыс бермеп еді.
Досы өлді Тағанұлы көп Зорбайдан,
Кебекпен жетеу өлді Табынайдан...
Беріштен Құлбарақ өлді нанғысыз-ай,
Басы жоқ, кеудесі бар, ыңғайсыз-ай... [1].

Ал Құлбарақ қорымында денесі жерленген. Майдан даласында бассыз денені батырдың арқасындағы меңі арқылы тапқан делінеді.Құлбарақ әулиенің екі жердегі бейітіне де зиярат етушілер көп келеді. Ел сыйынған әулие бабамыз туралы тарихи деректер маржан сөздің жауhарлары — Абыл, Мұрат Мөңкеұлы секілді ақындардың еңбектері арқасында осы күнге жеткізілді. Құлбарақ әулие басына қонғанда тек Құлбараққа ғана емес, сол қорымдықтағы Құсан әулие мен Бекжан әулиеге де шырақ жағылады. Бүгінде қорым басына Құлбарақ әулиеге арналған түнемелік үй салынған. 1991 жылы Беріш ата ұрпақтары үлкен мешіт ғимаратын салдырып, ескерткіш тақта қойғызды. 2000 жылы Құлбарақ атаның туғанына 210 жыл толуына орай Тілеген Кенжебекұлының бастамасымен қазіргі заман үлгісінде дулыға тәрізді ақ кесене орнатқан. Авторы — мүсінші Әбіш Кенжебаев. Құлбарақ батыр — ел басына күн туған жаугершілік заманда ел мүддесін қорғаған батыр, әулие және сан қырлы қасиет иесі. Бүгінде батырдың аянбай еткен ерлігі ұрпақтан ұрпаққа жетіп, батылдық пен батырлықтың өшпес үлгісіне айналды. Сондықтан, халық арасында айтылып жүрген аңыз-әңгімелер құнды дүние болып сақталады.

Белгілі ақын Ығылман Шөреков өзінің «Ел едік» атты өлеңінде Құлбарақ және басқа да Маңғыстау батырлары туралы жырлап кеткен:

«Құлбарақ, Кескір, Көбен кетті бірге,
Тап болып, сол қуғынға іліккеннен.
Құлбарақ, Жапаберді, Кекшіл, Көшек,
Секілді алмас қылыш Кескір, Көбен,
Қасында Батырбек пен бар Байтөбет.
Мас болып ашуланса, сес бермеген.
Барлығы бел немере, саф батырлар,
Жау десе, жан аямас дәстүрменен»[2].

Құлбарақ қорымы Маңғыстау ауданы, Шетпе селосынан 36 шақырым солтүстік бағытта орналасқан. Қорымның пайда болуы шамамен XVIII-XIX ғғ. жатқызылады. 1984 ж. СНРПМ «Манғышлакреставрация» Рягузова О.П-ның жетекшілігімен экспедиция жұмыстары жүргізілді. Қорым алғаш рет 24.10.1987 жылы Халық депутаттарының Маңғышлақ облыстық советі атқару комитетінің № 496 шешімімен мемлекеттік қорғауға алынған. Қазіргі таңда Маңғыстау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 5 қаңтар №3 қаулысы бойынша жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени

ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енгізілген. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында Құлбарақ батыр кесенесі өңірлік маңызы бар қасиетті нысандар тізімінің қатарында.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы. Б.Әріпұлы, Ө. Озғанбай шығармаларынан алынған мәліметтер.
2. ҚазақстанҰлттық энциклопедиясы. Ә. Нысанбаев. Алматы, 1998 жыл.
3. https://e-history.kz/kz/publications/view/3957

**ӘОЖ: 908:94(574) (045)**

## ЕЛІМ ДЕП ӨТКЕН ЕР ЖАЛАУ

**Оразбай А., студент**
**Ғылыми жетекші: Табылдиева О.Д.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** МақаладаАлаш ардақтыларының бірі, тілші-публицист, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, жерлесіміз Жалау Мыңбайұлының өміржолы мен қызметі туралы қарастырылған. Сонымен бірге сол кезеңдегі Маңғыстаудың саясиқоғамдық жағдайы, «Адай контрреволюциялық ұйымының» құдалануы туралы зерттеулер жүргізілген.
**Түйінді сөздер:** Адай уезі, империалистік соғыс, бүкілқазақтық съезд

Елінің болашағына үлкен сеніммен қараған, Алаш ардақтыларының бірі, қарымды тілші-публицист, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, жерлесіміз Жалау Мыңбайұлы 1892 жылы Адай уезінің Келімберді болысына қарасты Құнанорыс ауылында дүниеге келген. Ол әжесі мен әкесі Мыңбайдың ықпалымен Форт-Александровск қаласындағы екі сатылы орыс-қазақ мектебінде оқиды. Жалау Форттағы мектептің бірінші сатысын ғана бітіреді. Яғни,бастауыш білім алады. Толтырған анкетасында "білімім-бір жылдық" деп жазған. Әкесі Мыңбайдың өлімі Жалауға мектепті бітіруге мүмкіндік бермейді. Жанұясын асырау үшін тұз кәсіпшілігіне жұмысшы болып кіреді. Тұз кәсібінде біраз жыл жасап, өз жалақысынан үнемдеп жинап ат арба сатып алған Жалау арбакештікке ауысады[1].

1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Жалау Мыңбаев нағыз большевиктің өзі еді. Ресейлік социал-демократиялық жұмыс партияның ықпалымен Жалау да импералистік соғысқа қарсы болды. Соғысқа қарсылар, әсіресе тыл жұмысына қарсылар көп еді. Соның бірі болыс-Тобанияз Әлниязов. Патша Тобаниязды қамауға алады. Қаладағы көп қолдаушылардан сескеніп, Жалауға көп тие алмайды да, дегенмен оның сыртынан қатаң бақылау қояды.

Көп кешікпей Фортқа соғыста түскен әскери тұтқын австриялықтар әкеліне бастайды. Соғыс титықтатқан халықтың күйі онша болмай жатқанда тұтқын жағдайына ие сын. Міне, осы кезде Жалаудың үлкен адамгершілік, ізгілік қасиеті көзге түседі. Өзі бас болып тұтқындарға көмек ұйымдастырады. Тұтқындар Форт көшелеріне, қазіргі Баутин поселкесі, Аташтағы батаға арасына тас жол салу жұмысына жегіледі. Қазір Фортқа кіре берістегі орыс зиратында бетіне немісше "Die soldaten" деп жазылған үлкен

ескерткіш ұстын тұр. Бұл – сондағы өлген австриялық әскери тұтқындарға арналған ескерткіш. Оны таудың тасынан қамап қоюға қол ұшын берген Жалау мен Нұрсұлтан деседі көнекөздер. Жалау Мыңбаевтың бұл уақытта Фортта құрылған тұңғыш әскери жасақ-Қызыл рота жауынгері қызметін атқарып жүрді.

Ж.Мыңбаевтың қоғамдық-саяси қызметке араласуы 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін басталады. Жалау депутаттар Кеңесінің 1918 ж. 5 наурыздағы шешімімен Форт-Александровскідегі кеңес үкіметін қорғау мақсатында өлкеде құрылған Қызыл ротаның шаруашылық бөлімін басқарады. Осы жылы Жалау Мыңбаев флот большевиктері құрған «Бірлік» жастар ұйымынаң төрағасы болып сайланады. 1919 ж. Аяғына қарай Форт-Александровскіге келген Жалау Мыңбаев тұтқындалып, атаман Толстов армиясының әскери-даладық сотының үкімімен Кеңес үкіметіне еңбек еткендердің қатарында ату жазасына кесіледі. Алайда көтерілген қала халқының қысымымен өлім жазасы алынып, жазадан құтылады [1].

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Ж.Мыңбаев халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған басшы екендігін көрсетті. Ол мал шаруашылығымен айналысқан қазақ балаларының үздіксіз оқуына қолайлы жағдай жасап, интернат ашты. Ол барлық уақытта жастарды сауаттандыруға көп көңіл бөлген.Өзінің осы мәселелер жөніндегі ойларын «Степная правда», «Советская степь» газеттері беттерінде жариялап отырған. 1925 жылы сәуірде Кеңестердің Бүкілқазақстандық V съезі Ж.Мыңбаевты Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы етіп сайлайды. Елімізде оның ықпалымен тұңғыш ғылыми-зерттеу институты, 1927 жылы «Бурабай» шипажайы, 1926 жылы қазақтың ұлттық театры ашылды.

Өлкелік комитет рөлінің шектен тыс күшейе түсуіне Жалау Мыңбаев алғашқылардың бірі болып қарсылық көрсеткен. Ол республика өмірінде кеңестердің рөлін төмендетуге, күнделікті әлеуметтік-саяси мәселерді шешуде Орталық Атқару Комитетінің беделін әлсірете түсуге қарсылық білдіріп, өзі ұстанған бағыттан тайған жоқ. Голощекин аппараттық диктатқа қарсы шыққан Орталық Атқару Комитетінің төрағасына «...Мыңбаев жолдастың жұмыс бөлмесі ұйымдық орналастыру бөліміне айналып, жолдастар Өлкелік комитетке жазуды қойып, Мыңбаев жолдасқа жазатын болды, сөйтіп ол өзін Өлкелік комитетке қарсы қоятынды шығарды», «Қожановпен бірге августік блок құрды» деген жала жапты. Осыдан кейін 1927 жылы 28 сәуірде Мыңбаев Орталық Атқару Комитетінің төрағасы қызметінен босатылып, өзінің тұған жеріне Адай уездік атқару комитетінің төрағасы қызметіне жіберіледі. 1929 жылы Казгосселькладтың төрағасының орынбасары және Союзхлебтің басқарушсның орынбасары болып қызмет атқарады. Оған «Адай контрреволюциялық ұйымының» басшыс деген жала жабылып, қылмыстық іс қозғалады. Ж.Мыңбаев өзінің денсаулығын жұмыспен жүріп күте алмады, толық мән де бермеді. Елінің қамы үшін күн-түн демей еңбек етті. 1929 жылдың қаңтарында ұлы Ескендір қайғылы қазаға ұшырайды. 1929 жылы 26 қыркүйекте ауыр науқасқа шалдығуына байланысты қызметінен босатылады.Ақыры әбден меңдеген кезде өз арызы бойынша жұмыстан босап, осы науқастан 1929 жылы 16 қарашада қайтыс болады. КОКП ОК Саяси бюросының комиссиясы 1990 жылы мамырда «Ұлттық-ауытқушылық» туралы мәселені қарап, 1920-1930 жылдары көптеген кеңес қайраткерлерге «ауытқушылық» пен «ұлтшылдық» айыбының негізсіз тағылғандығы туралы ресми құжат қабылдады. Осылайша Ж.Мыңбаев сол кездің өзінде ұлттық мәселелерді батыл қойған қайраткерлердің бірі болды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Маңғыстауға келген сапарларының бірінде 1998 жылы өз сөзінде "Сіздер Жалау Мыңбаев сынды арыстардың елісіздер" деп ерекше атап өткен болатын. Ия, біздер, бүгінгі жас ұрпақ қоғам қайраткері, жерлесіз Жалау Мыңбайұлының ұрпағы болғанымызға қуанып, есімін мақтан тұтамыз.

Жалау Мыңбаевқа арнап 2009 жылы Ақтауқаласында ескерткіш қойылды. Тірісінде ел қамы үшін жанын аямаған ардақты азамат бүгін де теңіз желінің өтінде еліне қорған болып тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Спан Ә. Жалау Мыңбаұлы. Алматы: "Информ - Арна". 2000. 14-18 бб.

**ӘОЖ 908**

## МАҢҒЫСТАУ КӨМІР ШАХТАСЫ

**Амантайұлы Н., студент**
**Ғылыми жетекші: Сатанбаева А.С.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар жәнеинжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Халқымыз ғасырлар бойытуған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Соның дәлелі Маңғыстаудың геологиясы мен көмір кен орындары тыңғылықты зерттелді.

**Түйінді сөздер:** Маңғыстау көмірі, Таушық, рухани жаңғыру, зерттеу

Маңғыстау өңірі – бағзы заманнан құпиясын ішке бүккен, көшпелілердің ата-қонысы болған құтты өлке. Жерінің асты қазынаға, жерінің үсті аңызға толы. Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Таушықтың аты көмір өндірісіне байланысты болғаны белгілі. Көмір маңғыстаулықтарға ертеден белгілі болғанмен ғылыми тұрғыдан зерттей бастауы 19 ғасырдың екінші жартысында келді.

1936–1937 жылдары КСРО Ғылым Академиясының Батыс Қазақстан экспедициясының Маңғыстау партиясы Қаратаудың геологиялық құрылымы мен пайдалы қазбаларына зерттеу жүргізді. Партияның бастығы М.Баярнус пен аға геолог В.В.Мокринский түбекте көмірдің бар екенін қуаттады. Сондықтан түбектің көмірін игеру туралы КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитетінің 1939 ж. 17 .IV. №504 қаулысы шықты. Арада 5 күн өтпей-ақ осы қаулыны жүзеге асыру мақсатында КСРО Отан өнеркәсібі Халкомы – Л. Каганович №66 бұйрыққа қол қойды. Сөйтіп, Маңғыстауда тұңғыш рет ауыр өнеркәсіпті дамыту нақтылы іске айналды. Ол әуелі «Мангышлак УНШ», ал 1941 ж. 28.11. бастап «Мангышлак көмір тресі» деп аталды. Барлық шахтерлер үшін бірыңғай кент салу жоғарыдағы Мәскеулік құжаттарда көрсетілді.

Кен орны 1930 жылдары құрылған «Тау-Еңбек» деген өндірістік артельдің орталығы Таушық елді мекені болып белгіленді. Жылына 600-700 т көмір өндіріліп, өзінің қажетін өтеп тұрған шағын шаруашылықтың басшысы Н.Байтілеуов болатын.

1939 жылы Маңғыстау ауданының орталығы Таушықтын киелі жеріне келіп қоныс тепті де, ол өндіріс пен ауыл шаруашылығының қос тізгінін қатар ұстап,өсіп-өркендеудің соны сүрлеуіне түсті. Аудандық партия комитетінің алғашқы I хатшысы Х.Елмұханбетов,атқару комитеті төрағасы С.Ақмолдиев, ал кент кеңесінің алғашқы 1939-1942 жылдардағы төрағасы Бимағанбетов Жалжан болды.

Тарих қаншалықты қалың, қат-қабат қатпарлы болса да, оның өте нәзік тұстары да баршылық.

Облыс аймағында бұрғылау көмірінің бес көрінісі танымал. 1940 жылы Түпқараған ауданындағы Қызыл-Қаспақ- Айыржарал кен орны баланс арқылы бекітілді. Сол кезеңге бекітілген қорлары 34,7 млн теңгені құрады, өңделгені 0,5 млн.тонна, қалған қорлар балансталғанға жатқызылған. Бұрғылау көмірінің басқа түрлері с.Шетпе ауданында орналасқан. Бұрғылау көмірі бұрғылау ерітінділеріне арналған химреагент дайындау үшін келешекті шикізат ретінде бағаланады.

Шамамен алынған есеп бойынша барлық кен орындарының көмір қорлары 253 млн. тоннаны құрап отыр. Маңғышлақ жартылай аралы стронцийлі минералдау түрлері кең тараған дүниежүзінің аймақтарының бірі болып саналады. Маңғыстау облысының аумағында Қазақстандағы стронцийдің барлық қорының 100 % пайызы бар. Барлығы целестин және целестин – бариттің 20 жуық көрінісі анықталған. Анағұрлым ірі болып Ауыртас, Үнғозы, Үшкүйік кен орындары саналады. Анықталған кендердегі стронцийдің құрамы шамамен 20% пайызды құрайды.

Жаңа бой түзей бастаған ауданның алдында өте күрделі легі толып жатқан кез. Таушық жерінен ашылған 5-шахтада көмір өндірілген. Адам күштері жетіспейді, осы кеніштi игеру жұмысына аудан жұртшылығын жұмылдыру да оңай түспеген. Жұмысшы-кеншілер ауыр жағдайлардың барлығына да төзіп, жерден қазылған баспаналарда тұрса да дамыл таппай еңбек етті.

Алыстан келген жұмысшылар табиғаттың қиындығына шыдай алмай, кетекте жатты. Осыған байланысты әскерилендірілген жұмыс тәртібі ұйымдастырылды. Жұмысшылар арнайы гудок арқылы жұмысқа шығып, жұмыс сағаттарын соның үнімен аяқтады. Шахта жұмысына ауданның ауылдарынан еңбекке жарамды азаматтар арнайы әскери шақырумен жұмысқа қатыстырылды. Бұл жұмыстарды ұйымдастыру – С.Ақмолдиев басқарған атқару комитетінің үлесіне тиді.

Бүкіл әлемді дүр сілкіндірген қырқыншы жылдардың қиындығы мол, зұлымдық атаулы мен ізгілік нағыз текетірес кезінде елді, халықты ауыртпалықтан аман алып шығуға қызметтену басшылықта болған азаматтардың нағыз сынға түсер кезі. Соғыстың алғашқы күндерінде жау қолында қалған мекендерден адам ауданға паналауға келді.

Бұлардың көпшілігі еврей, неміс ұлт өкілдерінен болатын. Жоғары басқару орындарының ерекше тапсыруы бойынша осы келгендерді баспанамен, жұмыспен қамтамасыз ету де оңай шаруа болған жоқ. Келгендері мамандықтары бойынша 8-і денсаулық сақтау жұмысына, 10-ы тұрмыстық қызмет көрсету комбинатына, қалған еңбеккке жарамдылары көмір өндіру жұмыстарына орналастырылды.

“Мангышлакуголь” тресінің 01.01.1949ж. дейінгі өндірілген көмірі 103416 тонна болды: бұл әуеліде жылына өндірілуге тиісті көмірден 3 есе төмен еді. Маңғыстаудағы көмір өндірісінің тиімсіздігі мен оны өндіру ісіндегі қиындықтары: электр энергиясының жетімсіздігі, өндірілген көмірдің тасымалдануы және көмірдің шамадан тыс ылғалды болуы т.б есептеп, Украинадағы Донбастың толық қуатымен іске қосылуына байланысты, КСРО Министрлер Кеңесінің 01.02.1949 ж №1057-р жарлығымен, КСРО көмір өнеркәсібі Министрлігінің 07.02.1949 ж №78 бұйрығы бойынша “Мангышлакуголь” тресі жабылды.

Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы.

Тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын.

Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады.

Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі.

Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сегізбаев М. «Ауылымда ізі жатыр ұлылардың»
2. Кекілбаев Ә., «Маңғыстау энциклапедиясы»
3. Байекеев Б. «Өскен орда»

**ӘОЖ 9.908**

## ҚАРАҚИЯ-ҚАРАКӨЛ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҚАУМАЛЫ

**Марқабай Д. студент**
**Ғылыми жетекші: Байискакова К.А.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа:** Мақалада Ерекше қорғалатын табиғи аумақ ретінде Қарақия-Қаракөл мемлекеттік (зоологиялық) табиғи қаумалының маңыздылығы қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** ерекше қорғалатын табиғи аумақ, жасанды көл, «МАЭК - Қазатомөнеркәсібі» ЖШС, орнитологтар.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақ - ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер, су объектілері және олардың үстіндегі әуе кеңістігінің учаскелері [1].

Қарақия-Қаракөл мемлекеттік (зоологиялық) табиғи қаумалыреспубликалық мәні бар қорықша. 1986 жылы Маңғыстау облысында Ералиев ауданы қазіргі Қарақия ауданында ұйымдастырылған.

Қорғалатын аумақтың басты міндеттерінің бірі бүкіл табиғи кешендер Қаракөл көлі Ақтау қаласының оңтүстігінде орналасқан теңіз маңының жазығында жатыр. Климатына тән ерекшеліктер тым құрғақтығы мен шұғыл континенталдығы болып табылады. Қаракөл теңіз жағалауы бойындағы нормативті таза сулармен толтырылған табиғи ойыс [2].

Бұл жасанды көл осыдан 40 жыл бұрын Ақтаудың оңтүстік-шығыс бетінде 10-15 шақырым қашықтықта өзі аттас сордың орнында пайда болған. Көлді «МАЭК - Қазатомөнеркәсібі» ЖШС-нің қызметкерлері «шор» деп атайды, ол осыдан 40 жыл бұрын 1967 жылдары осы мекеменің ағынды суларының негізінде құралыпты. Оған жылу станцияларындағы энергетикалық жабдықтарды суытуға пайдаланылған жылытылған теңіз суы төгіледі. Бұдан соң суытылған су Каспий теңізіне түседі. Су қоймасының көлемі кәсіпорынның өндірістік қуаттылығына тікелей байланысты, бүгінгі таңда оның аумағы 4000 гектарды алып жатыр. Көлдің орташа тереңдігі 1-3м, ұзындығы 15 шақырымға жуық. Көл Каспий теңізінің жағалауына таяу жерде орналасқан, теңізбен байланысқан және суы жылы, сондықтан осы жерде тірі ағзалар

мекендей бастады. Қаракөлді алдымен балдырлар мен фито және зоопланктондар, шаян мен балықтар құтты қонысына айналдырды. Жағалауы мен аралдарын қамыс басты.

Ал жалпы, Қаракөл атауының қайдан шыққаны туралы нақты ақпарат жоқ. Бұл ресми атауды алғаш рет өз есебінде көл әлі сор болып тұрған кезде Маңғышлақ аңшылық инспекциясының бас аңшысы Петр Ланкин қолданған.

Мұнда жыл сайын көктем мен күзде жыл құстары қайтатын сәтте 80-ге жуық түрлі құс қонақтайды. Құстардың бір бөлігі өлкеде қыстауға қалса, енді бірі Қаракөлді тұрақты мекен – жайына айналдырған. Орнитологтардың айтуынша, сыбырлақ аққудың 25 мыңдай түрі мекендейді. Сыбырлақ аққудың дауысы жай, тұмсығы қызғылт сары, мойны имек келеді.

Алайда, Қазақстан тәуелсіздігін алған уақыттан бері ғылыми зерттеулер жүргізілген жоқ, ал көлдің қазіргі ахуалы мен оның динамикасы тек мамандардың болжамдары негізінде жасалған. Сондықтан бірегей жасанды су қоймасы ретінде және ондаған мың түрлі құстардың қысқы мекені ретінде жан-жақты ғылыми зерттеулерді қажет етеді. 1986 жылы көл «Қарақия-Қаракөл» республикалық маңызы бар мемлекеттік хайуанаттар қорығының құрамына еніп, мұнда құс атуға тыйым салынды.Сондықтан төтенше қорғаудағы табиғи аумақ режимін сақтауға қоғамдық бақылау күшейту қажет етеді. Мұнда жәй, құстарды тамашалауға келудің өзі қатаң бақылануда.Оған қоса, ҚР «Ерекше қорғаудағы табиғи аймақтар туралы» Заңының 75 бабына сәйкес, көлде «Қызыл кітапқа» енгізілген құстар мекендейтіндіктен, бұл көлге халықаралық маңызы бар субатпақты кешен мәртебесін береді [3].

Әрине, экологиялық ахуалды жақсартуға құзырлы органдар барын салуда. Өкініштісі сол, қоршаған ортаны қорғаудың орнына, қазір қорлайтындар көбейген заман болып тұр. Демек, бұл ретте ең алдымен ой-сананы түбегейлі өзгерту қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Иващенко, А. А. Қазақстанның қорықтары мен ұлттық бақтары. Алматыкітап, 10-11 б.

2.Государственный кадастр особо охраняемых природных территорий Мангистауской области. Актау, 2008.

3. Батырбекқызы Камшат. «Маңғыстау табиғаты». ҚБ ақпараты негізінде ықшамдалып дайындаған. // «Ақтау ақпарат». №5 3 ақпан, 2017жыл.

**ӘОЖ 82/512.122(045)**

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘБІШ ӘЛЕМІ

**Ибадуллаева Е.,студент**
**Ғылыми жетекшісі:Тоқбаева Л.Қ.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар жәнеинжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, қазақ әдебиетінің классигі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығы, тұлғалық ерекше қасиеттері, қазақ әдебитінде алатын орны, өнегелі өмір жолы мен саяси қызметі жөнінде айтылады.

**Түйінді сөздер:** Әбіш, әулие, жазушы, Маңғыстау, қазақ әдебиеті.

Әбіш Кекілбаев — XX ғасырдағы ірі тұлғалардың көрнекті өкілі. Мырзатай Жолдасбеков: «Маңғыстауда ежелден 362 әулие бар еді, 363-ші әулие Әбіш Кекілбаев шығар»-деп пікір білдірген болатын. Шын мәнінде осындай заңғар жазушыны әулие деп атаудың еш әбестігі жоқ деп білемін [1].

«Әбіш Кекілбаев - заманымыздың бір заңғар тұлғасы. Кекілбаев туралы сөз айту кімге болса да оңайға түсе қоймас. Өйткені Кекілбаевтың өзі бір әлем. Шүкір, қазір сол ғажайып әлемді зерттеп, оның ерекшеліктеріне шұқшия үңіліп, Кекілбаевтың шығармашылық өнері туралы жазылған мақалалар да бірнеше томға жетерлік. Әбекеңнің шығармашылық еңбегі туралы пікір білдіріп, еңбек жазғысы келген әрбір адам бұрынғы айтылған сөз, жазылған дүниелерді қайталағысы келмей, тың жол тапқысы келетіні де табиғилық. Оған қоса Кекілбаевтың өзінің әлем, қазақ тарихының көрнекті адамдары, замандастары, осы заманның, біздің қоғамның құбылыстары, бағыт-бағдары туралы толып жатқан ой толғаулары да, публицистикалық шығармалары да елге белгілі. Кекілбаевтай шешендікпен сөйлеп, Кекілбаевтың шеберлігіндей жазу - тек сол Әбекеңнің үлесіне тиген жеке тұлғалық ерекше қасиет»-деп Қуаныш Сұлтанов өз ойын айқын жеткізген еді. Расында да қазіргі таңда Әбіш әлемін зерттегісі келетіндерге қарағанда зерттеп жүргендердің қарасы көбейді. Бұл қазақ әдебиетіне жанашырлық танытатын жандардың көбейгеніне дәлел [2].

Әбіш әлемін тану-әр қазақ үшін қажет дүние. Елдің, ұлттың рухын көтеретін дүниелердің барлығы фольклордан, елдің ауыз әдебиетінен басталады. Халықтың санасына сіңген нәрселерді әр уақытта түп-түбірімен жеткізе білген ақын-жазушыларға қазақ халқы кенде емес. Бірақ осы XX ғасырдағы ірі тұлғалардың көрнекті өкілі – Әбіш Кекілбаев. Әбіш ағаның әлемдегі 100 жазушының қатарына кіруі – соның айғағы. Қалам ұстап жүрген халық көп болғанымен, ел мойындағаны – шанда-шанда. Әбіш ағаның туған елі, туған топырағы Маңғыстау үшін жасаған еңбегі-ұшан-теңіз. Қазақ елінің тәуелсіздік алып, тәй-тәй басқан тұста еткен еңбегі де көпшілікке белгілі. Сол уақытта Елбасының жанында жүріп, бірге қызмет етті, Парламентте жұмыс істеді, Сенаттың депутаты болды. Келелі мәселелерді көтерді. 2006 жылдан бастап өлкенің тарихи-мәдени мұрасын қорғау туралы ғылыми-әдістемелік кеңес құрылды. Әбіш аға сол кеңестің төрағасы болды. Тарихи-мәдени ескерткіштер, мұраға байланысты қордаланып қалған мәселелер сол уақыттарда шешілді. Оған еліміздегі әр саланың білгір мамандары тартылды. Зейнолла Самашев, Карл Байпақов, Елена Корж сынды мамандар шоғыры осында жиналды. Арал, Каспий өңірінің тарихи мұралары атты халықаралық деңгейдегі конференция да ұйымдастырылды. Сол уақытта өңірдің халықаралық деңгейге шығуына, туристік әлеуетінің дамуына, ескерткіштердің өзекті мәселелерінің жан-жақты зерттелуіне үлкен септігін тигізген кеңес болды. Қазіргі таңға дейін бұл кеңес көптеген мәселелерді шешіп келеді.

Әбіш Кекілбаев өткен ғасыр өрісін кеңейткен алпысыншы жылдары әдебиет босағасын Құбылыс болып аттап еді. Жалпақ жұрттың назарын жалт қаратқан көзі тұнық, сөзі мірдің оғындай өткір қанатты тұлғаны тұғырына қондырған алыптарымыз да, аға буын да жаңылған жоқ. Әбекең де сол құбылыс болып жұрт жадында бекі-ген, ұлы биігін аласартпай, қанатын кең жайып, ұлт руханиятына олжадан олжа қосумен болды. Қай тұста да, қандай кезеңде де жүрісінен сүрінбеді. Әдебиетіміздің ары мен абыройын асқақтар классикалық туындыларды жаратты, көркемсөзімізді әлемдік биікке бастар жаңа соқпақтарға салды. Азамат ретінде замандастарына, ғаламдаста-рына, қаламдастарына, достарына деген адалдығына селкеу түсірмей, өмірлік ұстанымдарының әдібін бұзбай, әдептен озбай… Міне… 76 жасында арамыздан кетіп барды!.. Артына ұлтты сүю мен ұлтқа қызмет етудің, ұлтты аялау мен ұлтты асқақтатудың ұрпаққа үлгі болар үлгі-өнегесін аманаттап өтіп барады.

Кешегі Алаш арыстары мен алыптарының сөзі мен ісін жаңа – жиырма бірінші ғасырға жеткізу жолында – тәуелсіздік жолында алғашқы қазақ Президентінің қасында жүріп, елдік міндеттерді аянбай атқарған хас суреткерді, көрнекті мемлекет қайраткерін соңғы сапарға аттандырып тұрып, ойға аларымыз көп. Соның бірі – дәуір дейтін ұғым. Әдебиетте Абай дәуірі, Махамбет дәуірі, Жамбыл дәуірі, Әуезов дәуірі дейтін шартты ұғымдар бар… Енді, заңғарымызды аттандырып тұрып, тіл ұшына Әбіш Кекілбаев дәуірі дейтін ұғымның оралары шүбәсіз… Көркем әдебиетімізде Кекілбаев дәуірінің басталғаны анық. Сол дәуірмен қоштасып тұрып, айтулы ұғымның ұлт санасын байытар ұлы кеңістікке айналарына сенеміз.

Қазақта «екі дүние» дейтін киелі ұғым бар. Бірі – қызық-қуанышына адам баласы тоймас мына жарық дүние болса, екіншісі – рух атаулының мекені – ғарыш дүниесі! Рухтың дүниесі! Ұлтымыздың нысаналы перзенті ретінде Жаратушы Әбіш Кекілбаевтың маңдайына екі дүние қызығын қатар бұйыртқан болуы тиіс. Оның аты – Мәңгілік! Ұлтымен мәңгі болу бақыты. Оңдыда туып, әулиелер мекені атанған Маңғыстауда қанаттанған, қасиетті Алатау бөктерінде атақ пен абыройға бөленіп, Сарыарқа төрінде еліне абыз атанып, ел құрметіне кенелген, қазақтың әдебиетін кең өрістерге алып шығып, жаңа қоғамның қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан адал жүрек, ақиық тұлғаға ұлты да, жұрты да риза!

Кекілбаев өнегесі – өрісті мектеп! Әдебиетті Кекілбаевша жасау, өмірді Кекілбаевша сүру, қоғамға Кекілбаевша қызмет ету, заманға Кекілбаевша баға беру, қазақты Кекілбаевша еміреніп сүю дейтін жаңа дәуір басталып отыр. Сіздің Рухыңыз жиі-жиі оралып, ұлтымыздың тұтасуына, елдік қасиеттеріміздің бекіген үстіне беки түсуіне Мәңгілік қызмет ететініне сенеміз! [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/42084/
2. https://mangystaumedia.kz/24/42173/
3.«Қазақ әдебиеті". //Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер газеті.

**ӘОЖ 327(045)**

## XX ҒАСЫРДЫҢ 90 ЖЫЛДАРЫ МЕН XXI ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ КАСПИЙ АЙМАҒЫ ЕЛДЕРІНІҢ САЯСИ АХУАЛЫ

**Қалапбаева Ж..,студент**
**Ғылыми жетекшісі:Тоқбаева Л.Қ.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Қазіргі халықаралық қатынастарда маңызды геостратегиялық орын алатын аймақтардың бірі Каспий аймағына арналған. КСРО ыдырауынан кейінгі аймақтағы саяси ахуалдың ерекшеліктері мен болашақ дамуы талданған. Каспий аймағы елдерінің ұстанымдары мен аймақ энергоресурстарын бөлісу және Каспийдің құқықтық мәртебесі мәселесі де қарастырылған. XX ғасырдың 90 жылдары Каспий маңы елдерінің алдында көптеген маңызды мәселелер қатары болды, олардың ішінде ең күрделілері ретінде саяси және экономикалық даму механизмдерінің жаңа жолдарын іздестіру негізінде тиімді жолға түсу. Аймақта орын алған саяси және экономикалық үрдістерге талдау және сараптау жүргізілген.

**Түйінді сөздер:** экономика, Каспий аймағы, мұнай, газ, халықаралық қатынастар, саясат.

Кеңес Одағы ыдырап, оның орнына жаңа мемлекеттердің пайда болуымен жаңа әлемдік тәртіп жөнінде ғалымдар пікірі жан-жақты болды. Зерттеушілердің бір тобы әлем бірполюсты және ол полюс Америка Құрама Штаттары деп есептесе, ал тағы бір бағыт әлем көпполюсты деп, оған АҚШ, Еуропалық Одақты, Ресейді, Оңтүстік-Шығыс Азияны, Таяу және Орта Шығысты жатқызады. Осы орайда, атақты политолог,профессор К.С.Гаджиев былай деген: Біз жаңа көпполярлы әлем бағытына келеміз,алайда бұл көпполярлылық болашақта қандай болатындығын ешкім білмейді.Бұл айтылған оймен толығымен келісуге болады, себебі, соңғы кездері әлемдегі геосаяси жағдайлар болашаққа қауіппен болжам жасауды талап етіп отыр. Көмірсутек қорына бай Каспий аймағы әлемдік және ғаламдық державалардың мүдделері тоғысқан орталыққа айналып отыр. Бұл ағдай Каспий маңы елдерінің саяси жағдайына тікелей әсерін тигізеді. Ресей политологтарының бір қатары батыстың және басқа да державалардың аймаққа қызығушылығының артуын талдай келе, болашақта бұл тенденция бөліп ал да билей бер принципіне алып келуі мүмкін деп тұжырымдайды [1].

Каспий маңы елдерін бұдан бөлек ішкі мәселелері де алаңдатуда әр қайсысының шекаралары этникалық қақтығыстар немесе көрші елдердің наразылығына орай күрделеніп отыр. Кей мемлекеттерде территорялық, этникалық немесе діни қақтығыстар орын алған жаңа Каспий маңы елдері тәуелсіздіктің алғашқы жылдары үлкен таңдаудың алдында болды. Аймақ елдерінің үкіметтері түрлі бағыттағы ықпалында қалды. Кей мемлекеттер дамудың түркілік бағыт ыңғайлы болды,мұсылмандық қоғам зайырлы, демократиялық саяси жүйе мен нарықтық экономиканы таңдады. Сонымен бірге, түркілік лингвистикалық дәстүрге жақын орталық азиялық мемлекеттер үшін мұндай таңдау этникалық жағынан тиімді болды. Алайда, уақыт өте келе дамудың түркілік моделі әлсірей бастады. Мемлекеттердің әрқайсысының демократия мен демократизацияға жолы әр қилы болып табылады. Аймақ мемлекеттері тәуелсіздік алғаннан кейін белгілі бір саяси бағытқа орнығуы күрделі процесс болды. Барлық жоғарғы органдар, құрып отыратын жаңа демократиялық либералды күштерге, бұрынғы партиялық жүйенің мықты фронты қарсы тұрды. Сонымен бірге, алғашқы жылдары билік үшін күреске кландар мен трайболистік топтар араласып, әлеуметтік саяси жағдайға ықпал ете бастады. Ұлттық сана сезімінің өсу ағынында ұлтаралық қатынастардың шиеленісуін тудырған ұлтшылдық көріністері орын ала бастады. Осы жағдайларда ұлттық көшбасшылар-тәуелсіздіктен кейін сайланған президенттер позитциясы шешуші болды. Бұл позиция кеңестік саяси және қоғамдық жүйеге қарса тұрып жаңа жүйе құруды бастапқы жылдары маңыздылыққа ие болса,90-жылдардың соңында да өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Бастапқы кездегі бұл мемлекеттердегі басқару жүйесі әлсіз, саяси үрдістер деспоттық үлгіде, мемлекеттілік осал жағдаймен ерекшеленді. Әдістер Каспий маңы елдері билікті бөле отырып басқаруды жүргізу, яғни парламент, президенттік билік, демократиялық қоғамдық ұйымдарды дамыту, тәуелсіз сот құру, саяси партиялар құру сияқты әрекеттері демократиялық қоғам парламенттеріне сай болу негізінен туған болатын. Алайда, осындай әрекеттерге қарамастан, жаңа конституциялық негізде саяси модернизация жүргізген бұл елдердің саясатына анализ жасай отырып, аталған жағдайлар толығымен либералды демократиялық режимнің орнауына алып келді деуге болмайды[2].

Каспийдің жекелеген елдері атап айтқанда Түркменстанда бұл жағдайлар ескі, жәй ғана сипатын өзгерткен саяси институттардың қай дамуына мүмкіндік берді деуге

болады. Каспий маңы елдері әлі де Батыс Еуропамен Солтүстік Америкада орныққан либералды демократияны классикалық үлгісіне жақындаған жоқ. Еркіндік үйі (Freedom House) деп аталатын әлемдегі демократияның дамуын қадағалайтын, сол бағытта қызмет ететін Американдық институт 2003 жылы Каспий маңы елдері де кіретін плосткеңестік елдердің көп бөлігін еріксіз деп атаған болатын. Кейбір Каспий елдерінің қоғамдық-саяси және басқару құрылымында билікті бөлікке бөлу идеясы, демократиялық өзгерістің кепілі мағынасынын бұрмаланып отыр. Каспий маңы елдерінің посткеңестік дәуірде саяси дамуы бірнеше жағдайлар негізінде жүзеге асырылған болатын. Ол жағдайлар: дәстүрлі ұлттық құндылықтар, мемлекет дамуының тарихи және діни спецификасы, жүргізілген реформалардың әлемдік қауымдастықпен айыпталуына, посткеңестік дамуды кең өріс алған ұлтшылдық және жекешелену үрдістерінің орын алуы, ұлттық азшылықтардың реформаларға қатынасы, аймақтық және сыртқы қақтығыстарға араласу деңгейі, мемлекет басшысының тәуелсіз даму мен оған жеткізу жолдарын нақты белгілеуі. Сонымен қатар, аймақ шығыстық дәстүрлі өркениетке жататындығын және онда батыстық либералды демократия режимі мен принциптерінің қабылдануы ұзақ уақытта талап ететіндігін есте сақтаған жөн. Осы аталған жағдайлардың барлығы Каспий маңы елдеріндегі қоғамның саяси өзгерісіне айтарлықтай, тіпті концептуалды ерекшеліктерді анықтады деуге болады.

Каспий маңы мемлекеттеріндегі саяси режим саяси плюрализм және еркіндік фрагменті бар авторитаризм (Қазақстан, Иран, Әзірбайжан) және Түркменстандағы тотарлитаризм сипатында. Басқарудың осы формасында аймақ мемлкеттері арасында қақтығысты жағдай сақталады деуге болады. Сондықтан, аймақ мемлекеттері мәселелердің шешімін ұлттық-мәдени ерекешеліктерді ескере отырып, қоғамдық-саяси өмірдің либерализациясын жүзеге асырумен байланыстыру қажет. Каспий маңы елдерінің саяси дамуы қандай және ол Каспий аймағының геосаясимәселелеріне қалай ықпал етеді деген сұрақ аймақ елдерін, осы аймаққа қызығушылық танытып отырған елдерді және аймақты зерттеушілердің басты сұрағы болды. Осы мәселеге байланысты Каспий маңы елдеріндегі саяси ахуалды жеке-жеке қарастырған жөн. Яғни, КСРО ыдырап, одақ елдерінің тәуелсіз мемлекетке айналған уақыты, Каспий маңы мемелекеттерініңде бастапқы кездегі саяси жағдайын,ондағы өзгерістерді қарастырамыз. Нәтижелер Қазақстан КСРО ыдырағаннан кейін тәуелсіздігін соңына дейін жарияламаған орталық Азия мемлекеттері арасындағы жалғыз Ресейден кейінгі екінші мемлекет болды.1991 жылы 16 желтоқсанда бұрынғы КСРО елдерінің ең соңынан Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Н.Назарбаевтың саяси идеялы- Түркия мемлекеті ел тәуелсіздігін алғашқы болып мойындағандардың бірі болды. Қазақстанның саяси жүйесінің трансформациясы 1992 жылы Қазақстанның егеменді ел ретінде құрылуы мен дамуы атты Страдегияның қабылдағаннан басталды. Бұл стратегияда бейбітсүйгіш, демократиялық, ядролық қарудан азат ашық қоғам құру мақсаты қойылды. Мұндай мемлекеттің басты негізі-демократиялық атрибудтардың барлығы сақталған президенттік республика құру,яғни,адам құқығы мен бостандығы сақталатын, саяси плюрализм, азаматтық татулықпен ұлтаралық келісім, өзгерістердің әлеуметтік бағыттылығы, жекешелендірудің түрлі формаларын қамтитын нарықтық экономика құру және дамыту, адам құқығын қаматамасыз ету сияқты демократиялық мемлекет критерийлерін сақтау [3].

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның жаңа мемлекетін және оның саяси жүйесін қалыптастыру оңай болған жоқ. Бұл үрдіс өте қайшылықты, тартысты, қателіктермен қатерлер арқылы жүрді. Қазақстан мемлекеті нысаныны мен табиғатын анықтауда. ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында еліміздің саяси басшылығымен интеллектуалдық күштері алдында аса күрделі міндеттер тұрды. Сол тарихи да тағдырлы уақытта дербес мемлекетті құру ісіндегі төтенше жауапкершілікті өзіне алған Н.Назарбаев былай деп

толғанады: Қазіргі сарапшылар белгілі бір саяси режим жайында баға бергенде, оның мойнындағы міндеттерді ескермей, баға беруге тырысады. Ол мемлекетті қалыптастыру, бір экономикалық жүйеден екінші бір экономикалық көшу, демократиялану процесін дамыту, әлеуметтік және ұлт аралық орнықтылықты сақтау және нығайту, сыртқы саяси бағыттар желісін тарту. Ұлттық жаңару, мемлекеттікті қалпына келтіру әрдайым оңай жүзеге аса бермейді. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасу кезеңі бұрынғы КСРО аумағында саяси, әлеуметтік экономикалық мүдделермен қатынастардың ерекше шиеленісуі үдерісімен қабаттаса жүрді. Әлеуметтік топтардың мүдделері мен қажеттерін бұрынғы саяси ресми қанағаттандыра алмады. Оның ішіндегі ең өткір, шетін тұрғандары-азаматтардың саяси, экономикалық және әлеуметтік құқықтарын кеңейту, сөз бостандығы,ұлттар мен этностардың тіл, мәдениет саласындағы сұраныстарын мүмкіндігінше қанағаттандыру, азаматтардың қауіпсіздігін нығайтып, азаматтық татулық пен қоғамдық тәртіпті нығайту еді. Қазақстанның болашақ мемлекеттік дамуы туралы берік,сындарлы тұжырымдама әлі қалыптаспаған еді. Ол кездегі еліміз алдында тұрған ең күрделі проблема мемлекеттік қалыптастыру еді. Мемлекет-саяси жүйенің аумақтық, заңды, жария, егемен, легитимді, құқықты, жоғары деңгейде институттанған, жалпыға бірдей әмбебап ұйымы. Ол қоғамның саяси жүйесінің бір бөлігі. 2017 жылы бола отырып, мақсаты жария, ашық, заңды, ел мен халықтың егемендігінің бірден бір көзі, субектісі және егесі ретінде қызмет істейді. Мемлекет саяси жүйенің бір бөлігі, ал ол сонымен бірге, оның барлық кіші жүйелері мен салаларын қамтитын, біріктіретін, заңдар аясында олардың бүкіл қызмет-тіршілігін реттейтін, олар үшін біртұтас, ажырамас және бөлінбес ұйым болып табылады.

Ғылыми әдебиетте мемлекеттің негізгі аса маңызды, сөзсіз, қоғамдық қоғамдық қатынастар табиғаты мен мүдделеріне жауап беретін және тиімді мемлекет құру мүддесіне сәйкес келетін белгілеріне отандық және шетелдік зерттеушілер дәлелдеуі бойынша мыналар жатады: аумағының; азаматтығы бойынша біріккен халқының; белгілі ішкі және сыртқы функциялары анықталған, бұларда саралап, ауқымы мен міндеттерін анықтаған, қоғамдық қатынастардың барлық саласын реттеуге қабілетті, қажетті адами, материалдық және қаржылық ресурстарға ие тармақталған басқару аппаратының болуы; халықаралық қауымдастық мойындаған шекарасы; елдің егемендігін, тұтастығын, қорғанысын, азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлттық армиясының, құқық қорғау органдарының (сот, прокуратура, милиция, арнайы қауіпсіздік қызметтері және т.б.) болуы. Қазақстанда жиырма жылда осы аталған белгілер мен қасиеттерге сай келетін егемен, әлеуетті, әлем мойындаған және санасатын мемлекет қалыптасты. Ал елде қалыптасқан мемлекеттік құрылыстың табиғаты,демократияның деңгейі оның саяси жүйесі қызметінен көрінеді. Бұл жерде транзиттік, өтпелі қоғамдардағы аса күрделі міндеттерді шешуге, күрделі қоғамдық қатынастарды реттеуге қызмет ететін жаңа саяси жүйені қалыптастыру күрделі мәселе екенін еске ұстаған жөн.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында жаһандану, ақпараттық қоғам, халықаралық байланыстардың күшеюі жағдайында саяси жүйе мен оның институттарының функциялары барған сайын күрделеніп, тармақталып, олар қамтитын құбылыстар мен қатынастардың ауқымы кеңейіп, олардың өзара сабақтастығы, өзара байланыстары күрделенген уақыт болатын. Осы жаңа әлемге оның күрделі саяси экономикалық, идеологиялық қатынастарының дербес субъектісі ретінде ұмытылып отырған Қазақстан, алдымен, өзін-өзі мемлекет ретінде анықтап, мемлекеттік-конституциялық құрылысын түбегейлі бекемдеу міндеті айдай ақиқат еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы, N°-2(53),
2.Гаджиев К.С. Геополитика Кавказа. М. Международные отношения, 2003, С 7.
3.Қалиев. Нәубәт //Тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесі.сапалық өзгерістер. Ақиқат, Ұлттық қоғамдық-саяси журнал, 30.11.2011.

**ӘОЖ 327 (045)**

## КАСПИЙ КЕҢЕСТІГІ ҰЛТАРАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҮЛЕСТІРУШІ ФАКТОР РЕТІНДЕ

**Аяпкалиева А., студент**
**Ғылыми жетекшісі : Міржақып Б.**
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Каспий теңізі аймағын бейбітшілік, тату көршілік және достық өңіріне айналдыру қажеттігін, оны бейбіт мақсатта пайдаланып, елдердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу керектігін, сондай-ақ, Каспий теңізінде тараптарға қатысы жоқ қарулы күштер болмауға тиіс.

**Түйін сөздер:** Толеранттылық, бейбітшілдік, Каспий теңізінің мақсаты, біртұтастылық, жаңа заман

Толеранттылық – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларды қудаламауының белгісі [1]. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз. Елімізде ұлтаралық татулықтың салтанат құруы – біз мемлекеттің негізін құрайтын қазақ халқының саяси мәдениетінің биік деңгейге көтерілгенінің белгісі. Біле білсек, толеранттылық – үлкен құндылық [1]. Мұны тәуелсіздікке қол жеткізген 20 жылдағы маңызды жетістігіміз десек артық айтқандық болмас еді. Қазақстандағы полиэтникалық қоғамда негізінен екі мәдениеттің үстемдік құрып отырғаны белгілі.

Біріншісі, сөз жоқ қазақ мәдениеті. Бұдан кейінгі орында орыс мәдениеті тұр. Дәл қазір өзге ұлт өкілдерінің діні мен салт-дәстүрін жаңғыртуға барынша жағдай жасалған. Осындай ынтымақты тірлікке дүниежүзінің көптеген елдері қол жеткізе алмауда. Керек десеңіз, Қазақстан – Орталық Азияда ұлтаралық татулықты сақтап, алауыздыққа жол бермеген жалғыз ел. Бүгінде кең-байтақ қазақ жерінде 11 тілде жастарға тәлім беретін мектептер жұмыс істейді. Біздің билік мұндай білім ошақтарының барлық шығындарын көтеріп отырғаны белгілі. Осыдан-ақ еліміздегі өзге ұлт өкілдеріне қандай жағдай жасалғанын бағамдай беруге болады [1]. Сондай-ақ, мұндай мектептер өзге ұлт өкілдері жастарының қазақ тілін оқып-үйренуіне негіз болып отырғанын тілге тиек ете кетуіміз керек. Бұдан басқа ел аумағында 13 тілде түрлі радиохабарлар тарайтыны белгілі. Бұны үлкен жетістік деп айтуымызға қақымыз бар. Қазіргі таңда өзге ұлт өкілдері Қазақстан халқы Ассамблеясының маңайына топтасып, өзінің салт-дәстүрі мен мәдениеттерін дамытуда. Осы орайда 1995 жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының алатын орны ерекше.

Бүгінде бұл аталған достық шаңырағы қазақ жерінде тіршілік ететін ұлттық-мәдени орталықтардың басын қосатын және аз ұлттардың мүддесін қорғайтын мекеме

есебінде нәтижелі жұмыс жасауда Ертеден еркіндік пен елдікті, бейбітшілік пен берекені тілеген еліміз ешқашан өзгені өзекке теппеген. Сонау күндері елінен еріксіз және ерікті түрде қуылғандар мен қашқындардың да нәсіліне қарамай, бір үзім нанын бөліп беріп, бір жастықты жастанған қазақ қашанда қайырымдылық пен қамқорлықтан қашқан емес. Қазақ халқы тарихтың жазуыменен елімізге кіріккен көптеген ұлттарға бауырмалдық танытып қана қойған жоқ, оларға барынша демеу болып, қолдау көрсетті. Біздің байтақ даламызда өсіп, өркендеуіне жол ашты. Бүгінгі көп ұлтты Қазақстандағы татулық пен келісімнің болуы да, ең алдымен, қазақ халқының ұлылығын танытса керек. Қазақтың қонақжайлығы мен дарқан мінезіне өзге ұлттар үнемі өз алғыстарын айтып, өздерінің жоғары бағасын беріп келеді.

Тәуелсіздіктің 23 жылдық тарихында Қазақстан халқы достық мен келісімнің, тұрақтылықтың, этносаралық және конфессияаралық татулықтың шы- найы үлгісін көрсетті. Бұл – болашақтың байыпты белесін айқындайтын негізгі фактор екені анық. Осындай ауқымды жұмыстарды атқаруда Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызы ерекше. Кезінде Елбасы Қазақстан халықтарының Форумында Ассамблея құру туралы идеяны көтерген еді.

Ал қазір конституциялық мәртебеге ие болған Қазақстан халқы Ассамблеясы біздің еліміздегі ұлтаралық келісімнің арқаулық институтына айналып отыр. Фордхэм университетінің профессоры П.Мордвидж “Қазақстан көп ұлтты мемлекеттердің ішінде жоғары жетістікке жеткен алғашқы ел, сондықтан ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделін әлемдік тәжірибеде қолдану керек” дей отырып, еліміздегі бүгінгі жағдайға жоғары баға берді. Ал Ресейде біздің Ассамблеяның үлгісімен Ресей халықтарының Ассамблеясының құрылуы қазақстандық тәжірибенің маңыздылығының айқын дәлелі болып табылады. Қазақстан халқы Ассамблеясының алдындағы ең бірінші міндет ұлттар мен ұлыстар арасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністікті қалыптастыру болып табылады.

Ал, біздің ортақ міндетіміз – Қазақстандағы этносаралық, конфессияаралық татулық пен бірлікті сақтау. Бұл елдің әлем алдындағы беделін нығайтуға сеп болатынын ұмытпауға тиіспіз. «Отансыз адам болмас, ормансыз бұлбұл болмас» деген халық нақылы тегіннен-тегін айтыла салмаған. Өйткені, Отан деген киелі ұғымды түсіну әр адамның туған жерінен, өз еліне деген сүйіспеншілігінен бастау алады. Отансүйгіштік пен патриотизм бір-бірімен егіз ұғымдар. Ұрпақ тәрбиесі қашаннан өз мәнін биік ұстайды. Сондықтан қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, келешек ұрпаққа оқу-білім және тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Толық жетіліп қалыптасқан ұлттың сана-қабілетінде, түсінік-талғамында, мінез-құлқында, өзіне тән ерекшелік менталитеті болатынын ғылым дәлелдеген. Қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтарына жан-жақты өнегелі тәрбие беру- қоғамымыздың алға қойып отырған басты мақсаттарының бірі [2].

Мектеп жеке тұлғаның рухани жан дүниесі мен адамгершілік қасиетінің қалыптасуына жүйелі жолға қойылған тәрбие беру негізінде қол жеткізеді. «Отан - отбасынан басталады» дейді халық даналығы [2]. Демек, бала тәрбиесі - Отан мен ел мүддесі. Бүгінгі өскелең ұрпаққа ғаламдастыру дәуірінде өз халқының төл мәдениеті, тілі мен салт- дәстүрін әр оқушының бойына сіңіре отырып, отансүйгіштікке баулу қазіргі тәрбие жүйесінің өзекті мәселесі. Егеменді еліміздің болашағы жас ұрпақты шыңдап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету - бүгінгі таңда ең басты мақсат болып табылады. Өйткені еліміздің болашағы жас ұрпақ – ұлттық сана-сезімі оянған, адамгершілігі және рухани ойлау дәрежесі жоғары дамыған, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, салауатты, бойында жоғары патриоттық санасы, өз елі үшін

мақтаныш сезімі қалыптасқан азамат етіп тәрбиеленуі тиіс. «Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол –бірлік». Еліңді, жеріңді қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткен табыстарымызды сақтап қалу үшін де ол сондай қажет [2].

«Бірлік бар жерде тірлік бар» демекші, бұл жолда да ел тұтастығы мен татулығының ықпалы мол. Қазақстанның қарымды қадамы қарыштап, бедел-абыройы шарықтап, шаңырағы шайқалмай, өзгелерден тайсалмай, теңдігі мен тұрақтылығының баянды болғаны – осы бірліктің арқасы. Бұл ұғымға педагогикалық түрде жүгінер болсақ, ол Қазақстан азаматтарын патриоттық рухта тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық патриотизм – Отан-анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім пен білікті, ақыл-парасататты ел игілігіне жұмсау, ата-мекен мүддесіне арнаумен анықталады [2].

Өз елінің өткенін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм ұғымының құрамын білдіреді. Қазақстандық патриотизмнің негізі – ежелгі ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз, ертегілер, жырлар, кешегі кеңестік ортақ дәуір, Ұлы Отан соғысындағы түрлі ұлт өкілдері-қазақстандық батырлардың ерліктері туралы тарихи деректер болып табылады [2].

Қазіргі уақытта этникалық толеранттылыққа тәрбиелеу және оны жастардың өзін - өзі анықтау және жеке тұлғаның қалыптасу үдерісінде бағдар ретінде таңдауы мәселесін алға тартып отыр. Бүкіл қоғам назарын өзіне аудартуда. Этникалық толеранттылық түптеп келгенде ұлт өкілдерінің өзара өмірлік этникалық компонентерін қабылдай алу қабілеті. Бұл арада бір-біріне сіңісіп кету мәселесі жоққа тән. Өзінің ұлттық келбетін сақтай отырып, басқа ұлттың ізгіліктерін түсіну-қабылдау болмақ. Яғни этникалық толеранттылық – ұлтаралық өзара сыйластық, ынтымақтастық деген ұғымды білдіреді. Этникалық толеранттылық тәрбие беру құралы арқылы Қазақстан жастары бойында шынайы патриоттық сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Толеранттылық жеке және қоғамдық сананың бағыты ретінде әлеуметтік қатынастар үйлесімділігінің шартына айналуда. Қоғамның дүниетанымдық бағдарлары үлкен рөль атқаратын білім беру саласында толеранттылық әлеуметтік – білім берушілік императив болып табылады. Алайда тәрбиесіз жастардың бойында этника-лық толеранттылықты қалыптастыру мүмкін емес.

Еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар әр-түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын толерантты әрі креативті жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде.

Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстандық патриотизм» ұғымы қолданылып келеді. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда Отан сүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сияқты сезімдерді оқушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылуда.Жастарды толеранттылыққа тәрбиелеуде білім-ғылым және мәдениет ошақтарының әр алуан ашық алаңдарың пайдалану өте маңызды [3].

Ашық алаңдар арқылы оқушылар мен студенттер және жастарға арналған үздік технологиялық жетістіктерді пайдалана отырып педагогикалық контекстегі семинар-тренингтер және т.б. сипаттағы педагогикалық акциялар өткізу өте тиімді деп санаймыз. Оған белгілі мамандардың қатысуы және кері байланыстың орнауы аудиторияның қызығушылық деңгейін арттыра түсетіні сөзсіз. Қазіргі кездегі әлемде орын алған әлеуметтік, дінаралық, ұлтаралық, т.б. қақтығыстар өршіп тұрған жағдайда ғалымдар тарапынан оны қалыптастырудың жолдарын іздеуге ерекше көңіл бөлінуі

заңды. Жалпы тұлғада толеранттылықтың қалыптасуы үшін ол рухани дамудың белгілі бір сатыларынан өтуі тиіс, ал ол педагогикалық проблема болып табылады [3].

Сондықтан «Педагогика» ғылымында оның заманауи саласы ретінде «Толеранттылық педагогикасы» даму үстінде, онда толеранттылықтың мәнін зерттеу және оны әлеуметтік норма, әлеуметтік құндылық ретінде практикаға ендіруге негізгі көңіл бөлінеді.Жаңа ғасырдағы толеранттылық – бұл адамзат қоғамындағы қозғаушы күш, қоғамдағы үйлесімді қарым-қатынастың бірегей шарты болмақ. Міне, осы қағидат тұрғысында қоғамды толеранттылыққа тәрбиелеудің барлық мүмкін құралдары педагогикалық заңдылықтарға негізделіп іске қосылуы тиіс. Тек тың идеялар батыл іске асырылса ғана жемісті нәтижеге жеткізетіні белгілі дүние. Сондықтан да Елбасы кітапханасы ұжымы да осындай қоғам үшін игілікті іс-шараға белсене ұйымдастырып өткізуді қолға алды[3].

Адам бүкіл өмір барысында өзінің тұлғасын құрайды, құрауды жалғастырады және қайта құрайды. Оның өмірінің бүкіл тәжірибесі, сондай-ақ болжалды болашақ қоршаған әлем жайлы түсініктің қабылдануын реттейтін сенімдер мен құндылықтар түрінде бекітіледі. Мінез-құлықтың әралуын түрлерінен құралатын адам өмірінің траекториясы тұқымқуалаушылық, орта және тұлға атты үш фактордың үздіксіз қзара әрекеттестігінің нітижесі болып табылады. Дәл сол факторлар адамның қайталанбастығы мен бірегейлігін анықтайды. Адам өмірінің әр-алауандығын қамтитын тұлғаның өмірлік жолы (мамандық таңдау, мансап, өмірлік дағдарыстарды жеңу, отбасындағы қарым-қатынас) тұлғаның дамуын бейнелейді. Адам өзін жақсы жаққа қарай өзгертуге тырысып, өз-өзімен татулықта тіршілік етуге ұмтылуы тиіс. Жалғыз басты қателік – өзінің өткен шақтағы қателерін өзгертпеу [4].

Нұрсұлтан Назарбаев Конвенцияға қатысушы елдер қызметтерінің негізін қалайтын қағидаттарға ерекше тоқталып, соның ішінде Каспий теңізі аймағын бейбітшілік, тату көршілік және достық өңіріне айналдыру қажеттігін, оны бейбіт мақсатта пайдаланып, елдердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу керектігін, сондай-ақ, Каспий теңізінде тараптарға қатысы жоқ қарулы күштер болмауға тиіс екенін айтты.

Мемлекет басшысы Конвенцияның Каспий маңы елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға зор мүмкіндік беретініне тоқталып, осы бағыттағы бірқатар қосымша шараларды атап өтті.Каспий теңізінің саяси тұрғыдан тұрақсыз аймаққа жақындығы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Каспий маңы мемлекет-терінің өзара тиімді әрі нақты іс-қимылдарды пысықтауды талап етеді. Осыған орай, әскери қызмет саласындағы сенім шаралары үшін бес жақты келісім жасауды ұсынамын, – деді Қазақстан Президенті.Инвестициялық ықпалдастықты одан әрі дамытып, энергетикалық және геологиялық барлау саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін Конвенция мен қол қойылатын құжаттардың мүмкіндіктерін толық көлемде пайдалану қажет.Мемлекет басшысы көлік-транзит қуатын арттыру үшін тариф саясатын жетілдіріп, Конвенцияға қатысушы елдердегі тасымалдау жағдайын жақсартуды ұсынып, Каспий теңізінің керемет экологиялық жүйесін сақтау үшін биологиялық ресурстарды заңсыз кәсіпке айналдырғандарға қарсы күрес жүргізу жөнінде арнайы құжат қабылдау қажеттігін атап өтті.

Соңында Нұрсұлтан Назарбаев Конвенцияға және бірқатар екі жақты құжаттарға қол қою Каспий маңы мемлекеттерінің достық қарым-қатынастарын көрсететінін, сондай-ақ бірлесіп тығыз ынтымақтастық орнатып, Каспий теңізіне ұқыптылықпен қарау керектігін айтты.Мен әріптестеріме-барлық елдің басшыларына, сондай-ақ Конвенцияны әзірлеген арнайы жұмыс тобына өте маңызды жұмыс атқарғаны үшін ризашылығымды білдіремін. Сіздер болмасаңыздар бүгінгі жетістікке жетпес едік.

Ақтау саммитінің қорытындылары арқылы Каспий теңізіндегі жан-жақты іс-қимылдарымызды ілгерілетуге үлес қосылатын болады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы Ақтауда өткен Бесінші Каспий саммитінің жұмысынан Жер шарының түкпір-түкпіріне хабар таратқан бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін жоғары деңгейдегі жиынның қорытындысы бойынша брифинг өткізді.Нұрсұлтан Назарбаев Бесінші Каспий саммитінің Каспий теңізінің халықаралық күні қарсаңында өтуінің символдық мәні бар екенін атап өтті.Біз әріптестерімізбен бірге Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін реттеу жөніндегі көп жылғы жұмыстарды қорытындыладық. Көп жақты тәжірибелік іс-қимылдарды ілгерілетуге қатысты жұмыстардың жағдайы мен кейінгі атқарылатын шараларды талқыладық. Сауда, экономика, көлік және қауіпсіздік салаларына байланысты маңызды келісімдерге қол қойдық, – деді Қазақстан Президенті [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Е.М Абенов, «Қазақстандық толеранттылық үлгісі», https//e-history.kz

2. Әлішер Жанабаев, «Жас ұрпақтың толеранттылық пен ұлтаралық мәдениетін тәрбиелеу жолдары». // old.baq.kz

3. Әбдікәрімов Марат Орынтайұлы,Сайлаубай Ерлан Ерназарұлы, «Толерант-тылық тағылымы». www.presidentlibrary.kz

3. «Толеранттылық өмірдің нормасы ретінде». https//baribar.kz.

4. Төлеуғалиев Бектұр, «АҚТАУ САММИТІ: Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі айқындалды». http://economics.kazgazeta.kz

**ӘОЖ: 323.1 (045)**

## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНА КЕЛГЕН ҚАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ МӘДЕНИ БИІМДЕЛУІ

**Төрехан М., студент**
**Ғылыми жетекшісі: Міржақып Б.**
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі жүзжылдықтағы бүкіләлемдік мәселелердің біріне айналған діни экстремизм мәселелеріне негізделген. Автор тоталитарлық қысымдық жүйеден құтылған адамдардың дінге деген табиғи мұқтаждылығы діни ұйымдар мен мекемелер санының ай- тарлықтай өсуі көпшілікті назардан тыс қалдырмады деген қорытындыға келді. Жағдаяттың осыған ұқсаған дамуы қандай да бір діни білім саласындағы реттеуші рөлден экономикалық жағдаятты түзе- туден бас алмаған кейіптегі мемлекеттің бас тартуымен сәйкес келді. Шетелдегі қазақ жастарының діни білім алу мәселесіне, аймақтағы тыйым салынған діни ағымдарға қатысты қызметтерге өз алдына бө- лек мән беріледі.

**Түйінді сөздер:** тарих, шетел, қазақ, ұлт, оралман, халықаралық, көші-қон.

Бұрмаланған шындықтар тәуелсіздік жылдары қайта қаралып, отандық тарихтағы көптеген «ақтаңдақтардың» ашылғаны белгілі. Кеңестік тарихи танымдағы идеологиялық ұстанымға орай шындығы ашылмақ түгілі, ресми тыйым салынбағанымен, зерттелуі құпталынбаған тақырыптар болды. Соның бірі – қазақтардың елден сыртқа кетуге мәжбүр болғандығы мен олардың Қазақстанға қайта

оралуы тарихы. Бұл тақырыпты зерттеу – ұлттардың «гүлдене дамуының шынайылығына» көлеңке түсірері сөзсіз еді. Қазақтарды өздерінің туған жерінен сыртқа қарай үдере қашуына мәжбүр еткен жағдайларды ашу кеңестік саясаттың тұтастай ұлттың тағдырына деген аяусыздығын көрсетер еді. Сондықтан, қазақтардың шетелге үдере көшуі, шетелдегі қазақ қауымының қалыптасуы, олардың қайта оралуы мен қазақстандық өмірге бейімделуі мен сіңуі тарихын зерттеу өзекті болып отыр.

«Ел көшін бастау – маған сын, мені қостау – елге сын» деген Президентіміздің сөзін ту еткен қандастарымыз елге қайта оралу үдерісін бастады. Тәуелсіздіктің арқасында ұлт ретінде түгенделіп жатырмыз. Қазақ жеріндегі және сырт елдерге кеткен қазақтардың рухы, салты, тілі мен әдебиеті, мәдениеті, тарихы біртұтастанып, байытыла толығып жатыр. Өз отанында басы біріккен қазақ сан жанынан көбейіп, сапасы жағынан дамудың жаңа сатысына аяқ басуда. Бұл тарих таразысының әділдігінің және қазақ халқының өміршеңдігінің дәлелі. Әділдігі – шетелге қашуға мәжбүр болып, төрткүл дүниеге тарыдай шашыраған қазақтың өз отанына қайта оралуында. Өміршеңдігі – «мың өліп, мың тірілген» қазақтың жаңа сапалық, сандық өлшемге жетіп, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып дамуында.

Шет елге кеткен қандастарымыздың Отанға қайта оралуын зерттеу арқылы салт-дәстүрімізді толықтырып, ұлттық, мәдени-рухани құндылықтарымызды қайта жандандырамыз. Демек, осы құбылысты зерделеу өткеніміздің тағылымын бүгінгі күнге қолдануға септігін тигізеді. Тақырыптың ғылыми-практикалық маңызы осында жатыр.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан президенті Н.Ә.Назарбаев «Алыстағы ағайынға ақ тілек» деген айдармен, тарихи зобаландардың зардабынан төрткүл дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашырап кеткен қандастарымызды жер бетіндегі жалғыз ортақ Отанымыз Қазақстанға шақырды. Міне соның нәтижесінде 1990 жылдардан бастап әлемнің түпкір-түкпірінен тарихи тағдырмен шет елдергеауа көшкен қазақ диаспорасы тарихи Отанына оралуда. Қазіргі таңда да сол шеттен қоныс аударғысы келетін отандастардың саны көбеймесе азайып отырған жоқ [1].

Кезінде 1931—1933 жылдардағы ашаршылықтан Адай округінен көшіп кеткен 5 мыңдай Красноводск қазақтары қайтып орала бастады.1960—1965 жылдары жұмыс іздеген екі мыңға жуық Астрахан қазақтары Атырау облысына қоныс аударып келді. Осының бөрі Маңғыстау, Атырау облыстарындағы халықтардың механикалық жолмен өсуіне әкелді. Оралмандардың ең көп бөлігі: Алматы – 35,6 %, Оңтүстік-Қазақстан – 22,9 %, Маңғыстау – 14,9 % және Жамбыл – 6,1 % облыстарында қоныстанды.

Еңбекке қабілетті жастағы тұлғалар - 67,3%, 18 жасқа дейінгі балалар – 26,4% және зейнеткерлер – 6,3%-ды құрайды. Білім деңгейі бойынша еңбекке қабілетті жастағы оралмандар қатарынан 10,6%-ң жоғарғы, 26,1%-ң арнайы орта, 55,2%-ң жалпы орта және 8,1%-ң білімі жоқ [2].

Маңғыстауға 1991-2009 жылдар аралығында құрамында 88949 адам бар 25146 оралман отбасы, оның ішінде биылғы бірінші тоқсанда 350 отбасы (1733 адам) көшіп келді. Биыл қоныс аударғандардың көпшілігі Мұнайлы, Бейнеу аудандары мен Жаңаөзен, Ақтау қалаларына орналасты. ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес, 2009 жылы облысымыз бойынша 2500 отбасына квота белгіленген. Ал бүгінгі таңда квотаға енгізілгені - 750 отбасы 3107 адам. Оның ішінде Түрікменстаннан 388 отбасы, Өзбекстаннан 346 отбасы, Ресейден 16 отбасы бар. 2009 жылдың бірінші тоқсанына көшіп келу квотасына енген оралмандарды қаржыландыру жоспарына сәйкес республикалық бюджеттен 435 млн. 518 мың теңге қаралған болатын. Бұл жоспар бірінші тоқсан қорытындысымен толық игерілді. Биылғы сәуірде тағы 106 отбасына 68 млн. 830 мың теңге берілді. Оралмандарға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында 2009

жылы квотадан тыс көшіп келген, отбасында 4 және одан да көп балалары бар он оралман отбасына 636 500 теңге төленді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы шілденің 9-ындағы жеке тұрғын үй салу үшін жер телімдерін беру Ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, оралмандарды жер телімдерімен қамтамасыз ету шаралары жүргізілуде. Биылғы бірінші тоқсанда Жаңаөзен қаласынан 130 оралманға, Қарақия ауданынан 12 оралманға жер телімдері берілген. Қазіргі таңда облыс бойынша 2744 оралман жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу мақсатында жер телімін алу кезегінде тұр.

Маңғыстау облысында «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында Мұнайлы ауданының жаңа орталығының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым-дарының құрылысына қажетті алдын ала жобалау құжаттарын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Бағдарламада қаралған инженерлік инфрақұрылымдардың техникалық - экономикалық негіздемелерін жасақтауға жергілікті бюджеттен 21,7 млн. теңге облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасына бөлінді. Соның ішінде Мұнайлы ауданы бойынша - 8,5 млн. теңге, Маңғыстау ауданы бойынша - 2,5 млн.теңге [3].

Бейнеу ауданы бойынша - 1,4 млн. теңге, Қарақия ауданы бойынша - 4,9 млн. теңге. Техникалық-экономикалық негіздемені жасақтауды және мемлекеттік сараптаудан өткізуді қамтамасыз етуші әкімшісі - облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасы. Инфрақұрылымдардың техникалық негіздеме құжаттары жасақталғаннан кейін жобалық сметалық құжаттамасы жасақталуы тиіс.

Осы орайда, облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасы тарапынан «Нұрлы көш» бағдарламасын іске асыру аясында әлеуметтік инфрақұрылымдардың және ішкі инженерлік коммуникациялардың жобалық-сметалық құжаттамаларын қаржыландыруға 338,7 млн.теңге көлемінде облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына бюджеттік сұраныс берілді. Облыс әкімі тарапынан аудан әкімдеріне «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында көшіп келушілерге тұрғын үй салу үшін жер телімін бөлуді 2009 жылдың 30 наурызына дейін арнайы шешіммен белгілеу тапсырылған болатын. Қазірге дейін Бейнеу ауданынан басқа аудандарда арнайы шешіммен жер телімдері бекітілді. Бағдарлама аясында тұрғын үй салу үшін Бейнеу селосынан 151,2 га, Боранқұл селосынан 36,278 га жер телімі белгіленгенмен аудан әкімдігінің арнайы шешімімен бекітілмеген.

«Нұрлы көш» бағдарламасын іске асырудың маңызы зор екендігі сөзсіз. Алдымен бағдарлама аясында салынатын инженерлік коммуникациялардың жобалық-сметалық құжаттамаларын қаржыландыру үшін сұраныс берілген 338, 7 млн. теңге көлеміндегі қаражаттың толықтай бөлінуін шешу, инженерлік құрылыстардың техникалық-экономикалық негіздемесін жасақтауды аяқтау, көшіп келушілер жұмысқа орналаса алатын мекемелердің, кәсіпорындардың тізбесін әзірлеп, ондағы бос жұмыс орындары, қажетті мамандар санын анықтау қажет.

Тіл жағынан бейімделу. Тіл қарым қатынастың негізі болып табылады, сондықтан да тіл интеграциясына айрықша көңіл бөлінеді. Мигранттардың көшіп келген елдің тілін білуі, олардың еңбек, әлеуметтік мәдени өмірге интеграциялануының негізгі индикаторы болып табылады. Мигранттарды қабылдайтын барлық елдер интеграция бағдарламаларында тіл жағынан бейімделуіне аса көңіл бөледі, бірақ әр ел тілді игеруге берілетін көмектің көлемін өздерінше анықтайды , Қазақ ұлты халықтарының Қазақстанға көшіп келуінің бірінші себебі қазақ тілін, мәдениетін, тари-хи отанының әдет-ғұрпын сақтап қалу, балалары- ның келешегін қамтамасыз ету. Көшіп келген соң оралмандар қазақ тілі мен қатар орыс тілінің күнделікті қолдану қиыншылықтарымен кездеседі. Орыс тілі қарым – қатынаста негізгі тіл болғандықтан, оралмандардың еңбек рыногына интеграциялануы, Қазақстанның әлеуметтік және мәдени өміріне қатысуына қиындықтар туғызады. Бұл өз кезегінде орыс тілін білмеу

салдарынан өмірлерін одан-әрі қиындатады. Оралмандардың қазақ қоғамына интеграциялануына теріс әсерін тигізетін тіл білмеушілікті елемей қалуға болмай- ды. Бұл жерде айта кететін жайт, қазір үш қазақ алфавиті қолданылады; Қазақстанда, Ресей мен басқа ТМД елдерінде кириллица, Турция мен Батыс Еуропада латиница, Қытайда, Иран мен Пәкістанда - ескі қазақ алфавиті (араб алфавиті негізінде құрылған). Осының нәтижесінде Қытайдан, Ираннан, Пәкістаннан, Ауғанстан мен Турциядан келген оралмандар толық қазақ тілін меңгере алмайды, сондықтан да келе салысымен тіл білмеушілікке байланысты қиыншылықтарға кездеседі. Кейде ең қажетті істерді, мысалы, оралман статусын алуға құжаттарын толтыра алмайды. Осы қиыншылықтарға байланысты оралмандарға тілді меңгеру курстары ұйымдастырылмайды. Мемлекеттік бағдарламалар жоқ болғанымен, кейбір мектептер мен ЖОО өздері орыс тілі мен қазақ тілі курстарын ұйымдастырады [4].

Мәдени бейімделу. Қазақ диаспорасының бір бөлігі ретінде көптеген оралмандар қазақ мәдениетінің әр түрлі аспектілерін, әдет-ғұрпын сақтап қалған. Мұндай жағдай мәдени бейімделуге жақсы жақтарымен қатар, кедергі де болады. Осыған байланысты екі жағдайды байқауға болады: қай елден көшіп кел- ді және қандай облысқа қоныстандырылды. Бұл жағдайды Оңтүстік Қазақстан облысы (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау) бойынша байқауға болады, бұл облыстарда қазақ мәдениеті мен әдет ғұрпы жақсы сақталған. Бұл облыстарда оралмандардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі солтүстік пен орталық өңірлерге қарағанда жеңілдірек өтеді. Оралмандар солтүстік және орталық облыстарда интеграциялау барысында көптеген қиыншылықтармен кездеседі. Совет Одағынан бері, қазақ мәдениеті бұл облыстарда басқа мәдени және этникалық топтардың ықпалында қалды. Бұл өңірлерде орыс тілі, орыс мәдениеті басым болғандықтан, ол жерде тұратын оралмандардың жергілікті жағдайға бейімделуі көп уақытты алады. Оралмандардың қазақтармен бір тарихи түбірі болса да, олардың мәдениеті мен тұрмысында ауқымды айырмашылық бар. Мұның себебі, оралмандар қазақ мәдениетінің дәстүрлері мен өмір сүру қағидатын сақтап қалса, Қазақстандағы қазақтар совет одағы кезеңіндегі әр түрлі өзгерістердің, нарықты экономикаға өту кезіндегі өзгерістердің ықпалына бейімделіп қалды. ТМД елдерінен басқа мемлекеттерден көшіп келген қазақтар дінге өте жақын болады. Оралмандардың мәдени бейімделуіне ықпал ететін тағы бір жағдай, оралмандардың өмір сүру сипаты, дінге деген көзқарасының ерекшелігі. Бұл әсіресе киім киюінде, отбасылық қарым-қатынаста нақты көрініп тұрады. Әйел оралмандар, әсіресе оңтүстік өңірлерде мойынды жауып тұратын көйлек киеді, оның үстіне жакет киіп, бастарына орамал тартады. Түркменстаннан, Ираннан және Ауғанстаннан келген оралман әйелдер жергілікті қазақ әйелдерінің киімін өте ашық, ибадатсыз, сыпайы емес деп санайды. Оралман ерлердің де көзқарасы осындай. Өзбекстаннан келген оралмандар бастарына тақия киеді, Иран мен Пәкістаннан келгендер (әсіресе жасы келгендер) сәлде киеді. Оралмандар мен жергілікті халықтың күнделікті өмірінде де айырмашылық бар. Көптеген орламандар жиһаз сатып алмайды, өткені қолдан құрап жасалған көрпені, жастықтарды және кілемдерді қолданады. Олардың кейбіреулері киіз үйде (көшпенділердің палаткасы) тұрғанды қалайды. Тамақ ішкенде аяғы қысқа столдарды қолданады. Қызмет өзгерген сайын, өндірісті урбанизациялау үрдісінің ықпалынан үй жиһаздарын өндіру Монғолиядан келген оралмандардың арасында төмендей бастады. Бұл жағдай материалдың жоқтығынан және ондай тауарларға сұраныстың төмендеп кет-кенінен болып отыр. Зерттеулер нәтижесі көрсетіп отырғандай, оралмандардың (әсіресе, Монғолиядан келгендердің) мәдениеті әртүрлі өзгерістерге ұшырады, модернизацияланды. Мәдени айырмашылық оралмандар мен жергілікті тұрғындардың арасында түсінішпеушілік тудырады деген

ақпарат жоқ, дегенмен, жергілікті халықтың оралмандарға деген көзқарасы әрдәйім жақсы емес.

Қорыта келгенде, Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан үшін қазақ диаспорасы мәселесі тек 1991 жылдан бастап ғылыми тұрғыда зерттеліне бастады. Отандық зерттеушілер өз еңбектерінде репатрианттардың шетелдерге қоныстану себептері, қазіргі кезеңдегі мәселелерін зерделеп, көшіп келіп жатқан қандастарымыздың жағдайы туралы маңызды мәліметтер береді. Шетелдік зерттеушілер еңбектерінде репатрианттардың отанға оралуы, репатриант мағынасының теориялық және методологиялық аспектілері, көші-қон саясатына байланысты және елімізге көшіп келіп жатқан оралмандардың саяси және мәдени мәселелері жөнінде миграция, ұлтаралық және этникааралық үдерістер, олардың маңызы мен салдары сөзге тиек етілген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті «Көші-қон туралы» жарлығы. – Астана ақшамы, 2003 жыл 4-қараша.
2. Баймолда Д. (2012). Этникалық қазақ көшінің қазіргі жағдайы // Қазақстан және шетелдегі қазақтар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарынан. – Алматы, 2012. – 73-77 бб.
3. http://stat.gov.kz /mangistau/
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы № 1138 «2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағы туралы» қаулысы.

**ӘОЖ 37.013.43 (045)**

## ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНДА ҰЛТАРАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Ерке Ү., студент**
**Ғылыми жетекшісі : Міржақып Б.**
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** «Ұлтаралық мәдениетті түсіндіру, қабылдау, тарату үрдісіне жастарды тартудың маңыздылығы» атты мақалада қазіргі қоғамда дамудың негізгі кілтіне айналған ұлттар арасында мәдени қарым-қатынасты дамытудағы жастардың рөлінің маңызды екенін айқындайтын тұжырымдар келтірілген.

Өзге жұрттың тілі мен мәдениет игеру, онымен етене араласа білуде жастардың нақты атқаратын қызметтері көрсетілді. Ұлтаралық мәдениет, оған қатысты теориялық көзқарастар, оның әр-алуандығы мен жаһандауға байланысты тақырыптар қамтылып, ұлтаралық мәдени қоғамдық институттар туралы ақпарат беріліп, қоғам құрлысы, тортар, желілер, ұйымдар және олардың қызметтері талқыланды.

**Түйінді сөздер:** толеранттылық, жастар, саясат, мәңгілік ел, ұлт.

Жас ұрпақтытың бойында ұлтаралық толеранттылықты қалыптастырудың ерекшеліктерінің бірі жастарды этносаралық татулыққа, мәдениетке, осы саладағы

қазіргі заманғы теориялық және практикалық мәселелерді игеруге оқыту, тәрбиелеу болып табылады.

Ең біріншіден жастардың бойында ұлтаралық мәдениетті қалыптастыруда тіл тұрғаны белгілі. Себебі күн бүгінге дейін мән мағынасын жоғалтпаған, әлі де қолданыста түспеген «Бөгденің шіркеуіне өз заңымен бармайды» деген орыс мақалымен мысал келтірер едім. Яғни кез келген тілде, халық даналығы қазір мәдениет қақтығысы деген терминмен әдептелген шиеленістерге жол бермеуге тырысады.

Мемлекеттің болашақта әрі қарай дамуы мен гүлденуі тікелей жастарға байланысты болатындықтан, қоғамның белсенді буыны, елдің ертеңі жастардың тәрбиесіне баса көңіл аударуды уақыт талап етуде.

Республикамызда әрбір екінші адам – 30 жасқа толмаған жастар, сондықтан 1999 жылдың 28 тамызында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өкімімен мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасының бекітілуі, 2004 жылы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңның қабылдануы жастардың өміріне ерекше мән берілетініне мысал болады. Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары: қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын ұстану, жұмыспен қамту, жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту болып табылады.

Жастардың білім алу, мамандық таңдау, рухани ұстанымдарын қалыптастыру, қоғамдағы өз орнын табу секілді әлеуметтік кезеңдерден өтуі – өмір заңдылығы. Осы әлеуметтік кезеңдерде жеке адамның тұлға болып қалыптасуына көптеген жағдайлар әсер етеді [1].

21 ғасыр ғылым мен білім, технологияның қарқынды дамып, өте жоғары деңгейге жеткен шағы десек болады. Заман талабына сана өркениеті өзгеріп, өрістеп биіктеп барады. Бірақ бір белгісі, адамның санасы, дүниетанымы жоғарылаған сайын қоғам да өзгереді. Мысалы, интернет жүйесі 1969 жылы 2 қыркүйекте пайда болып, қоғамға енгенде оны ең жас пайдаланушылар жасы 20-25 жастан асқан, ересек адамдар болса, қазіргі таңда интернетке 5-6 жастағы бала да әуес. Әрине, бәрін бірдей пайдалы деу артықтау шығар, сананы улап та жататыны бар [2].Бұл ақпараттық технологияның өте кеңінен тарауының да салдары болар.

Алайда осындай құбылыстар орын алған қоғамымызда ұстанатын тек екі қағида бар: бірі – жан-дүниенің рухани тазалығы болса, бірі – сананың сергектігі. Біріншісіне жүрек, екіншісіне ақыл керек. Осыларды ұғып, білуге қайрат керек. Бұл – сонау XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген Абай Құнанбайұлының жазып кеткен қағидасы арқылы шыққан тұжырым. Әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десең – бесігіңді түзе» деген сөзінде сан-алуан астар бар. Кемеңгеріміздің бұл жерде «бесігіңді түзе» деген сөзді «ұрпағыңды түзе» деген сөздің баламасы ретінде қолданып отыр. Демек, ұрпақтың дүние танымы мен рухани байлығы үлкен жауапкершіліктің жүгі екені айқын. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деп атап өткен болатын [2].

Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды. Бұл Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында студенттерге қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін дәріптеу жастарға патриоттық тәрбие берудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі. [2].

Жоғары оқу орнында ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуге байланысты көп жыл бұрын айтылса да, осы күнге дейін мәнін жоймаған академик Ю.В.Бромлейдің пікірін есепке алумыз қажет. Егерде жеткіншектің санасында ұлттық

және интернационалдықтың тәрбие бермесек, қайта тәрбиелеумен айналысуға тура келеді. Сондықтан мектеп, колледж және ЖОО-дары тек қана элементарлық географиялық білім беріп қоймай, этнографиялық білім беруде тиісті» [3]. Қазақстан жалпы білім беретін жоғары оқу орындары білім мазмұнының тұжырымдамасында білім мазмұнын халықтық педагогикамен, ұлттық дәстүрлердің жалпы адамзат жинақтаған мәдени құндылықтармен диалектикалық бірлестіктегі ұлттық ерекше-ліктерге сүйену принциптерін сақтау белгіленген [4].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі - отандық дәстүрлер, әлемдік тәжірибе және тұрақты даму қағидаттары негізінде білім берудің мазмұны мен құрылымын жаңарту белгіленген [5].

Жоғары оқу жоспарының пәндері құрамын және бағдарлама мен оқулықтарды құрайтын білімдер жүйесін дұрыс анықтау тәрбиелеушілік функциясын толық жүзеге асыруға, студенттерге құқықтық, моральдық-этикалық, эстетикалық т.б. көзқа-растарды, сапаларды қалыптастыруға мүмкіншілік береді. ЖОО-да оқу пәндерін таңдаудың және олардың тәрбиелеушілік функциясын анықтаудың құқықтық негізі мыналар болады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР «Білім туралы» заңы, Қазақстанның ұлттық саясатқа байланысты тұжырымдамалары.

- Студенттерге ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуде қоғамдық пәндердің мазмұнын методологиялық жағынан дұрыс анықтап және оларды оқу жоспарының компоненттерінің құрамында орналасуы үлкен мәнге ие.

Көптеген педагог-ғалымдардың пікірінше білім беру мазмұнында ұлттық және алпыадамзаттықтың өзара байланысын қамтамасыз ету үшін оқу жоспарында пәндерді

былайша орналастыру қажет:

а) жалпыадамзаттық (адамзат қауымдастығы, оның тарихы,жер шарында тұратын халықтар, олардың экономикалық, мәдени, саяси өзара қатынастары, бейбітшілік сақтаудағы БҰҰ басқа да халықаралық ұйымдардың іс-әрекеті туралы білім беретін пәндер);

ә) республикалық (жалпымәдени және жалпы мемлекеттік мәндегі пәндер, олар елде білім берудің бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан халықтарының бірлескен өмірінің тарихи құрылуын, олрдың экономикалық, саяси және мәдени ынтымақтастығы, қазақ халқы туралы - қазақ мемлекетінің тірегі, қазақстандық сезім және өзіндік сана туралы);

б) өңірлік (облыстық, саяси, тарихи, экономикалық және мәдени өмірі, ондағы тұрғындардың ана тілі әдебиеті, ерекше сұраныстары және қызығушылықтары туралы білім беретін пәндер);

в) жергілікті (нақты білім беру мекемесінің, этникалық топтың немесе ұлттық азшылықтың ерекшелігін сипаттайтын көрсететін пәндер) [4].

Білім беру мекемелерінде қалыпты әлеуметтік-ұлттық және психологиялық атмосфераны ұлтаралық қарым-қатынастың жалпы мақсатымен жоспарлы оқу және оқудан тыс әрекеттер түрінде тәрбиеленушілерді ынталандырып тарту керек. Мемлекетіміздің ұлттық саясатқа байланысты тұжырымдамаларын және басқа құқықтық актілерді ғылыми-педагогикалық талдаудан өткізіп оқушыларда ұлттық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудің мынадай шараларын ұсынуға болады: [5].

1) Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудің методологиялық және тәрбиелеу теориясын жасауға байланысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру;

2) Жоғары білім беру мазмұнына ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білімдерді көлемді түрде енгізу;

3) Мемлекеттік білім беру стандартына студенттердің мемлекеттік ұлттық саясаттың қағидаларын, халықтар достығын және толеранттық мінез-құлықты қалыптастыратын білімдерді қамтамасыз ететін талаптарды енгізу;

4) «Ұлтаралық қарым-қатынас психологиясы және педагогикасы» курсын жоғары оқу орындарына даярлау (бағдарлама, оқулық және әдістемелік құралдар).

5) «Ұлттық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу» курсын жасау мектеп оқушыларына, арнаулы орта және жоғары білім беретін оқу орындарының студенттеріне, кадрлардың біліктілігін арттыратын мекемелерге бағдарламаларды және оқулықтарды даярлау;

6) Студенттерді ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу үшін мектептің қазіргі оқу жоспарындағы пәндердің мазмұнына, мемлекеттің ұлттық саясатының қағидаларын, білімдерін және іскерліктерін енгізу;

7) Жалпыадамзаттың, ұлттықтың және ерекшеліктің бірлігі қамтамасыз етілген «Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу» тұжырымдамасын жасау және жүзеге асыру [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Нұрбек. Зайырлы қоғамдағы жастар келбеті// http://ult.kz1

2.Тухмарова Ш. Қазіргі таңдағы қоғамдағы қазақстандық жастардың дүние танымдық және рухани байлықтары. // http://e-history.kz/ kz /contents/view/1840

3. Бромлей Ю.В. Национальные аспекты духовной жизни человека в исторической перспективе. // Актуальные проблемы национального и интернационального в духовном мире советского человека. Вып. 1. Баку. 1984.

4. Молдағалиев Б.А.,Рамазанова А.П.М.66 Этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері. Оқу құралы.- Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ. Баспа оталығы, 2013.-114б.

5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.//Егемен Қазақстан.14 желтоқсан 2010.

**ӘОЖ 32 (045)**

## Н.НАЗАРБАЕВ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЭТНОСАЯСАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

**Жайлыбаева А., студент**
**Ғылыми жетекшісі: Міржақып Б.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа**. Н. Ә. Назарбаев, тәуелсіздік жылдарында Қазақстан «ұлтаралық келісімді сақтау мен нығайтудың және қазақстандық біртектілікті қалыптастырудың өз моделін іске асырды. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап қазақстандық біртектіліктің негізіне этникалық емес, азаматтылықтың қағидасы қойылды… Біздің стратегиялық міндетіміз – қоғамды одан әрі ұйыстыру және біртұтас қазақстандық, бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру» деп айтты. Осыған орай менің мақаламның негізгі мақсатыэтносаралық қатынастарды және этносаяси жағдайды зерттеу, отандық патриотизмді қалыптастыру, ғылыми зерттеу арқылы қоғамдық тұрақтылыққа шақыру, мемлекеттің тәуелсіздігін, насихаттау болып отыр.

**Түйінді сөздер:**этнос, халық, диаспора, этноним, ассамблея, этносаясат, жолдау.

Қазақстандық саяси энциклопедияда этнос (грек тілінен ethnos – халық, ұлыс, адамдар тобы, тобыр, тайпа) табиғи тарихи қалыптасқан орнықты адамдар қауымдастығы ретінде белгіленеді [1].

«Нұр Отан» партиясының «Біртектілік пен бірлік» атты IV институционалды реформада көрестілген маңызды міндеттерді орындау бойынша тұтас шаралар кешенін белгілейді. Партия өзінің саяси доктринасында қазақстандық біртектілікті нығайтып, тұтас азаматтық қауымдастықты қалыптастыруға жағдай жасайтын Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел – үлкен отбасы» атты ауқымды жобасын жүзеге асыру және Мәңгілік ел құндылықтарын енгізу бойынша міндеттер қояды.

«Этносаясат негіздері мен қазақстандық біртектіліктің қалыптасуы» атты оқу құралында авторлар ұжымы Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар мәдениетіне кешенді көзқарасты ұсынуға әрекет жасаған.

Этносаясаттың негізгі ұғымдары (этнос, халық, диаспора, этноним және т.б.), және олардың заманауи ғылыми түсіндірмесі қарастырылған. «Мәдениеттер алуандығы», «американдық балқыту қазаны», «ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі» ұғымдарына анықтама беріліп, олардың түбегейлі ерекшеліктері айқындалған.

Тұңғыш Президенттің құрған Қазақстан халқы Ассамблеясы, болашақ біртұтас ұлт, елдегі азаматтық біртектілікті қалыптастырудағы оның рөлі туралы материалдар ұсынылған. Қазақстан халқы Ассамблеясының институттары туралы ақпарат берілген. Қазақстандық қоғамның жалпыұлттық біртұтастығын нығайтудағы «Нұр Отан» партиясының рөлі ерекше атап көрсетілген.

Алдыңғы параграфта «ұлт» және «этнос» ұғымдары қарастырылды. Этностардың дамуы мен ұлттың қалыптасуы үшін мемлекет осы нысандарға қатысты белгілі саясатты іске асырады. Жүргізіліп отырған саясаттың екі түрін атап айтқанда, этносаясат пен ұлттық саясаттыажырата білуде қиындық туып отыр.

Бірінші кезекте саясат дегеніміз не екенін анықтап алу қажет. Саясат – билік қатынастарына қатысу немесе бөлуге ұмтылу, не билікті бөлуге ықпал ету.

Саясаттың мақсаты – нақты әлеуметтік-саяси топ, тап, партия, мемлекет ұстанымын қамтамасыз ету, қорғау және негіздеу ғана емес, сонымен бірге олардың қарсыластарының ұстанымдарын дискредитациялау (терістеу), жою болып табылады.

Елдің мемлекеттік этносаясат саласындағы жаңа стратегиялық құжаты – Қазақстанның ұлт бірлігі Доктринасының (2009 ж.) негізі Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 сессиясының барысында қаланды. Елбасы «Ұлттық бірлік – біздің стратегиялық таңдауымыз» атты сөйлеген сөзінде Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін сапалы жаңа деңгейге шығаруы тиіс процестерге деген өзінің көзқарасымен бөлісті, мемлекет пен қоғамның этникааралық және конфессияаралық қатынастарының барлық жиынтығы бойынша іс-әрекетінің тұтастай бағдарламасын әзірлеудің қажеттілігін айтты. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлт бірлігі Доктринасы бір жағынан біздің мол тәжірибемізді қорытындылауға, екінші жағынан – алға жылжуға жасампаз негіз болуы керек», – деп атап көрсетті.

Қазақстандықтардың, жалпы алғанда жүргізіліп жатқан мемлекеттік этносаясатқа көңілдері толады, алайда оны жетілдіру керек деп санайды. Елдің ұлттық саясатына көңіл толуы дәрежесі респонденттердің ұлтаралық қатынастар мәселелері жөніндегі мемлекеттік стратегия мен тактиканы күшейту қажет деген ойларынан байқалады. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жалпы ел бойынша сұралғандардың көпшілігі этникааралық саладағы мемлекеттік саясатты күшейту керек деп санайды: респонденттердің 32,2%-ы «иә» және 33,0% – «жоқ» дегеннен гөрі «иә» деп жауап берді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған 25 жылда экономикалық өсімді қамтамасыз етіп, ішкі саяси тұрақтылықты сақтай алды. Бұл жетістіктер, ең алдымен, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен байланысты.

Қазақстан өзінің этникалық әр алуандылығы бойынша бірегей ел болып табылады. Әр алуандылық республиканың тарихи даму ерекшеліктерінің салдары болып табылады. Кеңестік кезеңде Қазақстан аумағында миграция, депортация, күштеп қоныс аудару, тың игеру эпопеясы уақытында еңбек миграциясы көптеп орын алды.53 Осының барлығы жергілікті ұлт өкілдерінің ұдайы азайып отыруына, жергілікті емес ұлт өкілдерінің, әсіресе, орыс ұлты өкілдерінің бірнеше есе артуына алып келді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстаннан ТМД елдеріне және алыс шетелдерге көптеген мигранттар жапа-тармағай ұмтылды, бұл да болса этникалық сипатқа өзі раммҚазіргі таңда Қазақстанда шамамен жүз отыз этностар мекен етеді. Республиканың этникалық құрылымында ең басым этностарды қазақтар мен орыстар құрайды – 86,8%. Қазақтардың үлесі – шамамен 65%, ірі этностар орыстар – 21,8%, өзбектер – 3 %, украиндар – 1,8%, ұйғырлар – 1,4%, татарлар – 1,2% болып табылады [1].

Сонымен қатар Қазақстан көпконфессиялы ел болып саналады. Бүгінде діни бірлестіктердің саны 3601 құрайды, ал 1990 жылдары олардың саны бар-жоғы 670 болатын. Тәуелсіз даму кезеңінде исламдық бірлестіктердің саны 46-дан 2508- ге артты. Орыс православ шіркеуінің приходтарының саны бес еседен аса артты (62-ден 329-ға), Рим-католик шіркеуі бірлестіктерінің саны екі есе артты (42-ден 84-ке). Қазақстанда барлығы 18 конфессия бар [2].

Қазіргі таңда Қазақстандағы әртүрлі тілде сөйлейтін және әртүрлі сенімді ұстанатын халықтар арасындағы бейбітшілік пен келісім алдын ала айқындалды. Бұл жерде ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі зор екендігі сөзсіз аны қараңыз). Қиын-қыстау 90-шы жылдары, Кеңес Одағы ыдырап, бүкіл посткеңестік кеңістікте саяси тұрақсыздық пен ауыр экономикалық жағдай орын алған кезде Елбасының Қазақстан халқына: «Мен біздің көпұлтты елімізді мекендейтін барлық азаматтарға, барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдеріне жүгініп отырмын. Бұл күндері біз бірлік пен өзара түсіністіктің негізі болған халықтар арасындағы достықтың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесіне толығымен арқа сүйеуіміз керек», [3] деп арнаған сөзі ерекше ықпал етті. Сөйтіп Елбасы тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Қазақстан Республикасының бүкіл ішкі саясатының тетігі этникааралық қатынастарды үйлестіру деп жариялады.

Қазақстан Республикасында әуел бастан ақ этникааралық өзара қатынастарды мәселелерін құқықтық реттеудің оңтайлы формасын әзірлеуге ерекше назар аударды. Сонымен, 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында ұлтаралық келісім мәселелеріне бірнеше баптар арналды, ол жерде ұлтаралық келісімді бұзуға қабілетті кез-келген әрекеттер конституциялық емес деп танылады және қазақстандық заңдармен қатаң қудаланады деп көрсетілген. Конституцияның кіріспесі мына сөздерден басталады: «Біз, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті қалыптастыра отырып, ортақ тарихи тағдырмен біріккен Қазақ халқы...» [4].

Н.Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында былай айтылады: «Біз құқықтары мен мүмкіндіктері тең көпұлтты мемлекетті құрамыз». Бұл жерде ел Президенті Конституцияның кепілі ретінде болады, Қазақстанның бүкіл халқының, бүкіл 130 ұлттар мен ұлыстардың алдында жауапты болады [5].

Қазақстандық шындық жағдайында, Президент Н.Ә. Назарбаевтың дәл анықтамасы бойынша, «этникааралық және рухани келісім – біздің басты стратегиялық ресурсымыз, біздің қоғамымыз бен мемлекетіміздің ілгерілеуінің негізі». Әртүрлі этностардың мүдделері мен қажеттіліктерін неғұрлым толығырақ көрініс табуы

мақсатында, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша 1995 жылдың 1 наурызында бірегей қоғамдық құрылым – Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды [6].

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының VIII сессиясында былай деп айтты: «Халық Ассамблеясы арқылы ұлттық саясат пен ұлтаралық диалогты іске асырудың бірегей және тиімді механизмі құрылды. Азаматтық қоғамның бұл толыққанды институты қазіргі таңда үш жүзден аса республикалық, аймақтық, облыстық және қалалық ұлттық- мәдени орталықтардың жұмысына сүйенеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті жалпы мойындалған көшбасшы және этникааралық және конфессияаралық келісімнің бірегей қазақстандық моделін қалыптастырушы болып табылатындығы заңды.

Әлемдік қауымды өзінің ізін қалдыратындығын қатысты жоғары күтулері бар. астық тарапынан біздің «ноу-хау» бүкіл дүние Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси келбеті халықтың барлық бөліктері мен тұрғындары мойындайтын бірегей бедел мен ақырғы нүктені бейнелейді.

Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтарды елдегі бейбітшілік пен келісімді нығайтуға ұдайы бағдарлап отырады. Н.Ә. Назарбаевтың алдында барлық халықтар – қазақстандық мемлекеттіліктің тең құқылы қалыптастырушы болып табылады. Бұл оның тұлғасының терең және болмыстық тұсы. Бойында ондай қасиет болмаған адам өзге ұлттық 90 үстемдігін мойындауға дейін барып, сонымен бір мезгілде өз халқының үстемдігін сезініп, тани алмайды. Ол теңдікке ұмтылады, өйткені қатынастардың бұл түрінде өзін басқаша сезіне де алмайды. Президент Н.Ә. Назарбаев үшін халықтың бірлігі маңызды, ол бірлікті тұрақтылықтың негізгі өзегі деп санайды [7].

Президент Н.Ә. Назарбаевтың халықаралық деңгейдегі сөзсіз беделінің болуын БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші сессиясында резонансты сөйлеген сөзі көрсетті. Бірінші кезекте, сарапшылар мемлекет және үкімет басшыларының алдында қазақ тілінде сөйлегенін назардан тыс қалдырмады. Ол айтқан бастамалар «Бейбітшілік. XXI ғасыр» Манифестінің негізіне жатты және бүкіл әлемнің мемлекет басшыларына, халықтарына ядросыз әлемге бірігу үшін айтылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халқы Ассамблеяның қоғамдық құрылымы құрылды.

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы және этникалық бейбітшілік пен келісімнің бірегей қазақстандық үлгісі әлемнің беделді диалог алаңдарында еліміздің жүзін жарқын қылатын таныстыру картасына айналды. Қазақстан бейбітшілік пен келісім елі деген ұғыммен байланыстырылады. Бұған дәлел ретінде Лондонда британдық іскерлік топтарының бастамасымен Қазақстандық бейбітшілік және келісім орталығы ашылды. Қазақстанның тәжірибесі бүкіл әлемге тасымалдануда.

Ассамблея мұрындық болған бастамалар осы халықтық институттың Қазақстан халқы арасында, бүкіл еліміздегі, сондай-ақ елімізден тыс аймақтардағы маңыздылығы мен абыройын көрсетіп отыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамура, 1999. 4-5 бб.

2. Назарбаев Н.А. Национальное единство – наш стратегический выбор // Казахстанская правда. 2009. 27 окт.

3.Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Аазаматтық келісімді сақтауға талпынуына негіз болды. Алматы: Қазақстан, 1998. 49 б.

4.Статистика жөніндегі агенттіктің 2015 жылғы мәліметтері.

5.Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері жөніндегі комитетінің 10.04.2016 ж. материалдары
6.Назарбаев Н.А. Слово к народу. - Т. 2. 1991. Б. 11.
7. http://www.strategy2050.kz «Қазақстан - 2050» стратегиясы.

**ӘОЖ 159.99**

## КӘСІБИ ЖАНУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ СТРЕСС

**Абиева А., студент**
**Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада кәсіби жану және кәсіби іс-әрекеттегі стресс проблемалары, стрестің даму сатылары сөз болады. Психикалық стрестің негізгі белгілері және белгісіз қауіпті сезіну; диффузды қауіптену және үрейді күту т.б. туралы баяндалады.

**Түйінді сөздер:** күйзеліс, стресс, экстремалды, психикалық стресс адекваттты, қорқыныш, мазасыздану, диструктивті, продуктивті күйзеліс.

Күйзеліс және жарақаттанғаннан кейінгі күйзеліс арасын теориялық қосуға қарамастан, бұл екі түсініктің ортақтығы аз. 1936 ж. Ганс Селье стресс концепциясын ұсынды, оның ойынша стресс ағзаның өзін-өзі сақтайтын және стрессорға реакция үшін ресурстарды мобилизациялайтын гомеостатикалық модель болып табылады. Ағзаға әсер ететін барлық агенттерді екіге бөлді, ол спецификалық (тұмау вирусы тұмауды тудырады) және жалпы адаптациялық синдром түрінде көрінетін спецификалық емес стереотиптік эффектілер. Бұл синдром өзінің дамуында үш сатыдан өтеді: 1) мазасыздану реакциясы; 2) ресистанция сатысы және 3) қажу сатысы. Г. Селье ағзаның гомеостатикалық механизмдерінің адаптациялық құрылуы негізінде мобилизацияланатын адаптациялық энергия түсінігін енгізді. Қажу Г.Селье бойынша ол қайтарылмайтын және ағзаның қартаюына, жойылуына алып келеді. Жалпы адаптациялық синдромның психикалық көрінуіне эмоционалды стресс деген атау берілген – яғни стрессті бастан өткізетін аффективті бастан кешу және адам ағзасын қолайсыз өзгерістерге алып келеді [1].

Атақты шетел психологі Ганс Селье стрестің келесі сатыларын анықтады:[2]

-әсерге тікелей реакция (мазасыздану сатысы);

- максимальды эффективті адаптация (ресистенттілік сатысы);

- адаптациялық процестің бұзылуы (қажу сатысы).

Бұл сатылар кез келген адаптациялық процеске тән. Стрессті тудыратын факторлардың бірі эмоционалды шиеленістік, ол адамның эндокриндік жүйесінің өзгеруіне әкеледі. Мысалы, клиникадағы науқастарды экстремалды зерттеуде, үнемі жүйкелік шиеленісте жүретін адамдар вирустық инфекцияны ауыр өткеретінің анықтаған. Мұндай жағдайларда білікті психологтың көмегі қажет.

Психикалық стрестің негізгі белгілері:

1) стресс – ағзаның күйі, оның пайда болуы ағза мен орта арасындағы өзара әрекетті көрсетеді;

2) стресс – неғұрлым шиеленіскен күй, әдетегі мотивациялық күйге қарағанда, ол өзінің пайда болуында қаупті қабылдауын талап етеді,

3) стресс – қалыпты адаптациялық реакция жеткіліксіз болған жағдайда орын алады.

«Адам-орта» тепе-теңдігінің бұзылуы, бұл индивидтің психикалық және физикалық ресурстарының жетіспеушілігі, өзекті қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауының көзі қауіп (тревога) болып табылады. Қауіп бұл:

- белгісіз қауіпті сезінуден;
- диффузды қауіптену және үрейді күту;
- белгісіз мазасыздану болып табылады.

Адекватты емес жағдайдан мазасыздану қарқындылығы және ұзақтығы бойынша, адаптациялық мінез-құлықтың қалыптасуына кедергі келтіреді, мінез-құлықтық интеграцияның бұзылуына және адам психикасының жалпы дезорганизациясына әкеледі.

Професор Березин психикалық адаптация процесіндегі элементтерді көрсететін мазасызданудың қатарларын көрсетті:

1) ішкі шиеленісті сезіну-қауіптің айқын белгісін көрсетпейді, тек оның жақындап келе жатқандығы туралы сигнал береді және рухани дискомфорт тудырады.

2) гиперстезиялық реакция – мазасыздану күшейеді, алғашқы нейтралды стимулдар негативті көрініске ие болады, ашуланушылық күшейеді.

3) өзіндік мазасыздану – орталық элемент болып болып табылады. Белгісіз қауіпті түйсінумен көрінеді. Негізгі белгілері: қауіпті анықтай алмау, оның пайда болу уақытын айта алмаушылық. Адекватты емес логикалық қайта өндеу жиі байқалады, соның нәтижесін фактілердің жетіспеушілігінен дұрыс емес қорытынды шығарады.

4) қорқыныш – белгілі бір обьектіге нақтыланған үрей. Дегенімен үреймен байланыстырылған обьектілер үрейдің себебі болмауы да мүмкін, субъектіде үрейді белгілі бір әрекеттермен өзгертуге болады деген түсінік қалыптасады.

5) жақындап келе жатқан катастрофаның қайтпайтының түйсіну – мазасызданушылық бұзылыстың қарқындылығының өсуі субъектіні болған оқиғаны жою мүмкін еместігі жөнінде түсінік қалыптасады.

6) мазасыз – қорқыныштық қозу (тревожно-боязливое возбуждение)– үреймен пайда болған дезорганизация максимумға жетеді және мақсатқа бағытталған іс-әрекет мүмкіндігі жоғалады.

Әр адам өз өмірінде сан алуан қиыншылықтар мен ауыртпашылықтарды кездестіруі мүмкін. Олармен күресіп, соларды жеңумен өмір жолын кешеді. Өмір дегенні өзі, қиыншылықтармен күрес. Өмірдің сыры мен сипаты осы күрес жолында анық мақсатына жету үстінде қиыншылықтармен күресе отырып, шыңдалады, жетіледі, рухани қанағаттанады. «Күрес деген өмір шарты: күрес тоқтаса, ол өмірдің өшкені», деген В. Г. Белинский: Алайда өмірде кездесетін қиыншылықтардың түрі де мол. Енді осы өмірде кездесетін қиыншылықтардың түрі де мол. Енді, осы өмірде кездесетін қиыншылықтардың қайсыбірін жеке-жеке қарастырайық. Солардың бірі адамның мінез-құлқына, іс-әрекетіне байланысы жоқ тысқары дүниенің себебінен пайда болатын сәтсіздіктер, апаттар, бақытсыз жағдайлар. Одан адамның басына ойламаған жағдайда кенеттен тап болады. Мұндай жағдайдың салдарынан оған тап болған адам әр түрлі күйге түседі. Өзінің жеке басының басына ойламаған жағдайда кенеттен тап болады. Мұндай жағдайдың салдарынан оған тап болған адам әр түрлі күйге түседі. Өзінің жеке басының ерекшелігіне байланысты әр адамның жан дүниесінде әрқилы психологиялық сипат туады. Біреулер кенеттен туған бақытсыз жағдайда тілден айырылғандай мелшиетін болса, екінші біреулер дауыс көтерін жылайды. Үшіншісінің көз жасы көл болып еңіресе, төртіншісі ұстамдылық етіп, өзін-өзі ұстай біледі, бойын билеген дегбірсіздіктен тез құтылады. Әрине, кенеттен болсын, біртіндеп болсын адам басына тап болған ауыртпашылық оның жан дүниесіне дақ

салмай әр адам әр түрлі жолмен арылады. Адам жанына түсетін мұндай жарақаттар психикалық жарақаттар, деп аталады. Психикалық жарақаттың ерекше бір қасиеті оның сырттан онша білінбей жан-дүниесінің терең түбінде жатуында [3].

Адамның көңіл-күйіне түсетін ауыртпашылықтардың түріне кісі- аралық қым-қыйғаш қарым-қатынастарда жатады. Күнделікті өмірде адамдар өзара қарым-қатынастарда іс-әрекет жасайды, еңбектенеді, көңіл көтереді, т.б.сол сияқты тіршілік өмір жүріп жатпақшы.

Жоғарыда айтылған жанға түсетін ауыртпашылықтар әр адамның жанына әр түрлі әсер жасап қана қоймай, оған әр түрлі із де қалдыратынында. Қиыншылыққа ұшыраған біреулер оны қайсарлықпен жеңуге тырысса, екінші біреулер сағы сынып, сарыуайымға беріледі. Қайсы біреулер қиындықты елең етпей есінен шығаруға тырысады. Енді біреулер не болса соған күйіп-піседі. Біреулер ауыртпашылықтарды тез ұмытса, қайсыбіреулердің көңілінде ол жоғалмайтындай із қалдырады.

Мұның бәрі әр адамның жеке мінездерінің ерекшеліктеріне байланысты. Дегенмен де, ауыртпашылықтар қай адамның болса да көңіл– күйіне салмақ түсірмей, із салмай қоймайды, тек оның әсері әркімге әр түрлі.Мысалы, адамаралық қайшылықтарға біреу жауап беріп, ашу шақыра айқаса түссе, екінші біреу сыр білдірмей ашуын ішінен тындырады.

Жан күйзелісі түрлі қарым-қатынас жағдайында пайда болып отыратын барлығымызға мәлім. Күйзеліс - (латын тілінен conflictus - күйзеліс) қарама - қарсы бағыттағы оппоненттердің, субъектілердің мақсаттарының, көзқарастары-ның, бағыттарының қарама-қайшылықтары.

Н.И. Шевандрин біздің эмоциямызға негізделген келесі кедергілерді көрсетіп берді:

Жек көру және жиренгіштік кедергісі - күнделікті өмірде жиі кездеседі. Қолайсыз иістер, тер қолдар, әңгімелесушіге тым жақын жүру әдеті - бұның бәрі қарым-қатынастағы серіктесінің жиренгіштік сезімін туғызады. Ал мұның алдын алу үшін гигиена мен әдетке жиі көңіл бөлу керек.

Уайым мен қайғырудан пайда болатын қарым-қатынастағы кедергімен кез-келген адам кездеседі. Қайғырудың адам ойын өзіне аударатыны соншалық, ол адамның ойын басқа адамдарға бұру өте қиын. Қайғыруға себеп әдетте трагедиялық оқиғалар, өзінің жағдайына қанағаттанбаушылықтан, артық физикалық шаршауды сезінуден пайда болады.

Қорқыныш кедергісі - тұлғалар арасындағы қарым-қатынаста кедергі жасайтын жеңуі қиын кедергілердің бірі. Кейбір адамдарда өмірлік қиын жағдайлардан қорқыныш тез туындайды. Қорқыныштың себептері түрлі болып кетуі мүмкін. Сіз бұл қорқыныш кедергісін жеңе алуыңыз, оны қаншалықты дұрыс шеше алуыңызға байланысты.

Ұят пен кінә кедергісі - бұл басқа біреудің немесе өзіне деген қолайсыздықтан туатын кедергі. Ұят адамды сынау немесе жақтау кезінде пайда болады. Ұят пен кінәнің әңгімелесушімен қарым-қатынасты үзетін кездері аз емес. Артық ұялушылықтан зардап шегетін және ұятқа мойынсынбайтын адамдар да бар. Соңғылары өзінде психологиялық қорған құрып алған. Олар көп жағдайларда, оларға сын айтқандарды тыңдамайды, өзіне ақтаушы мотивтер іздейді. Өте төмен және өте жоғары кінәні сезіну адамдар арасындағы психологиялық қарым-қатынасты бұзады [4].

Күштеу шектеулер туралы біз серіктестердің біреуі тұлғааралық қарым-қатынасқа дайын болса, басқасы қандай да бір себептер арқылы бұдан өтіп кетіп,вербальды немесе вербальды емес жолдарды қолдана отырып, өзінің серіктесін тура соны істеуге мәжбүрлеуінен көреміз. Осындай қарым-қатынасты әйгілі Шекспир сахнада бейнелеп берген болатын, оны Рамеоның Капулетти әулетімен достасуға

тырысқан көрінісінен көруге болады. Осындай шектеудің ішінен мынандай кедергілерді көрсетуге болады:

Жек көрушілік кедергісі - мінездің бейнеленуін көрсетеді, бірақ бұл кейде нәсілдік немесе ұлттық кемсітушіліктен көрінеді. Кейбір жағдайда ғана болмаса, оны жеңу қиын.

Қабылдау кедергісі - түсініксіз ойды айтуда, әңгімедегі ойдың дұрыс құрылмауы, т.б. жағдайда пайда болады. Ойдың дыбысталуы, мағынасына қарағанда маңызды емес. Аз эмоционалды сөздің адамның жүрегі мен жанына жол табуы қиын.

Жоғарыда айтылған сыртқы шектеулермен қатар, қарым-қатынас кедергісі ретінде басқа да факторлар конфликтінің пайда болуына әсер етеді. Көбіне ішкі психологиялық кедергілермен күйзеліс жиі кездеседі. Кез- келген конфликт өздігінен пайда болып, ізсіз жоғалып кетпейді. Кез-келген әрекеттің астында қарым-қатынастағы әріптестердің мақсаттар, ал конфликтінің артында -қарым-қатынастағы серіктестердің мақсаттары мен тілегінің келіспеушілігі жатады. Әйгілі психолог М. Аргайл қарым-қатынастың маңызды мотивтері, конфликтінің себептері ретінде: өзіндік таным, рухани және эмоционалдық байланыс, басқару, агрессия, басқаларды өзіне бағындыру сияқты т.б. себептерді көрсетіп береді.

М. Дойчтің еңбектерінде күйзеліс тың екі түрі аталады: диструктивті және продуктивті. Диструктивті күйзелістердың анықталуы көбінесе қарапайым түсінік пен сәйкес келеді. Күйзелістің осындай типі өзара әрекеттің шайқалуына әкеліп соғады. Диструктивті күйзеліс өзін тудырған себептерден тәуелсіз болған. Оған спецификалық даму тән, нақтырақ айтсақ күйзеліске тартылған қатысушылардың санының көбеюі, олардың Жан күйзелісі әрекеттер мен бір-біріне деген жағымсыз істердің санының өсуі, т.б [5].

Келесі – күйзеліс тың «эскалациялық» сипаты бұл жан күйзелісі жағдайдың өрши түсуі, қарсыласына деген жек көрініштің өсуі. Күйзеліс тың мұндай түрін шешу әсіресе қиын болатын, мұны шешудің негізгі тәсілі келісімге келу мұнда жетістікке жету үлкен қиыншылық тудырады.

Продуктивті күйзеліс - көбінесе белгілі бір мәселеге байланысты түрлі көзқарастардың және оның шешілуінің түрлі жолдарының болуына байланысты. Мұндай жағдайда күйзеліс тың өзі мәселені түсінуді қалыптастырады. Қорыта айтқанда, қарым-қатынастағы күйзелістер біздің өміріміздің түрлі қырлары мен формаларының әлеуметтік-экономикалық және техникалық дамуының ерекшеліктеріндегі және адамның еңбек іс-әрекетіндегі психологиялық білімдерінің рөлі арта түсуде.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. Никифорова Г.С. Психологическое обеспечение профессиональной деятельности. – СПб.: Мир, 1991. – 355 с.
2. Губачёв Ю.М. Эмоциональный стресс в условиях нормы и патологии человека. Карвасарский и другие – Л.: Книга, – 2002. – 230 с.
3. Қалымбетова Э.К. Еңбек психологиясы. Алматы, 2008. – 158 б.
4. Оспанбаева М.П. Педагогтердің эмоциялық күйзелістерінің алдын алу шаралары: Ұстаздардың біліктілігін арттыру жүйесінде инклюзивті білім беру (оқу құралы). – Тараз., 2018. - 37 – 39 бб.
5. Макаров В.В. Синдром эмоционального выгорания у врачей различных специальностей // Психическое здоровье. – М., 2016. - № 3. - С. 60-67.

**ӘОЖ 159.922.7(045)**

# БАЛАЛАР ҚОРҚЫНЫШЫН ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛАУ ЖОЛДАРЫ

**Аллаберді Ф.,студент**
**Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада балалардағы қорқыныш, үрей туралы сөз болады. Қорқыныштың анықтамасы, олардың пайда болу себептері, қорқыныш пен үрей проблемасын зерттеген ғалымдардың пікірлері баяндалады. Қорқыныш пен үрей себептерінің бірнеше топқа бөлінуі және бастауыш мектеп жасындағы балаларда қорқыныш пен үрейдің пайда болуының алғышарттары айтылады.

Балалардағы қорқыныш пен үрейді жоюдағы арттерапияның мақсаты және артерапиялық әдістемелердің түрлері: музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия, изотерапия әдістерін қолдану жолдары сөз болады.

**Түйінді сөздер:** қорқыныш, үрей, балалар, алғышарттар,арттерапия, әдістемелер, музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия, изотерапия, сурет салу .

Қорқыныш индивидтің-биологиялық немесе әлеуметтік тіршілік етуіне қауіп төнген ситуацияда пайда болатын, ақиқат немесе қияли қауіп-қатерге бағытталған эмоция. Өмірдегі ситуациялардағы сынақ сәтттерде кездейсоқ жағдайларда эмоцияналды мазасыздық туындап, күрделі психологиялық мәселелерді, қиындықтарды, шешілген немесе шешілмеген қабылдау көрінісін елестетуге болады. Күнделікті өмірде әртүрлі қиыншылықтардағы мазасыздық, сонымен қатар адамдарда туындайтын уайым бұл қорқыныш пен үрейдің пайда болуына әкеледі.

Балалардағы қорқыныш проблемасымен көптеген ғалымдар айналысқан Ш.Левис, А.М. Прихожан, И.К. Макшанцев, Е.Г. Макарова, А.И. Захаров, А.А. Осипова, С.Боулби, Т.Рэчмен, В.Р.Кисловская және т.б. өз еңбектерінде қарастырған[1,2,3]. Балалық қорқыныштар, үрейлер егер де оларға дұрыс қарап, пайда болу себептерін түсінсе, көп жағдайда ондай қорқыныштар ізсіз жоғалып кетеді. Егер де олар ауыртатындай күрделі немесе көпке дейін сақталса, онда ол баланың физикалық және нерв жүйесінің әлсіздігін, жанұядағы конфликті жағдайдағы ата-ананың өзін дұрыс емес ұстануы туралы айтып, жақсы белгілерден еместігін көрсетеді. Балаға әсер етіп, қорқынышынан арылуға көмек беру үшін, ата-анаға қорқыныштың не екенін, қандай қызмет атқаратынын қалай пайда болып, дамитынын және балалардың ең көп қорқып, оның неліктен екендігі туралы білуі қажет.

Баланың көзінше өлім, ауру, өрт, өлтіру туралы әңгімелер оның психикасына еніп, оған нұксан келтіреді. Егер де тіпті бала күтпеген шу немесе түртуден шошынатын болса да, осының бәрі қорқыныштың шартты - рефлекторлы сипаты жайында сөйлеуге негіз береді. Қорқыныш пен мазасыздықтың психологиялық және мінез-құлықтық реакциялары сан-қилы, әлдеқалай және ғажап. Қорқыныш пен мазасыздық, үрей әдетте, шешім қабылдауға, қиналуға, қимыл-қозғалыс координациясының бұзылуына әкеліп соқтырады. Қорқыныштың себебі болып қауіптің басы болатын жағдайлар, шарттар, оқиғалар болуы мүмкін. С.Боулби қорқу себебі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін бір нәрсенің қатысуынан да болуы мүмкін деп көрсетеді. Қорқыныш затретінде қандай да бір адамды немесе объект бола алады. Кейде үрей нақты ештеңеге байланысты болмауы мүмкін, олар жөнсіз қорқыныштар

ретінде қайғырылады. Қорқыныш пен үрей жапа шеккеннен де болуы мүмкін, бұл балалық шақта сезімдер арасында байланыстың тууына байланысты. Қорқыныш пен үрей себептерін бірнеше классқа бөлуге болады. Бастауыш мектеп жасындағы балаларда қорқыныш пен үрейдің пайда болуы.

Көптеген балалар психикалық дамуында қорқынышқа деген жоғары сезімталдықтың бірнеше жас ерекшелік кезеңдерінен өтеді. Бұл қорқыныштардың бәрі өтпелі сипатқа ие, бірақ олар мазасыз ата-анасының ойында қалып қоятын қорқыныштарды қайта жандандыруы мүмкін. Ересектердің үрейі жанұядағы балаларға беріледі. Бұл қорқыныштардың берілуінің ең типтілік психологиялық жолы. Көптеген қорқыныштар балаға санасыз беріледі, бірақ кейбір қорқыныштар, дәлірек қауіптер, оған танылатын бағалы бағдарлар жүйесі күштеп сендірілуі мүмкін. Сөйтіп, қорқыныштардың өздері емес, елеудің кейбір жалпы қасиеттері тұқым қуалайды.

Оқу жүктемесін әртүрлі себептермен игере алмай жүрген бірінші сынып оқушылары, уақыт өте келе үлгермеушілер қатарына ілігеді, ол өз кезегінде, невроздарға, мектептен қорқушылыққа алып келеді. Мектепке дейін үлкендермен және құрбыларымен қарым-катынас жасаудың тиісті тәжірибесін алмаған, өзіне-өзі сенімсіз оқушылар, үлкендердің күткен нәтижелерін ақтай алмай қалуға қорқады, мектеп ұжымына бейімделу қиындықтары мен қорқыныш сезінеді. Бұл қорқыныштың негізінде қателік жасауға, ақымақтық қылуға және сол үшін күлкіге ұшырауға деген қорқыныш жатыр. Мұндай балалар көбінесе тақтаның алдында жауап беруге қорқады. Әсіресе осы тақтаның алдында олардың қорғансыздығы толық көрінеді.

Кейбір балалар үй тапсырмасын орындағанда қателік жіберсе, зәре-құты қашып қорқады. Бұл ата-анасы оларды шұқшия тексеріп және қателікке драмалық мән берген жағдайда болады. Ата-анасы баланы жазаламаса да, психологиялық жазалау бәрібір сезіліп тұрады. Бастауыш мектеп жасындағы бағалау іс-әрекеттің нақты нәтижесін ғана бағалау емес. Оны бала өзінің тұлғасын бағалау деп түсінеді. "Сен жамансың, өйткені сен жаман оқисың",- деген сөздер айтылады балаға. Ол онымен келіседі, соның негізінде беймәлімдік, сенімсіздік сезімдерімен және әртүрлі қорқыныштармен жалғасқан шешілмейтін ішкі қайшылық пайда болады.

Бірқатар жағдайларда мектептен қорқу, құрбыларымен қақтығыстан, олар жағынан шығатын дене қара күштен қорқудан туындап отыр. Әсіресе бұл эмоционалды сезімтал, әлеуметтік-мәдени және педагогикалық олқылығы бар балаларға тән.

Жас өсе келе осы тәрізді қорқыныштар өзінің сипатын өзгертеді, кейде мүлдем жоғалып кетеді. Бірақ ұзаққа созылу сипатына қарай олар балада әлсіздік, өзінің сезімдерін игеруге, бақылауға қабілетсіздікті тудырады. Мектептік қорқыныш баланың психологиялық жайлылығын ғана емес, сонымен қоса балалар неврозының дамуына да ықпал етеді.

6-7 жаста қорқыныштарды жою мақсатты түрде күш салуды қажет етеді. Бұл жерде балалардың шығармашылығын пайдаланбай кету мүмкін емес, яғни сурет салу немесе ойындар, сонымен бірге балаға құрбылармен өзара қатынасты құруға көмектесу қажет.

Балалармен жұмыс жасауда психотерапевтік жұмыстың икемді түрлерін қолдану өте маңызды. Психотерапевтикалық әдістер проблеманы уайымдауға адам қалай дайын болса, солай ішіне еніп кетуге мүмкіндік береді. Ал бала болса, әдетте онымен не болып жатқанын да сезінбейді.

Қазіргі уақытта қандай да болмасын психологиялық проблемасы бар адамдарға көмек көрсету үшін көп әдістер мен тәсілдер қолданылады. Соның бірі психотерапевтік бағыт. Ал балалармен жұмыс кезінде тиімді әдістің бірі-арттерапия[2].

"Арттерапия" терминін санаториядағы туберкулез ауруына шалдыққан науқастармен жұмысын сипаттау барысында Адриан Хилл (1938) қолданысқа енгізген.

Бұл сөз тіркесі психикалық денсаулық орталықтары мен емханаларда өткізілген өнер сабақтарының барлық түрлеріне байланысты қолданылған.

Арттерапия - өнерге негізделген, соның ішіндегі негізінен шығармашылық және бейнелеу іскерлігіндей қолданылатын психотерапияның арнайыланған формасы.

Бастапқыда арттерапия К.Г.Юнг пен З.Фрейдтің теориялық идеялар контекстінде пайда болған, ал одан кейін К.Роджерс пен А Маслоудың жеке адам дамуының гуманистикалық модельдерін қоса, кеңінен концептуалды базаға иемдене бастады.

Арттерапияда әдістемелердің түрлілігі өте көп. Мысалы, музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия және т.б. Солардың ішіндегі әсіресе изотерапияға жеке тоқталып өтеміз.

Изотерапия сурет салу арттерапия түрлерінің бірі болып табылады.

Сурет салу - балаға өз-өзін сезініп және түсінуге, өз ойы мен сезімін еркін шығаруға, қатты уайымдар мен конфликтерден босануға, эмпатияны дамытуға, өзімен өзі болып сурет салуды ағзаны жетілдіру бағдарламасының орындалу жолдарының бірі ретінде қарастыруға бейім.

Сурет сала отырып, бала өзінің сезімдерін, арман-тілектерін шығарады, түрлі ситуациялардағы қарым-қатынасын қайта құрастырып, кейбір қорқынышты, жағымсыз, жарақаттайтын бейнелермен ауыртпалықпен жақындайды. Осылай сурет салу өз мүмкіндіктерін мен айналадағы шындыққа жету әдісі, ара қатынасты модельдеу мен әртүрлі, соның ішінде жағымсыз, негативті эмоцияларды сыртқа шығару әдісі ретінде көрсетіледі. Сондықтан сурет салу психикалық қысымды, стресстік күйлерді алып тастауға, невроздар мен қорқыныштарды коррекциялау үшін кең қолданыс тапқан.

Изотерапияның тағы бір әдісі: Ол - жобалық сурет. Бұл әдіс өзінің екі мінезділігімен қызықты. Бір жағынан бұл керемет диагностикалық әдіс, екінші жағынан ол психокоррекционды әсер етудің барлық қажетті техникаларға ие[4].

Салуға ұсынылатын тақырыптар жалпы топтық та, жеке де проблемаларға қатысты болатындай әртүрлі болуы мүмкін. Әдетте сурет салу тақырыптары мынаны қамтиды:

1.Өзінің өткені мен қазіргі кезең ("Балалармен араласудағы менің ең басты проблемаларым", "Өзімді сенімсіз сезінетін өмірлік жағдайларым", "Менің күнделікті күнім"),

2.Болашақ немесе абстрактылы түсініктер ("Кім болғым келеді", "Үш арманым", "Бақыт аралы", "Үрей");

3.Топтағы қарым-қатынас ("Топ мен үшін және мен ол үшін не бердім", "Топта қарым-қатынастан не алдым және одан күткенім").

Жобалық суретте келесідей әдістер (Кратохвил классификациясы) қолданылады:

Еркін сурет салу: (әрбіреуі не қаласа соны сала береді). Суреттер жеке-

жеке орындалып, топ ішінде талқыланады. Тақырып не беріледі, не өздігінен топ мүшелерімен таңдалынады. Сурет салуға 30 минут беріледі, одан кейін суреттер ілініп, талқылау басталады. Әуелі сурет туралы пікірін топ мүшелері, ал одан кейін автордың өзі айтады. Сурет интерпретациясындағы айырмашылық талқыланады.

Бірігіп сурет салу: Бірнеше адам (не барлық топ) тып-тыныш бір бетке сурет салады (мысалы, топты оның дамуын, ондағы көңіл-күй мен атмосфера және т.с.с). Сурет салу аяқталысымен әрбір топ мүшесінің қатысымы, қосқан үлесінің мінезі және сурет салу процесіндегі басқа қатысушылармен қарым-қатынасының ерекшеліктері айтылады.

Қосымша сурет салу: Сурет топ арасында жіберіледі - біреуі бастап салады, келесісі бір нәрсе қосып жалғастырады және т.с.с.

Дайын суреттермен жұмыстың екі түрі бар:

1.Барлық суреттердің бір мезгілдегі демонстрациясы, көру және салыстыру, жалпы салыстыру, жалпы және айрықша мағынаның бірігіп табу.

2.Әр суреттің бөлек талдануы ол қолдан қолға өтіп, қатысушылар ол туралы психологиялық мазмұнын айтады.

Балаларға мына тақырыптарға да сурет салуды ұсынуға болады: «Мектепте», «Далада, аулада», «Жанұя», «Мен қандай қорқынышты түс көремін немесе мен күндіз неден қорқамын», «Менде ең жаман немесе ең жақсы қандай жағдайлар болды», «Мен кім болғым келеді» т.б.

Суреттерді зерттеу баланың қызығушылықтарын, әуестіктерін, темпераменттерінің ерекшеліктерін, көңіл-күйін және ішкі әлемін жақсы тусінуге мүмкіндік береді. Мысалы, суреттегі сұр түстердің көптігі және қара түстің басымдығы өмірге құштарлықтың жоқтығын, көңіл-күйдің темендігін, баланың өзінің шамасы келмейтін қорқыныштардың көптігін білдіреді. Керісінше ашық, қанық, көзге жағымды түстер белсенді өмір тонусын және оптимизмді көрсетеді. Бояумен салғандағы кең құлаш, көлемділік, алғашқы сюжетті өзгертетін алдын-ала және соңынан кескіндеуі жоқ сурет сенімділікті және нық шешімділікті білдіреді. Жоғары қозушылық және әсіресе шектен тыс белсенділік суреттің тұрақсыздығынан, көмескілігінен немесе сызықтардың нақты, бірақ бір-бірімен қиылысып жатқандығынан байқалады. Тежелуі және мазасыздығы бар балалар суретті аз салады, оған қарағанда басқа іс-әрекет түрлерін қалайды. Сурет сала бастағанда түрлі-түсті қарындаштармен салған дұрыс. Сурет салардан бір ай бұрын балаларға үйде сурет салуға тапсырма беруге болады, ол кейіннен үйде белсенді сурет салуға қызығушылықты тудыру үшін қажет. Оның болмауы психикалық дамуды жүдетеді және қандайда бір қиыншылықтың барлығын білдіреді[5].

6-7 жаста қорқыныштарды жою мақсатты түрде күш салуды қажет етеді. Бұл жерде балалардың шығармашылығын пайдаланбай кету мүмкін емес, яғни сурет салу немесе ойындар, сонымен бірге балаға құрбылармен өзара қатынасты құруға көмектесу қажет.

Психотерапиялық әдістер проблеманы уайымдауға адам қалай дайын болса, солай ішіне еніп кетуге мүмкіндік береді. Ал бала болса, әдетте онымен не болып жатқанын да сезінбейді. Қорыта айтқанда, олардың бойында қорқыныш симптомдары жойылғанша тұрақты түрде, психотерапевтік әдіс-тәсілдерді қолдану өте тиімді болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. Юнг К.Г.Об отношении аналитической психологии к поэтико-художественному творчеству. -М., 1923.- 178 с.
2. Захаров А. И. Дневные и ночные страхи у детей. –СПб.: Изд. «Союз», 2004 С. 55-59.
3 Прихожан А.М. Психокоррекционная работа с тревожными детьми.– М., 1990. -165с.
4. Копытин С.А., Основы арттерапии. СПб., 1999. –190с.
5. ЗахаровА.И. Как помочь нашим детям избавиться от страха. С–Пб., 1995, С.31-32.

**ӘОЖ 159.973**

# АУТИСТ БАЛАЛАРМЕН ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ

**Жанадилова А.**
**Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада аутист балалардың психологиялық ерекшеліктері, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу проблемалары, аутизм классификацияларына сипаттама беріліп, олармен жүргізілетін психокоррекциялық жұмыстар, әдіс-тәсілдер туралы сөз болады. Сонымен қатар, аутизм проблемесы туралы отандық және шетелдік тәжірибелерге салыстырмалы талдау жасалады.

**Түйінді сөздер:** аутизм, аутист, бейімдеу, психокоррекция, арттерапия, иппотерапия, дельфин терапиясы, пет-терапия, аутизм классификациясы.

Аутизм - (гр.autos - өзім) - адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл күйі. Бұл терминді 1912 жылы Э. Блэхер адамның ішкі эмоциялық кажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген [1].

Қазақстанда да аутизммен ауыратын балалар жиі кездеседі. 2002 жылғы мәліметтер бойынша олардың саны 93 болса, 2009 жылы ол 326 -ға жетті. Психологиялық- медициналық-педагогикалық консультациялардың статистикалық мәліметтері бойынша Каннер синдромы бар балаларды жынысына қарай бөлгенде, ұл балалар қыз балаларға қарағанда 3-4 есе көп болып отыр.

Аутист балалардың көріп есте сақтау қабілеттері жоғары болады. Сондықтан бұл балаларға көбінесе глобальды оқыту әдістемесі көптеген жетстіктермен қолданылып келеді. Математика және музыкадан дарынды, бірнеше тілдерді меңгеруі де мүмкін. Көптеген белгілі тұлғалар жас кездерінде аутизм синдромына шалдыққан. Бірақ бұл дерт олардың өз армандарын жүзеге асыруларына кедергі жасамады. Алайда, бұл қасиеттер әдеттегі жастан кейінірек байқалады. Сол себепті, аутизм синдромы бар балалар арнайы интернаттарда емес, отбасы жағдайында тәрбиеленулері керек. Аутизм синдромы – баланың ерте жас кезеңіндегі дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік қоршаған ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді.

Педагогтар мен психологтардың аутист балалармен жұмыс жүргізулерінің мамандандырылған біліктіліктері болмағандықтан, олар аутист балаларда арнайы білім беру ұйымдарында оқытудан бас тартады. Көптеген аутист балалар үйде оқытылылады, ал бұл оларды құрдастарынан және әдеттегі қалыпты өмірден оқшаулайды.

Бала аутизмі – бұл сан қырлы бұзылыстарға жататын, психологиялық дамудың өзіндік бұзылысы. Аутизмдегі әр түрлі ауытқушылықтардың арасынан бала аутизмі синдромының негізгі және міндетті үш белгісін ерекшелейді:

1. Қарым-қатынастың сапалы бұзылыстары;
2. Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің сапалы бұзылуы;
3. Тәртіптің стереотиптік түрлері.
4. Сәби жастағы немесе ерте жастағы бұзылыстарда биологиялық шығу тегіне және психикалық бұзылыстарға тән ремиссиясыз және асқынусыз тұрақты ағымы көрсетіледі. Бала аутизмі психиканың барлық жақтарындағы: танымдық және

эмоциялық аймақтағы, сенсорлық және моторлық дамудағы, сондай-ақ жоғары психикалық қызметтердің, еркін тәртіптің, сананың және тұлғалық қалыптасуындағы бұзылыстарда байқалады дизонтогенезді білдіреді.

Балалардағы аутизм бұрмаланған (асинхрондық) даму ретінде сипатталады, бұнда психикалық дамудың жеке жақтарының бірі уақытында, екіншісі алға кетіп, ал үшіншісі дөрекі тежеліспен даму мумкін, сонымен бірге олардың дамуы қалыптыларға да, тежелген онтогенезге де дәл келмейді.

Аутист баланың психикалық дамуының ерекшеліктеріне тоқталсақ. Аутист балалардың ата-анасы және оларды бақылайтын бала дәрігерлері әдетте олардың өмірінің бірінші жылында нәрестенің психомоторлық дамуындағы қандай да біраутқушылықтарды байқамайды. Көптеген аутист балалардың психофизикалық дамуы олардың өмірінің бірінші жылында жас шамасы нормативтеріне сәйкес болады. Баланың эмоциялық дамуы да оның бір жасқа дейінгі жас ерекшеліктеріне қарай одан психикалық жоғары белсенділікті күтпейтіндіктен ата-анасын көп алаңдатпайды.

Сонымен бірге мамандарға аутист балалардың психикалық ерекшеліктері олардың өмірінің алғашқы айларында-ақ, әсіресе ерте аффекті немесе эмоциялық-коммуникативті саласының дамуынан байқалатыны жақсы мәлім.

Егер, түзету, реабилитациялық жұмыстарды ерте жастан бастаса, әрине, баланы мұндай күйден шығаруға болады деген тұжырымдар қалыптасқан. Бірақ, балаларға ерте жастан қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау дағдылары үйретілгенімен, аутистік көзқарастар мен міне-құлықтағы аутистік белгілер толықтай жойылмайды. Арнайы түзету көмегі көрсетілген балалар есейгенде әлеуметтік өмірге толық қосылып кете алмайды екен. «Аутизм белгілері, ғылыми деректерге сәйкес, ерте жаста, яғни үш жасқа дейін байқалады. Көпке дейін аутизмнің этиологиясы анықталмай келсе, кейінгі бес жылдағы зерттеулерде негізгі себептер ретінде мидағы синапстық байланыстардың жетілуіне кедергі жасайтын гендік себептерді көрсетеді. Тағы бір мәліметтерде қарама-қайшы тұжырымдар жасалады: нәрестелерге жасалатын вакцинациялар, вирустық науқастардың салдары, ата-ананың балаға деген көзқарасы, отбасындағы әлеуметтік жағдайлар т.б.» [2]. Аутизмнің себебін мультифакторлы механизммен түсіндіргенмен, оның алдын алу, жеңілдету немесе емдеу әдістерін іздестіру ісі қазіргі күні бүкіл әлемде белсенді жүзеге асып жатыр. Әсіресе, аутистер саны жағынан Америка Құрама Штаттарында өте көп, соған сәйкес бұл елдерде жүргізіліп жатқан зерттеулер мен тәжірибелер де басым, одан кейінгі кезекте батыс елдерінің зерттеулеріне сүйенеміз. Заманауи арнайы педагогика мен психологияда аутизмді емдеудің дәстүрлі және дәстүрлі емес, инновациялық жолдары мен әдістері толып жатыр. Әрине, кез келген әдістің тиімді-тиімсіз болуы немесе нәтижелі-нәтижесіз болуы оның дұрыс ұйымдастырылып, жүйелі қолданылуына байланысты. «Киев қалалық клиникалық психоневрологиялық аурухана дәрігері А.Чуприков психологиялық және дәрімен емдеуді альтернативалық әдістермен қатар қолдануды ұсынады. Мысалы, дәстүрлі емес әдістер - дельфин терапиясы, иппотерапия (жылқының көмегімен), канистерапия (иттің көмегімен). Қазіргі күні Украинада дельфин терапиясы жақсы дамып келе жатқандығын айтады. Дельфиндер баламен ойнай біледі, әрі олардың шығаратын ультра дыбыстары аутист балалардың назарын аудара алады. Ал иппотерапия ұзақ уақытты қажет етеді екен, кемінде бір жыл айналысу керек. Канестерапия да аутист балалар үшін оң нәтижелер көрсеткен. Иттер өзінің биофизикалық қасиеттерімен балаларға жағымды әсер етеді екен. Кез келген пет-терапия (жануарлардың көмегімен) балалар үшін оң әсер етеді, балаларды қарым-қатынасқа, сезімге үйретеді»[3]. Дельфин терапиясы қазіргі кезде АҚШ-тың медициналық тәжірибесінде кеңінен қолданылады. «Дельфинтерапиясы – ультрадыбыспен емдеу. Дельфин емдік қасиеті бар ультрадыбыстық толқындар мен

қимыл-қозғалыс белсенділігін және өте күшті психологиялық әсер туғызады. Медицинада ультрадыбыстар сонофорез немесе фонофорез ретінде қолданылады, яғни, ағзадағы жеке тіндер мен ұлпаларға, мүшелерге «массаж» жасайды, тіндерге белсенді заттардың енуін қамтамасыз етеді. Сәйкесінше, тіндер арасындағы зат алмасу жақсарады, сұйықтықтар айналымға түседі. Сондай- ақ, дельфиннің ультрадыбыстық сигналдары ауырсыну сезімін басатын анальгетик»[4].

Біздің елімізде кейінгі жылдары иппотерапия әдісі кеңінен қолданылып жүр. Әсіресе тірек- қимыл аппараты зақымданған балаларды емдеу мақсатында қолданылып жақсы нәтижелерге қол жетуде. Иппотерапия балалардың ойлау, есте сақтау, зейін қабілеттерін дамытады. Ат үстінде отыру адамнан үнемі зейінін шоғырландыруды, жинақылықты, дәлдікті, өзінің әрбір қимылын бағу мен басқаруды, жоспарлауды талап етеді. Бұл, әрине, өз кезегінде психикалық үдерістерді белсенділендіреді. Сонымен бірге, жылқымен сөйлесу, сипау, алақанмен жайлап қағу т.б.әлеуметтік қарым-қатынас жасауға жақсы тәжірибе болып табылады. Жылқы жануарының биоөрісі өте күшті болғандықтан, адамға жағымды, оң энергия бере алады. Ал иппотерапияны аутизмі бар балаларға қолдану тәжірибесі алғаш Америкада ұсынылған. «Иппотерапия – адамның бұлшық ет балансын қалпына келтіруші, әрі сенсорлық дамытушы әдіс. Аттың басын ұстау (жүгенді басқару) когнитивтік, эмоциональдық қиындықтарды жеңуге, баланың өз тәртібі мен әрекетін басқара білуге үйретеді. Иппотерапияны аутизм, церебральды паралич, бұлшық ет склероы, Даун синдромы жағдайларында қолдану пайдалы екендігі дәлелденген» [5]. Арт-терапия да қазіргі уақытта кеңінен қолданысқа ие болған әдістердің бірі. Арт-терапия ең алдымен ұсақ қол моторикасы мен қиялды, қол мен саусақ координациясын, шығармашылық қабілеттерді дамытады. Өнер арқылы балалар өз ойлары мен сезімдерін жеткізуге, өзара қарым-қатынас жасауға үйренеді, өзара сенім атмосферасы туындайды. Аутизмдегі ең негізгі белгі – вербальдық және әлеуметтік коммуникация қиындығы. Олар тілдік қарым-қатынас жасаудан мүлдем бас тартуы мүмкін. Сондықтан олар өз сезімі мен ойын сурет, бейне, түстер арқылы жеткізе алады. «Сиднейдің Маккуэри Университетінде құрылған білім алу қажеттілігі ерекше балаларға ерте көмек көрсету бағдарламасының мазмұнында арт-терапия негізгі әдістер тобына енгізілген, себебі бейнелеу немесе қол еңбегі барысында балалар өзара қарым-қатынас жасайды, өз ойлары мен сезімдерін жеткізуге үйренеді» [5]. Сонымен аутизмді жоюдың ең тиімді жолдары мен әдістері қандай деген сұраққа жауап беретін болсақ, олар - дұрыс ұйымдастырылған және жүйелі түрде жүргізілген жұмыстар кешені. Сондай-ақ, ойын терапиясынан бастап кешенді биомедициналық терапияларға дейін, барлығының қолданылуында, ең алдымен, баланың жеке ерекшеліктерін есепке алу қажет.

Демек, әр баланың ағзасының өзіндік ерекшеліктері мен мінез-құлқына, жас мөлшеріне сай жеке емдік-түзету бағдарламасын құру шарт. Себебі, түзету-емдеу әдістерінің бірі нәтижесіз болса да зиянсыз болғанымен, енді біреулері қате немесе шамадан тыс қолданғанда кері әсерін тигізуі мүмкін екендігін ұмытпаған жөн.

Акутистикалық спектр және дамудың басқа да ауытқуларына дәрігер-невропатолог, дәрігер-психиатр, психолог, логопед, педагог-дефектолог сияқты мамандар диагноз қояды. Балаларға диагностика клиникалық, психологиялық-педагогикалық және арттерапия, аудио-вокалдық жаттығулар, сенсорлы интеграция әдісі, сияқты халықаралық стандартталған әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Соның ішінде сенсорлы интеграция әдісіне тоқтала кетсек: Сенсорлық интеграция әдістемесі - көп адамдар денесін сезініп, сезімдерін сәйкестендіріп, қоршаған ортаны сол арқылы тануға тырысады. Ал аутизм диагнозы бар балаларға ол қиынға соғады.

Сенсорлы интеграция терапиясы баланың қоршаған орта тітіркендіргіштеріне тым қозып отырғанын, немесе қоршаған ортаның аса әсер етпегенін болжап, анықтауға

көмектеседі. Осылайша, сенсорлы интеграцияның мақсаты – мидың сенсорлы ақпаратты өңдеуін жүзеге асыру. Сол арқылы бала күнделікті өмірде сол ақпаратты қолдана алады.

Сенсорлы интеграцияның мысалдары:

- гамакта тербелу (кеңістікте бағдарлану);
- музыкаға билеу (есту жүйесі)
- бұршақ толтырылған қораптармен ойын (тактильді сезімдерін дамыту);
- тунельде жорғалау (кеңістікте бағдарлану және жанасу);
- қозғалып тұрған шариктерге жанасу (көру сезімі мен тактильді бағдарлануы);
- орындықта айналу (тепе-теңдік және көру қабілетіне әсер);
- бөренеде тепе-теңдік ұстап тұру (тепе-теңдік сақтау)[6].

Аутизмі бар баланың әлеуметтік табыстылығы көп жағдайда, оның отбасының психологиялық қолдауына байланысты. Сонымен бірге баланың проблемаларын дер кезінде анықтап, оған дәрігерлер, психологтар, педагог-дефектологтар, әлеуметтік қызметкерлер, тәрбиешілер тарапынан көрсетілетін көмектер және қолдауды ерте жастан қажет болған уақытта көрсету және ата аналардың қолдауы, келісімі, үйден қайталауы маңызды.Аутизмі бар балалар өздерінің мүмкіндіктеріне және мінез-құлықтарының ерекшеліктеріне қарай, жалпы білім беру бағдарламаларымен бірге арнайы (түзеу) білім беру ұйымдарының бағдарламалары бойынша тәрбиелене алады. Бірақ медициналық көмектер қатар орындалуы керек. Аутизмі бар балаға өзінің басты проблемаларын, яғни қарым-қатынастағы және өзара әрекеттік жағдайдағы қиындықтарды жеңу үшін қатарларының, құрбыларынын, құрдастарының, сыныптастарының, достарының әдеттегі ортасы ауадай қажет екенін ескерген жөн. Балабақша мен мектеп оған тек тәрбие мен білімді ғана беріп қоймайды, сонымен бірге ең алдымен, басқ адамдармен бірге өмір сүру мүмкіндігін де үйретеді. Сондықтан, мұндай балаларды үйде оқу түріне көшірмей, мектепте қалдыру, яғни инклюзивті оқыту өте маңызды. Аутизмі бар баланы ауру немесе ауырады деп санаудың орнына, оның дамуы мен оқуына белгілі бір жайлы жағдай мен тәсіл қажеттіктен «өзгеше бала» деп санаған дұрыс.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. Каган В.Е. Аутизм у детей –М.: Медицина, 1981, – 230с.
2. Башина В.М.Аутизм в детстве.-М.:Медицина-1999, – 180с.
3. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Аутичный ребенок. Пути помощи. - М.: Терефинф-1997, – 250с.
4. Левченко И.Ю., Забрамная С.Д., Добровольская Т.А. Специальная психолого-педагогическая диагностика – М.: Академия, 2003. – 320 с.
5. Никуленко Т.Г. Коррекционная педагогика: Учебное пособие / Т.Г.Никуленко. – Ростов н/Д: Феникс, 2006. – 381с.
6. Истратова О.Н. Практикум по детской психокоррекции: игры, упражнения, техники / О.Н.истратова. – Ростов н/Д: Феникс, 2007.– 349с.

**ӘОЖ 159.99**

# ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕРІ

**Исаева С.**
**Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада психология оқытушысының жұмысындағы психологиялық ағарту жұмыстарының формалары: ғылыми-танымал дәрістер, әңгімелесулер, семинарлар, көрмелер, маман-психологтармен кездесу және ата аналармен, мұғалімдермен, оқушылармен психологиялық жұмыстардың түрлері, жүргізу әдіс-тәсілдері баяндалады.

**Түйінді сөздер:** психологиялық ағарту, ғылыми-танымал дәріс, әңгімелесу, семинар, көрме, практикум,диагностикалық сабақ, тренинг, факультатив, үйірмелік сабақ, зерттеу, психологиялық газет, психология апталығы.

Психологтың ең маңызды функциясының бірі – халыққа психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу болып табылады. Психологиялық ағартудың негізгі мақсаттары:

- халықты тұлға психологиясының негіздерімен, яғни қарым – қатынас, іс-әрекет, өзін-өзі тәрбиелеу және өзіне-өзі білім беру мәселелерімен таныстыру;
- жаңа психологиялық зерттеулермен, әсіресе оқыту және тәрбиелеу саласындағы нәтижелерді түсіндіру, тарату;
- психологиялық білімдерді және оларды өз өмірі мен қызметінде орнымен қолдана білу қажеттілігін қалыптастыру [1].

Психологиялық ағарту жұмысының формаларына: ғылыми-танымал дәрістер, әңгімелесулер, семинарлар, көрмелер, маман-психологтармен кездесу және т.б. жатады. Психологиялық білім беру жұмыстарын өткізу барысында кейбір ерекшеліктерді ескерген жөн:

1. Мейірімділік, яғни психолог өзінің білімін бере отырып шын тілектестігін білдіруі;
2. Аудиторияның кәсіптік және жас, даму деңгей ерекшеліктеріне жұмыс әдістері, формалары мен мазмұнының сәйкестігі;
3. Берілген ақпараттың мақсатқа сайлығы мен практикалық қажеттілігі;

Перспективалы жұмыстың қатарына оқушылармен, олардың ата-аналарымен, оқытушылармен, мекеме басшыларымен, сауда қызметкерлерімен, менеджер және т.б. мамандық иелерімен жүргізетін жұмыстары жатады. Біз, өз жұмысымызда ата-аналармен, оқушылармен, мұғалімдермен жүргізілетін жұмысқа тоқталамыз. Тұрғындардың бұл категориясы психологиялық білім беру жұмыстарын көбірек қажет етеді.

Ата-аналармен ағарту жұмысының мақсаты:

- бала тұлғасын қалыптастыру және дамыту туралы психологиялық заңдылықтар туралы білім беріп және осы заңдылықтарды тәрбие процесінде есепке алып, пайдалану;
- баланың жанын түсінуді үйрету;
- балаларды оқытып-тәрбиелеуде оларға жиі көңіл бөлуді меңгерту;

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың ең тиімді формасы – психологиялық лекторияларды ұйымдастыру. Лектория бұл лекция циклі емес. Оның мазмұны 2 бөлімнен тұрады: теориялық және практикалық [2].

Теориялық бөлім ереже бойынша маман-психолог лекция оқитын ғылыми-танымал циклдан тұрады. Мұндай лекцияға қойылатын ең басты талап оның мазмұны тыңдаушылар үшін қажетті және қызықты болуы. Қызықсыз лекция ата-аналарды жалықтырып қана қоймай психологтың беделін түсіреді. Әр түрлі аудитория (ата-аналар, оқушылар, мұғалімдер үшін қандай лекция қызықты) бұларды мысалы, Н.В. Самоукинаның «Мектептегі практикалық психология: лекция, кеңес беру, тренингтер» деген еңбегінен қарауға болады.

Ата-аналар аудиториясы психологтарға белгілі бір қиыншылықтар туғызады. Ата-аналардың кейбір категориясы психологиялық білімдерді қажетті деп санамайды. Мұндай ата-аналар бәрін дұрыс жасаймын деп өздеріне сенімді болады. Сондықтан, бұл тәжірибе дұрыс дайындықты қажет етеді. Ал, ата-аналардың кейбір топтары қиындықтан қалай жол табуды білмейді. Олар баланы түсінбейді және қалай тәрбиелеу керек екенін де білмейді. Мұндай ата-аналарды сендіріп, үйретіп, көрсету қажет. Қиыншылықтар психологиялық заңдылықты қате түсінуінен де болуы мүмкін. Мысалы: темпераментті тәрбиелеуге болады, қабілет туғаннан ген арқылы беріледі, қаталдық дұрыс тәрбиелеуге мүмкіндік береді және т.б. Көпшілік ата-аналар балаларға жас ерекшелігіне сай қалай қарым – қатынас жасауды білмейді.

Лекторияның теориялық бөліміне лекция, әңгімелесу, семинар-пікірталас, «дөңгелек үстел» кіргізуге болады. Бұл тыңдаушылар мен лектор арасында қажетті қарым – қатынасты орнатып, қолайлы атмосфераны жасайды.

Лекторияның тақырыбын баланың жас ерекшеліктеріне сай жоспарлаған дұрыс. Тақырыптардың тізімі құрастырылып, ата-аналарға алдын-ала сұрақ анкета өткізген пайдалы. Бұл тізім ата-аналар жиналысында оларға беріліп, өздеріне қызықты тақырыпты белгілеуін өтінуге болады. Таңдалған тақырыптар лекторияның негізі болып табылады.

Практикалық бөлім.Практикалық бөлімсіз лектория формальды шара болып қалады. Көптеген ата-аналар лекториядан тыңдағандарын тереңірек түсіну үшін арнайы тренингтерді, нақтылауды, дәлелдеуді сұрайды.

Практикалық бөлімнің формаларына төмендегілерді жатқызуға болады [3]:

-практикум, яғни, ата-аналарды мазалайтын өмірлік ситуацияларды талдау (мысалы: баланың жеткіншектік кезеңдегі мінез-құлқы)

-тренингтер, қарым – қатынас тренингі кең танымал болып табылады.

Ата-аналарды үй жағдайындағы өз бетіндік жұмыстармен орындауға жетекшілік жасауды, зейінді, есті жаттықтыруды, эмоцияны басқаруды үйрету және т.б.

Диагностикалық сабақтар:ата-аналарға өздерінің балаларының қандай екенін білдірту қажет және олардағы аз ғана өзгерістің өзіне көңіл аударуға үйрету. Бұл мақсат үшін байқағыштық жаттығуларын ұйымдастыру (темпераментін, эмоциялық жағдайын анықтау т.б.).

Ата-аналар лекториясының құрамында жеке кеңес беру жұмысы болмаса, ол толыққанды болып есептелмейді. Баласының бойындағы қиыншылықтарды түсінбейтін ата- аналар да кездеседі. Мұндай ата-аналарға кеңес міндетті түрде қажетті. Төменде кеңес беру кезінде сақтауға тиісті кейбір ережелерді атап өтеміз:

- кеңес жеке кабинетте, жекеше өткізіледі, ешкім бөгет жасауға болмайды. Ата-аналар қатаң белгіленген уақытта келгені дұрыс.
- қайырымдылық, мейірімділік, ең бастысы сенім мен байланыс орнату;
- шешім тек бірге қабылданады;

-әңгімелесуді жақсыға сеніммен аяқтау;

-келесі кездесуді жоспарлау (бәрі өзгеретіндігін білу керек).

Мұғалімдермен жұмыс: Психологиялық лектория психологиялық білім берудің бұл формасы мұғалімдер аудиториясына барынша жемісті болады [4]. Жаңа психологиялық әдебиеттерді оқып және терең талдауға мұғалімдердің бос уақыттарының жетіспеушілігінен мүмкіншілігі болмай қалады.Мұғалімдерге проблемалық лекторияларды өткізген дұрыс. Ол жарты жылға немесе бір жылға есептеліп, практикалық және теориялық сабақ ретінде кіргізіледі. Бастауыш мектеп және орта мектеп мұғалімдері үшін лекцияны мүмкіндігінше бөлек өткізген дұрыс. Лекторияның тақырыптарын төмендегідей етіп өткізуге болады:

- жеткіншектік кезеңдегі қиыншылықтар (сексапатолог, нарколог және т.б. мамандардың қатысуымен).
- кіші мектеп жасындағы проблемалар;
- мұғалімнің коммуникативтік мәдениетін жоғарылату т.б.

Қазіргі уақытта әр түрлі тренингтер мен рөлдік ойындар кең танымал болып есептеледі. Мұғалімдерге тренингтер өткізумен әдістемелік материалдарды дайындауды Н.В. Самоукина мен С.В. Кривцованың және т.б. жұмыстарынан табуға болады. Жаңа психологиялық әдебиеттерге, ғылыми-практикалық конференция мен семинарлардағы ғылыми мақалаларға мерзімдік басылымдарға шолу жасауға да болады [1].

Оқушыларға психологиялық білім беру жұмыстары:Оқушыларға жүргізілетін жұмыстың әр түрлі типтерін: факультатив, лекция, психологиялық тақырыптағы кеш, КТК (КВН), ғылыми-практикалық конференция, қабырға газеті және т.б. жатқызуға болады. Оқушыларға қызықты тақырыптағы лекция оқуға болады. Мысалы, «Түс көру және оны жору». «Адамның экстрасенсорлық қабілеті», «Адам өмірінде түстің маңызы», «Психологиялық символдар» және т.б.

Сұрақ және жауап кеші. Мұндай кешті ұйымдастырар алдында алдын-ала сұрақтарды жазбаша түрде алған дұрыс. Сұрақтарға оқытушы жауап берген дұрыс, ал қарапайым сұрақтарға оқушылар жауап беруге болады.

Кездесу кеші. Мұнда кездесу кешіне тыңдаушыларға мамандықтың оң және теріс жақтарын айтуға практик-психологты шақыруға болады. Кездесу кештеріне режиссер, прокуратура қызметкерін, тергеушілерді, жазушы, оқытушы, дәрігер, журналист және т.б. шақыруға болады. Бұл мамандардан өз кәсіптеріне психологиялық білімнің қандай көмегі бар, сол жөнінде сұрауға болады. Мұндай кездесуге дұрыс дайындалу қажет. Оқушыларды қызықтыратын сұрақтарды алдын – ала ескеріп, тыңдаушылар мен сөйлеушілерді әңгімелесуге дайындау қажет.

Факультатив, үйірмелік сабақтарды ұйымдастыру:Ғылыми студенттік қоғамды өздерінің бағдарламасымен және ұйымдастырылған формасымен факультатив, үйірмелік сабақтарды ұйымдастыру. Жұмыстың мұндай формаларының бағдарламалары нормативтік психологиялық курстың бағдарламасын қайталамауы, қызықты және аз оқытылған тақырыптарды қамтуы тиіс. Егер мұндай сабақтар мектепте өткізілетін болса, онда тақырыпты таңдағанда тыңдаушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет.

-Шағын эксперименттік зерттеулер: Мұнда лекция және практикалық сабақтар үшін студенттер күшімен жасалған экспериментті және тәжірибені демонстрациялауды жатқызуға болады. Бұл диагностикалық зерттеу мектепте мектеп психологына көмек болады. Жоғары сынып оқушыларына, студенттерге өзін-өзі бағалауды, танымдық процестерді өзара қарым – қатынасты және т.б. психологтың тікелей жетекшілігімен диагностикалауды тапсыруға болады. Психолог керекті әдебиеттер тізімін беріп, дайындаған жоспарларын қарап, кеңес беріп, алдын – ала дайындық жасатады [3].

Психологиялық газет: Бұл психологиялық факультативтің, үйірменің немесе ҒСҚ (ғылыми студенттік қоғамның) органы болып табылады. Газет қабырға газеті болуы мүмкін. Газеттің осы түрі ЖОО және мектепте кең қолданылады. Мұндай газетті безендіргенде оқу орындарының психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Рубрикалар әр түрлі, көлемі шағын, мазмұны қысқаша, оқығанда қиындық келтірмеуі тиіс. Теориялық қағидалар мүмкіндігінше бір – бірінен бөлек орналасқан және иллюстрациялармен берілуі тиіс.

Психология апталығы: Соңғы жылдары, әсіресе мектепте пәндік апталықтар кең танымал болып отыр. Психология апталығы бұл ғылымның және психолог мамандығын танымал етудің тиімді формасы болып табылады. Бұл апталық кезінде барлық топтарда, сыныптарда танымал лекциялар, әңгімелесулер, демонстрация, ғылыми конференция, кездесулер, кештер өткізіледі. Апталық аяғында психологиялық тақырыптағы қабырға газеттерінің конкурсы, ал қорытындысында КТК (КВН) немесе «Не, қайда, қашан?» сайысы өткізіледі[4].

КВН (КТК) – ны және тақырыптық кештерді дайындау: Кештер мен КВН (КТК) – ны өткізу үшін көптеген материалдар қажет. (тарихи фактілер, ғалымдардың өмірбаяны, олардың айтқандары, афоризмдер, тақпақ, конкурс, викториналық сұрақтар, әзілді тестілер, театрландырылған көрініс, ойын т.б.). Кеш сәтті өту үшін алдын – ала жоспар құрылуы қажет. Жоспарды құрастыру кезінде кештің барлық деталдары жөнінде ойлану керек.

Кештің басталуы. Кешті әдеттегідей психология пәнінің оқытушысы ашады. Өз сөзінде ол таңдалған тақырыптың тұлғаның қызметі, кәсібі, жанұясы және т.б. үшін мәні зор екенін атап өтеді.

Тарихи фактілер. Олар мүмкін көріністер немесе біреудің айтқандары (мысалы: Психея жөніндегі аңыз). Кештің бұл бөлімі тікелей таңдалған тақырыптарға байланысты. (Мысалы: «Психолог кәсібі жөнінде», «Біз бәріміз әр түрліміз», «Менің ішкі жан дүнием» т.б.). Ақпаратты баяндау формасы әр түрлі болады: баяндама, көрініс, арнайы сценарий т.б.

Көрермендер үшін соңында шағын сыйлығы бар конкурсты ұйымдастыру қажет. Төмендегідей конкурстар өткізуге болады:

– «Сіз білесіз бе?»

– «Егер мен сөйлей алмасам!» (вербальды емес қабілетке конкурс).

Тапсырма: «Көрермендер алдында сөйлемей вербальды емес құралдармен көрсету. Мысалы: ым, мимика, пантомимика» т.б. Көрермендер оқылған өлеңді немесе тақпақты айтуы тиіс.

Біз жақсы көреміз бе? (плакаттағы әр түрлі бейнелерді айыру тапсырмасы. Бұл мүмкін әртүрлі бейнелердің иллюзиясы болуы мүмкін). Сыйлықты тек дұрыс айтқанға ғана емес, біз неге осылай көреміз мүмкіндігінше осыған жауап бергенде беруге болады[3].

Шақыру билеттерінің конкурсы. Билетті алдын – ала дайындау қажет. Мысалы: 1 билетте (тақ билет) символ, фраза, суреттің жартысы, басқа билетте (жұп билетте) басқа бөлігі бейнеленуі тиіс. Жігіттерге тақ номері, қыздарға жұп номері беріледі. Бір – бірін тапқандар ұтады, жеңеді. Бұл конкурсты кештің басында өткізген дұрыс.

Тақпақ, проза, афоризм, мақал және т.б. таңдау. Музыканы ойлап шығару (қазіргі заманғы билейтін, мүмкіндігінше, келесі би әзілді атаумен немесе таңғажайыпты мәтінмен хабарланған тиімді).Осындай психологиялық ағарту жұмыстарының ата-аналарға, оқушыларға, мұғалімдерге көп көмегі болатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Самоукина Н.В. Практическая психология в школе: лекции, консультирование, тренинги. М., 1997, – 80с.
2. Егенисова А.Қ. ЖОО психологиялық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі, Оқу құралы, -Алматы: «Бастау», 2018, – 304б.
3. Герасимова В.С. Методика преподавания психологий. Курс лекции. М:, 2004, 78с.
4. Карандашев В.Н. Методика преподавания психологии: Учебное пособие. СПб:Питер, 2008, – 250с.

## СЕКЦИЯ №3

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫ:ӘСКЕРИ ЖӘНЕ САЯСИ ҚАУІПСІЗДІК

## ПРАВОВОЙ СТАТУС КАСПИЙСКОГО МОРЯ: ВОЕННАЯ И ПОЛИТИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ

## THE LEGAL STATUS OF THE CASPIANSUMMIT FOR THE POSITION OF THE CASPIAN STATES

**ӘОЖ 574.24**

# КАСПИЙ КОНВЕНЦИЯСЫНЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

**Сагиндикова А. К., магистр**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы

**Андатпа.** Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция — бұл негіз қалаушы құжат заманауи талаптарға сай келетін және жағалау маңындағы елдердің жан-жақты өзара іс-қимылын одан әрі қарқындатуға бағытталған Каспий теңізінің жаңа құқықтық режимін құрайды.

**Түйінді сөздер:** Каспий теңізі, араб монархиялары, Иран, Парсы шығанағы, АҚШ, Мексика шығанағы, құқықтық мәртебе, , ынтымақтастық, кауіпсіздік, экология, конвенция.

Бүгінде Каспий – жаңа Каспий. Шығанақ елдеріне — араб монархиялары мен Иранға Парсы шығанағы, АҚШ-қа Мексика шығанағы қандай болса, біз үшін Каспий де сондай деңгейде. Каспий теңізінің мүмкіндігі Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің нарығын мұнай және газбен жабдықтаудағы стратегиялық маңызы ерекше екенін көрсетеді.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция 2018 жылдың тамыз айында қабылданды. Қабылданған құжаттың маңыздылығы - Каспийдегі ынтымақтастықтың тарихи-саяси, экономикалық дамуындағы толығымен жаңа кезеңді білдіреді және Каспий маңы мемлекеттерінің қауіпсіздік мәселелерін шешуге мүмкіндік береді, бастысы экономиканың қандай секторларында жол ашылуына мүмкіндік береді. Қабылданған құжатта тараптардың Каспий теңізіндегі қызметінің негізгі қағидаттары, теңіз акваториясын, ұлттық су түбі секторларын бөлу мәселелері, биологиялық ресурстарды, су түбі мен жер қойнауларын игерумен байланысты әскери ынтымақтастық және шаруашылық-экономикалық қызметті жүргізу, кеме жүргізу, қоршаған ортаны қорғау, теңізге қатысты ғылыми зерттеулер нақтыланып көрсетілген. Сонымен бірге, Каспийде экономика, көлік, экология, қауіпсіздік салаларында ынтымақтастық орнату және басқа да мәселелерді қамтиды. Каспийдің құқықтық мәртебесінің негізгі мәселелері, теңіздегі қауіпсіздік пен тұрақтылық, сондай-ақ халықаралық қатынастардың жекелеген аспектілері бойынша Каспий маңы мемлекеттерінің ұстанымдарымен байланысты мәселелер бойынша мемлекеттердің қолданыстағы келісім-шарттары саяси деңгейде бекітілді.

Конвенцияның беретіні - ең алдымен алдағы экономикалық және экологиялық салалардағы шешімдердің тыныштығын қамтиды. Сонымен бірге, Каспий өңірі тарихының бірегейлігін, әрі мәдениетінің алуан түрлілігі, адам ресурстарының жеткілікті болуы және табиғи қордың молдығы, сонымен қатар теңіздің географиялық тұрғыдан тиімді орналасуының арқасында зор геосаяси маңызға ие болып отыр.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция энергия ресурстарын өндіру мен тасымалдаудан бастап, экология және қауіпсіздік саласында келісуге дейін ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін ашуда. Бұл – мәселелерді күшейтетін, осы үлкен кеңістіктегі аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті нығайтатын, Каспий маңы мемлекеттерінің ынтымақтастық тұрғысындағы көптеген мәселелері мен алаңдаушылықтарын жоятын, кеме қатынасымен, транзиттік әлеуетпен байланысты мәселелерді қозғайтын, аймақтағы және Каспий бассейнінің іргелес елдеріндегі сауда-экономикалық өзара іс-қимылға, инвестициялық ахуалды жақсартуға әсер ететін

маңызды тарихи оқиға екені сөзсіз. Конвенция негізінде барлық басқа да көпжақты сипаттағы мәселелер реттелетін құқықтық негіз болып табылады.

Аймақтық деңгейде бұл тек Каспий маңы мемлекеттерінің емес, сондай-ақ Орталық Азия елдерінің жақындасуына ықпал етеді. Жаһандық деңгейде - бұл Каспий маңы мемлекеттерінің ұлттық даму бағдарламаларын жетекші әлемдік державалардың ұсыныстарын түйіндестіруге жол ашады.

Сонымен қатар, Каспий маңындағы мемлекеттердің ресурстық-көліктік әлеуеті көмірсутектерді, өз өнімдерін және транзит тауарларын еуропалық және азиялық нарықтарға тасымалдауға жол ашып берді.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция — бұл негіз қалаушы құжат заманауи талаптарға сай келетін және жағалау маңындағы елдердің жан-жақты өзара іс-қимылын одан әрі қарқындатуға бағытталған Каспий теңізінің жаңа құқықтық режимін құрайды.

Біріншіден, Конвенция Қазақстанға және Каспий аймағының барлық елдеріне әскери қауіпсіздік тұрғысынан барынша үлкен тұрақтылық пен болжамдылық берді, себебі Конвенцияға қол қойғандар Каспийде тараптарға қатысы жоқ қарулы күштердің болмауына келісім берді. Конвенцияға қол қойған Каспий маңы мемлекеттері әскери іс-қимыл саласындағы келісілген сенім шаралары бойынша жеке бес жақты келісімшартқа қол қойылды.

Екіншіден, Каспий маңы мемлекеттерінің терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімдерге ие болды.

Үшіншіден, Каспий теңізінің айдынын түрлі режимдердегі аймақтарға бөлудің арқасында сауда-экономикалық, энергетикалық және көліктік-логистикалық ынтымақтастық, экология, туризм және т.б. мәселелерін тезірек және тиімдірек шешуге мүмкіндік берді.

Атап айтар болсақ, бұған мынандай шаралар ықпал етеді:

- Каспий маңы елдерінің құзыретті ведомстволарының тұрақты кездесулері;
- аймақ елдерінің теңіз әкімшіліктерінің тұрақты өзара іс-қимылы;
- тарифтік саясатты оңтайландыру, Каспий маңы елдеріндегі тасымалдауды жақсарту мәселелерін жоспарлы түрде қарау;
- теңізде жүзу еркіндігі және басқа теңіздер мен Әлемдік мұхитқа транзит еркіндігі туралы уағдаластықтар және т.б.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Конвенцияның Каспий теңізінің суын, түбін, қазба байлықтарын, табиғи ресурстары мен әуе кеңістігін қоса алғанда, Каспийге қатысты тараптардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін негізгі жан-жақты құжат болып саналатынын нық сеніммен айтты. Конвенцияның Каспий маңы елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға зор мүмкіндік беретін, сонымен қатар инвестициялық ықпалдастықты одан әрі дамытып, энергетикалық және геологиялық барлау саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін Конвенция мен қол қойылатын құжаттардың мүмкіндіктерін толық көлемде пайдалану қажеттігін де атап өтті.

Ақтау саммитінде, сондай-ақ, өнеркәсіп, сауда, туризм және экономиканың басқа да салаларында экономикалық қарым-қатынастардың халықаралық-құқықтық базасын қалыптастыру мәселесін қоса алғанда, ынтымақтастықтың маңызды бағыттары бойынша бірқатар құжаттарға қол қойылды. Мұның бәрі Каспийде өздерінің ұлттық мүдделерін жүзеге асыра отырып, "Каспий бестігі" елдері геосаяси себептерге және экономикалық пайдалылық мүдделерін басшылыққа алғанын білдіреді.

Конвенция біздің болашақ ұрпақтарымызға жағалаудағы мемлекеттермен қарым-қатынас орнату кезінде айқын саяси-құқықтық бағдар болады. Сонымен бірге

бұл құжат арқылы Қазақстанның барлық құрлық және теңіз шекараларына қатысты мәселе бірден шешіледі деуге толық негіз бар.

Қазіргі таңда, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияны қабылдау – Каспийдегі ынтымақтастықтың тарихи-саяси, экономикалық дамуындағы толығымен жаңа кезеңге қадам басты. Болашақта теңіз жағалауындағы мемлекеттерің келіссөздерінің портфелінде Конвенция әрқашан жүгінетін, сонымен бірге тексеретін құжат болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә. Құланбай. Егемен Қазақстан газеті. 2017ж.
2. Гиззатов В.Х. Правовой статус Каспийского моря.
3. Дабири М.Р. Правовой режим Каспийского моря.
4. Дьяченко С.Б. Проблема правового статуса Каспийского моря
5. PrimeMinister.kz.

**УДК 574.24**

## ОСОБЕННОСТИ ЭКОЛОГО-ПРАВОВОГО СТАТУСА КАСПИЙСКОГО РЕГИОНА В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОСТИ

**Косымбаева Ш.И.,**
КГУТИ им.Ш.Есенова, г.Актау, Республика Казахстан

**Аннотация.** В данной статьерассмотрены особенности эколого-правового статусы Каспийского региона в условиях современности. Приведены уникальное биоразнообразие Каспийского моря, и основные экологические проблемы, оказывающие сильное негативное воздействие на биоту.

**Ключевые слова:** регион, природопользование, охраны окружающей среды, правовой статус

Каспий — старейший в мире нефтедобывающий бассейн. Сегодня общепризнано, что Каспийский шельф является одним из богатейших нефтеносных районом в мире. По оценкам специалистов, разведанные запасы нефти в Каспии достигают более 20 млрд тонн. Для сравнения: разведанные запасы Кувейта составляют около 13 млрд тонн. Что касается газа, то его запасы под дном Каспийского моря составляют порядка 7 трлн куб метров.

Запасы Каспийского моря значительны, хоть и уступают нефтегазовым ресурсам стран ОПЕК и особенно Персидского залива (нефть в СНГ - 7,7 млрд. т, из них в азербайджанском Прикаспии - 850- 870 млн. т, в Казахстане -2,150 млрд. т; газ - всего по СНГ - 56,5 трлн. куб. м, в Азербайджане - 41,5 трлн. куб. м, в Казахстане -1,455 трлн. куб.м.).

Крупнейшие нефтяные месторождения в Казахстане - Тенгиз-Королевское и Карачаганак, высокоэффективны также 13 месторождений в Кзылординской и Жезказганской областях, в том числе и крупнейшее - Кумколь, а также месторождения на шельфе Каспия [1].

Необходимость определения экологического статуса Каспийского региона обусловлена остротой экологической ситуации на его территории. Кроме того, характер и содержание природоохранительной деятельности, в частности, определение юридического статуса природного объекта, системы управления природопользованием и

другие элементы правовой охраны природы, зависят в первую очередь, от экологических свойств объекта, его особенностей.

Принятая точка зрения предполагает, что, «окружающая среда региона Каспийского моря» означает Каспийское море, включая дно, покрывающие его воды, обитающие в Каспийском море животные, включая рыбные запасы, прибрежная полоса, включающая участок берега, хозяйственная деятельность в пределах которого оказывает прямое воздействие на состояние Каспия, но не более чем на ширину до первой административной границы внутри территории каждого государства.

В понятие «окружающая среда региона Каспийского моря» не входят здания и сооружения, иные объекты экономической и социальной инфраструктуры, в том числе памятники истории и культуры, суда, нефтяные платформы, искусственные острова и иные сооружения в акватории моря.

В связи с вышесказанным, дадим краткий обзор экологической ситуации, сложившейся в регионе Прикаспия.

В настоящее время Каспийский регион испытывает ряд трудностей, связанных с негативным влиянием экологических проблем, включая последствия подъема уровня моря, нерешенные проблемы загрязнения окружающей среды прошлых лет и текущих загрязнений, продолжающейся деградации экосистем и сокращения биологического разнообразия.

Экологическая система Каспия включает высокоэндемичную флору и фауну. Каспий - один из наиболее продуктивных рыбохозяйственных водоемов планеты, в которой концентрация мирового генофонда осетровых определяется уникальными свойствами экосистемы северной части моря и впадающих в него рек.

Уникальное биоразнообразие Каспийского моря и его прибрежной зоны объединяет водные сообщества и сообщества побережий, составляющих неразрывно связанную экологическую систему. Ихтиофауна Каспия имеет огромное промысловое значение и по разным оценкам насчитывает от 76 до 126 видов и подвидов рыб и круглоротых.

Численность каспийского тюленя существенно сократилась. В настоящее время по разным оценкам насчитывается около 300 тыс. голов. В 2000 году в Каспийском море погибло более 15000 тюленей, из них свыше 10 тысяч погибли в казахстанских водах.

В связи с интенсивным освоением углеводородных запасов Каспийского моря многие редкие виды фауны подвержены опасности уничтожения ввиду неконтролируемого вылова и продолжающегося загрязнения моря.

С целью сохранения биоресурсов уникальной экосистемы Северного Каспия, и особенно видов осетровых рыб, акватория восточной части Северного Каспия, включая дельты рек Волга и Урал, постановлением Правительства РК в 1974 году объявлена заповедной зоной с особым статусом и режимом охраны. С учетом заповедной зоны, примыкающей со стороны России, акватория всего Северного Каспия является заповедной зоной.

Вследствие замкнутости и бессточности Каспийского моря, естественная способность моря к самоочищению ограничена. Как следствие ухудшения среды обитания, происходят патологические изменения в организме рыб, что приводит к нарушению репродуктивных возможностей осетровых. Через систему трофических связей в организмы как водных, так и наземных животных попадают токсические соединения. Эти вредные вещества в больших концентрациях обнаружены в мышечных тканях, печени и икре рыб, а также в организме тюленей и птиц. Наблюдаются различные симптомы и разрушения в организме животных.

Неуклонно сокращаются запасы осетровых. Нефтяное сырье можно заменить другим сырьем, осетровых же ничем не заменишь и за нефтедоллары нигде не купишь. Одной из главных причин резкого сокращения улова осетровых в Каспийском море является браконьерство. Подтверждается достоверность неофициальных данных, что на долю браконьерства приходится около 80% улова осетровых.

Высокий уровень загрязнения моря и впадающих в него рек уже давно вызывали опасения формирования безкислородных зон в Каспии, особенно для районов южнее Туркменского залива, хотя эта проблема не числилась в наиболее приоритетных. Между тем, существенное нарушение баланса синтеза и распада органического вещества может привести к серьезным и даже катастрофическим изменениям.

130 крупных и мелких рек впадают в море, принося с собой собранные со всей своей акватории промышленные и бытовые отходы.

За последние 15 лет значительно усилилось цветение водорослей, повлекшее за собой образование чрезмерного количества органических веществ, что создает благоприятные условия для поглощающих кислород бактерий. Все это приводит к формированию бескислородной морской среды, губящей все живые организмы.

Фауна Прикаспийского региона находится в состоянии дестабилизирующей нарушенности экосистем, которая выражается в значительном снижении численности млекопитающих, птиц и насекомых-опылителей. Отмечены факты замены хозяйственно-полезных видов на вредителей сельского хозяйства. Увеличивается численность видов, имеющих отрицательное ветеринарное и медицинское значение, в том числе среди насекомых и грызунов.

Добыча нефти и газа оказывает сильное негативное воздействие на биоту.

Наиболее наглядно влияние нефтяного загрязнения видно на водоплавающих птицах. Около границ нефтяных месторождений северо-восточного Каспия встречаемость птиц почти в 10 раз меньше, чем в природных ландшафтах, а в земляных амбарных хранилищах нефти ежегодно погибают сотни птиц.

Чрезвычайная ситуация складывается в Прикаспии вследствие затопления объектов нефтегазового комплекса. В настоящее время уровень Каспийского моря поднялся более чем на два метра, и воды моря затопили значительную площадь прибрежной территории Атырауской и Мангистауской областей. Наибольшей опасности затопления подвергаются нефтяные месторождения на северном и северо-восточном побережье Каспия. Все затопленные скважины являются реальными источниками загрязнения Каспийского моря, так как проведенные на них способы консервации не обеспечивают изоляции скважин от воды, во многих из них работы по консервации проведены некачественно, а установленное устьевое оборудование - устаревшее. Уже сегодня уровень загрязнения морской воды в регионах, прилегающих к Мангистауской области, составляют 8 -13 ПДК, а иногда и более. Эти явления сопровождаются выбросами рыб, бентоса и водной растительности на сушу, гибелью биоресурсов, а при отступлении (сгоне) вода уносит в море отходы нефтепродуктов и других загрязняющих веществ.

Согласно заключениям российских сейсмологов прокладка нефтепроводов по дну Каспия чревата авариями и обширными разливами нефти в результате подводных землетрясений, кроме того, дно Каспия подвержено грязевому вулканизму. Особенно опасны по своим экологическим последствиям сероводород содержащие месторождения нефти и газа, подобные Тенгизскому. В связи с тем, что при сильном землетрясении вполне возможны выбросы на поверхность и в атмосферу под давлением около 1000 атм. миллионов тонн углеводородов с сероводородом, российское правительство выступает против прокладки любых трубопроводов по дну Каспийского моря, в чем его активно поддерживает руководство Ирана.

Помимо химического загрязнения, существует биологическое загрязнение, выражающееся в занесении в Каспий из Азово-Черноморского бассейна по Волго-Донскому судоходному каналу с балластными водами танкером чужеродных организмов, которые могут явиться причиной уменьшения количества планктоноядных рыб, в том числе каспийской кильки, являющейся важным компонентом пищевой цепи организмов Каспийского моря, в частности, осетровых рыб и тюленей.

Экологическая защита моря требует учета экологической взаимосвязи этих природных факторов и охраны всей экосистемы. Следовательно, проблема

охраны бассейна Каспийского моря требует не только определения правового статуса самого моря, но и примыкающих к нему участков водостока, находящихся на территориях прикаспийских и граничащих с ними государств.

Каспийский регион, занимает территорию, где проживают более 70 млн. человек, освоено 100 млн. га сельхозугодий и добывается более 80 млн. т. нефти в год, построены и эксплуатируются 34 крупные ГЭС, и является одним из наиболее освоенных в хозяйственном отношении регионов мира.

По характеру воздействия на окружающую среду хозяйственная деятельность в Каспийском регионе представлена следующим образом: в западной части побережья преобладает смешанное (индустриальное и сельскохозяйственное) производство; в северной части (Нижнее поволжье) - сельскохозяйственное, в северо-восточной части - смешанное, на восточной зоне - тяжелой промышленности, в южной зоне (Иранское побережье) - в основном сельскохозяйственное воздействие.

При этом следует учитывать, что в течение длительного бремени в Каспийском регионе развитие производительных сил и, в частности, широкомасштабное энергетическое, водохозяйственное и мелиоративное строительство, увеличение мощностей добывающих и перерабатывающих отраслей промышленности, повышение продуктивности сельского хозяйства и животноводства было ориентировано на экстенсивное использование природных ресурсов без должного учета экологических и социальных последствий.

С учетом темпов освоения природных ресурсов в Каспийском регионе наибольшую актуальность приобрело соблюдение природоохранных требований в добывающей и перерабатывающей промышленности (Бакинский, Астраханский, Уральский и Красноводский районы), в коммунально-бытовом хозяйстве (практически по всему западному побережью) и других отраслях народного хозяйства [2].

Крайне отрицательное воздействие на состояние побережья моря оказывает производство горных, буровых и геологоразведочных работ, проводимых без соблюдения необходимых природоохранных мероприятий в двухкилометровой охранной зоне.

Бесспорно, названные особенности хозяйственной жизни стран Каспия требуют и адекватных природоохранительных мер. Кроме того, по мере возрастания хозяйственной нагрузки на экосистему моря усложняются соответствующие природоохранительные меры, что требует и более высоких уровней территориальной организации сотрудничества в этой области.

Характеризуя современные особенности Каспийского региона, нельзя не коснуться и того факта, что сегодня Каспий – очень важный перекресток международной политики, это регион, где присутствуют политические, военно-стратегические и экономические интересы многих стран, причем не только прибрежных.

Важнейшая причина роста международной популярности Каспия – крупные запасы нефти и газа, содержащиеся в недрах его дна. Не секрет, что углеводородное сырье Каспия способно повлиять на энергетический баланс многих стран мира. Отнюдь

не случайно многие мировые державы, большое число крупнейших нефтегазовых компаний стремятся утвердить свое присутствие на Каспии, ведут переговоры, заключают соглашения и вкладывают сотни миллионов долларов в проекты по разработке каспийских ресурсов.

Помимо громадных запасов углеводородов, энергоресурсов, Каспий является трансконтинентальным транспортным коридором, связывающим, с одной стороны, Малую и Среднюю Азию, Закавказье с Европой, с другой – Европу с Юго-Западной Азией и Китаем.

Сегодня многие государства объявляют Каспий зоной своих стратегических интересов. Многие научно – исследовательские организации ведут свои научные разработки на Каспии.

ЛИТЕРАТУРА

1. Муртазалиев А.М. Правовые проблемы охраны окружающей среды в бассейне Каспийского моря. Диссертация доктора юридических наук. – М., 1996. с. 204

2. Панов В.Е. Биологическое загрязнение как глобальная экологическая проблема: международное законодательство и сотрудничество// Зоологический институт РАН.

**УДК 338**

## СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ, ПРОБЛЕМЫ, РЕШЕНИЯ СТАТУСА КАСПИЙСКОГО МОРЯ

**Аманчаева К. Р.**
КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

**Аннотация.** Каспийский регион зависит от политических, экономических, экологических, гуманитарных и других факторов в Казахстане с точки зрения национальной безопасности военного, политического и экономического характера. это имеет стратегическое значение.

**Ключевые слова:** Каспийский регион, международно-правовой статус, Каспийский саммит, Европейский Союз.

Каспийское море является крупнейшим по площади водоемом на планете, который не граничит с Мировым океаном. 12 августа 2018 года была проведена встреча президентов пяти стран – России, Казахстана, Ирана, Азербайджана и Туркмении, в ходе которой была подписана Конвенция о правовом статусе Каспийского моря. Работы над этим документом велись с 1996 года, и продолжаются по сей день. Процесс подписания документации, согласование Конвенции, подписание ее, продолжалось очень долгие годы, были противоречия и определения отношений между некоторыми странами за нефтегазовые участки (в связи с разработкой нефтегазовых месторождений каспийского энергетического бассейна после 1991 года).

Решением конвенции было определено «Акватория моря будет разграничена на внутренние воды, территориальные воды (не превышающие по ширине 15 морских миль), рыболовные зоны (еще 10 миль, в пределах которых государство обладает исключительным правом на промысел) и общее водное пространство. Таким образом, большая часть акватории и биоресурсов Каспия остается в общем пользовании. Согласно статье 8 Конвенции, «разграничение дна и недр Каспийского моря на сектора

осуществляется по договорённости сопредельных и противолежащих государств с учётом общепризнанных принципов и норм международного права в целях реализации суверенных прав на недропользование и другую правомерную хозяйственно-экономическую деятельность, связанную с освоением ресурсов дна и недр». Выработкой конкретных договорённостей и методики их исполнения предстоит заняться специальной группе под эгидой внешнеполитических ведомств (на уровне заместителей министров иностранных дел). Можно высказать предположение, что силы, стремящиеся к дестабилизации Ближнего и Среднего Востока, не оставят усилий, нацеленных на скрытый саботаж реализации положений Конвенции с превращением Каспия в «море проблем», прежде всего, для Тегерана и Москвы. Не стоит забывать, что Каспийский регион и примыкающие к нему территории Кавказа и Центральной Азии остаются ареной многочисленных и потенциально весьма опасных этнополитических противоречий. Особо следует обратить внимание на большую населённость прибрежных территорий, большинство жителей которого исповедует Ислам» [1].

Так же возможна в дальнейшем работа по заключению соглашения о разграничении дна Каспийского моря выдвинутая президентом Иран, идеи заключения договорам по мерам доверия в области военной деятельности, выдвинутая президентом Казахстана. Необходимо постепенное углубление и расширение взаимодействия и пространства взаимного доверия.

По итогам саммита проведенного в городе Актау, решено проводить и учредить «специальный формат Каспийского экономического форума, планируется ежегодно проводить поочередно в одной из прибрежных стран (первый форум пройдет в 2019 году в Туркменистане). «Безусловно, большое значение каспийские страны придают вопросам обеспечения безопасности, противодействию современным вызовам и угрозам. Нужно учитывать, что Каспий расположен вблизи очагов напряженности, зон активности международных террористов. Поэтому у наших стран есть настрой укреплять взаимодействие специальных служб и погранведомств, а также активизировать внешнеполитическую координацию», – отметил по итогам подписания документов президент России Владимир Путин. По словам заместителя министра иностранных дел Григория Карасина, «речь идет о заключении документа, основополагающего для системы взаимодействия в Каспийском регионе. Он принесёт равную выгоду всем странам-участницам. Конвенция не только значительно укрепит доверие между ними и безопасность на Каспии в целом, но и будет способствовать росту экономической кооперации, инвестиционной привлекательности и конкурентоспособности каспийской «пятерки», реализации совместных проектов, направленных на ускоренное развитие и полное раскрытие потенциала в самых передовых отраслях. Повышение предсказуемости и снижение различных рисков в одном из важнейших районов Евразии выгодно всем нам». При этом интересы обеспечения национальной безопасности России, укрепляющей военное присутствие на Каспии, учтены в полной мере: «Предусмотренный режим гарантирует свободу развития ВМС, плавания и действий российских военных кораблей в общем водном пространстве. Устанавливаются правила безопасного поведения кораблей в прибрежной зоне и в районах интенсивной хозяйственной деятельности». К 2025 году в дагестанском Каспийске планируется завершить строительство нового глубоководного порта, способного принимать большегрузные суда; туда же из Астрахани переносится основная база Каспийской военной флотилии, что немаловажно в контексте борьбы с международным терроризмом на Ближнем Востоке.

Подчёркивая позитивное значение Каспийского саммита в Актау, следует заметить, что некоторые аналоги заявленных там многосторонних форматов

взаимодействия уже обсуждались в прошлом, однако впоследствии оказались практически забыты. Так, ещё в 2008 году на межправительственной экономической конференции прикаспийских государств было принято решение о создании Организации каспийского экономического сотрудничества (ОКЭС), в рамках которой предполагалось развивать сотрудничество в области транспорта, энергетики, торговли и экологии, а также создание исследовательских центров и совместного банка для финансовой поддержки региональных проектов. Остаётся надеяться, что долгожданное урегулирование правового статуса Каспия позволит активизировать многостороннее сотрудничество между прибрежными государствами не только на словах, но и на деле». [1].

В дальнейшем планируется «регулирование добычи биологических ресурсов, в частности рыболовства и рыбного хозяйства:

1) осуществлять в пределах прибрежных суверенных зон прикаспийских государств – исключительно национальными правовыми нормами;

2) в водных пространствах общего пользования – на основе Рамочной конвенции и руководствуясь принципами уважения прав соседних государств.

Принятие конвенции о правовом статусе Каспийского моря в настоящее время существенно продвинулось в связи с выдвинутыми позициями пяти прикаспийских государств по поводу раздела морского дна и другим вопросам на саммите в Актау, в частности, достигнуто единство по вопросам военного сотрудничества в акватории Каспия.

Конвенция о правовом статусе Каспия – актуальный и необходимый шаг, который ознаменует собой новейший этап международно-правового сотрудничества государств по защите среды Каспийского моря для обеспечения национальных интересов государств, безопасности и сохранения биологических ресурсов Каспийского моря [2].

«Военное присутствие на морях и озерах — одна из самых острых и сложных проблем международных отношений и международного права. В последние годы она приобрела особое значение в бассейне Каспийского моря, где безудержно идет гонка вооружений, создаются новые базы, куда устремлены военные силы не только прикаспийских государств, но и третьих стран. Другими словами, военное присутствие на Каспии стало делом, желанным для многих государств. Военно-морское присутствие — одна из форм использования странами в мирное время военно-морских сил (ВМС) за пределами их государственных границ, в чужих территориальных водах. И с точки зрения международного права, и в научном аспекте военно-морское присутствие представляет собой чрезвычайно сложную и динамичную систему межгосударственных отношений и военных связей. По определению Г.С. Горшкова и Г.М. Мелкова, военно-морское присутствие — это постоянное или эпизодическое пребывание военно-морских сил какой-либо страны (группы стран) в том или ином районе Мирового океана, которое сопровождается действиями (операциями), предусматривающими решение определенных внешнеполитических задач. Содержание последних обусловлено внешней политикой и военной стратегией государств, под флагом которых действуют военно-морские силы. "Военно-морское присутствие, — продолжают они, — составная часть военного присутствия, т.е. пребывания контингентов иностранных вооруженных сил (сухопутных войск, военно-воздушных сил, военно-морских сил) на территориях других государств и в различных районах Мирового океана". Военно-морское присутствие — не столько военная, сколько политическая и международно-правовая проблема, которая одинаково интересует конкурирующие страны. Оно больше, чем какая-либо иная деятельность государств на морях и озерах, связано с их политическими, экономическими и военно-

стратегическими интересами в Мировом океане. Именно военно-морское присутствие полностью раскрывает характер, цели внешней политики и военные задачи стран, использующих военно-морские силы в тех или иных водных районах планеты. С международно-правовой точки зрения, как считают вышеуказанные авторы, критерием законности или незаконности военно-морского присутствия является лишь вторая составная часть этого понятия — практическая деятельность военных кораблей [3]. Добыча минеральных ресурсов Каспийского моря, включая нефть, по соглашению договаривающихся сторон возможна только прикаспийскими государства и в пределах секторов добычи, согласованных между государствами.

ЛИТЕРАТУРА

1. Каспий обретает полноценный правовой статус // Интернет-журнал «Военно-политическая аналитика» 13.08.2018г http://vpoanalytics.com/2018/08/13/kaspij-obretaet-polnotsennyj-pravovoj-status/

2. Рафальская В.Д. Международно-правовой статус Каспийского моря // Научный форум: Юриспруденция, история, социология, политология и философия: сб. ст. по материалам XIII междунар. науч.-практ. конф. — № 11(13). -М., Изд. «МЦНО», 2017. — С. 152-156.

3. Военно-политическая активность в акватории Каспийского моря в постсоветский период (международно-правовые аспекты)// https://cyberleninka.ru/article/n/voenno-politicheskaya-aktivnost-v-akvatorii-

**ӘОЖ 338**

## ГЕОСАЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР НЕГІЗІНДЕГІ КАСПИЙ АЙМАҒЫНЫҢҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Исақұлова А. Т.**
Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

**Аңдатпа.** Каспий аймағы Қазақстан үшін саяси, экономикалық, экологиялық, гуманитарлық және басқа да факторларға байланысты, әскери-саяси және экономикалық сипаттағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан. стратегиялық маңызға ие.

**Түйінді сөздер:** Каспий аймағы, халықаралық құқықтық мәртебе, Каспий саммиті, Еуропалық Одақ.

1991 жылы КСРО-ның ыдырауы және бірқатар жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы өз проблемалары мен қауіптері бар жаңа геосаяси өңірлерді қалыптастыруға әкелді. Осындай аймақтардың бірі Каспий теңізі немесе «Каспий аймағы» деп аталады.

Бұл аймақты зерделеуге сарапшылар қауымдастығы үнемікөңіл бөлуде. Бұлосы аймақтағы көмірсутегі шикізатының байлығымен және Солтүстік-Оңтүстік және Шығыс-Батыс осьтері бойынша негізгі бағыттар қиылысатын геоақпараттық орналасуына байланысты болды. Ірі мұнай қоры әлемдік мұнай бизнесінің айрықша назарында. Бұл қорлардың көлемі Каспийдің «Екінші Парсы шығанағы» деп аталуына мүмкіндік берді. Каспийдегі ірі көмірсутектер қорының болуы АҚШ, Еуропалық Одақ елдерінің және Түркияның аймақтағы саяси және экономикалық әсерін кеңейту ниетін

анықтады. Каспийдің ресурстары тез өсіп келе жатқан Азия нарығы үшін қызықты болды, бұнда Қытай маңызды рөл атқарады.

Каспий аймағы Қазақстан үшін саяси, экономикалық, экологиялық, гуманитарлық және басқа да факторларға байланысты,әскери-саяси және экономикалық сипаттағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан. стратегиялық маңызға ие.

Соңғы 20 жылдағы Каспий аймағының негізгі проблемалары:

- Каспий теңізінің халықаралық құқықтық мәртебесі мен режимін реттеудің жоқтығы;
- энергетикалық қауіпсіздік, Каспий энергиясын әлемдік нарыққа тасымалдау проблемалары;
- экологиялық қауіпсіздік, Каспий теңізінің бірегей экожүйесі, ол елеулі қорғауды қажет етеді;
- әскери қауіпсіздік, кейбір Батыс Еуропа елдерінің және АҚШ-тың аймақтағы үдерістерге үлкен қызығушылығын көрсету, соның ішінде әскери қауіпсіздік мәселелерін бақылауға әрекет ету.

Каспий маңы елдерінің саясатына әсер ететін келесі мәселе - энергетикалық қауіпсіздікті қалыптастыру. Осыған байланысты Еуропалық Одақ елдері аймақта белсенді рөл атқарады. Энергияны жеткізу қауіпсіздігі ЕО елдеріне стратегиялық маңызы бар мәселе және Каспий аймағының әлеуеті ерекше қызығушылық тудырады. Каспий теңізінің ЕО-тың энергиямен жабдықтау жүйесіне тартылуы мұнай мен газ импортын әртараптандыру жоспарларына сәйкес келеді.

Каспий аймағы бойынша Еуропалық Одақтың энергетикалық қауіпсіздік саясаты бірнеше факторлардың нәтижесінде қалыптасты:

- ЕО-қа мүше елдердің және Еуроодақтың қарқынды және өсіп келе жатқан саны, энергия импортына тәуелділігі;
- Каспий аймағындағы елдерде оның әсерін тарату мен нығайтудағы ерекше тарихи мүдде;
- Еуропа Одағына он жаңа мемлекеттің қосылуы, соның нәтижесінде Қара және Каспий теңізінің өңірлерінің елдеріне жақындады.

Каспий аймағының экологиялық қауіпсіздігі туралы айтатын болсақ, экологиялық апат қаупі бар екенін атап өту керек. БҰҰ сарапшыларының бағалауы бойынша, әлемнің көптеген бассейндеріндегі атмосфераны және су ресурстарын ластау, Каспий теңізіндегі флора мен фаунаның бұзылуы, азық-түлік өндірісін төмендету, генетикалық қорлардың бұзылуы, әлемнің экологиялық апатқа ұшырауына әкелуі мүмкін.

Бүгінде Каспий маңы елдерінің әлеуеті зор және қарқынды дамып келе жатыр.

Каспий саммиттерінің рөлі ерекше, олар келіссөз үдерісіне қажетті саяси серпіліс әкелді және қайшы ұстанымдар бойынша келісімге қол жеткізілді және Каспий өңірі тарихының бірегейлігін әрі мәдениетінің алуан түрлілігі, адам ресурстарының мол екені және бай табиғи қор шоғырланғаны, сонымен қатар теңіздің географиялық тұрғыдан тиімді орналасуы арқасында зор геосаяси маңызға ие болып отыр.

Каспий теңізін бөлу мәселесі 1992 жылдан бері талқыланып келеді. СССР ыдырап, оның құрамындағы мемлекеттер тәуелсіздігін алған соң Қазақстан, Ресей, Әзербайжан, Түркіменстан мен Иранға екі мыңға жуық су асты жануары мекендейтін, 700-ден астам теңіз өсімдігі бар, мұнай мен газ кеніштеріне бай әлемдегі ең ірі тұйық су қоймасының құқықтық мәртебесін жаңадан анықтау қажет болды. Аймақтағы биоресурстарды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, мұнай-газ кеніштерін өндіру, кемелер жүрісін реттеу мен тауар тасу мәселелерін шешу үшін ең әуелі теңізбен шектесетін елдер мәміле жасаулары тиіс.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға 2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында өткен Бесінші Каспий саммиті барысында Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан Президенттері қол қойды.

Бұл құжат Каспий теңізіне, оның суын, түбін, жер қойнауын, табиғи ресурстар мен әуе кеңістігін қоса алғанда, тараптардың құқықтары мен міндеттемелері айқындалатын және реттелетін негізін құрайтын халықаралық шарт болып табылады.

Конвенция ұлттық аймақтарды шектеу; юрисдикциялар мен егемендік; жер қойнауын пайдалануға құқықтарды жүзеге асыру; транзит пен тасымалдау; су асты құбырлары мен кабельдерді төсеу; қоршаған ортаны және Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын қорғауға байланысты мәселелерді реттейді. Каспий маңы мемлекеттерінің әскери қызметі тұрғысынан алғанда қазіргі заманғы сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге қарсы тұру, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, қауіпсіздік мәселелеріне айрықша назар аударылған.

Конвенцияға сәйкес Каспий теңізінің теңіз акваториясы түрлі режимдермен аймақтарға бөлінеді. Тараптар ені 15 теңіз милінен аспайтын аумақтық суларды белгілейді, бұл ретте олардың сыртқы шекаралары мемлекеттік мәртебеге ие болады. Аумақтық сулар әрбір мемлекеттің өзінің айрықша құқықтарына ие он мильдік балық аулау аймақтарымен жанасады.

Биологиялық ресурстардың бірегей популяциясын сақтау мақсатында барлық акватория бойынша балық аулау келісілген ұлттық квоталар негізінде жүзеге асырылады.

Балық аулау аймақтарынан тыс ортақ су кеңістігі сақталатын болады. Теңіз мемлекеттік шекараларынан тыс жағалау елдерінің тулары астындағы кемелер үшін теңізде жүзу еркіндігі қолданылады. Басқа теңіздерге және Әлемдік мұхитқа көліктің барлық түрлерінің транзит еркіндігі туралы уағдаластықтың маңызы өте зор. Жер қойнауын пайдалануға және басқа да заңды шаруашылық-экономикалық қызметіне олардың егемендік құқықтарын іске асыру мақсатында Каспий теңізінің түбі мен қойнауын секторларға бөлу халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын ескере отырып, шектес және қарсы жатқан мемлекеттердің уағдаластықтары бойынша жүзеге асырылады.

Сондай-ақ экологиялық талаптар сақталған жағдайда теңіз түбі арқылы магистралдық құбыр желілері мен кабельдерді төсеу мүмкіндігі көзделген. Каспийдің экологиялық жүйесі мен оның барлық компоненттері жан-жақты қорғалады және күзетіледі. Теңіздегі кез келген қызмет теңіздің қоршаған ортасы мен оның биологиялық әртүрлілігіне залал келтірмеуі тиіс.

Каспий маңы елдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды болдырмау, әскери қызметтер мәселелеріне айрықша назар аударылды. Конвенцияға қатысушы елдер қызметтерінің негізін қалайтын қағидаттар, соның ішінде Каспий теңізі аймағын бейбітшілік, тату көршілік және достық өңіріне айналдыру қажеттілігі, оны бейбіт мақсатта пайдаланып, елдердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу, сондай-ақ Каспий теңізінде тараптарға қатысы жоқ қарулы күштер болмауы қарастырылды. Конвенция Каспий маңы елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға зор мүмкіндік береді, осы бағыттағы бірқатар қосымша шараларжасалуда.

Каспий теңізінің саяси тұрғыдан тұрақсыз аймаққа жақындығы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Каспий маңы мемлекеттерінің өзара тиімді әрі нақты іс-қимылдарды пысықтауы талап етілді. Осыған орай әскери қызмет саласындағы сенім шаралары үшін бесжақты келісім жасауды ұсынылды.

Инвестициялық ықпалдастықты одан әрі дамытып, энергетикалық және геологиялық барлау саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін Конвенция мен қол

қойылатын құжаттардың мүмкіндіктерін толық көлемде пайдалану қажеттігін атап өтілді, көлік-транзит қуатын арттыру үшін тариф саясатын жетілдіріп, Конвенцияға қатысушы елдердегі тасымалдау жағдайын жақсартуды ұсынылды.

Каспий теңізінің жаңа құқықтық режимін танытатын Конвенцияны тиімді орындау және Каспийдегі ынтымақтастықтың әртүрлі аспектілеріне шолу жасау мақсатында Каспий маңы мемлекеттерінің өкілетті өкілдері деңгейінде тұрақты бесжақты консультациялар тетігін құру туралы шешім қабылдады.

Ақтау қаласында өткен бесінші Каспий саммиті барысында Қазақстан, Әзербайжан, Ресей, Иран және Түркіменстан басшылары Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтайтын конвенцияға қол қойды.

- Құжат жобасы бойынша, Каспий теңізі бес ел арасында теңіз ретінде бөлінген. Қазақстан теңіздің 29 пайызына ие.
- Құжат жобасы бойынша, бес мемлекет өздеріне тиесілі территорияда шикізатты барлап, өндіре алады. Бірақ оған бес елдің ортақ келісімі керек және экологиялық талаптар сақталуы тиіс.
- Құжат жобасы теңізде жағалаудағы бес мемлекеттен басқа елдің әскери күштерінің болуына тыйым салады. Құжаттағы бұл норманы Каспий теңізіндегі ең озық әскери-теңіз күштері бар ел – Ресей қолдап отыр.

Дерек бойынша, Каспий теңізінің қайраңында 50 миллиард баррель барланған мұнай қоры мен 9 триллион кубометр газ қоры бар.

2018 жылы 12 тамыз күні бес мемлекет басшылары тарапынан «Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы» конвенцияға қол қойылуы, сөзсіз, тарихи оқиға. Конвенция кәрі Каспий теңізінің қауіпсіздігін бекітті. Конвенция келісіміне сәйкес, Каспий теңізі су айдынының жоғарғы бөлігінің негізгі аумағы теңіз ретінде мойындалды.

КСРО ыдырай салысымен, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің мәселесі туындағаны рас. Ортақ келісімге келу мақсатында Әзербайжан, Қазақстан, Түрікменстан, Иран, Ресей елдерінің бес елдің Сыртқы істер министрлігі өкілдері, түрлі саланың жоғарғы деңгейлі ғылыми сарапшылары 22 жыл жемісті еңбек етті. Әрбір ел өздерінің жеке мүддесін қорғайтындықтан да, келіссөздер күрделі мән алды.

«Ақтау конвенциясы» – 1996-2018 жылдар аралығында өткізілген арнаулы жұмысшы тобы өткізген 51 отырыс, Сыртқы істер министрлерінің 10-нан аса, мемлекет басшыларының төрт кездесуі барысындағы нәтиже. Ұзаққа созылған басты кедергі көмірсутегіне бай, теңіз түбін бөлу мәселесіне қатысты өрбіген болатын. Енді су айдынына қатысты ортақ келісім жасалды. Бес елдің басшылары теңіз айдыны бетінің үстіңгі айлағын ортақ пайдалану құқын беру, ал теңіз түбі мен қойнауын халықаралық құқық негізінде бес мемлекет өзара үлестерге бөлу жөнінде келісім жасалды. Сол сияқты тараптар кеме қатынасы, балық аулау, ғылыми зерттеу және магистралды труба көздерін орналастыру тәртібі туралы келісімге келді. Мұның барлығында экологиялық қауіпсіздік мәселесі негізге алынуы қажет. Ең бастысы, конвенцияға сәйкес, Каспий теңізіне аймақтық державалардан тыс елдер әскери күштері жіберілмейді. Конвенция бойынша әр тарап Каспий теңізін бейбіт мақсатта бейбітшілік пен өзара көрші ынтымақтастығы аймағына айналдырып, бес мемлекеттің егемендігі мен территория-лық біртұтастығын өзара құрметтеу арқылы пайдалану келісімі бекітілді. «Ақтау саммиті» бес мемлекеттің тиімді транзиттік мүмкіндіктеріне және қауіпсіздікке жол ашты. Көрсетілген баптарға қарсы кедергілерді болдырмау – жеке мемлекеттердің міндеті.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Ерімбетова, «Каспий көкжиегін кеңейткен конвенция»,«Астана Ақшамы» 21 Тамыз, 2018 ж.
2. «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі», http://www.mfa.kz/kz
3. «Каспий конвенциясы. Шекарамыз толық бекітілді», Қуаныш Қаппас.
4. «Каспий конституциясы» қабылданды», Гүлайым Шынтемірқызы,«Егемен Қазақстан», Маңғыстау облысы, 13 Тамыз, 2018.
5. «ГеополитическиепроцессыКаспийскогорегиона в контексте национальной безопасности», Усманов Р. Х.,Государственное и муниципальное управление. Ученые записки СКАГС. 2015. № 3.
6. «Проблемыбезопасности в Каспийскомрегионе в контексте изменения геополитической обстановки»,И.А. Абдуллаев, Вестник РУДН, серия Политология, 2016, № 2.
7. «Влияниена региональных сил на безопасность каспийского региона», А.М. Сулейманов, Омский научный вестник №6 (92) 2010.

**ӘОЖ 339.5**

## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ МЕНКАСПИЙ ӨҢІРІ ЕЛДЕРІНІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

**Абдиева С.Р.**
Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Маңғыстау облысының мен Каспий өңірі елдерінің сыртқы сауда айналымы, экспорт, импорт, экспорттық-импорттық операциялар, экспорттық операциялар, импорттық операциялар талдау жасалды.

**Түйінді сөздер:** сыртқы сауда айналымы, экспорт,импорт,экспорттық-импорттық операциялар, экспорттық операциялар, импорттық операциялар.

Маңғыстау облысы - Қазақстан Республикасының қиыр оңтүстік-батысындаорналасқан ірі әкімшілік бірлігі. Облыстың батысы мен солтүстігін қоршай орналасқан Каспий теңізі арқылы Әзербайжан Республикасы, Иран Ислам Республикасы, Рессей Федерациясы шекаралас болса, Түрікменстан Республикасымен Каспий теңізі арқылы да, құрлықта оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында Өзбекістан (Қарақалпақстан), солтүстігі мен солтүстік-шығысында Атырау, Ақтөбе облыстарымен шектеседі.

Маңғыстау облысы әлемнің 86 елімен экспорттық-импорттық операцияларды, оның ішінде әлемнің 38 елімен экспорттық операцияларды, ал 76 елімен импорттық операцияларды жүзеге асырады.

Маңғыстау облысының 2017 жылы қаңтар-желтоқсан айында сыртқы сауда айналымы 4,4 млрд. АҚШ долл., оның ішінде экспорт – 4,2млрд. АҚШ долл., ал импорт – 204,5 млн. АҚШ долл. құрады. Ұқсас кезеңімен салыстырғанда, сыртқы сауда айналымы 122,2%-ға өскен (2016 жылғы қаңтар-желтоқсанда айналымы 3,6 млрд. АҚШ долларын құраған) экспорт 123,5%-ға көбейген (2016 жылғы қаңтар-желтоқсанда бұл көрсеткіш 3,4 млрд. АҚШ долларын құраған),ал импорт - 57,3% азайған (2016 қаңтар-желтоқсанда бұл көрсеткіш 478,4 млн. АҚШ долларын құраған).

Тауар айналымының едәуір азаюы өнімдер экспортының төмендеуіне, мұнай бағасының өсуіне байланысты болды. Бұл жағдай өңірдегі мұнай компанияларының мұнай өнімдерінің экспорт көлемін азайтуына әкелді.

2017 жылы Маңғыстау облысында Армения, АҚШ, Түркия, Иран, Қытай, Германия, Нидерланд, Италия, Әзірбайжан, Франция және Аустралия сияқты алыс және жақын шетелдердің 11 елінің сауда-экономикалық миссиясы жұмысын ұйымдастыру қамтамасыз етілді [2].

млрд.АҚШ доллары




1 сурет. Маңғыстау облысының сыртқы сауда көрсеткіштерінің негізгі серпіні. млн. АҚШ доллары

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен сыртқы сауда көлемінің төмендегідей байқалады. Сонымен бірге алыс шет елдермен сыртқы сауда байланыстары нығайғаны және дамығаны байқалады.

2017 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында Евразиялық экономикалық одақ елдерімен өзара сауда 140793,7 млн. АҚШ долларын құрады. Оның ішінде экспорт бойынша 8996,7 млн. АҚШ долларын құрады, ал импорт бойынша 131797 млн. АҚШ долларын құрады (1 кесте).

1 кесте.ЕАЭО елдері бойынша өзара саудасының негізгі көрсеткіштері*

мың АҚШ доллары

| | Тауар айналымы | | Экспорт | | Импорт | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | барлығы | тауар айналымының жалпы көлеміндегі елдің үлес салмағы, % | барлығы | тауар айналымының жалпы көлеміндегі елдің үлес салмағы, % | барлығы | тауар айналымының жалпы көлеміндегі елдің үлес салмағы, % |
| Барлығы: | 140 793,7 | 100,0 | 8 996,7 | 100,0 | 131 797,0 | 100,0 |
| оның ішінде: | | | | | | |
| Ресей | 132 210,7 | 93,9 | 8 452,6 | 94,0 | 123 758,0 | 93,9 |
| Беларусь | 7 946,8 | 5,6 | 3,0 | 0,0 | 7 943,8 | 6,0 |
| Армения | - | - | - | - | - | - |
| Қырғызстан | 636,2 | 0,5 | 541,0 | 6,0 | 95,1 | 0,1 |

* Алдын-ала мәліметтер.

2 кестеде Маңғыстау облысының Елдің тобы бойынша сыртқы сауда айналымының 2015-2017 жылдар арасындасындағы құрылымын көріп отырмыз.

2 кесте. Елдің тобы бойынша сыртқы сауда айналымының құрылымы.

млн. АҚШ доллары

| | 2015 | 2016 | 2017 |
|---|---|---|---|
| Барлығы | 4 555 634,4 | 3 709 459,3 | 4 416 222,3 |
| ТМД елдері | 35 797,4 | 80 593,3 | 89 191,4 |
| Әлемнің басқа елдері | 4 458 437,4 | 3 628 866,0 | 4 327 030,9 |
| Еуропа | 4 033 293,6 | 3 369 302,2 | 3 984 975,6 |
| ЕО елдері | 1 653 997,0 | 1 303 359,6 | 1 363 926,9 |
| ЕО елдерінежатпайтын | 2 379 296,6 | 2 065 942,5 | 2 621 048,7 |
| Азия | 394 065,4 | 189 448,2 | 296 261,7 |
| Америка | 28 177,5 | 69 522,0 | 45 448,1 |
| Африка | 899,6 | 425,3 | 33,1 |
| Австралия және Океания | 2 001,4 | 168,3 | 312,4 |

Маңғыстау облысының2017 жылғы экспорттағы негізгі сауда әріптестері Швейцария (59,2%), Румыния (13%), Италия (8,1%), Нидерланд (5%), Греция (2,2%), Украина (1,5%), Сингапур (1,5%), Австрия (1,3%), АҚШ (2%), Испания (1,2%),, қалған 5,7% өзге мемлекеттер 2 суреттен көреміз.

пайызбен




2 сурет. 2017 жылғы экспорттағы негізгі сауда әріптестерінің үлесі

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы импорттағы негізгі сауда әріптестері Ресей (34%), Қытай (18%), Германия (6%), АҚШ (5%), Уракина (3%), Франция (3%), Корея Республикасы (3%), Италия (2%), Түркия (2%), Жапония (2%), Беларусь (2%),

Өзбекстан (3%), Біріккен Корольдік (1%) қалған 16% өзге мемлекеттер құрағандығын 3 суреттен көреміз.

пайызбен




3 сурет. 2014 жылғы импорттағы негізгі сауда әріптестерінің үлесі

Экспорттағы негізгі тауар топтарының үлесі минералдық өнімдердің үлес салмағы - 80% құрады, металлдар және олардан жасалған бұйымдар – 8,5%, химиялық өнім және олармен байланысты өнеркәсіп салалары (каучуктерді және пластмассаларды қосқанда) - 4%, ең төменгі үлесті 1,4% өзге тауарлар құрағандығын 4 суреттен көреміз.

пайызбен




4 сурет. Экспорттағы негізгі тауар топтарының үлесі

Т1 - мал және өсімдіктер өнімдері, дайын азық-түлік тауарлары
Т2 - минералдық өнімдер
Т3 - химиялық өнім және олармен байланысты өнеркәсіп салалары (каучуктерді және пластмассаларды қосқанда)
Т4 - металлдар және олардан жасалған бұйымдар

Т5 - машиналар, жабдық, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар
Т6 - өзге тауарлар[2].

Импорттағы негізгі тауар топтарының үлесі арасынан машиналар, жабдық, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар – 44%, химиялық өнім және олармен байланысты өнеркәсіп салалары (каучуктерді және пластмассаларды қосқанда) - 14%, мал және өсімдіктер өнімдері, дайын азық-түлік тауарлары – 13,9% ең төменгі үлесті 7,3% минералдық өнімдер құрағандығын 5 суреттен көреміз.

пайызбен




5 сурет. Импорттағы негізгі тауар топтарының үлесі

Т1 - мал және өсімдіктер өнімдері, дайын азық-түлік тауарлары
Т2 - минералдық өнімдер
Т3 - химиялық өнім және олармен байланысты өнеркәсіп салалары (каучуктерді және пластмассаларды қосқанда)
Т4 - металлдар және олардан жасалған бұйымдар
Т5 - машиналар, жабдық, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар
Т6 - өзге тауарлар

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н. К. Мамыров, А. Н. Саханова, М. С. Ахметова, Л. Брузати Государство и бизнес. Менеджмент государственного сектора. Книга 3, А, 2002 год;
2. www.stat.gov.kz.

**ӘОЖ 339.97**

# КАСПИЙ АЙМАҒЫ: ГЕОСАЯСИ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ТОҒЫСУ НҮКТЕСІ

**Ертілеуова А.Б., магистр**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Каспий маңы елдерінің геосаяси жағдайы туралы ғылыми ортада бірнеше бағыт бойынша зерттеу-талдаулар жасалған. Олардың ішіндегі ең маңыздысы, қызықтысы (тұрғындарға жақыны) геосаяси интеграция, құқықтық-гуманитарлық байланыс тақырыптары. Сол себептен болашақ ғалым ретінде мен де осы тықырыпты таңдадым.

**Түйінді сөздер:** Каспий аймақтық интеграция, географиялық және әлеуметтік саяси дамуы.

Каспий маңы елдеріне кіретін Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан мемлекеттерінің ортақ интеграциялық мүдделі байланыстары бар. Географиялық жағынан Каспий теңізі, оның суын, түбін, жер қойнауын, табиғи ресурстар мен әуе кеңістігін қоса алғанда, тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне байланысты мүдделі көзқарастары бар. Интеграция – бұл обьективті экономикалық процесс. Халықаралық еңбек бөлінісінің қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып, елдердің бірігуі шеңберінде бір тұтас шаруашылық кешенін құру[1].

Мемлекеттер ортақ заңдарға бағына отырып өздерінің қызмет бөліністерін орталықтан бақылайтын органдарға береді. Осы бағыттағы интеграциялық ортақ байланыстарды осы елдердің гуманитарлық бағытта тығыз интеграция орнатып жұмыс істеуі маңызды. Каспий елдерінің интеграцияға деген қызығушылығының артуы Кеңес Одағы ыдырап, пайда болған ТМД-ны құруынан бастау алады. Сондықтан, қазіргі кезде Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайының дамуы үшін Каспий маңы елдерінің қандай да бір тәжірибелерін пайдалану керек. Бұл мүдделес елдердің стратегиялық дамуы үшін маңызды қадам болмақ. Осы интеграциялық байланыстардың құқықтық статусын анықтау арқылы жаңа процестерге жол ашылады. Каспий маңы елдерінің Саммитінде де осы мәселелер азаматтардың адам құқықтарын қорғау, демократия құндылықтарын жоғары қоюға байланысты «еркіндік, қауіпсіздік және құқық тәртіп кеңістігін» құрды [2]. Бұл жерде Каспий маңы елдерінің ортақ ұстанымдары ескерілді. Сырттай қарағанда, нәтиже бермейтін жәй ғана қағазда жазылған дүние болуы мүмкін. Алайда, мемлекеттердің өзара байланысы, экономикалық-әлеуметтік, рухани-мәдени гумантиарлық интеграцияның нығаюына алып келеді. Осы арқылы елдердің шекаралық-аумақтық мәселелері де толықтай шешіледі.

Былай қарағанда, жаһандық даму үшін бөліну емес, бірігу керек деген түсінікті алға тартушылар кездесуі мүмкін. Бірақ, бұл көрші елдердің географиялық-саяси жағынан ортақ мақсатқа жұмылуы дер едім. Ондай мысалдар әлем елдерінің даму коньюктурасында жиі кездеседі. Мысалы, Европалық Одақты алайық. Ол қазір интеграциялық процесс дамуының ыстық нүктесіне айналды. Европалық Одақтық интеграцияның арқасындағы жетістіктерін қарасақ, көңіл қуанады. 1992 жылы Маастрихтте (Нидерланды) өткен халықаралық кездесу нәтижесінде Европалық Одақ құрылды. Бір жылдан кейін (1993 жылы 1 қараша) бұл құжат өз күшіне енді. Қазіргі нәтижесі даму процестері жаман емес.

Осы арқылы ортақ экономика, ортақ саясат, ортақ ынтымақтастық пен қауіпсіздік жүргізу мәселелеріне байланысты үлкен саяси және экономикалық маңызы үлкен шешімге қол жеткізілді[3]. Осылайша, Еуропалық Одақ еуропалық экономикалық және саяси интеграциялық жоғарғы дәрежелі көрінісі болып табылады. Бұл мысалдарды Каспий маңы елдерінің интеграциялық байланысын нығайту үшін тиімді һәм жүйелі пайдалануға болады.

Каспий маңы елдері өз ішіндегі тәртіп пен қауіпсіздікті реттеу үшін біршама жұмыстарды бастап кетті. Қауіпті не қауіпсіз аймаққа жататын ішкі бөліністерді де атап өткен жөн. (Иран мәселесі, Ресей федерациясының проблематикасы)

Каспий маңы мемлекеттері үшін – ортақ сыртқы саясат және қауіпсіздік атмосферасын құру басты мақсаттардың бірі. Бұл елдердің құқықтық базасын құруға қатысты ортақ шешімдер Саммитте айтылды. Арнайы құжат жасалып, қол да қойылды.

Бұл 5 мемлекет ортақ экономикалық саясат, ортақ сыртқы саясат және ішкі қауіпсіздік мәселесін жүргізіп келеді. Ынтымақтастық және әріптестік бағыттағы жеткен жетістіктері де аз емес. Бұл Каспий маңы елдерінің аз да болса жеткен жетістіктеріне жатады. Бұл интеграциялық байланыстардың маңызды құрамдас бөлігі ретінде мұсылман әлемі, Ресей, посткеңестік кеңістік Қытай және Шығыс Азияға қатысты ұстанымдары бойынша елдер бейтарап саясат ұстанғандары жөн. Алайда, оның тиімділігі туралы әзір бірдеңе деу ертерек. Мүмкін, ширек ғасырдан кейін ғана нәтижеге қол жеткізуге болады.

Бір жылдары Каспий маңы елдері саяси және экономикалық тұрақсыздықтың алдында тұрды. Қазіргі жағдай басқа, бүгінде бұл елдерге трансұлттық кәсіпкерлік обьектісі ретінде қарайды. Себебі, бұл теңіз кеңістігі әлемдік жаңа дәліз, тұрақты экономикалық дамудың ыстық нүктесіне айналды. Ең бастысы, елдер арасында саясі-экономикалық тұрақтылық бар[4]. Яғни, бұл жерде де ірі теңіз коммуникациялық дәліздің орны бар. Ең бастысы, бұл құрлық дәліздеріне қарағанда, арзан һәм қауіпсіз болып саналады.

Қазақстан тоғыз жолдың торабында орналасқан геосаяси жағынан өте маңызды аумақта орналасқан мемлекет. Алайда, бұл жерде Қазақстанға қатысты тәуекелді тұстар жетерлік. Себебі, аймақтық сыртқы саясатты жүйелеп, кешенді түрде жолға қою үшін стратегиялық мүдделердің де негіздерін іздеу керек. Шанхай бестігі, ЕврАзЭс, Ұжымдық қауіпсіздік келісімінің ұйымы (ОДКБ) сынды халықаралық шаралар біздің елдің ұйытқы болуымен ғана өтіп келеді. Мұның өзі бұл тәуекелге мықты дайындықтың барын білдіреді. Кешегі өткен Каспий маңы елдерінің Саммиті де осы шеңберге кіреді.

Каспий маңы елдері интеграциясының өзектілігі - оның саяси және экономикалық-әлеуметтік дамуы мен мәдени-рухани ұстанымдары бойынша ерекше бағаланады.

Каспий маңы елдері интеграциялық байланыстарды Одақ не белгілі бір ортақ кеңістік құрып шешуді міндеттемеймін. Алайда, бұл елдер біріге отырып, экономикалық және әлеуметтік тұтастықты сақтағысы келсе, бір-бірінің мүдделеріне зиян жасамауы керек. Кез келген интеграциялық байланыс белгілі бір тәртіп жағында ғана жасалуы керек. Байланыс бұзылса, тәртіп кетеді. Бұл байланыс елдер басшыларының көзқарастары тұрғысынан емес, халықтың ортақ қатынасы, болашаққа бағдарланған ортақ стратегиялық байланысты сақтау үшін жасалу керек. Әйтпесе, бұлардың барлығы қағаз жүзінде қалуы ғажап емес [5]. Саяси элита мен мемлекет басшылығындағы тұлғалардың жеке көзқарастары бойынша құрылған ұйымдар мен байланыстардың ұзаққа бармайтынын тарих сан мәрте дәлелдеді. Интеграциялық байланыс ішкі саясатта емес, сыртқы саясатта ысылған тұлғалардың мемлекет

басқарудағы ерекше тәсілдері мен методологиялық көзқарастары арқылы жүзеге асады. Бұл жерде жеке бастың бәсекелестігі жүрмеуі тиіс.

Қазақстан көрші елдер интеграциясы үшін үлгі болар елге айналды. Каспий маңы елдері үшін де осындай қағидаларды бұзбады. Бұл үлкен жетістік һәм зор абырой. Каспийге қатысты интеграциялық шарттардың дұрыс құрылуына негіз болды. Осы шарттардың сақталуы, бұлжымастан орындалуын қамтамасыз етуге бар күш жігерін салып келеді. Осы тұрғыда арнайы Конвенция да қабылданды. Конвенция ұлттық аймақтарды шектеу; юрисдикциялар мен егемендік; жер қойнауын пайдалануға құқықтарды жүзеге асыру; транзит пен тасымалдау; су асты құбырлары мен кабельдерді төсеу; қоршаған ортаны және Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын қорғауға байланысты мәселелерді реттейді. Каспий маңы мемлекеттерінің әскери қызметі тұрғысынан алғанда қазіргі заманғы сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге қарсы тұру, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, қауіпсіздік мәселелеріне айрықша назар аударылған.

Каспий аймағы елдерінің интеграциялық байланысын нығайтудағы ерекшеліктерді кей ғалымдар географиялық-саяси жағынан бөліп қарастырады. Каспий ерекше эко жүйеге жатады. Бұл аймақта (Каспий теңізі) экономикалық-экологиялық, био энергиялық ресурстар шоғыры бар кеңістіктік түзілген. Бұл жерді сондықтан да жаңа кеңістік жаңа аймақ ретінде қарастырады. Бұл жерде үлкен интеграциялық кеңістік жатыр. Каспий маңы елдерінің Еуразиядағы геосаяси жағынан жаңа өркениеттілік кеңістікке кіретіні туралы да ғылыми тұжырымдамалар бар. Су алабын бірлесіп пайдаланып отырған осы елдердің ұлттық-діни көзқарастарына байланысты іріктеліп жасалынған ислам, христиан, буддалық өркениеттердің шекарасы деген анықтамалар да айтылып жүр. Бұл аймақтың интеграциялық әлеуетіне айтарлықтай серпін береді. Каспий маңы елдерінің интеграциялық әлеуетіне осы мемлекеттердің құқықтық статусына қатысты ұстанымдарын да кіріктіруге болады. Ол осы елдердің құқықтары мен міндеттемелері, аймақтық қауіпсіздік, ортақ заңнамалық база, осыдан шығатын бейбітшілік пен татулықтың аймағына айналу, аймақтық қауіпсіздік т.с. құжаттамалық негіздерді айтуға болады. Каспий теңізін бойлай орналасқан елдердің интеграциялық байланысының құқықтық негізі 1992 жылы бес мемлекеттің теңіздегі ынтымақтастық мәселелерін реттеу кезінде жасалды. Содан бері бірталай жұмыстар атқарылды. Арнайы жұмыс топтары құрылып, интеграцияның негіздері жасалды.

Келіссөздер процессі шеңберінде Каспий маңы мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің жеті кеңесі (1996 жылы 11-12 қарашада Ашхабадта, 2004 жылы 6 сәуірде Бакуде, 2007 жылы 20 маусымда Тегеранда, 2014 жылы 22 сәуірде Мәскеуде, 2016 жылы 12-13 шілдеде Астанада, 2017 жылы 4-5 желтоқсанда Мәскеуде, 2018 жылы 11 тамызда Ақтауда) өтті[6].

Каспий маңы елдерінің үкіметтері арасындағы көлік саласындағы ынтымақтастық туралы, сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы, Каспий теңізіндегі оқиғалардың алдын алу туралы келісімдерге, сондай-ақ, терроризмге қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы, 2010 жылғы 18 қарашадағы Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге Шекара ведомстволарының өзара іс-қимылдары туралы хаттамаларға қол қойылды. Каспий жағалауындағы елдердің өндірістік-шаруашылық бағыттағы интеграциясы туралы да зерттеулер бар [7].

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Появится ли в Каспийском море суда третьих стран? Forbes31.01.2019 А Горбунова
2. Море нашей надежды: в Актау подписана Конвенция о правовом статусе Каспия. Реонанс.кз Жанар Тулиндинова, 13.09.2018
3. Эпохальное событие: 5 президентов поделили Каспий, Газета. ру 12.08.2018
4. Туған елім – тірегім. Назарбаев Н.Ә. -Алматы, 2001
5. Проблемы международных отношений. / Под ред. Е.А. Кузнецова. - А.,1999
6. Как изменится обстановка в регионе после подписания Конвенции о правом статусе Каспия. Закон.кз. Александр Бовдунов 12.09.2018
7. Нұрсұлтан Назарбаевтың "он қадамы": "Российская газета" оқырмандарының сұрақтарына жауапты ұйымдастырған В. Дымарский //
Егемен Қазақстан. - Алматы, 2003. -№ 43, 22 ақпан.

**ӘОЖ 349.6 (045)**

## КАСПИЙ ТЕҢІЗДЕГІ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ РЕСУРСТАРДЫ БАСҚАРУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

**Усенбаева А.У.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Каспий теңізіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** Каспий; конвенция; экономика.

Егер Каспийге халықаралық деңгейдегі "теңіз" мәртебесі берілсе, онда оған автоматты түрде БҰҰ-ның 1958 және 1982 жылдардағы құрылықтық түбектер, қайраңдар мен теңіз құқығы жөніндегі Конвенцияларының баптары сай келеді. Олай болған жағдайда әр каспийлік мемлекет 12 мильдік аумақтық өңірге және 200 мильдік экономикалық өңірге ие болып қалады.

Алайда Каспийдің ені 200 мильден аспағандықтан, оны жағалаудағы мемлекеттер арасында орта сызық бойынша тең бөлу мәселесі қарастырылып отыр.

Ашық теңіз еркіндігі, 1982 жылғы Конвенция шарттарымен басқа да халықаралық құқық нормаларымен анықталады. Оның ішіне теңіз жағалауында жатқан да, жатпаған да мемлекеттер еркін кеме қатынасын, ұшу кеңістігін, су асты құбырларын және байланыс торабын еркін өткізуге, халықаралық құқық нормасына сәйкес аралшықтар мен құрылғыларды орнатып, балық шаруашылығымен айналысуды, ғылыми зерттеуді емін-еркін жүргізулеріне болытындықтары қарастырылған. Барлығы ашық теңіз қағидасын басқа мемлекеттердің де мүдделерін ойлап қолдану керек.

Егер теңіз ретінде бөлінсе, Қазақстан бүкіл Каспий акваториясының 30 пайызына ие болады.

Қазақстан, Әзірбайжан және Түрікменстан елдері теңізді ортақ линия арқылы ұлттық секторға бөліп, шекараны айқындауды қолдаған болатын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бұл ұсынысты қолдаған Ресей соңғы жылдары басқаша көзқарасты ұстана бастады. Ресейге Иран елі де қосылып отыр.

Ал, заңнамалық тұрғыдан алғанда көлдің ешқандай экономикалық өңір, қайраң, аумақтық сулар деген санаты болмайды. Ол жағалаудағы мемлекеттердің ішкі суына жатады және оған халықаралық тәртіп құқықтары таралмайды.

Сондықтан мұндай жағдайда БҰҰ-ның мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидасы жүзеге асады. Халықаралық заңдарға сай бірнеше мемлекеттің ортасында орналасқан көлдер өзара келісімі бойынша немесе мемлекеттік шекаралар негізінде және көлдің орталық нүктесінен өзара бөлісулері қажет. Яғни, көлдің құқықтық тәртібін айқындау жағалаудағы мемлекеттердің ғана құзырына кіреді.

Өзінің саяси және экономикалық мүдделерін тиімді қамтамасыз ету мақсатында Ресей Каспийді жағалауында орналасқан 5 елге ғана тәуелді жабық теңіз ретінде қалдыруды әрі Каспийдің құқықтық мәртебесі толық айқындалғанша бұрынғы Кеңес-Иран шартын басшылыққа алуды да ұсынған болатын.

Ресей қазірше теңіз түбін ғана құрлықтағы шекараға негізделген орта сызық бойынша бөліп, ал айдынды ортақ пайдалану керек дегенді ұсынады.

Бұл бір жағынан Каспий төңірегіндегі түркі тілдес елдердің өзара байланысын шектейді. Әрі Каспийдің құқықтық мәртебесінің толық айқындалмағанын сылтау етіп, Орта Азияның мол мұнай-газ байлығын ЕО-қа және басқа елдерге шығаруды мақсат етіп, құбырлардың салынуын тежеу үшін керек.

Бұған басты себептің бірі ретінде ЕО елдерінің Ресейдің мұнай-газ нарығының монолопиясынан бас тартуға тырысуы мен баламалы энергия көздерін іздеуін де алға тартуға болады. Ресей мен Әзербайжан арасындағы байланыс "Таулы Қарабақ" мәселесіне орай нашарлап кетті. Бұл ЕО-тың Орта Азия газын Каспий құбыры арқылы ЕО елдеріне жеткізу жобасының туындауына себеп болды. Бұл идеяны Түркіменстан қолдап отыр.

Енді бір жағынан, Каспий төңірегіндегі дауларға басқа шет елдердің араласуы мүмкін.

Алайда Ресей қазірдің өзінде Әзербайжан, Қазақстан қатарлы көрші елдерімен ортақ келісімге келіп отыр.

Жалпы, бүгінгі геосаяси жағдайға орай, Каспийдің мәртебесін айқындау үшін оның теңізге әлде көлге жатқызылуын айқындау мәселесі тағы да алға жылжыды. Бұл байлығы тұнып тұрған аймақты көздеген батыс елдерінің әртүрлі тәсілдермен оған ие болуға тырысып жатқаны да жасырын емес. Мысалы, арап түбегіндегі байлыққа таластан туған соғыстар осының дәлелі.

Аймақтағы елдердің әскери теңіз қуаттарын күшейтіп, жанталасып жатқаны да соның салқыны болса керек. Бұл тұрғыдан алғанда аймақта тұрақтылықты сақтау және өзара түсіністікке ұмтылу бәрінен маңызды.

2014 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан Каспий теңізінің түбін өзара бөлу туралы келісімге қол қойды (2015 жылғы 31 шілдеде күшіне енді).

2016 жылы 26 мамырда Түркіменстан 2014 жылы қол қойылған келісім-шартты бекітті, іле-шала оны 27 мамырда Қазақстан Парламентінің ратификациялағаны белгілі.

Келісімге сәйкес екі ел Каспий теңізінің өзіне тиесілі секторына иелік етеді әрі олар ондағы ресурстарды өз ықтиярымен игеруге құқылы.

Қазақстан БҰҰ-ның Теңіз құқығы жөніндегі 1982 жылғы конвенциясын негізге алып отырып, теңізді орта сызық бойынша бөлуді ұсынады. Қосымша әрбір елмен жеке-жеке келіссөздер жүргізіп жатыр. Бұл Әзербайжан ұстанымымен белгілі дәрежеде үндес болып шықты.

1998 жылғы 6 шілдеде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы екеу ара Жер қойнауын пайдалану құқықтарын тәуелсіз жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізінің солтүстік бөлігі түбін ажырату туралы келісімге келді. 2002 жылы 13 мамырда аталған Келісімге Хаттама жасалды.

2001 жылғы 29 қарашада және 2003 жылғы 27 ақпанда тиісінше Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбін шектеу туралы өзара келісім жасап және оған хаттама толтырды.

Сонымен қатар, Қазақстан, Ресей мен Әзербайжан 2003 жылғы 14 мамырда Каспий теңізі түбінің шектес учаскелерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісімге келді.

2014 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізінің түбін екеуара бөлу туралы келісімге қол қойылды (2015 жылғы 31 шілдеде күшіне енді).

Каспий жағалауы мемлекеттері Президенттерінің төрт Саммиті (2002 жылғы 23 - 24 сәуірде, 2007 жылғы 16 қазанда, 2010 жылғы 18 қарашада және 2014 жылғы 29 қыркүйекте) және Сыртқы істер министрлерінің бес кеңесі (1996 жылғы 11-12 қарашада, 2004 жылғы 6 сәуірде, 2007 жылғы 20 маусымда, 2014 жылғы 22 сәуірде және 2016 жылғы 12-13 шілдеде) болып өтті.

Алайда осы кездесулер барысында Каспий аумағына басқа елдердің әскери күштерін, кемелерін кіргізбеу туралы және Каспий аймағының экологиясын бірлікте қорғау туралы өзара келісімге келді. Бұл да үлкен жетістік екені белгілі.

Келесі саммит 2018 жылы 12 тамызда Ақтауда өтетіні белгілі болды.

Ақтау Саммитінде Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылады.

Сонымен бірге, әр ел өз теңізі бөлігінің шеңберінде кен орнын ашып, көрші елдермен келісе отырып құбыр тартады. Оның үстіне қазақ елі үшін баламалы тасымал жолдары көбейіп, Ресейдің ықпалынан шығуына, өз еркінше сауда жолын ашуына мүмкіндік туары анық. Былайша айтқанда өзара сенімділік пен түсіністік орнайды деп есетеймін.

Тағы бір жағынан алғанда Қазақстан Түркіменстан мен Әзербайжан елдері арқылы жаңа газ құбыры желілеріне қатысуы керек. Бұл Қытайға тәуелділікті азайту үшін де маңызды, – дейді.

Сонымен бірге Түркіменстан газы Қазақстан арқылы Қытайға кетіп жатқанын ескерсек, енді Түркіменстанмен бірлесе отырып, Баку – Тибилиси – Жиһан құбыры жоспарына да қатыса алады.

Оның үстіне Ақтау еркін экономикалық аймағы арқылы теңіз тасымалын кеңейтіп, туристерді де тартуға мол мүмкіндік ашылады.

Каспий маңындағы бес мемлекеттің президенті Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойды, бұл құжат теңіздің асты мен үстін бөлу туралы мәселеге нүкте қойып отыр.

Құжатқа Ақтау қаласында қол қойылды. Тарихи құжатқа Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Әзербайжанның мемлекет басшысы Ильхам Алиев, Иран президенті Хасан Рухани, Ресей президенті Владимир Путин және Түрікменстанның басшысы Гурбангулы Бердымұхамедов қол қойды.

"Конвенцияға қол қойылумен және осы жерде қол жеткізген барлық келісімдердің басталуымен құттықтаймын",— деді Назарбаев қол қою рәсімі аяқталған соң.

"Конвенцияны Каспий теңізінің конституциясы деп айтуға болады. Құжат теңіз жағалауындағы мемлекеттердің құқықтары мен міндеттеріне байланысты барлық мәселені шешуді көздейді. Сонымен бірге өңірдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді",— деп атап өтті мемлекет басшысы. Бес елдің президенті Каспий теңізі үстінің негізгі аумағы мемлекеттердің ортақ пайдалануында қалады деп келісті. Теңіздің түбі мен байлығы көрші мемлекеттер арасында халықаралық құқық негізінде учаскелерге бөлінеді деп шешілді [2].

Бұдан бөлек тараптар кеме қатынасы, балық аулау, ғылыми зерттеулер жүргізу және магистральдық құбырлар тарту ережелері бойынша келісімге келді. Барлық жұмыс экологиялық қауіпсіздік жағы ескеріліп жүргізілуі тиіс.

Конвенцияға сәйкес, Каспийде өңірлік державалардан бөлек басқа елдердің қарулы күштерінің болуына жол берілмейді.

Теңіздегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ондағы ресурстарды басқару жауапкершілігі конвенцияға қатысушы елдердің мойнына жүктеледі. Сондай-ақ саммит барысында бес елдің ведомство басшылары үкіметаралық келісімдерге қол қойды. Оның ішінде қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық, терроризммен, ұйымдасқан қылмыспен күрес және шекара ведомстволарының өзара іс-әрекет етуіне қатысы құжаттар бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.2018 жылы 21 маусымда Ресейдің мемлекеттік құқықтық порталында. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қою жөніндегі ұсынысты енгізу туралы Ресей Федерациясы Үкіметінің 2018 жылғы 21 маусымдағы №714 Қаулысы жарияланды.

2.Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 9 қаңтар 2007ж. 5 сәуір 2017.

**УДК 327 (045)**

## GEOPOLITICAL AND SECURITYISSUES IN THE CASPIAN REGION

**Kerimov B.K.**
CSUTE named after Sh.Yessenov, Aktau

**Annotation.**This article discusses geopolitical factors and security issues in the Caspian region.It also considers the long-term prospects for the development of the interaction with the states of the region.

**Keywords:** Caspian region, geopolitics, security, Summit in Aktau, multilateral cooperation.

The long-term prospects for the development of the Caspian region mostly depend on geopolitical factors and the state of regional security. In this regard, it is important to pay attention to the fact that for many millennia the Caspian region has united ethnicities, civilizations and cultures. It is important to do everything possible to ensure that the tradition of dialogue continues to be a solid foundation for stable international relations in the region. The Caspian sea can and should become an example of more harmonious and fair relations between the countries in the XXI century.

The uniqueness of the Caspian region as a unique historical and geographical area of the millennial inter-civilizational and intercultural dialogue is one of the most important pillars of stable international relations in the Caspian region in the long term[1].

As you know, the Caspian region is at the junction of several macro-regions-the Caucasus, Central Asia, the Middle East. There are numerous international trade, transport and energy corridors connecting East and West, North and South, Europe and Asia. Of course, this circumstance plays an important geopolitical role.

At the same time, the rich mineral resources of the Caspian sea are at the junction of geopolitical interests of both coastal and non-regional states. Nevertheless, in matters relating to the Caspian sea, the decisive word should be remain after the Caspian states.

It should also be noted that the Caspian sea is of great military and strategic importance. The Caspian countries have their own military fleets, build and modernize naval bases.In addition, many aspects of trade, economic, investment, energy, transport and logistics development of the Caspian region are cross-border and cannot be solved by the efforts of individual States. Therefore, the constructive interaction of the Caspian countries is extremely important both for the region and for the whole world.

The highest point of effective cooperation of the Caspian States was the adoption of the historical Convention on the legal status of the Caspian sea in Aktau (August 12, 2018). This Convention, based on the principle of multilateral benefit, has laid a solid legal foundation for the cooperation of coastal countries in a wide range of areas and has defined the fundamental principles of each state's activities. It eliminated international legal uncertainty and removed many barriers to regional cooperation [2].

Consensus has been reached on dividing the Caspian sea into zones with different regimes. Territorial waters with a width of 15 nautical miles have been established, and their external borders acquire the status of state waters. The territorial waters are bordered by 10-mile fishing zones, where each state has exclusive fishing rights. Outside the fishing areas there is a common water area. Each state exercises sovereign rights to subsoil use within the boundaries of its bottom sector.

Thanks to the division of the Caspian sea into zones with different regimes, the issues of cooperation in the sphere of economy, trade, investment, energy, transport and logistics, agriculture, ecology, tourism, etc. will be resolved more quickly and effectively.

This will be facilitated by the following agreed measures, such as regular meetings of the competent authorities of the Caspian countries; regular interaction of maritime administrations of coastal states with a view to effective and mutually beneficial cooperation in the field of maritime transport in the Caspian sea; planned consideration of issues to optimize tariff policy, improve transportation in the Caspian countries [3].

The summit in Aktau and the regional security issues.

It should be recognized that the V summit of the leaders of the Caspian States (12 August 2018, Aktau) significantly mitigated the risks and threats to the security of the Caspian region.

First, today there are political and legal conditions for the activities of all countries in the Caspian sea to be based on respect for sovereignty, territorial integrity, non-use of force and non-interference in each other's internal affairs. The Caspian sea should become a zone of peace, good-neighbourliness, friendship and cooperation and resolve all issues by peaceful means.

Secondly, it is important to ensure a stable balance of weapons in the Caspian sea, to carry out military construction within reasonable sufficiency, taking into account the interests of all parties, to observe the declared confidence-building measures in the sphere of military activities.

Third, thanks to the consensus on the non-presence of armed forces not belonging to the Parties in the Caspian sea, the military-political situation is becoming more stable. The intergovernmental Agreement on the prevention of incidents in the Caspian sea is also aimed at strengthening regional security.

Fourthly, today we have created favorable conditions and legal guarantees for freedom and safety of navigation in the Caspian sea. All Caspian countries are guaranteed free access from the Caspian sea to other seas and oceans.

Fifth, it has become possible to lay new trunk pipelines in the Caspian sea, as long as all environmental requirements are kept up.

Undoubtedly, these positive factors will contribute to the development of international trade, modernization of transport and logistics infrastructure, economic cooperation of the Caspian States, as well as the integration of the Caspian region into the global economy.

Sixth, the return of militants from Iraq and Syria to the territory of the Caspian States, the Protocols signed in Aktau on cooperation in the struggle against terrorism and organized crime in the Caspian sea, as well as on cooperation between border agencies are of particular relevance.

Equally important is the fact that the Caspian States have agreed that all issues that may arise in the future should be resolved on the basis of the Convention adopted in the act. As a result, a favorable geopolitical and geo-economic environment will gradually be formed in the vast space of the Caspian region, which corresponds to the long-term national interests of not only the Caspian, but also non-regional States.

REFERENCES

1. Kepbanov E.A. The legal status of the Caspian Sea and regional security. - M., - 2014. - 65 p.

2. Eaton M. Major trends in military expenditure and arms acquisitions by the states of the Caspian region / M. Eaton // The Security of the Caspian Sea Region / ed. by G. Chufrin. SIPRI, Oxford University Press, 2011. - P. 81−89.

3.Semedov S.A. The international legal status of the Caspian Sea // Observer. - 2016. - № 4.- С.70−75.

**ӘОЖ 327.341**

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫН ШЕШУДІҢ ТЕТІКТЕРІ: ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

**Ережепова Р.Г.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Мақала Каспий теңізінің халықаралық құқықтық мәртебесі мәселесін шешу үшін КСРО ыдыраған сәттен бастап қалыптасқанмеханизмдерді қарастырады. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі бойынша Каспий маңы елдерінің Сыртқы істер министрлерінің кездесулері, сондай-ақ осы үдерістегі шешуші роль Каспий саммиті аясында өткізілді. Бұл мақалада Ашхабадтағы 1-ші Каспий саммитінің нәтижелерін баяндалады.

**Түйінді сөздер:** Каспий теңізі, Каспий саммиті, Конвенция, халықаралық құқықтық мәртебесі, делимитация, арнайы жұмыс тобы, Каспий мемлекеттерінің сыртқы істер министрлерінің кездесуі

КСРО-ң ыдырауы Каспий жағалауында жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына әкелді. Аймақтағы геосаяси ахуалдың өзгеруі Каспий маңы елдерінің өзара іс-қимылының жаңа нысандарын табу мәселесін көтерді. Тиісінше, Каспий бағыты Ресейдің сыртқы саясатының басымдықтарының бірі болды. Аймаққа үлкен көңіл бөлініп, Каспий теңізі аймағындағы маңызды мұнай-газ қорының болуы және бірегей

биоресурстар анықталды. Каспий теңізі әлемдегі бекіре тұқымдас қорлардың 90 пайызын құрайды. Осыған байланысты Каспий теңізінің биоресурстарын ұтымды пайдалану Каспий маңы мемлекеттерінің басты міндеті болды. Каспий аймағында теңіз жолдары желісі пайда болды, жаңа құбырлар салынды. Өңір Орталық және Таяу Шығыс, Орталық Азия және Кавказды байланыстыратын көлік-коммуникация хабына айналды. Бұл аймақтан тыс мемлекеттердің назарын Каспийдегі процестерге аударған. Бұл факторлар Каспий маңы елдерінің бұрыннан бар мұнай және газ кен орындарын игеруге, рекреациялық аймақты дамытуға, сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі, аймақтық проблемаларды шешу жолында ынтымақтасу жолдарын іздеуге кірісті. 1991 жылы КСРО-ның өмір сүруін тоқтату және жаңа Каспий маңы мемлекеттерінің қалыптасуы теңіздің құқықтық мәртебесін жаңарту қажеттілігін көрсетті, себебі қазіргі Кеңес-Иран келісімдері Каспий майы мен газ кен орындарын игеруді қоса алғанда, өзекті болатын мәселелерді реттемеді. Энергетикалық фактордың маңызы жаңадан қалыптасқан елдердің ұлттық бюджеттерінің дефицитімен қосымша анықталды, олардың экономикасы ішкі нарықты және мемлекеттік мекемелерді тұрақтандыру үшін қосымша қаржыны талап етті. Каспийдің ірі мұнай-газ қорлары бар екендігі туралы пайда болған болжамдар Каспий маңы мемлекеттеріне батыл жоспарлар жасауға мүмкіндік берді. Дегенмен, олардың ерте дамуын бастау және энергетикалық жобаларға шетел инвестицияларын тартуға негіз жасау үшін, бірінші кезекте су қоймасының халықаралық құқықтық мәртебесін реттеу қажет болды [1].

Мәселені тиісті түрде дайындаусыз шешуге бағытталған әрекеттер нәтиже бермеді: теңіздегі өзара әрекеттесудің негізгі бағыттарындағы «Каспий жатақханасы» көршілерінің көзқарастары айтарлықтай өзгерді. Каспий маңы мемлекеттері СІМ-нің құқықтық бөлімшелерінің басшыларының (1995 ж.) Немесе олардың тікелей басшылары - министрлерінің (1996 ж.) Бірнеше мәжілісінің қорытындысы бойынша осы мәселе бойынша елеулі прогресс қол жеткізе алмады. Мәселені тиісті түрде дайындаусыз шешуге бағытталған әрекеттер нәтиже бермеді: теңіздегі өзара әрекеттесудің негізгі бағыттарындағы «Каспий жатақханасы» көршілерінің көзқарастары айтарлықтай өзгерді. Бірнеше мәжілістің қорытындысы осы мәселе бойынша елеулі прогресс қол жеткізе алмады.Алайда, тараптар су қоймасының құқықтық мәртебесі барлық жағалаудағы елдердің ымыралы шешімінің нәтижесінде анықталуы тиіс және оның негізгі ережелері жан-жақты құқықтық құжат - Конвенцияда бекітілгендігі туралы келісімге қол жеткізді.

Каспий маңы мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары деңгейінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны әзірлеу жөніндегі арнайы жұмыс тобы 1996 жылы министрлер кездесуінен кейін құрылған тұрақты келіссөз механизмі жедел нәтиже бермеді. Қатысушылар келешекте жұмыс істеді, болашақ бесжақты құжаттың ережелерін негіздейтін, анықталған және өзара қолайлы тіл дамыған, резервуардың құқықтық мәртебесінің негізгі қорытындылары бойынша байланыстыру нүктелерін іздестірді. Мұндай процесс сарапшылардың бірлескен күш-жігерін барынша қолдануды ғана емес, көп уақытты талап етті. Мұндай оқиғалардың дамуы бай мұнай-газ конструкцияларын жедел дамытуға мүдделі бірқатар Каспий маңы елдері басшыларының мүдделерін толығымен қанағаттандырмады және оларды белсенді тәуелсіз әрекеттер жасауға шақырды. 1994 жылы Әзірбайжан барлық «Каспиліктер» үшін күтпеген бірнеше халықаралық энергетикалық компаниялармен үш бірлескен перспективалы кен - Азери, Чираг және Гюнешлиге қатысты келісім жасасты. Кейіннен бұл мәміле Әзірбайжан журналистерінің және саясаттанушыларының «Келісімнің ғасыры» деп аталды. 1998-2003 жылдары Ресей, Қазақстан және Әзірбайжан да Солтүстік Каспийдің ресурстық делимитациялау ережелерін келісе алды. Бұл, әрине, «жеке» келісімдерді мойындауға қарсы келген

көршілердің қалған бөліктеріне қатты наразылық тудырды. Каспий теңізінің оңтүстік бөлігіндегі трансшекаралық мұнай-газ конструкцияларының айналасындағы қақтығыстардың нашарлауына жағалаудағы елдердің жер қойнауын пайдалану қажеттілігі мен басқа да экономикалық қызметтің қажеттіліктері үшін қалыптасқан төменгі секторлардың шекараларын айқындаудағы айырмашылықтар әкелді. Бұл аймақтағы жағдайды тұрақсыздандыруға қатер төндірді, су қоймасының халықаралық-құқықтық мәртебесін әзірлеу бойынша күрделі келіссөздер жолына теріс әсер етті. Тараптар шұғыл түрде «қажеттілікке» мұқтаж болды. Бес қырлы форматта жиналып, жинақталған мәселелердің тұтас кешенін құпиялы ортада, жақсырақ жоғары деңгейде талқылау қажет болды. 2017 жылғы желтоқсанда Каспий маңы мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің кездесуінде барлық қарама-қайшылықтар шешілді және кездесуді 2018 жылы өткізу керек деп мәлімдеді. Нәтижесінде 2018 жылдың 12 тамызында Каспий маңындағы бес мемлекеттің президенті Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойды, бұл құжат теңіздің асты мен үстін бөлу туралы мәселеге нүкте қойып отыр. Құжатқа Ақтау қаласында қол қойылды. Тарихи құжатқа Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Әзербайжанның мемлекет басшысы Ильхам Алиев, Иран президенті Хасан Рухани, Ресей президенті Владимир Путин және Түрікменстанның басшысы Гурбангулы Бердымұхамедов қол қойды. "Конвенцияны Каспий теңізінің конституциясы деп айтуға болады. Құжат теңіз жағалауындағы мемлекеттердің құқықтары мен міндеттеріне байланысты барлық мәселені шешуді көздейді. Сонымен бірге өңірдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді"- деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев. Конвенцияға сәйкес, Каспийде өңірлік державалардан бөлек басқа елдердің қарулы күштерінің болуына жол берілмейді. Теңіздегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ондағы ресурстарды басқару жауапкершілігі конвенцияға қатысушы елдердің мойнына жүктеледі. Сондай-ақ саммит барысында бес елдің ведомство басшылары үкіметаралық келісімдерге қол қойды. Оның ішінде қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық, терроризммен, ұйымдасқан қылмыспен күрес және шекара ведомстволарының өзара іс-әрекет етуіне қатысы құжаттар бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жизнин С. З. Энергетическая дипломатия в Каспийском регионе / С. З. Жизнин, И. А. Гулиев // Вестник МГИМО-Университета. – 2012. № 1.С.241-247.

2. https://sputniknews.kz/politics/20180812/6800172/kaspij-sammit-konvenciya.html

**ӘОЖ 327.341**

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫН ШЕШУДЕГІ ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ КЕЛІССӨЗДЕР

**Ережепова Р.Г.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Мақала Каспий теңізінің халықаралық құқықтық мәртебесі мәселесін шешу үшін КСРО ыдыраған сәттен бастап қалыптасқан келіссөздер механизмдері қарастырады. Тегерандағы II Каспий саммитінің қорытындылары бойынша Бірлескен Декларацияның ережелері талданды, бұл Каспий ісі саласында су қоймасының құқықтық мәртебесі туралы негізгі шартты - Конвенцияны қабылдағанға дейін Каспий ісі саласындағы саяси бағдарға айналды.

**Түйінді сөздер:** Каспий теңізі, Каспий саммиті, Конвенция, халықаралық құқықтық мәртебесі, делимитация, арнайы жұмыс тобы, Каспий мемлекеттерінің сыртқы істер министрлерінің кездесуі

КСРО-ң ыдырауы Каспий жағалауында жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына әкелді. Аймақтағы геосаяси ахуалдың өзгеруі Каспий маңы елдерінің өзара іс-қимылының жаңа нысандарын табу мәселесін көтерді. Тиісінше, Каспий бағыты Ресейдің сыртқы саясатының басымдықтарының бірі болды. Аймаққа үлкен көңіл бөлініп, Каспий теңізі аймағындағы маңызды мұнай-газ қорының болуы және бірегей биоресурстар анықталды.

Каспий теңізінің халықаралық құқықтық мәртебесі бойынша келіссөздерде туындаған қиындықтар жағалаудағы елдердің қалыптасқан механизмге қажетті өзгертулер енгізуін талап етті. Келіссөздердің аймақтық отырыстарына Каспий маңы елдерінің сыртқы істер министрлерінің кездесулері кірді. Сарапшылардың жұмысы және Сыртқы Істер Министрлер кездесуінің қорытындылары бойынша қоршаған ортаны қорғау, балық аулау, кеме қатынасы және т.б. қатысты Конвенцияның көптеген ережелеріне қатысты ұстанымдарды біріктіруге болады.

2002 жылдың 23-24 сәуірінде Ашхабадта өтетін Каспий маңы мемлекеттерінің бірінші саммитінің басты қорытындысы «Каспий бестігі» басшыларының осындай келіссөздер формасына балама болмағаны болды. Саммитте сөйлеген сөзінде Ресей Президенті В.Путин Каспий маңы елдерінің бес көшбасшысы аймақтық проблемалардың кең ауқымын шешу үшін одан әрі кездесуге дайын екендігін атап өтті.Қолтаңба құжаттарының жоқтығына қарамастан, саммитте үлкен саяси маңызға ие болды, өйткені оның шеңберінде іс жүзінде жаңа көпжақты келіссөз механизмі құрылды.

2003 жылы Каспий маңы мемлекеттері Каспий теңізінің экологиялық мәселелерін шешу әдісі бойынша бірыңғай ұстанымға жетті. Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негізгі конвенцияға қол қойылды, ол «бестік» шеңберінде қабылданған бірінші көп жақты құжат болды. Каспий маңы елдеріне екінші саммитке өздерінің ұстанымдарын үйлестіру үшін бес жыл қажет болды. Ол 2007 жылдың қазан айында Тегеранда өтті және Каспий маңы мемлекеттері басшыларының Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны әзірлеу және қабылдау туралы келіссөздерді жалғастыруға дайын екендіктерін растады, Декларацияны қабылдаумен аяқтады, теңізге егеменді құқықтар туралы түсінік алды және Каспий маңы мемлекеттерінің жалауларымен ұшатын кемелерді жүзу, балық аулау және навигация режимдерін қамтамасыз ету. Каспий теңізінің бейбітшілік сипаты туралы ережелер өте маңызды болды. Нәтижесінде 2-ші Каспий саммиті Каспий теңізінің халықаралық құқықтық мәртебесін реттеу бойынша келіссөздер процесінің жалғасуына негіз қалады.

Каспий маңы мемлекеттері басшыларының үшінші саммиті 2010 жылғы 18 қарашада Баку қаласында өтті. Оның аясында Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Онда жағалаудағы елдер терроризммен, ұйымдасқан қылмыспен, қару-жарақпен, есірткі және ядролық технологияларды контрабандамен, кемелерді басып алудан, заңсыз көші-қоннан, биоресурстарды заңсыз өндіру және т.б. Құжат Каспий теңізіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек қана жағалаудағы елдердің мәселесі болып табылатын Ресей үшін басты қағидатты белгіледі. Жағалаудағы елдер басшыларының жыл сайынғы саммиттер өткізу туралы шешіміне қарамастан, бұл тапсырма орындалмады.

Төртінші саммит 2011-2013 жылдары өткізілмеді, бұрынғы шешімдер толықтай орындалмады. Осылайша, Қазақстан шын мәнінде бекіре балық аулауға мораторий енгізді. Нәтижесінде, үшінші саммиттен кейін, су қоймасының құқықтық режимін

үйлестіруге басты назар мерзімді кездесулерде жасалды. 2014 жылғы 29-30 қаңтарда Астанада өткен 35-ші кездесуде IV Каспий саммитінің қорытынды құжатының жобасын таныстыру және талқылау болды.

Жағалаудағы елдердің әрқайсысы өздерінің ұлттық мүдделерін ұмытпастан, Каспий аймағында таза және тұрақты «ойын ережелерін» жасауға мүдделі. Бұл көмірсутегі шикізатын барлау, өндіру және экспорттау мәселелерін талқылағанда айқын көрінді.

Каспий маңы мемлекеттері басшыларының төртінші саммиті 2014 жылғы 29 қыркүйекте Астрахань қаласында өтті. Оның қорытындысы бойынша бес көшбасшы Каспий теңізіндегі бесжақты ынтымақтастықтың негізгі принциптерін көрсететін саяси мәлімдемеге қол қойды. Алғашқы мәлімдемесінде Каспий су аймағының болашақ бөлімшесінің теңіздің кеңістігіне қарай 15 тәулік және оның артынан кейінгі 10 теңіз мильін балық аулауға арналған эксклюзивті құқық аймағы бойынша параметрлері жазылған. Астраханьдағы кездесуден кейін президенттер Қазақстандағы келесі саммитте Конвенцияға қол қою мүмкіндігі туралы мәлімдеме жасады.

Жалпы алғанда, жаңа құқықтық құжат теңіз құқықтық режимін жаңартып, Каспийдің бес жақты ынтымақтастығын жаңа оң импульс беруге себеп болады деп айтуға болады[1]. Каспий теңізінің халықаралық құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны қабылдау Каспий маңы мемлекеттерін жалпыға бірдей және аймақтағы қызметтің белгілі бір салаларында да, олардың егеменді құқықтарын қамтамасыз ететін сенімді құқықтық негіз болуға мүмкіндік береді. Каспий саммиттері Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесін реттеу жөніндегі келіссөздердің прогрессивті дамуына шешуші оң әсер етті. Ықтималдылықтың жоғары деңгейімен Каспий маңы мемлекеттерінің көшбасшыларының кезекті кездесуінде Каспий марафоны сәтті аяқталған деп есептей аламыз. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қою аймақтағы құқықтық вакуумды түпкілікті жойып, жағалау мемлекеттері арасындағы өзара сенімді және тұрақты қатынастарды дамыту үшін сенімді құқықтық негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жильцов С. С. Политика России в Каспийском регионе / С.С. Жильцов Москва : Аспект Пресс, 2016. – С. 240.

**УДК 327.045**

## К ВОПРОСУ ПРАВОВОГО СТАТУСА КАСПИЙСКОГО МОРЯ

**Кильдякова Е.Н.**
КГУТИ им. Ш.Есенова, г. Актау

**Аннотация.** В статье рассматривается история правового статуса Каспийского моря.

**Ключевые слова:** история, Каспий, прикаспийские государства, правовой статус.

12 августа 2018 года в Актау состоялось важное событие в истории Прикаспийского региона - Пятый каспийский саммит, в котором приняли участие главы всех прикаспийских государств – Азербайджана, Ирана, Казахстана, России и Туркменистана. Президентами Казахстана, Азербайджана, Ирана, России и

Туркменистана была подписана Конвенция о правовом статусе Каспийского моря - основополагающий международный договор, определивший правовой режим сотрудничества прибрежных государств во всех сферах деятельности на Каспии.

Процесс согласования этого договора длился более двадцати лет, сопровождался упорными и принципиальными дебатами по каждому вопросу, требовавшему правового урегулирования.

Основными документами регулирующими режим Каспийского моря, до распада СССР, выступали двухсторонние международные договоры, заключенные между Россией и Персией от 26 февраля 1921 года и договором от 25 марта 1940 года между СССР и Ираном. Договоры определяли Каспий как внутреннее море, поэтому к нему не применимы нормы Конвенции ООН по международному морскому праву 1982 года. Установленные этими договорами режимы свободы судоходства и рыболовства (суверенные права на 10-мильную рыболовную зону), указывали на закрытость Каспийского моря для других государств, не имеющих естественного доступа в его бассейн, запрещали плавание судов под флагами некаспийских стран.

Ситуация в бассейне Каспийского моря изменилась после распада СССР. Прикаспийских государств стало пять и каждое государство имело свои геополитические и экономические интересы, и исходя из них, предъявили права на использование ресурсов Каспия. И уже в начале 1992 года Иран выступил с инициативой создания Организации регионального сотрудничества прикаспийских государств. В дальнейшем на многочисленных встречах, конференциях развернулась дискуссия по выработке вариантов статуса Каспия. Было проведено пять каспийских саммитов, семь Совещаний министров иностранных дел прикаспийских государств, пятьдесят два заседания Специальной рабочей группы по разработке Конвенции (СРГ).

үшін Конвенция ережелерін іске асырудың жасырын саботажына бағытталған күш-жігерді қалдырмайды деп болжауға болады. Каспий аймағы мен оған іргелес Кавказ және Орталық Азия аумақтары көптеген және аса қауіпті этносаяси қайшылықтардың аренасы болып қалатынын ұмытпаған жөн. Әсіресе, көпшілік тұрғындары Ислам дінін ұстанатын жағалаудағы аумақтардың үлкен тұрғындарына ерекше назар аудару керек.

ӘДЕБИЕТТЕР


1. https://bnews.kz/kz/news/
2. https://adilet.zan.kz/kaz/doks/
3. https://www.mfa.kz/kz/content-view/pravovoi-status-kaspiskogo-morya


**ӘОЖ 349,6 (045)**

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚЖАҒДАЙЫЖӘНЕ МӘРТЕБЕСІ

**Орынқұл А.**
**Ғылыми жетекші: оқытушы з.ғ.м., Өтебалиева Қ.Е.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Бесінші Каспий саммитінің Каспий теңізінің халықаралық күні қарсаңында өтуінің символдық мәні бар. Каспий теңізінің құқықтық жағдайын реттеу жөніндегі көп жылғы жұмыстарды қорытындылады. Көп жақты тәжірибелік іс-қимылдарды ілгерілетуге қатысты жұмыстардың жағдайы мен кейінгі атқарылатын шаралар талқыланды. Қазақстан Республикасының Президенті сауда, экономика, көлік және қауіпсіздік салаларына байланысты маңызды келісімдерге қол қойды.

**Түйінді сөздер:** «Каспий теңізінің конституциясы», каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция;

Мемлекет басшысы жүргізілген келісімдердің табыстылығына тоқталып, Конвенцияны дайындау процесінде барлық ел Каспий өңірінің саяси тұрақтылығы мен дамуын, сондай-ақ оның табиғи байлығының қорғалып, көбейтілуін қамтамасыз ету мүддесін көздегенін айтты.

Көп жылғы сіңірген еңбектің шарықтау шегі бойынша Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қоюмен аяқталды. Конвенция «Каспий теңізінің конституциясы» болып саналады. Мұнда теңіз жағасындағы мемлекеттердің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ, өңірдің қауіпсіздігі, тұрақтылығы мен өркендеуіне кепіл болуға қатысты барлық кешенді мәселелерді реттеу қарастырылған.

Н. Ә. Назарбаев Конвенцияның Каспий жағасындағы елдердің ынтымақтастығы үшін барлық бағыттар бойынша тиімді заңды базақалыптастыратынын және әрбір тараптың қызметі үшін негізге алынатын ұстанымдарды анықтайтынын айтты.

Атап айтқанда, Каспий теңізін бейбітшілік, тату көршілік және достық аймағына айналдыру, оны бейбіт мақсатта пайдалану, егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу, Каспий теңізінде тараптарға қатысы жоқ қарулы күштерді болдырмау мәселелері қамтылған. Аумақтық су көлемін 15 теңіз мил етіп бекітті. Осыған орай оның сыртқы шекарасы мемлекеттік мәртебеге ие болады. Аумақтық суға он мильдік балық аулау аймағы жалғасады. Әрбір мемлекет балық аулау кәсібінде ерекше құқыққа ие болады. Теңіздің балық аулау аймағынан тыс бөлігі ортақ су кеңістігі болып қала береді. Мемлекеттік теңіз шекарасынан тыс аумақта Каспий жағасындағы елдердің туы

бар кемелері еркін жүзе беретін болады. Басқа теңізге және әлемдік мұхитқа шығу еркіндігі жөніндегі уағдаластықтың маңызы зор. Әрбір мемлекет өз бөлігінің шегіндегі теңіз түбінің байлықтарына қатысты егемендік құқығын жүзеге асырады. Сондықтан, теңіз түбі арқылы магистральды құбырлар мен кабельдерді жүргізу экологиялық талаптарды сақтағанда ғана мүмкін болатыны қарастырылды.

Қазақстан Президенті осы ұстанымдардың сақталуы Каспий жағасындағы елдердің көлік инфрақұрылымының дамуына, Каспий өңірінің транзиттік әлеуетінің артуына сондай-ақ Каспийдің экологиялық жүйесі мен биологиялық ресурстарының керемет популяциясының қорғалуына септігін тигізетінін атап өткен болатын [1].

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев Каспий теңізі бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөнінде бірқатар қосымша шараларды, соның ішінде, әскери қызмет саласындағы келісілген сенім шаралары жөнінде бес жақты арнайы келісімнің қорытындысы, Каспий жағасындағы елдердің сауда-экономикалық қарым-қатынастарын, әсіресе, инвестициялық ынтымақтастық және энергетикалық саладағы жобаларды жүзеге асыру жөніндегі мәселелерді жандандыру, саясат тарифін жетілдіру және тасымалдау жағдайын жақсарту, сондай-ақ биологиялық ресурстарды заңсыз кәсіпке айналдырғандарға қарсы күрес жөнінде құжат қабылдауды ұсынды. Мемлекет басшысы Ақтау саммиті Каспий маңы елдері ауқымды міндеттерді бірлесіп шеше алатынын тағы бір рет көрсеткенін айтып, қабылданған халықаралық шарттар мен қол жеткізілген уағдаластықтар «Каспий бестігінің» әлеуетін толықтай ашуға мүмкіндік беретініне сенім білдірді. Сондай-ақ, саммит қорытындысы бойынша Әзербайжан Республикасының Президенті И. Әлиев, Иран Ислам Республикасының Президенті Х. Рухани, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Г. Бердімұхамедов мәлімдеме жасап, бесінші Каспий саммитінің қорытындысы бойынша мынадай құжаттарға қол қойылды:

1. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция;
2. Каспий теңізінде терроризмге қарсы күрес жүргізу саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама;
3. Каспий теңізінде ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жүргізу саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама;
4. Каспий маңы мемлекеттерінің үкіметтері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім;
5. Каспий маңы мемлекеттерінің үкіметтері арасында көлік саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;
6. Каспий теңізінде жанжалдың алдын алу туралы келісім;
7. Шекара ведомстволарының ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы туралы хаттама.

Осы ретте Конвенция Каспий теңізінің суын, түбін, қазба байлықтарын, табиғи ресурстары мен әуе кеңістігін қоса алғанда, Каспийге қатысты тараптардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін негізгі жан-жақты құжат болып саналады. Сонымен қатар Каспий маңы елдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды болдырмау, әскери қызметтер мәселелеріне айрықша назар аударылды.

"Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 шілдедегі №465 қаулысына сай қол қою туралы ұсыныс енгізілген болатын [2].

Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылып, Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезден бергі кезеңде өзінің құрлықтағы мемлекеттік шекарасын халықаралық құқық негізінде айқындап әрі мызғымастай етіп бекітіп алды. Енді еліміздің кең-байтақ жеріне шекаралас мемлекеттердің де, өзге елдердің де ешқайсысы дауласуға да құқықтары жоқ. Ал Каспий теңізін бөлу арқылы оның

құқықтық мәртебесін айқындау мәселесіне келсек, мұнда Қазақстанның ұстанымы айқын. Біздің еліміз бұл мәселеде БҰҰ-ның теңіз құқығы жөніндегі 1982 жылғы конвенциясының жекелеген ережелерін басшылыққа алатынын бастапқы кезде-ақ мәлімдеген.

Қазақстан ұстанымы Каспий маңы мемлекеттерінің саяси және экономикалық мүдделерін тиімді қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Ол – Каспийдің аумақтық теңіз, балық аулау аймағын және ортақ су кеңістігін белгілеу. Бұл жоғарыда аталған конвенция ережелеріне толық сәйкес келеді. Сондай-ақ аумақтық теңіздің сыртқы шекарасы жағалаудағы мемлекеттің барлық егеменді құқықтарға толығымен ие болатын мемлекеттік шекарасы болуы қажет. Бұған қоса, еліміз балық аулау аймағын, оның ені мен режимін Каспий маңы мемлекеттерімен келісе отырып, жеке санатқа бөліп қарастыруды ұсынады. Бұл балық аулау мен биоресурстарды пайдалануды тиісті аймақтарда және ашық теңізде кәсіпті лицензиялау мен балық аулаудың келісілген квоталары негізінде жүзеге асыру қажеттігін көздейді. Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындауда Қазақстан тарапы арнайы жұмыс тобының аясында теңіз маңындағы елдермен екіжақты және үш жақты келіссөздерді тұрақты жүргізіп келеді. Соның нәтижесінде еліміз Каспий маңы мемлекеттерінің барлығымен жекелеген мәселелер бойынша тиісті құжаттарға қол қойды. Ол құжаттар теңіздің биологиялық әртүрлілігін сақтау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, болуы ықтимал тосын оқиғалардың алдын алу және басқа да өзекті мәселелерге бағытталған. Ондаған жылдардан бері Каспий бассейніндегі мол энергетикалық қор мен өте сирек кездесетін биоресурстар әлемдегі ірі мемлекеттердің қызығушылығын тудырып келеді. Өйткені мұнай мен газ бүгінде отын-энергетика көзі ретінде халықаралық қатынастарда ерекше маңызға ие әрі әлемдік экономикада алатын орны жоғары.

Каспий теңізінің табанын бөлуде оған қатысқан бес мемлекеттің әрқайсысының өз үлесі бар: Қазақстан – 29 пайыз, Ресей – 19 пайыз, Әзербайжан – 18 пайыз, Түрікменстан – 21 пайыз, Иран 13 пайыз үлеске ие. Ал кез келген ортақ мәселеге қатысты халықаралық құқық ең алдымен мемлекеттер арасындағы қатынастарды нығайтуға негіз болады. Сол себептен халықаралық қатынастар саласында қызығушылықты арттырып отырған Каспийдің құқықтық мәртебесін нақтылау бүгінгі күннің аса маңызды мәселелерінің бірі саналады.

Каспий – ерекше маңызды стратегиялық аймаққа жатады. Географиялық жағынан орналасуы оны Еуразия құрлықтарында ғана емес, дүние жүзіндегі ықпалы күшті теңіздердің қатарына қосты.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз.

2. "Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 шілдедегі №465 қаулысы;

УДК 327.7

# БЕЗОПАСНОСТЬ НА АКВАТОРИИ КАСПИЙСКОГО МОРЯ

**Мырзагул М.Е. студент**
**Научный руководитель: Медиханова А. Б.**
КГУТИ им.Ш.Есенова, г.Актау

**Аннотация.** В статье рассмотрены вопросы статуса и безопасности на Каспийском море, аспекты проблемы демилитаризации.

**Ключевые слова:** безопасность, разоружение, демилитаризация.

Вопрос обеспечения безопасности можно отнести к одному из самых значимых элементов правового режима Каспийского моря. Почти два века Каспий считался «внутренним морем» России, и никто, кроме нее, не имел права на военно-морскую деятельность в его акватории.

Проблема статуса Каспийского моря впервые возникла после Персидского похода Петра I в 1722–1723 годах. Российско-персидские договоры того времени предоставляли России исключительное право иметь военный флот на Каспийском море на вечные времена, а Персии разрешали иметь только торговый флот.

Советская Россия отказалась от монопольных прав на Каспий, и бессрочные советско-иранские договоры 1921, 1935 и 1940 годов закрепили совместные и равные права двух сопредельных государств - СССР и Ирана. Причем в пределах до 10 морских миль от своего побережья каждая из стран имела исключительное право пользования этим пространством. Россия как правопреемница СССР и Иран как правопреемник Персии в принципе могли бы далее пользоваться Каспием по обоюдному согласию [1].

В постсоветский период, когда в ходе различных переговоров но Каспийскому морю все прибрежные государства стали говорить о безопасности его акватории, возможных механизмах контроля над вооружениями и процессами разоружения, ситуация приобрела совершенно иной характер.

Попытки ограничить военную деятельность в разных акваториях предпринимались уже давно. Угроза возникновения в регионе очагов вооруженного противостояния побудила власти и народы стран Прикаспия всерьез рассматривать возможные последствия предполагаемой большой и малой войны.Проблему демилитаризации каспийских просторов обсуждали практически на всех заседаниях Специальной рабочей группы (СРГ), особенно после нападения 23 июля 2001 года иранских военных кораблей на азербайджанские нефтяные месторождения16 н 11 сентября 2001 года, когда США подверглись террористической атаке. Необходимость демилитаризации в бассейне Каспия особенно часто и настойчиво декларировала ИРИ. В результате эта инициатива отражена в проекте Конвенции о правовом статусе Каспийского моря.

Казахстан выступает за полную демилитаризацию Каспия. Также предложение об этом еще в 1990-х годах высказал Азербайджан. По мысли инициатора, следует запретить не только заход в Каспийское море кораблей других стран, но и всякую военную деятельность прибрежных государств (кроме пограничной охраны), включая размещение военных флотов.

В 2015 году российские войска из акватории Каспийского моря крылатыми ракетами атаковали территорию Сирии. В апреле прошлого года Казахстан разрешил

США использовать порты Курык и Актау на Каспии для переброски военных грузов в Афганистан.

В августе 2018 года президентами Азербайджана, Ирана, Казахстана, России и Туркменистана была подписана Конвенция о статусе Каспийского моря. Для каждой из стран установлены территориальные воды в 15 морских миль от береговых линий. Их внешние границы считаются государственными. В зоне 10 морских миль от границы каждое государство получает исключительное право на вылов рыбы. Конвенция запрещает размещать на Каспии вооруженные силы стран, не относящихся к этому региону [2].

Нижняя палата парламента (Мажилис) Казахстана ратифицировала соглашение о предотвращении инцидентов на Каспийском море. В документе говорится, что действия военных кораблей и воздушных судов не должны приводить к конфронтации сторон. Все водные и воздушные суда обязаны соблюдать права и соглашения всех прибрежных государств, чтобы не наносить им ущерб. В частности, военные корабли должны воздерживаться от любых действий, представляющих опасность для трубопроводов, искусственных островов, установок, сооружений. Также стороны обязаны принять меры по неукоснительному соблюдению командирами военных кораблей Конвенции 1972 года о Международных правилах предупреждения столкновения судов в море. В частности, военные корабли и воздушные суда при установлении радиосвязи должны использовать позывные на английском языке. Радиосвязь – осуществляться на английском или «других приемлемых языках» [3].

В заключении следует отметить, что соглашение о сотрудничестве в сфере безопасности на Каспийском море имеет крайне важное значение, учитывая отчасти временный и незавершённый характер нынешней системы безопасности региона. Архитектура безопасности в регионе меняется, поэтому необходимо сотрудничество в многостороннем формате с учетом национальных интересов всех прикаспийских стран.

ЛИТЕРАТУРА

1. https://www.gazeta.ru/business/2018/07/23/11863567.shtml

2. О ратификации Конвенции о правовом статусе Каспийского моря https:// tengrinews.kz/zakon/parlament_respubliki_kazahstan/mejdunapodnyie_otnosheniya_respubliki_kazahstan/id-Z1900000222/

3. Казахстан оградит Каспийское море от военных конфликтов- https: // fergana .agency/news/106342/

**УДК 327.7**

## СОТРУДНИЧЕСТВО ПРИКАСПИЙСКИХ СТРАН В СФЕРЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

**Медресин А. Н. студент**
**Научный руководитель: Медиханова А. Б.**
КГУТИ им.Ш.Есенова, г.Актау

**Аннотация.** В статье рассмотрены основные направления сотрудничества прикаспийских государств по экологической безопасности Каспийского моря.

**Ключевые слова:** Каспийское море, экологические проблемы, международные договоры.

В настоящее время прилегающий к Каспию регион характеризуется как регион с серьезными социально-экономическими последствиями экологического неблагополучия. Каспийское море не только область пересечения экономических и этнополитических интересов пяти прибрежных стран, но и область интересов многочисленных национальных и международных нефтегазовых корпораций, а также других заинтересованных групп, в том числе расположенных далеко от Каспия. Поэтому сохранение устойчивого развития экосистемы Каспийского моря является одной из важнейших задач. Современную экологическую ситуацию в прикаспийском регионе следует оценивать как напряженную с постоянным ростом экологического риска [1].

Обострение экологических проблем напрямую связано с качественным и количественным истощением природных ресурсов, используемых в хозяйственном обороте; деградацией прибрежных природных экосистем; ухудшением условий жизнедеятельности населения и состояния его здоровья; загрязнением морской среды и продолжающейся деградацией водных экосистем. Для решения всех перечисленных проблем страны Каспийского моря должны в первую очередь решить вопрос о правовом статусе Каспия. К сожалению, двусторонние соглашения не решают создавшихся проблем. Для восстановления и улучшения экологической обстановки Каспийского моря необходимы совместные меры пяти стран при согласованном правовом статусе Каспия.

Первой программой, объединившей прикаспийские страны стала Каспийская экологическая программа (КЭП), которая успешно реализуется прикаспийскими государствами при поддержке ведущих международных организаций с 1998 г. Целью программы является стабилизация экологической ситуации и оздоровление окружающей среды Каспийского моря, а также прибрежной зоны для обеспечения устойчивого проживания населения и сохранения морских экосистеме. Главные задачи КЭП:

- разработка механизма региональной координации для достижения устойчивого развития и управления охраной окружающей среды Каспийского моря;
- проведение трансграничного диагностического анализа (ТДА) первостепенных проблем экологии для регулирования процессом установления приоритетов в деятельности по охране окружающей среды;
- формулирование и утверждение стратегического плана действий и национальных каспийских планов действий (СПД и НКПД) [2].

Надо отметить, что после распада СССР предпринимались многочисленные попытки поиска согласия в области сохранения экосистемы моря, но все они были безуспешными - страны не могли прийти к общему согласию. Лишь в 1992 г. удалось создать Комиссию по водным ресурсам, в которую вошли Россия, Казахстан, Азербайджан и Туркменистан. Иран вошел в состав Комиссии лишь в 2002 г. Первый саммит глав прикаспийских государств, где обсуждалась проблема статуса Каспия, состоялся только в 2002 г. в Ашхабаде. Однако никаких новых договоренностей по изменению существующего статуса принято не было.

В ноябре 2003 г. была принята Тегеранская конвенция по вопросам урегулирования эколого-экономической деятельности на Каспии. Конвенция явилась результатом восьмилетних межправительственных переговоров, проводившихся под эгидой ЮНЕП в рамках КЭП. По словам бывшего Генерального Секретаря ООН Кофи Аннана, подписание Тегеранской конвенции явилось «значительным достижением региона», а ратификация данного «знакового соглашения послужит здоровью и благосостоянию сотен миллионов людей». Этот документ направлен на обеспечение экологической безопасности и устойчивое использование природных ресурсов

прикаспийского региона. Он является первым межгосударственным соглашением регионального уровня, в котором заложены основные направления комплексного регулирования антропогенного воздействия на морскую среду Каспия. Тегеранская конвенция - очень важный документ, свидетельствующий, что прикаспийские страны пришли к согласию по решению проблемы окружающей среды Каспийского моря [3].

В рамках Третьего каспийского саммита, прошедшего в 2010 году в г.Баку были подписаны Совместное заявление Президентов и Соглашение о сотрудничестве в сфере безопасности на Каспийском море. В Совместном заявлении лидеры «каспийской пятерки» отметили необходимость завершения работы над Конвенцией о правовом статусе Каспийского моря. Соглашение о сотрудничестве в сфере безопасности, являясь рамочным документом, создало правовую основу для взаимодействия прибрежных государств в обеспечении безопасности и борьбе с противоправной деятельностью на Каспии, закрепив основные области и формы сотрудничества. Конкретные механизмы такого взаимодействия, по общему пониманию сторон, закрепляются в соответствующих протоколах к данному Соглашению.

12 августа 2018 года в Актау в ходе Пятого каспийского саммита президентами Казахстана, Азербайджана, Ирана, России и Туркменистана была подписана Конвенция о правовом статусе Каспийского моря.Данный документ является основополагающим международным договором, в котором определяются и регулируются права и обязательства сторон в отношении Каспийского моря, включая его воды, дно, недра, природные ресурсы и воздушное пространство.Экологическая система Каспия и все ее компоненты находятся под всемерной защитой и охраной. Любая деятельность в море не должна наносить ущерб окружающей морской среде и биологическому разнообразию [4].

В Конвенции было указано, что все пять прикаспийских государств должны применять согласованные нормы и правила по воспроизводству и регулированию использования водных биологических ресурсов Каспия. Прикаспийские государства несут ответственность за загрязнение, ущерб, причиненный экологической системе Каспийского моря, должны принимать меры по охране природной среды Каспийского моря, сохранения, восстановления и рационального использования его биологических ресурсов. Кроме того, прикаспийские страны должны содействовать проведению научных исследований в области экологии, сохранения и использования биологических ресурсов Каспийского моря [5].

Именно пять государств, расположенных на Каспии, несут главную ответственность за сохранение и защиты экосистемы Каспия, и только совместными усилиями при региональном сотрудничестве можно предотвратить те негативные процессы, которые сегодня полным ходом идут на Каспии и могут и стать в случае непринятия безотлагательных, жестких коллективных мер по регулированию экологических последствий этой деятельности причиной окончательной деградации уникальной экосистемы водоема (по примеру Арала) и разрушения фундаментальных основ жизни миллионов людей, проживающих на его берегах.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Давыдова С.П., Тагасов В.И. Загрязнение окружающей среды нефтью и нефтепродуктами: Учеб.пособие. - М.: Изд-во РУДН, 2006.

2. Каспийская экологическая программа Правовые и организационные меры охраны и использования природных объектов экосистемы каспийского моря в прикаспийских государствах Азербайджан Иран, Казахстан, Россия, Туркменистан. - https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1033110#pos=1;-111

3. Сабботовская А.К. Международное сотрудничество и разработка комплекса мер по защите экосистемы Каспийского региона. – Вестник Российского университета дружбы народов. - №2, 2010
4. Правовой статус Каспийского моря. - http://www.mfa.kz/ru/content-view/pravovoj-status-kaspijskogo-morya
5. Конвенция о правовом статусе Каспийского моря. 12 августа 2018 года. - http://kremlin.ru/supplement/5328

**ӘОЖ 574.24**

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

**Уйсенов Ж. И., студент**
**Ғылыми жетекшісі: магистр Сагиндикова А. К.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтайтын конвенцияның мақсаты - Каспий теңізінің ортасын, оның биологиялық ресурстарын қорғау, сақтау, қалпына келтіру, тұрақты және ұтымды пайдалануды қоса алғанда, ластанудан қорғау болып табылады.

**Түйінді сөздер:** Каспий теңізі, экология, конвенция, броконер, биологиялық ресурстар, Конституция

2018 жылдың тамыз айында Ақтау қаласында бес ел - Қазақстан, Әзірбайжан, Ресей, Иран және Түрікменстан басшылары Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтайтын конвенцияға қол қойды. Конвенцияның мақсаты - Каспий теңізінің ортасын, оның биологиялық ресурстарын қорғау, сақтау, қалпына келтіру, тұрақты және ұтымды пайдалануды қоса алғанда, ластанудан қорғау болып табылады. Конвенцияның мәтіні әлі ақпарат құралдарында жарияланбады. Бір анығы, теңізде әскер орналастыруға тыйым салынып, оны тек экономикалық мақсатта игеруге келісім берілгені болып отыр.

Егер Каспий теңізі деп танылып, кеше қол қойылған конвенцияда БҰҰ-ның халықаралық теңіз құқығы нормалары басшылыққа алынатын болса, бұдан біздің ел ұтылмайды. Себебі, Қазақстанның Каспийдегі үлесі 29,6%. Оның үстіне теңіздің солтүстік, солтүстік шығыс бөлігінде мұнай, газ байлығы басқа жақтарға қарағанда мол. Сонымен қатар, Каспий теңізіндегі көмірсутегі шикізатының жартысынан астамы теңіздің қазақстандық бөлігінде жатыр деген болжам бар. Ақыры сөз бастаған соң бізден басқа төрт елдің де теңізден алар үлесі: Әзірбайжанның үлесі – 19,5%, Ресейдікі – 18,7%, Түрікменстандікі – 18,4%, Иранның үлесі 13%. Осы санды мәліметтерге қарап-ақ, Иран елінің ұзақ уақыт бойы Каспийге теңіз мәртебесін қимай жүрген себебін түсінуге болатын секілді.

Ең алдымен, Каспий маңының қауіпсіздігі талқыға түсті. Осыған байланысыты Ақтауда қабылданған конвенцияда теңізде жағалаудағы бес мемлекеттен басқа елдің әскери күштерінің болуына тыйым салынатыны анық көрсетілді. Құжаттағы бұл норманы Каспий теңізіндегі ең озық әскери-теңіз күштері бар ел – Ресей мемлекеті қолдап отыр.

Тағы бір айта кетерлігі, сәл бұрын Қазақстан мен Ресей Каспий теңізі мен Қара теңізді тұтастыратын «Еуразия теңіз каналын» ашуды ұсынған болатын. Осы арқылы Каспий теңізі жағалауындағы елдердің шын мәнінде үлкен теңізге шығу жолын ашқысы келген. Сонымен қатар бұл жоба арқылы Каспий теңізінің су деңгейі

тұрақтылығын сақтауға болады деп есептеген. Алайда, теңіз жағалауы елдерінің бір ауыздылыққа келмеуі және жұмсалатын қаржы мөлшерінің шектен тыс көп болуы себепті бұл жобаға қазірде өзгертулер енгізілуде.

Конвенцияда Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын қорғау, сақтау, ұтымды пайдалану жайлы тармақтары көрсетіліп кеткен.

Адам қажеттіліктерін қанағаттандыру мен әлеуметтік және экономикалық мақсаттарға қол жеткізуде биологиялық ресурстарды шамадан тыс пайдалануда теңіз байлықтарының құрып кетуіне ұшыратпайтын жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады. Сондай – ақ Каспий теңізінде сирек кездесетін жойылу қауіпі төніп тұрған балық түрлерін броконерлерден қорғау, сақтау және қалпына келтіруде бес мемлекет алдағы уақытта бірлесіп қорғау шараларын жүргізбекші.

Конвенция қорытындысы бойынша, 12 тамыз — Каспий теңізінің күні болып бекітілді. Конвенцияда тарихи шешімдер қабылданып, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындалды. Көк айдынды дамытып, оның табиғи байлығын сақтауымыз керек. Атап айтқанда, Каспий экожүйесін сақтау бойынша жұмыста негізгі екпін бекіре тұқымдастарының гендік қорын қорғауға баса назар аударылған болатын. Бұл балықтың әлемдік деңгейдегі 90 пайызы — Каспий теңізінде екені белгілі. Бекіре балығының санын арттыру сақсаты қойылған болатын. Конвенцияны Каспий теңізінің конституциясы деп айтуға да болады. Құжат теңіз жағалауындағы мемлекеттердің құқықтары мен міндеттеріне байланысты барлық мәселені шешуді көздейді. Конвенция құжаты аясында әрбір тарап экономикалық және геосаяси жағынан ұтпаса, ұтылмайды.

Конвенция Қазақстанның шекаралық мәселелерін толығымен реттеуге мүмкіндік берді. Яғни, конвенция осы жылдар бойы басқа елдермен жасасқан екі жақты, үш жақты келісімдер нақтылап, кодификациялап, оны бір жүйелілік сипат береді. Сондай – ақ Каспий теңізінің құқықтық статусын реттелуі ол аймақтағы экономикалық мүмкіндіктерді арттырады. Сонымен қатар атап айтқанда, Қазақстан Каспий теңізін ірі аймақтық транзиттік коридорға айналдыру бойынша өзінің жобаларын ары қарай жалғастыра алады.

Конвенция – шекаралық ведомстволардың ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы, сауда-экономикалық байланыс, көлік саласы мен көк айдындағы жанжалдарды болдырмау, Каспий теңізінде лаңкестікпен және ұйымдасқан қылмыспен күресуге бағытталған. Бұл Каспий бестігінің бірлесіп жұмыс істеуіне жол ашады. Қабылданған құжаттар бойынша көршілес елдердің байланысы нығаймаса, кемімейді. Каспий бестігінің көздегені де, мақсаты да осы болып табылады.

«Каспий теңізінің конституциясы» - Каспий жағалауы мемлекеттерінің ынтымақтастығына жаңа серпін береді және аймақтағы қауіпсіздік, тұрақтылық пен өркендеудің басты кепілгері болып саналады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә.Бейсенова, А.Смақова, Т.Есполов. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Алматы-2004ж

2. З. Аманжолова. Конвенция – Каспий теңізінің конституциясы. 15 тамыз, 2018ж.

**ӘОЖ 327.341**

# КАСПИЙ ТЕҢІЗІ АКВАТОРИЯСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ САЯСИ ҚАУІПСІЗДІК

**Ықыласова Ү. Р., студент**
**Ғылыми жетекші: Ережепова Р.Г.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Мақалада Каспий теңізінің әскери және саяси қауіпсіздігі және оларға енгізілген соңғы өзгерістер туралы айтылып, Каспий теңізі жағалауында орналасқан мемлекеттердің теңізді пайдалану жөніндегі саяси, экономикалық және құқықтық шеңбердегі қадамдары жайында айтылады, Каспий маңы мемлекеттерінің әскери қауіпсіздік жағдайымен таныстырылады.

**Түйінді сөздер:** Каспий теңізі, әскери қауіпсіздік, Конвенция, саммит, құқықтық мәртебе

Бүгінгі таңда Қазақстан басшылығы екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға және сенім мен қауіпсіздіктің тетіктерін дамытуға орасан зор жұмыс атқарды. Талқылаудың маңызды мәселелерінің бірі - Каспий мәселесі. Бұл тақырыпқа көршілес елдерге тиесілі теңізге шектеу, Каспий теңізінің мәртебесін көтеру мәселесі, мұнай өндіру және тасымалдау маршруттары мәселелері жатады [1,12].

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға 2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында өткен Бесінші Каспий саммиті барысында Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан Президенттері қол қойды. Бұл құжат Каспий теңізіне, оның суын, түбін, жер қойнауын, табиғи ресурстар мен әуе кеңістігін қоса алғанда, тараптардың құқықтары мен міндеттемелері айқындалатын және реттелетін негізін құрайтын халықаралық шарт болып табылады[2].

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутаттар «Каспий теңізінде тосын оқиғаларды болғызбау туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын мақұлдады. Маңызды құжат теңіздегі Каспий маңы мемлекеттері әскери кемелерінің жүзуі мен әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Келісім ережелеріне сәйкес, әр тараптың әскери және әуе кемелері бір-біріне жақындаған сәтте қауіпсіз арақашықтықты ұстап, барынша сақ болуға міндеттеледі[3]. Ал ақпарат алмасу кезінде арнайы радиобайланыс пайдаланылуы тиіс. Бұл шекаралас елдердің өзара достық қарым-қатынасты арттыра түсуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар халық қалаулылары «Қазақстан мен Ресей арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы өнімнің болуын және нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын талқылап, мақұлдады.Каспий маңы мемлекеттерінің әскери қызметі тұрғысынан алғанда қазіргі заманғы сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге қарсы тұру, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, қауіпсіздік мәселелеріне айрықша назар аударылған.

Әскери іс-қимылды жүргізу мүмкіндігі бойынша өзара тиімді шешімге қол жеткізілді. Аймақтағы тұрақтылыққа қатысты жаңа қауіп-қатерлердің туындау ықтималдығы ескеріле отырып, сондай-ақ әскери құрамалардың болу қажеттілігі ескеріле отырып, Каспий теңізіндегі терроризмге қарсы мақсаттар үшін «Каспий теңізіндегі Тараптардың қару-жарақтарының тұрақты теңгерімін қамтамасыз ету, барлық Тараптардың мүдделерін және бір-бірінің қауіпсіздігіне зиян келтірмеу ескеріле

отырып, жеткілікті негізде әскери құрылысты жүзеге асыруға» қатысты қағидат қалыптастырылды. Бұл қағидат басқа тұжырымдамалық қағидаттармен, атап айтқанда: «аймақтық қауіпсіздікті және тұрақтылықты нығайту жөніндегі бірлескен күштерге, оның ішінде барлық

Тараптар арасындағы халықаралық келісімдерге сәйкес, әскери іс-қимыл саласындағы болжамдылық пен ашықтық рухында келісілген сенім шараларын сақтау, сондай-ақ «Каспий теңізін бейбіт мақсатта пайдалану, бейбітшілік, тату көршілік, достық пен ынтымақтастық аймағына айналдыру, Каспий теңізіне қатысты барлық мәселелерді бейбіт жолмен шешу үшін қолдану» қағидаттарымен өзара байланыста қарастырылады.

Бесінші Каспий саммитінің Коммюникесінде теңіз маңындағы мемлекет басшыларының қауіпсіздік саласындағы мәлімдемелерін қамтамасыз ету бойынша ортақ түсінігі Каспий теңізіндегі әскери іс-қимыл саласындағы келісілген сенім шараларын әзірлеу және қабылдау қажеттілігі туралы тезисінде көрініс тапты. Көмірсутектерді еуропалық және азиялық энергетикалық нарықтарға тасымалдауға мүмкіндік беретін бірегей географиялық орналасуы, сондай-ақ маңызды ресурстық әлеуетке ие Каспий аймағы Қазақстанның ұлттық басымдықтарында ерекше орын алады. Каспийде өзінің ұлттық мүдделерін ескере отырып, Қазақстан геосаяси себептерге негізделеді. Каспий теңізінің қазақстандық секторында айтарлықтай үлесі бар көмірсутегі шикізатының ірі қорлары болуы су қоймасының халықаралық-құқықтық мәртебесін айқындау мәселесін өзекті ете түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстанның геосаяси перспектвалары. Касабеков С.А., Малгараева З. Б.
2. ҚР Сыртқы Істер Министрлігінің ресми сайты.
3. baq. kz.

**ӘОЖ 9.908**

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

**Байискакова К.А.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа**. Мақалада Каспий теңізінің құқықтық, саяси және оны қорғап, сақтап қалу мәселелері қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** Каспий теңізі, құқықтық мәртебе, БҰҰ Конвенциясы, Каспий саммиті.

Каспий теңізі — Еуропа мен Азия аралығында орналасқан жер шарындағы ең үлкен тұйық көл. Оны теңіз деп атайды үлкендігіне қарап. Аты XVI ғасырдың аяғында осы теңіз жағасында қоныстанған Каспи тайпаларына байланысты қалыптасқан.

Каспий теңізінің жалпы ауданы 376 мың км2. Оның беті теңіз деңгейінен 28 м төмен жатыр. Теңіздің ендірек жері - 435 км, ал енсіз жері - 193 км. Теңіз солтүстіктен оңтүстікке қарай 1200 км-ге созыла орналасқан. Каспий теңізінің жағалау сызығының ұзындығы - 7000 км. Оның суы 5 мемлекеттің нсағалауын шайып жатыр. Жағалау сызығының Қазақстан үлесіне - 29% (2340 км), Әзірбайжанға - 20%,Түрікменстанға - 21%, Иран Ислам Республикасы - 14%, Ресейге - 19% тиесілі [1].

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі өте маңызды, шешімін таппаған мәселелердің бірі болды. 1994 жылдың 19 шілдесінде Қазақстан Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенция жобасын ұсынды. Жоба Қазақстан Республикасы ресми биліктерінің Каспийдің болашақ мәртебесі туралы көзқарасын білдіреді. Жоба бойынша Каспий теңіз ретінде қарастырылып, 1982 жылдың 10 желтоқсанында қабылданған БҰҰ Конвенциясының негізгі нормативтерінің күші жүру керек. Жобада Каспий жағалауындағы елдердің мемлекеттік шекаралары көлемдік сулар бойынша, яғни жағалаудан 12 теңіздік мильмен бекітілуі қажет. Теңіз түбінің қалғаны ұлттық секторларға бөлінеді. Бөлінген бөліктер халықаралық теңіз құқығына сәйкес жағалау мемлекеттерінің ерекше экономикалық аймақтары болып табылады. Ал, табиғи ресурстарды пайдалану, әсіресе ұлттық секторларда жатқан теңіз қойнауындағы байлықты қолдану жағалау мемлекеттерінің құқықтық құзыретіне бағынады. Осыған орай Қазақстан тарапы жағалау мемлекеттерінің табиғи ресурстарды пайдаланудағы мүдделерін қорғауға және экологиялық жүйені сақтауға шақырады [2].

9 қазан 2000 жылы Астанада Қазақстан мен Ресей Каспий теңізіндегі ынтымақтастық жөніндегі Декларацияға қол қойып, 26 ақпан 1921 жылғы және 25 наурыз 1940 жылғы келісімдерде көрсетілген кеме қатынасының еркіндігі, балық шаруашылығы еркіндігі мен Каспий маңы елдеріне тиесілі емес теңіз кемелерінің қатынасына тиым салу сұрақтарының күшінде қалатынын баяндайды.

14 мамыр 2003 жылы Алматыда Қазақстан, Әзірбайжан мен Ресей арасында Каспий теңіз түбі іргелес аумақтарын бөлу сызығының түйісу нүктесі туралы үшжақты Келісімге қол қойылды. Қазақстан бұл Келісімді 4 желтоқсан 2003 жылы ратификациялады. Жалпы 2-баптан тұратын бұл Келісімде тараптар, бұған дейін тараптардың жеке өзара жасалған келісімдерін ескере отырып, Каспий теңіз түбі іргелес аумақтарын бөлу сызығының түйісу нүктесін бекітеді[3].

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға 2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында өткен Бесінші Каспий саммиті барысында Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан Президенттері қол қойды.

Бұл құжат Каспий теңізіне, оның суын, түбін, жер қойнауын, табиғи ресурстар мен әуе кеңістігін қоса алғанда, тараптардың құқықтары мен міндеттемелері айқындалатын және реттелетін негізін құрайтын халықаралық шарт болып табылады

Конвенция ұлттық аймақтарды шектеу; юрисдикциялар мен егемендік; жер қойнауын пайдалануға құқықтарды жүзеге асыру; транзит пен тасымалдау; су асты құбырлары мен кабельдерді төсеу; қоршаған ортаны және Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын қорғауға байланысты мәселелерді реттейді. Каспий маңы мемлекеттерінің әскери қызметі тұрғысынан алғанда қазіргі заманғы сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге қарсы тұру, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, қауіпсіздік мәселелеріне айрықша назар аударылған.

Конвенцияға сәйкес Каспий теңізінің теңіз акваториясы түрлі режимдермен аймақтарға бөлінеді. Тараптар ені 15 теңіз милінен аспайтын аумақтық суларды белгілейді, бұл ретте олардың сыртқы шекаралары мемлекеттік мәртебеге ие болады. Аумақтық сулар әрбір мемлекеттің өзінің айрықша құқықтарына ие он мильдік балық аулау аймақтарымен жанасады.

Биологиялық ресурстардың бірегей популяциясын сақтау мақсатында барлық акватория бойынша балық аулау келісілген ұлттық квоталар негізінде жүзеге асырылады.

Балық аулау аймақтарынан тыс ортақ су кеңістігі сақталатын болады. Теңіз мемлекеттік шекараларынан тыс жағалау елдерінің тулары астындағы кемелер үшін теңізде жүзу еркіндігі қолданылады. Басқа теңіздерге және Әлемдік мұхитқа көліктің барлық түрлерінің транзит еркіндігі туралы уағдаластықтың маңызы өте зор. Жер

қойнауын пайдалануға және басқа да заңды шаруашылық-экономикалық қызметіне олардың егемендік құқықтарын іске асыру мақсатында Каспий теңізінің түбі мен қойнауын секторларға бөлу халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын ескере отырып, шектес және қарсы жатқан мемлекеттердің уағдаластықтары бойынша жүзеге асырылады.

Сондай-ақ экологиялық талаптар сақталған жағдайда теңіз түбі арқылы магистралдық құбыр желілері мен кабельдерді төсеу мүмкіндігі көзделген. Каспийдің экологиялық жүйесі мен оның барлық компоненттері жан-жақты қорғалады және күзетіледі. Теңіздегі кез келген қызмет теңіздің қоршаған ортасы мен оның биологиялық әртүрлілігіне залал келтірмеуі тиіс.

Конвенцияны тиімді имплементациялау мақсатында сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары/жағалаудағы мемлекеттерінің уәкілетті өкілдері деңгейінде тұрақты бес жақты арнайы консультациялар тетігі – Каспий теңізі мәселелері бойынша Жоғары деңгейдегі жұмыс тобы құрылуда.

Қазіргі уақытта тараптар Конвенция депозитарийінің (Қазақстан Республикасының) бесінші бекіту грамотасын алған күнінен бастап күшіне енетін Конвенцияны ратификациялаудың мемлекетішілік рәсімдерін жүргізуде. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау және халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларына негізделген жағалаудағы мемлекеттер арасында тұрақты және достық қатынастар орнату тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады.

Ақтауда өткен жоғарғы деңгейдегі кездесуге дейін Каспий маңы мемлекеттері басшыларының төрт саммиті (2002 жылы 23-24 сәуірде Ашхабадта, 2007 жылы 16 қазанда Тегеранда, 2010 жылы 18 қарашада Бакуде және 2014 жылы 29 қыркүйекте Астраханда) өтті.

2002 жылғы Ашхабадта өткен бірінші Каспий саммиті жоғары деңгейдегі кездесулер өткізудің негізін қалады.

Екінші Каспий саммитінің қорытындысы бойынша саяси деңгейде Каспийдің құқықтық мәртебесі, теңіздегі қауіпсіздік пен тұрақтылықтың негізгі мәселелері, сондай-ақ Каспий маңы мемлекеттерінің халықаралық қатынастарының жекелеген аспектілері бойынша ұстанымына байланысты мемлекеттердің қолдағы бар уағдаластықтарын бекітетін Әзірбайжан Республикасының, Иран Ислам Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Түркіменстанның Декларациясына қол қойылды.

Үшінші Каспий саммиті шеңберінде Президенттердің Бірлескен мәлімдемесі мен Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Бірлескен мәлімдемеде «Каспий бестігінің» көшбасшылары Екінші саммит декларациясында көрсетілген ұстанымдарға бейілділігін растады және Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенциямен жұмысты аяқтау қажеттігін атап өтті.

Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісім негіздемелік құжат бола отырып, ынтымақтастықтың негізі салалары мен нысандарын бекітіп, жағалау мемлекеттерінің Каспийдегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және заңға қайшы келетін қызметтермен күресте өзара іс-қимыл үшін құқықтық негіз жасап берді. Тараптардың ортақ түсінігі бойынша мұндай өзара іс-қимылдардың нақты тетіктері аталған Келісімге тиісті хаттамаларда бекітіледі.

Бұдан басқа, Әзірбайжан астанасында жағалау мемлекеттерінің басшылары жағалау маңындағы мемлекеттің егемендігіндегі су кеңістігін қамтитын ұлттық аймақтың еніне қатысты қағидаттық сипаттағы уағдаластыққа қол жеткізді.

Бакудегі кездесу шеңберінде Каспий теңізінде бекіре балық түрлерін аулауға мораторий енгізу тетігін әзірлеу бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді (мемлекет басшылары деңгейінде тиісті Хаттамалық шешім қабылданды).

Төртінші Каспий саммиті барысында Президенттер теңіз жағалауындағы мемлекеттердің қызметі жүзеге асырылуы тиіс қағидаттардың кең тізбесін бекітетін бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Бұл қағидаттар Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы конвенция жобасының құрамына енгізілген.

Сондай-ақ, Төртінші Каспий саммиті аясында Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану туралы келісімге, Каспий теңізіндегі төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге және Каспий теңізінің гидрометеорологиясы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Жоғарыда аталған құжаттардан басқа, бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Каспий теңізіне қатысты мынадай халықаралық шарттарға:

- Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелеу туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімге және оған жасалған төрт хаттамаға;

- Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізінің түбін бөлу туралы 2001 жылғы 29 қарашадағы келісімге;

- 2003 жылғы 14 мамырдағы Қазақстан Республикасы, Әзербайжан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шетес учаскелерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісімге;

- 2003 жылғы 4 қарашадағы Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау туралы негіздемелік конвенция және оған жасалған төрт хаттамаға;

- 2014 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізінің түбін Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасында бөлу туралы келісімге;

- Ақтау саммиті барысында Каспий маңы елдерінің үкіметтері арасындағы көлік саласындағы ынтымақтастық туралы, сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы, Каспий теңізіндегі оқиғалардың алдын алу туралы келісімдерге, сондай-ақ, терроризмге қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы, 2010 жылғы 18 қарашадағы Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге Шекара ведомстволарының өзара іс-қимылдары туралы хаттамаларға қол қойылды [4].

"Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қол қою туралы

Өздеріңізге белгілі, 8 ақпанда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев "Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қол қойып, осылайша біздің мемлекет бұл тарихи құжатты ратификациялады.

Аталған құжат қазақстандық дипломаттардың және басқа да мемлекеттік органдардың Каспий маңы елдерімен 20 жылдан астам жүргізген келіссөздердің нәтижесі болып табалады.

Каспий теңізінің мәртебесін реттеу және халықаралық, саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың құқықтық режимін құру мәселесі жағалаудағы барлық мемлекеттер үшін стратегиялық маңызы бар аймақ болып қала береді.

Былтырғы жылы 12 тамызда "Каспий бестігі" тарихындағы маңызды оқиға - Ақтау қаласында Каспий маңы елдерінің басшылары аймақ үшін - Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойған болатын.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы атап өткендей, Конвенция "Каспий теңізінің конституциясы" болып табылатын, аймақтағы қауіпсіздік, тұрақтылық пен гүлденудің кепілі болуға тиіс.

Құқықтық мәселелерді шешу тек жағалаудағы мемлекеттердің өзара іс-қимылына ғана емес, сонымен қатар инвестиция тарту үшін қолайлы жағдай туғызуға, Каспийдің бесжақты сауда-экономикалық байланыстарын сыртқы әлеммен, көліктік инфрақұрылыммен және тұтастай алғанда аймақтың транзиттік әлеуетін дамытуға оң әсерін тигізеді.

Бұдан бөлек, Конвенция Қазақстандық секторының түбін делимитациялауды аяқтауға, сондай-ақ мемлекеттік шекараның бүкіл периметрі бойынша, оның ішінде Каспий теңізінің шекарасын делимитациялауды аяқтауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстанның физикалық географиясы, Алматы: Атам.ра, 2008. ISBN 9965-34-809-X

2.Касенов У. Каспийское море: правовой статус, нефть и международная безопасность //Деловая неделя. – 1997. – 29 августа.

3. Салимгерей А.А. Правовой статус Каспийского моря (проблемы теории и практики). – Алматы: КазГЮУ, – 208 с.

4. http://www.mfa.kz/

5. http://adilet.zan.kz/kaz

**ӘОЖ 349.6**

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ЭКОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУЫ

**Жұмабаева А., студент**
**Ғылыми жетекші: доцент Алибеков С.К.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа**. Ғылыми жұмыста Каспий теңізінің экологиялық жағдайы және оның құқықтық қамтамасыз етілуі туралы мәселелер қарастырылған. Каспий теңізі экологиясының және оның биоресурстарын қорғау бағытында нақты ұсыныстар жасалған.

**Түйінді сөздер:** экожүйе; Каспий теңізі;биоресурс; мұнай қалдықтары; ластану; конвенция.

Қазіргі таңда Каспий теңізінің экологиялық жағдайы өте күрделі, дәлірек айтқанда, апатты жағдайда тұр. Табиғи факторлар сондай-ақ, адамның өз қажеттіліктерін өтеу мақсатында теңіз ресурстарын ысырапқа салуы, оны қорғауға бағытталған шаралардың жүзеге асырылмауы берілген экожүйенің жағымсыз өзгерістерге ұшырауына негізгі себеп болып отыр [1].

Каспий теңізіне тән ерекшеліктердің бірі ол оның су деңгейінің үнемі өзгерістерге ұшырап тұруы. Зерттеу мәліметтеріне сәйкес соңғы 3 мың жылдың ішінде

Каспий теңізінің су деңгейінің өзгеру амплитудасы 15 метрді құраған. Каспий теңізінің су деңгейін өлшеу жүргізіле бастаған 1837 жылдан бері судың ең жоғары деңгейі 1882 жылы (-25,2 м), ең төмен деңгейі 1977 жылы (-29,0 м.) тіркелген. Осыдан кейін 1978 жылдан бастап судың деңгейі біртіндеп көтеріліп 1995 жылы 26,7 метрге дейін жеткен болса, 1996 жылдан бастап су деңгейі қайтадан біртіндеп төмендей бастаған. Каспий теңізінің су деңгейінің үнемі өзгерістерге түсіп тұруын ғалымдар климаттық, геологиялық және антропогендік факторлармен түсіндіреді.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау болашақтың ісі болды. Каспий төңірегіндегі мұндай жағдай көп факторлықты, аймақтың сыртқы күштерге тәуелділігін күшейтіп, процеске қатысушылардың игілігі үшін ықтимал ымыраға келу үшін барынша аз орын қалдырып отыр. Қазақстан Каспийдің түбін межелеуге жауапкершілікпен әрі ұтымдылықпен келу қажет деп санайды. Каспий маңы аймағындағы шиеленістің өсуі "бестік" позициясы және сыртқы акторлардың араласуы салдарынан ҚР-дан ойластырылған, тың ұстанымды, сондай-ақ Каспий проблемасын шешуге талпынуда елдің ұлттық мүдделерін қорғаудағы белсенділік пен табандылықты талап етеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. Токаев К. Дипломатия Республики Казахстан. – Астана: Елорда, 2001. 385-386 бб.
2. Экономическое сотрудничество в Каспийским регионе https://www.webeconomy.ru/index.php?page=cat&cat=mcat&mcat=212&type=news&p=3&newsid=1593
3. Внешняя политика Республики Казахстан / К.И. Байзаковтың ортақ редакциялығымен. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. 126-127 бб.

**ӘОЖ 338.43**

# МАҢҒЫСТАУ АЙМАҒЫНА САЛЫНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, ҚҰҚЫҚТЫҚ МАҢЫЗЫ

**Бақытқызы А. студент**
**Ғылыми жетекші: Утебалиева Д. Б.**
Ш.Есенов атындағы КМУТИ, Ақтау қаласы

**Аңдатпа.** Өңірімізге салынатын инвестициялық жобалардың аймағымыз үшін маңызы, көлеміжіне инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақалада қарастырылды

**Түйінді сөздер:** инвестициялық жоба, каспий экологиясы, экономика тұрақтылығы.

«Н.Назарбаевтың жаһандық қауіпсіздікке қосқан үлесі, Каспий маңы елдерінің әлеуметтік-экономикалық және экологиялық аспектілері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға халықаралық ұйымдардың, Каспий маңы елдерінің өкілдері, шетелдік және қазақстандық ғалымдар, сондай-ақ Пәкістан мен Македония Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілері, Түркия, Түрікменстан, Иран Ислам Республикаларының Бас консулдары қатысты.

Қатысушылар халықаралық қауіпсіздіктің аспектілерін және Каспий маңы елдеріндегі мәселелерді талқылап, әлемдік ғалымдардың ғылыми ұйымдарда жүргізген ғылыми зерттеулерінің тәжірибесі мен нәтижелерін атап өтті. Қазіргі таңда Каспий теңізінің түбін және тереңдігін делимитациялау, теңіз деңгейінің іргелес учаскелерін бөлу, қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану, гидрометеорология саласындағы мәселелер шешілді.

«Каспий - трансшекаралық су объектісі. Сондықтан Каспий маңы мемлекеттерінің бірлескен күш-жігерінсіз теңізді қорғау мүмкін емес екенін білесіздер. Каспий теңізіндегі көмірсутегі шикізатының ауқымды көлемін өндіру жоспарлануда. Демек, теңіз аймағын қорғау одан да өзекті болмақ. Халықаралық ұйым өкілдерінің және Каспий маңы мемлекеттерінің әр кездесуі мемлекеттік органдардың, шаруашылық субъектілерінің, мамандардың және жұртшылықтың назарын Каспий теңізінің экологиялық мәселелеріне аударуға және оларды жан-жақты шешудің жолдарын айқындауға мүмкіндік береді».

Мамандардың айтуынша, Маңғыстау - жылына 600 миллиард долларлық жүк тасымалданатын Қытай мен Еуропа арасындағы маңызды көлік дәліздерінің қиылысында орналасқан орталық алаң. Түркияның бас консулы Корхан Кунгер Солтүстік дәліз құрылысы аяқталғаннан кейін Қытайдан Еуропаға Транс-Каспий дәлізі арқылы жүк жеткізу мерзімінің 4 есе қысқаратынын айтты.

Шалғай өңір "Нұрлы жол" бағдарламасының нәтижелі жүзеге асуына орай ірі көлік-логистикалық орталыққа айналды. Ақтауда әуе, көлік, темір жолдары, паром және теңіз қатынастарының желілері тоғысқан. Ал Маңғыстау облысының жалпы өңірлік өнім көлемі бір жылда 99,2 пайыздан 104,4 пайызға өсті. Өнеркәсіптің негізгі индексі 101,2 пайыз. Негізгі капиталға салынған инвестиция үлесі соңғы жылдары бірден 6 пайызға артып, 256 миллиард теңгеге жетті. Индустрияландыру картасы аясында 42 жоба іске қосылып, 392 миллиард теңге тікелей инвестиция тартылды. Сонымен қатар, қазіргі таңда жалпы құны 418 миллиард теңгені құрайтын 89 жаңа жоба жүзеге асып жатыр.

«Қазақстан президентінің озық саясаты Қазақстан мен Иран арасындағы ынтымақтастықты арттырып келеді. Өткен жылдың өзінде Каспий аймағындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы, транзит, кеме арқылы жүк тасымалдау және балық шаруашылығы бойынша келісімдерге қол қойылды. Екі елдің әскери-теңіз флоты Ақтау мен Бандар анзали порттарына сапар шегуі теңіз қауіпсіздік саласындағы және Каспий теңізінде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге жол ашты», - деді Иран Ислам Республикасы Бас Консулының міндетін атқарушы Мохаммад Хоссейнголи Нури.

Конференцияға қатысушылар Ақтау қаласынан "Қазақстан теңіз университетін" ашуды ұсынды. Өлкедегі іргелі оқу орнының жанынан 1500 орындық жатахқана салу жоспарланды.

Өңірге инвестициялық жобаларды жүзеге асыру қарастырылды. Бұл елдің дамуына аса қажет. Балаларға кампустар салынуы керек. Жатаханалар салынуы керек. Президенттің бағдарламасы осы бағытта. Студенттер тек Маңғыстаудан ғана емес, республиканың түкпір-түкпірінен, шетелден келеді», - деді Орталық Азия Университетінің ректоры Жұматай Әлиев. Бұл Президенттің 5 әлеуметтік бастамасы аясында инвесторлардың қолдауымен жүзеге асады деп күтілуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Маңғыстау» газеті. 2018 жыл. ,№ 8.
2. Каспий экологиялықпрограммасы, Информациялық бюллетень, 2001,№2.

**ӘОЖ 338.43**

## КАСПИЙ МАҢЫ ЕЛДЕРІНІҢ V САММИТІНІҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ МЕН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Утебалиева Д. Б.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Маңғыстау өңірінің дамуына оның ішінде теңіз арқылы жүк қабылдау-өткізу әлеуетінің, көлік-логистикалық орталықтардың артуына конвенцияның маңызы айтылған.

**Түйінді сөздер:** жаһандық, құқықтық мәртебе, транзиттік коридорды, транзиттік әлеует.

«12 тамыз – Каспий теңізінің күні. Бұл тарихи шешімдер қабылдау үшін қолайлы жағдай тудырады», - деді Елбасы.

Халықаралық маңызы зор шарада қатысушы Каспий маңындағы бес мемлекет басшылары Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындап, тараптарға ортақ су айдынында ынтымақтастықты жандандыру және аймақтық, жаһандық деңгейдегі бірқатар мәселелердің оң шешімін табу жолдарын қарастырды.

Халықаралық әріптестіктің жаңа дәуірі басталуы ықтимал бұл кездесудің қорытындысында Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындайтын конвенция қабылданады.

Каспий маңы елдерінің V саммитіне қатысу үшін Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Әзербайжан президенті Ильхам Алиев, Иран Ислам Республикасының президенті Хасан Рухани, Түркіменстан президенті Гурбангулы Бердімұхамедов Қазақстанға жұмыс сапарымен келді.

Қазақ елінің теңіз қақпасы болып табылатын портты қала Ақтауға осы кезеңде күллі әлем жұртшылығының назары ауғаны мәлім. Өйткені, төрт бағыты бірдей құрлықпен түйісіп жатқан ұлан-ғайыр су айдыны бес мемлекет шекарасымен шектеседі. Алайда Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтайтын құжат әлі күнге бекітілмей келеді.

Кей мемлекеттерде тұйық көл деп аталуымен, жалпы көлеміне қарап Каспийді теңізі деген ұғым ертеден қалыптасқан. Жиырма жылдан астам талданып келе жатқан тақырыптың маңыздылығы аса жоғары. Қойнауы қара алтын мен газ қорына бай су айдыны маңында аймақтары шекаралас бес ел 12 тамыз - Каспий теңізі күні нақты бір шешімге келуі де ғажап емес.

Күні кеше Маңғыстау облысының орталығында Каспий маңындағы мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің кеңесі өткен еді. Тараптар "Каспий бестігі" кездесуіне дайындық жұмыстарын жан-жақты мұқият саралап шықты.

Маңызды кездесуден соң ҚР Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов бес ел Каспий теңізіндегі өзара ынтымақтастыққа қатысты барлық мәселелер бойынша консенсуске келе алғандарын айтты.

«Біз Каспий теңізіндегі өзара ынтымақтастыққа қатысты барлық мәселелер бойынша консенсуске келе алдық. Ол Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияның жобасы», - деп мәлімдеді Қайрат Әбдірахманов.

Сыртқы саясатқа жауапты ведомство басшысы осыған дейін атқарылған жұмыстардың Каспий маңындағы бес мемлекет басшыларының белсенді араласуымен нәтижелі жүзеге асырылғанын тілге тиек етті.

Ақтау саммиті алдында Каспий маңы елдерінің Сыртқы істер министрлері арнайы жұмыс тобы отырысын өткізген болатын. Бұл кездесуге Қазақстан, Ресей Федерациясы, Түрікменстан, Иран Ислам Республикасы және Әзербайжан елдерінің өкілдерінің тыңғылықты дайындықпен келгенін айтып өткен жөн.

Расында да, стратегиялық тұрғыдан алғанда тараптар үшін конвенция аса маңызды. Бес президенттің қолы қойылатын құжат өзара ынтымақтастықтың жаңа кезеңінің бастауы болады десек қателеспейміз. Яғни, ағымдағы жылдан бастап Каспий маңы елдерінің ынтымақтастықта әрекет етуі күшейіп, теңіз арқылы түйісетін аймақтары қарқынды даму үдерісіне көшеді деуге де толықтай негіз бар.

Жалпы, қандай мазмұнда болмасын Конвенция мәтініне президенттер қол қоймас бұрын Үкімет басшылары жан-жақты шолу жасайды. Толыққанды пысықтап, соңғы өзгерістер мен түзетулерді енгізеді.

Бұл бағытта бірнеше жыл табанды тер төккен арнайы жұмыс тобының мүшелері кезекті кездесудің жоғары деңгейде өткенін айтып отыр. Каспий маңындағы бес мемлекет өкілдері келіссөздердің нәтижелі болып, саммиттің жемісті өтуіне атсалысқан мемлекетке ризашылық білдірді.

ҚР тұңғыш Президенті - Елбасы қоры жанындағы әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы Жұмабек Сарабековтің айтуынша, Конвенция - саяси-экономикалық маңыздағы құжат. Себебі, қазіргі таңда барлық Каспий жағалауында орналасқан мемлекеттер үшін бұл теңіздің тұрақты және қауіпсіз сипатта дамығандығына барлығы да мүдделі.

«Осы тұрғыдан, Конвенцияға қол қойылуы аса маңызды. Жалпы, бұл Конвенция қазақ еліне не береді? Біріншіден, ол Қазақстан үшін Каспий арқылы транзиттік коридорды ретке келтіру және Қазақстанның транзиттік әлеуетін жүзеге асыруға бірден-бір алғышарт. Өйткені, Конвенциядан бөлек экономика және транспорт саласындағы ауқымды шаралар қарастырылып жүзеге аспақшы. Маңғыстау өңірінің дамуына қарқын қосып, теңіз арқылы жүк қабылдау-өткізу әлеуетін арттырары сөзсіз.

Қазақстан үшін Каспий маңындағы аймақтың тарихи, мәдени, рухани-идеологиялық, геосаяси маңызы ерекше.

Шалғай өңір «Нұрлы жол» бағдарламасының нәтижелі жүзеге асуына орай ірі көлік-логистикалық орталыққа айналды. Ақтауда әуе, көлік, темір жолдары, паром және теңіз қатынастарының желілері тоғысқан. Ал Маңғыстау облысының жалпы өңірлік өнім көлемі бір жылда 99,2 пайыздан 104,4 пайызға өсті. Өнеркәсіптің негізгі индексі 101,2 пайыз. Негізгі капиталға салынған инвестиция үлесі соңғы жылдары бірден 6 пайызға артып, 256 миллиард теңгеге жетті. Индустрияландыру картасы аясында 42 жоба іске қосылып, 392 миллиард теңге тікелей инвестиция тартылды. Сонымен қатар, қазіргі таңда жалпы құны 418 миллиард теңгені құрайтын 89 жаңа жоба жүзеге асып жатыр.

«Ақтау - қазақ елінің теңіз қақпасы. Осы ретте Маңғыстау өңірі Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау жолында маңызды роль атқарады. Тарихи келісімдер бекіген мұнайлы аймақтың келбеті өзгеріп, әлеуеті одан әрі артады. Ақпарат құралдары өлкенің туристік әлеуетін жаһанға жарнамалап, экономикасының өрлеуіне жол ашты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә. Бейсенова, А. Самақова, Т.Есполов, Ж. Шілдебаев Экология және табиғатты тиімді пайдалану, Алматы.-2004.

2. «Егемен Қазақстан» газеті. 2018 жыл. ,№ 8.

**ӘОҚ338.43**

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ КАСПИЙ ТЕҢІЗІНЕ ҚАТЫСТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР

**Утебалиева Д. Б.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияның маңызы, құқықтары мен міндеттемелері, Каспий теңізіне қатысты халықаралық шарттар мен келісімдер мақалада қарастырылды.

**Түйінді сөздер:** конвенция, транзит пен тасымалдау, Каспий бестігі.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға 2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында өткен Бесінші Каспий саммиті барысында Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан Президенттері қол қойды.

Бұл құжат Каспий теңізіне, оның суын, түбін, жер қойнауын, табиғи ресурстар мен әуе кеңістігін қоса алғанда, тараптардың құқықтары мен міндеттемелері айқындалатын және реттелетін негізін құрайтын халықаралық шарт болып табылады

Конвенция ұлттық аймақтарды шектеу; юрисдикциялар мен егемендік; жер қойнауын пайдалануға құқықтарды жүзеге асыру; транзит пен тасымалдау; су асты құбырлары мен кабельдерді төсеу; қоршаған ортаны және Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын қорғауға байланысты мәселелерді реттейді. Каспий маңы мемлекеттерінің әскери қызметі тұрғысынан алғанда қазіргі заманғы сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге қарсы тұру, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, қауіпсіздік мәселелеріне айрықша назар аударылған.

Конвенцияға сәйкес Каспий теңізінің теңіз акваториясы түрлі режимдермен аймақтарға бөлінеді. Тараптар ені 15 теңіз милінен аспайтын аумақтық суларды белгілейді, бұл ретте олардың сыртқы шекаралары мемлекеттік мәртебеге ие болады. Аумақтық сулар әрбір мемлекеттің өзінің айрықша құқықтарына ие он мильдік балық аулау аймақтарымен жанасады.

Биологиялық ресурстардың бірегей популяциясын сақтау мақсатында барлық акватория бойынша балық аулау келісілген ұлттық квоталар негізінде жүзеге асырылады.

Балық аулау аймақтарынан тыс ортақ су кеңістігі сақталатын болады. Теңіз мемлекеттік шекараларынан тыс жағалау елдерінің тулары астындағы кемелер үшін теңізде жүзу еркіндігі қолданылады. Басқа теңіздерге және Әлемдік мұхитқа көліктің барлық түрлерінің транзит еркіндігі туралы уағдаластықтың маңызы өте зор. Жер қойнауын пайдалануға және басқа да заңды шаруашылық-экономикалық қызметіне олардың егемендік құқықтарын іске асыру мақсатында Каспий теңізінің түбі мен қойнауын секторларға бөлу халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын ескере отырып, шектес және қарсы жатқан мемлекеттердің уағдаластықтары бойынша жүзеге асырылады.

Сондай-ақ экологиялық талаптар сақталған жағдайда теңіз түбі арқылы магистралдық құбыр желілері мен кабельдерді төсеу мүмкіндігі көзделген. Каспийдің экологиялық жүйесі мен оның барлық компоненттері жан-жақты қорғалады және күзетіледі. Теңіздегі кез келген қызмет теңіздің қоршаған ортасы мен оның биологиялық әртүрлілігіне залал келтірмеуі тиіс.

Конвенцияны тиімді имплементациялау мақсатында сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары/жағалаудағы мемлекеттерінің уәкілетті өкілдері деңгейінде тұрақты бес жақты арнайы консультациялар тетігі – Каспий теңізі мәселелері бойынша Жоғары деңгейдегі жұмыс тобы құрылуда.

Қазіргі уақытта тараптар Конвенция депозитарийінің (Қазақстан Республикасының) бесінші бекіту грамотасын алған күнінен бастап күшіне енетін Конвенцияны ратификациялаудың мемлекетішілік рәсімдерін жүргізуде. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау және халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларына негізделген жағалаудағы мемлекеттер арасында тұрақты және достық қатынастар орнату тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау жөніндегі келіссөздер 1992 жылы бес Каспий маңы мемлекетінің теңізіндегі ынтымақтастық мәселелерін реттеу мақсатында басталды.

1992-1996 жылдар аралығында Каспий маңы мемлекеттерінің Сыртқы істер министрлері орынбасарларының бес кездесуі, сарапшылардың үш кеңесі, сондай-ақ бірқатар екі және үш жақты кездесулер өткізілді, олардың барысында тараптар Каспий теңізімен байланысты жекелеген мәселелерді талқылады.

1996 жылғы қарашада Ашхабадта өткен жағалау маңындағы елдердің Сыртқы істер министрлерінің кеңесінің қорытындысы бойынша Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияны Каспий маңы мемлекеттерінің Сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары деңгейінде әзірлеу жөніндегі арнайы жұмыс тобы құрылды (АЖТ).

Осы институттың отырыстары әр Каспий маңы мемлекетінің аумағында кезекпен өткізілді. Арнайы жұмыс тобының 52 отырысы (соңғы отырысы 2018 жылғы 10 тамызда Ақтау қаласында) өткізілді.

Тараптар ұстанымдарын жақындастыру мақсатында тұрақты негізде Каспий маңы елдерінің әртүрлі форматтардағы консультациялары өткізілді.

Келіссөздер процессі шеңберінде Каспий маңы мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің жеті кеңесі (1996 жылы 11-12 қарашада Ашхабадта, 2004 жылы 6 сәуірде Бакуде, 2007 жылы 20 маусымда Тегеранда, 2014 жылы 22 сәуірде Мәскеуде, 2016 жылы 12-13 шілдеде Астанада, 2017 жылы 4-5 желтоқсанда Мәскеуде, 2018 жылы 11 тамызда Ақтауда) өтті.

Ақтауда өткен жоғарғы деңгейдегі кездесуге дейін Каспий маңы мемлекеттері басшыларының төрт саммиті (2002 жылы 23-24 сәуірде Ашхабадта, 2007 жылы 16 қазанда Тегеранда, 2010 жылы 18 қарашада Бакуде және 2014 жылы 29 қыркүйекте Астраханда) өтті.

2002 жылғы Ашхабадта өткен бірінші Каспий саммиті жоғары деңгейдегі кездесулер өткізудің негізін қалады.

Екінші Каспий саммитінің қорытындысы бойынша саяси деңгейде Каспийдің құқықтық мәртебесі, теңіздегі қауіпсіздік пен тұрақтылықтың негізгі мәселелері, сондай-ақ Каспий маңы мемлекеттерінің халықаралық қатынастарының жекелеген аспектілері бойынша ұстанымына байланысты мемлекеттердің қолдағы бар уағдаластықтарын бекітетін Әзірбайжан Республикасының, Иран Ислам Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Түркіменстанның Декларациясына қол қойылды.

Үшінші Каспий саммиті шеңберінде Президенттердің Бірлескен мәлімдемесі мен Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Бірлескен мәлімдемеде «Каспий бестігінің» көшбасшылары Екінші саммит декларациясында көрсетілген ұстанымдарға бейілділігін растады және Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенциямен жұмысты аяқтау қажеттігін атап өтті.

Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісім негіздемелік құжат бола отырып, ынтымақтастықтың негізі салалары мен нысандарын бекітіп, жағалау мемлекеттерінің Каспийдегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және заңға қайшы келетін қызметтермен күресте өзара іс-қимыл үшін құқықтық негіз жасап берді. Тараптардың ортақ түсінігі бойынша мұндай өзара іс-қимылдардың нақты тетіктері аталған Келісімге тиісті хаттамаларда бекітіледі.

Бұдан басқа, Әзірбайжан астанасында жағалау мемлекеттерінің басшылары жағалау маңындағы мемлекеттің егемендігіндегі су кеңістігін қамтитын ұлттық аймақтың еніне қатысты қағидаттық сипаттағы уағдаластыққа қол жеткізді.

Бакудегі кездесу шеңберінде Каспий теңізінде бекіре балық түрлерін аулауға мораторий енгізу тетігін әзірлеу бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді (мемлекет басшылары деңгейінде тиісті Хаттамалық шешім қабылданды).

Төртінші Каспий саммиті барысында Президенттер теңіз жағалауындағы мемлекеттердің қызметі жүзеге асырылуы тиіс қағидаттардың кең тізбесін бекітетін бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Бұл қағидаттар Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы конвенция жобасының құрамына енгізілген.

Сондай-ақ, Төртінші Каспий саммиті аясында Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану туралы келісімге, Каспий теңізіндегі төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге және Каспий теңізінің гидрометеорологиясы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Жоғарыда аталған құжаттардан басқа, бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Каспий теңізіне қатысты мынадай халықаралық шарттарға:

- Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелеу туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімге және оған жасалған төрт хаттамаға;

- Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізінің түбін бөлу туралы 2001 жылғы 29 қарашадағы келісімге;

- 2003 жылғы 14 мамырдағы Қазақстан Республикасы, Әзербайжан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің шетес учаскелерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісімге;

- 2003 жылғы 4 қарашадағы Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау туралы негіздемелік конвенция және оған жасалған төрт хаттамаға;

- 2014 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізінің түбін Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасында бөлу туралы келісімге;

- Ақтау саммиті барысында Каспий маңы елдерінің үкіметтері арасындағы көлік саласындағы ынтымақтастық туралы, сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы, Каспий теңізіндегі оқиғалардың алдын алу туралы келісімдерге, сондай-ақ, терроризмге қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы, 2010 жылғы 18 қарашадағы Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге Шекара ведомстволарының өзара іс-қимылдары туралы хаттамаларға қол қойылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А., «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, IV том

2. Каспий экологиялық программасы, Информациялық бюллетень, 2001,№2.

**ӘОЖ 338.43**

## КАСПИЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН МӘРТЕБЕСІ

**Молдабаева Ә., студент**
**Ғылыми жетекші : Утебалиева Д. Б.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияның маңызы, құқықтары мен міндеттемелері мақалада қарастырылды.

**Түйінді сөздер:** Қара алтын, су транспорты, экономика тұрақтылығы.

«Каспий теңізі - біздің елдерді бөлетін емес, керісінше біріктіретін киелі мекен», -деді ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. 20 жылдан астам уақыт бойы сарапталып, сараланған тарихи құжатқа қол қойылды. Конвенция Каспий теңізі қойнауындағы қазба байлықты игеруге заңды негіз болмақ. Каспий төңірегіндегі экономикалық, экологиялық, көлік-логистика және теңіздегі қауіпсіздік мәселелері қатысты 6 бірдей құжат бекіді. Жалпы, қарт Каспийдің қойнауы қазба байлықтан кенде емес. «Қара алтынын» айтпағанда, қара маржан уылдырық пен бекіренің өзі - баға жетпес қазына. Теңіздің қайраңынан қаншама елдің табыс тауып отырғаны қазір

баршаға аян. Ақтауда бекітілетін құжатқа сай, әр елдің Каспий теңізі акваториндегі шекаралары шегенделді. Каспий теңізінің байлығын бөлісуге қатысты келіссөздер сонау 1994 жылдан бері жалғасып келді.

Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті: - Каспий теңізі адамзат тарихында орасан маңызға ие мекен. Бұл жерде дүниедегі табиғи қазба байлықтың көп мөлшері шоғырланған. Әрі Каспий теңізі геосаяси түйткілдердің түйіскен жерінде тұр. Өңір арқылы стратегиялық көлік жолдары өтеді. Каспий теңізі біздің елдер ғана емес, Еуропа мен Азияны жалғайтын көпір екені баршаға аян. Каспий бестігіне мүше мемлекеттерде 240 млн. халық тұрады. Аталған елдер қарыштап дамып келеді. Әр мемлекеттің өз мүддесі бар. Ширек ғасыр бұрын Каспий келіссөздері басталған кезде біздің елдер келіседі дегенге көп адам күмәнмен қарады. Ұзақ уақытқа созылған келіссөздердің нәтижесінде Ақтауда ортақ шешім қабылданды.

Әзірбайжан президенті Ильхам Алиев «5 мемлекет теңіздің экологиялық тазалығын сақтап, биоресурстарды дамытуды мықтап қолға алу қажет», - деді саммит барысында. Осы тұрғыда Әзірбайжан 2015 жылы теңіздегі қалдықтарды бақылайтын арнайы орталық салған. Ильхам Алиев осы орталықтың мүмкіндігін өзге де елдер пайдалана алатынын айтты. Сондай-ақ, ол Әзірбайжанның мүмкіндігін пайдаланып, өзге де елдермен сауда-саттықты арттыруға дайын екендерін жеткізді. Ильхам Алиев, Әзірбайжан Республикасының Президенті: - Әзірбайжанның теңізде 260-тай кемесі бар. Бізде теңіз қатынасында ешқандай ауытқу болмайды. Әзірбайжан Каспийдегі маңызды көлік-логистикалық орталығы саналады. Біздің мүмкіндігіміз Еуразия кеңістігіндегі елдерге тиімді. Сондай-ақ, жақында ашылған Баку-Тбилиси-Карс темір жолын да айта кеткен жөн. Биыл жүздеген вагон жөнелтіп үлгердік. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті еселей түсеміз. Каспий маңы елдеріне есігіміз айқара ашық. Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Рухани 5 жақты келісімде қауіпсіздік мәселесіне баса назар аударылғандығын алға тартты. Мәселен, аймақтағы мәселелерге өзге елдердің әскери құрылымдары араласа алмайды. «Бүгінде Каспий достық пен сыйластықтың, ынтымақтастық пен әріптестіктің ортасы ретінде қалыптасты. Осы үрдісті жалғастыру үшін біз бар мүмкіндікті пайдалануға тиіспіз», - деді ол. Хасан Рухани, Иран Ислам Республикасының Президенті: - Каспий теңізі 5 мемлекетке ғана тиесілі. Кез келген әскери базаның құрылысы, әскери кемелердің жүруі, су асты кемелерінің қозғалысы, әскери ұшақтардың теңіз үстімен ұшып өтуі, тіпті, өзге елдің жүгі тиелген кемелердің өтуіне тыйым салынады. Бұл қауіпсіздік сақталуының кепілі екендігі сөзсіз. Каспий маңындағы елдер теңіздің тағдырына немқұрайлы қарамайды. Бұған ширек ғасырға жуық жүргізіліп келе жатқан сан тақырыптағы келіссөздер дәлел. «Сол себепті мен үкімет мүшелеріне, сарапшыларға алғыс айтамын»,-деді саммитте сөз алған Владимир Путин. Сондай-ақ, Ресей мемлекетінің басшысы 6 профильді уағдаластыққа келейік деген ұсынысын білдірді. Бұл экономикалық, құқықтық, экологиялық сияқты мәселелерде ортақ шешім шығаруға шақыру болатын. Владимир Путин бес елдің кеме экипаждары арасында байланысты нығайту керек деді. Бұл теңіздің биоресурстарын қорғап, жағалау күзетін нықтауда өзара тәжірибе болмақ. Владимир Путин, РФ Президенті: - Каспий маңы елдерінің сарапшылары су транспортын дамытып, туризм жөніндегі мәселелерге үңілсе екен. Яғни, туристерге бүкіл теңізді шарлап шығуға мүмкіндік жасау керек. Сондай-ақ, жағажайларда да демалушылар үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Айдын-бұл қолда бар алтынымыз. Уақытында қадірін білсек, коммерциялық тұрғыдан қай-қайсымызға да пайдасы мол. Біз қазір Петер лагерін ұйымдастырып жатырмыз. Бұл судағы саяхатқа арналған жоба. Саммитте сөз алған Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов Каспий маңы елдері басшыларын жинаған Қазақ Президентіне алғысын айта келе өз ұсынысын жеткізді. 2019 жылы алғашқы Каспий экономикалық форумы өтпек. Сол жиынды

Түрікменстанда өткізуге ниетті екенін айтты. Гурбангулы Бердімұхамедов, Түрікменстан Президенті: - 2019 жылы өтетін Каспий экономикалық форумын Түрікменстанда өткізуді ұсынамын. 2010 жылғы өткен саммитте Каспий теңізінің қауіпсіздігі туралы келісімге қол қойған едік. Бүгін ол бойынша тағы 3 протоколға қол қойылды. Терроризммен күрес, ұйымдасқан қылмыспен күрес және шекарааралық қарым-қатынастың қауіпсіздігі. Бұл - бүкіл Каспий маңы аймағының қауіпсіздігін сақтауға сеп болмақ. Бұл орайда әскери қызметтің жұмысын жетілдіруді қажет етеді. Каспий теңізі - бейбітшіліктің символы болуы керек. Ширек ғасырға жуық талқыға түскен теңіздің тағдыры енді 5 мемлекетке тиесілі болды. Нақты шекаралар белгіленіп, аймаққа қатысты әр мәселе заңды келісімге сай шешілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Маңғыстау» газеті. 2018 жыл., № 9.
2. Каспий экологиялық программасы. Информациялық бюллетень, 2001, №2.

**ӘОЖ 94-504.75(574.1)**

## КАСПИЙ АЙМАҒЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯСЫ, ӨНЕРКӘСІБІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ БЕКІТІЛУІ

**Калменова Б. Т.**
«Астана Медицинауниверситеті» КЕАҚ

**Аңдатпа.** Мақалада Каспий теңізінің экологиясы мен Маңғыстау облысы аймағындағы өнеркәсіптер мен оның қоршаған ортаға зияны, теңіздің құқықтық мәртебесінің бекітілуі туралы айтылады.

**Түйінді сөздер:** Каспий экологиясы, Маңғыстау облысы, теңіз түбі, Каспий саммиті, құқықтық мәртебе.

Каспий теңізі бұл әлемдегі шаруашылыққа маңызы зор ең ірі тұйық су алабы. Ол жыл бойына Каспий теңізінің деңгейі желқума-желбөгет құбылыстарының нәтижесінде 0,5 – 1 м-ге дейін ауытқып отырады.Ал, 1837 – 1990 жылы жүргізілген бақылау жұмыстарының нәтижесінде Каспийнің су деңгейі мөлшерінің айтарлықтай өзгеруі 1930 және 1980 – 90 жылы аралығына сәйкес келетіні анықталған.

Сондай – ақ, 1929 – 41 жылы су деңгейі 2 м-ге төмендесе, 1977 жылы бұл көрсеткіш ең төменгі абсолюттік мөлшеріне (–29,01 м) жетті. 1978 – 95 жылысу деңгейі 2,35 м-ге қайта көтеріліп, 1995 жылы бұл көрсеткіш –26,66 м болды. Ал су деңгейінің тұрақсыздығы – климаттың өзгеруінен теңіз суының молаюына байланысты болып отырған құбылыс. Бұл судың тұздылығы 0 – 12‰.Сол Каспий теңізі морфологиялық жағдайына байланысты Солтүстік Каспий, Орталық Каспий және Оңтүстік Каспий болып бөлінеді.

Солтүстік Каспий теңіздің басқа бөліктерінен өзінің алып жатқан географиялық орны, теңіз түбінің құрылымы, тұздылық және температуралық режимі, су теңгермесі (балансы) және тағы басқа бойынша ерекшеленеді. Оңтүстік және Орталық Каспийге қарағанда таяз. Солтүстік Каспий бөлігінің аумағы 80 мың км². Оған келіп құятын өзендердің жылдық су ағымының жиынтығы – жалпы Каспийге құятын барлық өзен сулары ағымының 88%-ін құрайды. Ал теңіздің бұл бөлігі жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлеміне бай. Бұнда жануарлардың 2 мыңға жуық түрі (оның ішінде омыртқасыздар – 1069, омыртқалылар – 415, паразит жануарлар – 325) тіршілік етеді.

Теңіз фаунасының негізін эндемик жануарлар (шаян тәрізділердің 60%-і, моллюскілердің 80%-і, балықтардың 50%-і) құрайды. Каспийдің балық қоры 2,9 млн. т болса, оның 40%-і Солтүстігі Каспий бөлігінің үлесіне тиеді.

Ал Каспий теңізі – ежелден балық ауланатын маңызды су айдыны. Бекіре тәрізділердің дүние жүзілік өнімнің 90%-і осында ауланады.

Қазіргі кезде балықтардың уылдырық шашатын жерлеріне жетуге кедергі келтіретін өзендерге салынған бөгеттер, судың радиациялық және химиялық жолмен ластануы және қаскөйліктің (браконьерлік) етек алуы бекіренің қорын жоғалтуға аз қалды.

Каспий миногасы, Еділ майшабағы, Каспий албырты, ақбалық, күтім – Қазақстанның "Қызылкітабына" енгізілген. Ал қазіргі заманның балық шаруашылығы – балық аулауды реттеу, аса бағалы балық түрлерін (бекіре, қортпа, шоқыр және пілмай) табиғи және жасанды жолмен көбейту жұмыстарына негізделген.

Ал жыл сайын 11 балық зауыты (Ресейдің, Әзірбайжанның, Қазақстанның) Каспий теңізіне 75 млн. балық шабақтарын жібереді. Бұл 1998 жылдан бері Атыраудағы 2 балық зауыты жылына 6 млн. бекіре балығының шабағын дайындайды. Балықтар уылдырығын тұщы суға шашады, қор жинау үшін тұзды суға шығады. Мысалы, шортан, оңғақ, қызылқанат балық, алабұға теңіздің атырауына (дельта) дейін өрістесе, қаракөз, табан, көксерке тұзды суда (тұзд. 10 – 11‰), ал бекіре тәрізділер судың өте тұзды жерінде тіршілік етуге бейімделген.

Каспий түбегінде 2 тропиктік жүйе қалыптасқан. Солтүстік Шығыс Каспий аумағында құстардың 278 түрі мекендейді. Соның ішінде Қазақстанның және Ресейдің "Қызыл кітабына" енгізілген өте сирек кездесетін қалбағай, қарабай, сары құтан, бұйра бірқазан, тағы басқа бар. Бұл Каспий итбалығы – тек қана Каспий тенізінде тіршілік ететін сүтқоректі. 1920 жылы1 млн-нан астам итбалықтың 120 мыңы ауланған болса, 1980 жылдың аяғында 360 – 450 мыңға дейін азайған итбалықтың – 27 мыңы, 1990 жылы– 13,8 мыңы, 1996 жылы– 8 мыңы ауланған. 2000 жылы сәуір – тамыз айларында індеттен олардың 15 мыңы қырылды.

Каспий итбалығының жаппай қырылуы – Каспийдің солтүстік бөлігіндегі гидрометеорология және экология жағдайлардың нашарлауынан теңіз жануарлары иммунитетінің төмендеуін көрсетеді.

Каспий ойпатында өсімдіктің 88 тұқымдас, 371 туысқа бірігетін 945 түрі өседі. Соныңішінде 357 түріжоғарысатыдағыөсімдіктерге жатады, 6 түрі – Қазақстанның "Қызылкітабына" енгізілген. Ал теңіздіңөзінде су өсімдіктерінің 728 түрі өседі. Құрлықта, негізінен, гүлді өсімдіктер, ал суда балдырлар (64 түрі) кездеседі.

Атмосфераның ластануына мұнай-газ өндіретін және оны қайта өңдейтін кәсіпорындар әсер етуде. 1998 жылы Атырау облысы бойынша атмосфераға 135,1 мың т зиянды заттар (оның ішінде 132,8 мың т газ тәрізді заттар, 2,3 мың т қатты заттар) шығарылған. Бұл улы заттарды атмосфераға, негізінен, ескі технологиялық жабдықтармен жабдықталған 3,5 мың мұнай ұңғымасы шығарады. Сол мұнай кәсіпшілігінің ең басты экол. проблемасы – ілеспе газды іске жарату.

Қазір жылына 800 млн. 3 газ ауада жанады (2001). Мұнай кен орындарында мұнай өнімдерін өңдеу кезінде мұнай мен қалдық сулардың топырақ пен грунтқа төгілуі оларды ластайды.Ал Солтүстік Каспий жағалауының мұнай өнімдері қалдықтарымен ластанған аумағы 194 мың га жерді алып жатса, төгілген мұнайдың мөлшері 1 млн. тоннадан асады (2001). Теңіз деңгейінің көтерілуіне және мұнайдың теңізге төгілуіне байланысты теңіз суының құрамында мұнай өнімдерінің қалдықтары, фенол, хлорлы органика пестицидтер, аммонийлы азот, ауыр металдардың мөлшері рұқсат етілген шектен бірнеше есе жоғары екені анықталған. Бұл судағы мұнай өнімдерінің ең жоғасыр концентрациясы мамыр – шілде айларында байқалады.

Теңіз жағалауының мұнай және мұнай өнімдерімен, улы газдармен ластануы планктондар мен теңіз суында тіршілік ететін жануарлар мен өсімдіктердің жаппай жойылуына әкелуде. Теңіз түбіндегі шөгінділердің мұнай өнімдерімен ластануы бентостық тіршілік ететін организмдер мен моллюскілерге, сондай-ақ, су құстары мен балықтарға да зиянын тигізуде. Мысалы, 1900 жылмен салыстырғанда Каспийде балық аулау 3 есеге, яғни 500 – 600 мың тоннадан 180 мың тоннаға дейін азайды. Теңіз суын ең қауіпті ластаушы заттың бірі – ыдырамайтын ауыр металдар (мырыш, барий). Судағы мыс пен мырыштың мөлш. 20 мкг/л (рұқсат етілген шектен 2 есе артық), ал барийдікі – 50 мкг/л (бұл – 5 есе артық).

Каспий жағалауы аймағының ластануы онда тіршілік ететін организмдерге ғана емес, жергілікті тұрғындардың денсаулығына да үлкен қауіп төндіруде. Сондықтан, Каспий теңізі жағалауындағы 5 мемлекет Дүниежүзілік банкпен, БҰҰ-ның Адамды қоршаған орта жөніндегі бағдарламасымен бірлесе отырып, Каспий экологиялық бағдарламасын (КЭП) жасап, оны іске асыруда. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – экология тұрақтылықты дамыту және Каспий аймағының табиғи ресурстарын тиімді басқаруды қамтамасыз ету. КЭП-тің негізгі бағыттары: теңіз деңгейінің өзгерісі жағдайында жергілікті тұрғындардың тұрмысы мен шаруашылық жұмыстарының тұрақтылығын қамтамасыз ету; Каспий теңізі мен оның биоресурстарын ластанудан арылтып, қоршаған орта жағдайын жақсарту; теңіздің экожүйесін сауықтырып, қалпына келтіру және оның биологиялық алуан түрлілігін сақтау; аймақта экологиялық қауіпсіздікті және қоршаған ортаның қалыпты жағдайын сақтап, ондағы тұрақты тіршіліктің дамуын қамтамасыз ету.

Облыс аумағында Цыганов, Ульянов, Гремячинск, Батыс Теплов, Теплов, Қарашығанақ сынды бірқатар газ конденсаттары мен мұнай кендері анықталған. Олардың ішіндегі ең ірілері : Батыс Теплов және Қарашығанақ болып табылады. Сонымен бірге Чернозатон, Түксай, Новосеменов жанғыш тақтатастар кендері табылды. Тас тұзы, калий және бор қабатындағы тұздар, гипс, әк жыныстары, бор және басқа қазба байлықтар ашылды. Құрылысқа жарамды минералды шикізаттардан облыста кірпіш және цемент өндірісі шикізаты, керамзит, әк, құрылыстық құм, құм – қиыршық қоспалары, құрылыс тастары, оларды алмастыратын басқа түзілімдер бар. Керамзитті шикізаттың Погодаев және Түксай кендері барланған. Ақтау («Белая Горка») кенінің құмы силикатты кірпіш дайындау үшін пайдаланылады. Әк өндіруге жарамды бор облыстың солт. және оңт. бөліктеріндегі аудандарда таралған : пайдалы қазбалардың өндірістік балансына Ақтау («Белая Горка») және Бөрлі кендері енгізілген ; бұлардың жиынтық қоры 16081 мың метр куб.

Жылдық қуаты 1300 мың т. цемент зауытын шикізатпен толық қамтамасыз ететін қоры 1106482 мың метр куб Ақсуат кені барланды. Гидравликалық қосымша ретінде қоры 21619 мың метр куб болатын кремний сазы бар Шипов кенінің пайдаланылуы мүмкін. Қыш шикізаты Федровкасының жанынан ашылды, қоры 2042 мың метр куб.

Ақтауда өткен жоғарғы деңгейдегі кездесуге дейін Каспий маңы мемлекеттері басшыларының төрт саммиті (2002 жылы 23-24 сәуірде Ашхабадта, 2007 жылы 16 қазанда Тегеранда, 2010 жылы 18 қарашада Бакуде және 2014 жылы 29 қыркүйекте Астраханда) өтті.

2002 жылғы Ашхабадта өткен бірінші Каспий саммиті жоғары деңгейдегі кездесулер өткізудің негізін қалады.

Екінші Каспий саммитінің қорытындысы бойынша саяси деңгейде Каспийдің құқықтық мәртебесі, теңіздегі қауіпсіздік пен тұрақтылықтың негізгі мәселелері, сондай-ақ Каспий маңы мемлекеттерінің халықаралық қатынастарының жекелеген аспектілері бойынша ұстанымына байланысты мемлекеттердің қолдағы бар

уағдаластықтарын бекітетін Әзірбайжан Республикасының, Иран Ислам Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Түркіменстанның Декларациясына қол қойылды.

Үшінші Каспий саммиті шеңберінде Президенттердің Бірлескен мәлімдемесі мен Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралыкелісімге қол қойылды.Бірлескен мәлімдемеде «Каспий бестігінің» көшбасшылары Екінші саммит декларациясында көрсетілген ұстанымдарға бейілділігін растады және Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенциямен жұмысты аяқтау қажеттігін атап өтті.

Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісім негіздемелік құжат бола отырып, ынтымақтастықтың негізі салалары мен нысандарын бекітіп, жағалау мемлекеттерінің Каспийдегі қауіпсіздігін қамтамасызетуде жәнез аңға қайшы келетін қызметтермен күресте өзара іс-қимыл үшін құқықтық негіз жасап берді. Тараптардың ортақ түсінігі бойынша мұндай өзара іс-қимылдардың нақты тетіктері аталған Келісімге тиісті хаттамаларда бекітіледі.

Одан Әзірбайжан астанасында жағалау мемлекеттерінің басшылары жағалау маңындағы мемлекеттің егемендігіндегі су кеңістігін қамтитын ұлттық аймақтың еніне қатысты қағидаттық сипаттағы уағдаластыққа қол жеткізді.

Бакудегі кездесу шеңберінде Каспий теңізінде бекіре балық түрлерін аулауға мораторий енгізу тетігін әзірлеу бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді.

Төртінші Каспий саммиті барысында Президенттер теңіз жағалауындағы мемлекеттердің қызметі жүзеге асырылуы тиіс қағидаттардың кең тізбесін бекітетін бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Бұл қағидаттар Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы конвенция жобасының құрамына енгізілген.

Сонымен Төртінші Каспий саммиті аясында Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану туралы келісімге, Каспий теңізіндегі төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге және Каспий теңізінің гидрометеорологиясы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. http://rusnauka.com/1_NIO_2014/ECONOMICS/6_154028.doc.htm
2. http://mangystautv.kz

**ӘОЖ 349.6**

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Нышанбаева Б. А. студент**
**Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к. доцент Ауешова Б.Т.**
Ш.Есенов атындағы КМТжИ Университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі таңда Каспий теңізінің экологиялық мәселелері қарастырылған. Автор теңіздің экологиясына әсер ететін факторларды талқылаған.

**Түйінді сөздер:** экология, су қоры, инфақұрылым, теңіз ресурстары.

Қазіргі кезеңде әлемдік деңгейде табиғи ресурстарды қорғау жәнетабиғатты пайдалану процесін құқықтық реттеу мәселесіне біршама қызығушылықтуындап отыр. Нарық жағдайындағы шаруашылық қызметтің ауқымы, өнеркәсіп пенаграрлық сектордағы қолданылып жүрген қазіргі заманғы технологиялықпроцестердің өзіне тән

ерекшеліктері қоршаған ортаны қорғау саласында арнайы шараларды қабылдауды қажет етеді. Соңғы жылдары өмірдің маңыздысалаларына қатысты қабылданған нормативтік актілер өз кезінде құқықтық жәнезаңдылық негізде жеткіліксіз зерттелініп, реттелуден тысқары қалып келді.

Соның әсерінен соңғы жылдары таңғажайып табиғи нысан Каспий теңізі төңірегіндетуындап отырған проблемалардың ең бастысы – бұл экологиялық ахуалдықалыпты жағдайда сақтау болып табылады.Еуразияның түйіскен екі бөлігінде Еуропа мен Азияның ортасындаКаспий теңізі орналасқан. Каспий теңізі – таңғажайып су қоры, оның биологиялық байлығы менресурстары жөнінде оған әлемде ешқандай теңіз тең келмейді. Каспий теңізідүниежүзіндегі ең ежелгі мұнай өндіруші орын. [1]

Сонымен бірінші кезектегі проблемалар пайда болды: Каспийтеңізінің мәртебесі, энегрияны тасымалдау маршруттары, аймақтың мұнай-газресурстарының инсвестициялық жобасы және экологиялық проблемасы.Бұл аймақ қандай аймақ? Каспий теңізі аймағы бес мемлекеттіңмүддесін білдіреді. Бұл Әзербайжан, Ресей, Қазақстан, Иран жәнеТүркменстан. Бұларды Каспий теңізі бассейні мемлекеттері деген терминдесоңғы онжылдықта дипломатия тәжірбиесінде қолданылып жүр. Каспий теңізінің көп функциялық жағдайындағы басты экологиялық проблемаларына тоқталып өтсек. Каспий теңізінің көліктік тасымалдау функциясы: әр түрліпорттарды байланыстыратын көліктік инфрақұрлым жолдары Баку, Ланкеран, Махачкала, Астрахань, Гурьев, Түркіменбасы, Ноушахр, Энзели және Астара. Каспий арқылы Ресей бірнеше, яғни Азов, Қара және Балтық теңіздеріне шығу мүмкіндігін пайдаланады. Қазіргі уақытта теңіздің асты арқылы құбырлардың көмегімен мұнай тасымалдау қарастырылған. Бірақ, бұл әдіс орасан зор экологиялық қауіптің көзі екендігі белгілі.Каспий теңізінің екінші бір функциясы адамға қажетті ресурстарменқамтамасыз етуі болып табылады. Мысалы, балықтар, әртүрлі құстар. Негізінен қарастыратын болсақ теңіздің экологиясына әсер ететін факторлар: табиғи, техногендік, биологиялық, браконьерлік.

Каспий теңізінің экологиясын бұзатын ең негізгі фактор – техногендік фактор, яғни адам әрекетінің әсері. Атап айтқанда, ресейлік табиғат жанашырлары Каспий теңізінің шектен тыс ластануына теңіздегі мұнай операциялары кінәлі деп санайды. Ал өзіміздің мамандарымызға келетін болсақ, олар ресейліктермен пікірлес. Олардың уәжі Каспийге зиян мұнайдан гөрі қалдық сулардан көбірек келеді дегенге саяды. Осы орайда, Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіне қатысты айтарымыз, шындығында, теңізге құйылатын улы заттардың 80 пайызы Жайық пен Еділ өзені арқылы келеді.

Дәлірек айтқанда, қос өзен бойындағы өнеркәсіп кешендерінен шыққан улы қалдық теңіздің экологиясын нашарлатып жатыр. Мұнай өндіруге байланысты теңізде кемелер көбейіп келеді. «Бұл алып кемелер жүзіп өткенде теңіздің астындағыөсімдік дүниесін жойып жібереді». Бір өкініштісі, бұл кемелер биоресурс көп шоғырланған теңіздің солтүстік аймағында жиі жүзеді. [2]

«XX ғасырдың екінші жартысында ғалымдар және ірі компаниялар Каспий теңізіне түрлі тәжірибе жасауды жиілетті. Каспийде тіршілік етпейтін өзге мұхиттардағы жануарларды осы теңізге әкеліп, тәжірибе жүргізілетін. Сонымен қатар кемеқатынасы арта бастады. Каспийдің айдынында жүзіп жүрген алып кемелер басқатеңізге, мұхиттарға мұнай апарып, оның орнына мұхиттың суын құйып алатын. Каспий теңізінің тіршілік ортасында үстемдік етушілер арқасында бекітіліген ортақ құқықтық режим болмай, экологиялық халықаралық ережелер мен заңдарды қатаң сақтау туралы мәселені мемлекеттерге жүктеу мүмкін емес. Каспий теңізінің қоршаған ортасына төнген қауіптің әр түрлі факторлары жазылмас дертке айналуы мүмкін. Теңіз ресурстарын пайдаланушы кез келген мемлекет оның орнын толтыру үшін сонша мөлшерде шығын шығаратын жағдайға жетеді.

Жылсайын Каспий теңізініңэкологиялық мәселесін шешу және биоалуан түрлілігін сақтау мақсатында Каспий маңы мемлекеттері көптеген шаралар ұйымдастырып тұрады. Әрине, бұл жеткіліксіз. Алайда мемлекеттер арасында экологиялық мониторинг жүргізу бойынша кешенді бағдарлама бекітілген жоқ.

Каспий теңізінің биоресурстарын сақтап қалу - Қазақстанның ғана емес,теңіз жағалауындағы басқа елдердің міндеті, яғни бірлескен экологиялық бағдарлама жасау және орындау - қазіргі кездің ерекше міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Стамқұлұлы.Ә “ҚР Экология құқығы” Алматы Жетіжарғы 1995. 287б.
2. Каспий теңізініңқауіпсіздігі // www.inform. kz

**ӘОЖ 004.438**

## SCRATCH БАҒДАРЛАМАЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕ СҰХБАТТАСУ ДИАЛОГІН ҚҰРУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Шуакбаева Р.С.**
Ш.Есенов атындағы КМТжИ Университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. Сондықтан Scratch бағдарламалау жүйесінде бағдарлама құру ең маңызды мәселелердің бірі.

**Түйінді сөздер:** бағдарлама, Scratch бағдарламасы, диалог, скрипт, сахна

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген.

Жаңартылған білім беру мазмұнының стандарты жиынтығы функционалды сауаттылықты қамтамасыз ететін дағдылардың кең спектірін дамыту бойынша үздік халықаралық тәжірибеге бағытталатын болады. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады.

Scratch (Скретч) – бастауыш сынып пен орта буын оқушыларына арналған визуалды нысанға бағытталған бағдарламалау ортасы. Scratch бағдарламалау ортасы Лого тілінің және Лого конструкциясының жалғасы ретінде жасалған. Scratch бағдарламалар графикалық блоктардан тұрады[1].

Бұл бағдарламалау ортасы өте қызық әрі қызық жобалар жасауға, алгоритм командаларын тиімді пайдалануға, алгоритм құруға мүмкіндік береді.

Scratch – анимациялық ертегілер, ойындар мен модельдерді құрастыруға арналған жаңа бағдарламалау ортасы. Қазіргі таңда бағдарламалау ортасы әртүрлі жас аралағындағы қолданушалар үшін қолжетімді әрі қызықты. Бағдарламалау ортасы барлық деңгейде кез келген оқу пәндерінде (информатика, математика, тілдер және т.б.) ұтымды пайдаланылады.

Scratch бағдарламалау ортасы іске қосылғанда мысықтың суреті көрінеді. Бұл ортаның кейіпкері спрайт. Суреттер жинағындағы басқа да кейіпкерлерді енгізуімізге

болады. Бағдарламалау ортасында өз кейіпкерімізді қозғалысқа енгізіп, сурет салып, түрлі дыбыстармен жұмыс жасап, мультимедианың барлық мүмкіндіктерін қолдана аламыз.

Scratch ортасында күрделі бағдарламалар мен ойындарды жазуға жетерлік өзінің арнайы командалар блогы мен функциялары бар.

Бағдарламаның терезесін 3 бөлікке бөлуге болады [2]:

-негізгі жұмыс алаңы(сахна);

-скриптілерді таңдау блогы;

-скриптілер облысы.

Блоктар 10 түрлі түсті топтамаларға бөлінген. Блоктар топтамасын суретші палитрасындағы бояу текшелерге ұқсас болғандықтан блоктар палитрасы деп атайды. Алайда бағдарламалаушының суретшіден ерекшелігі –анимацияланған нысандардан құрастыруында. Блоктар палитрасындағы блок командаларының көмегімен скриптілер дайындалады. Жаңа бағдарламаны құру барысында блоктар палитрасы қолданылады [3].

Сурет, графика арқылы берілген кез келген ақпарат жеңіл, оңай игеріледі. Сондықтан Scratch бағдарламасында жұмыс істегенде кез келген бейнені графикалық мүмкіндіктерді қолдану арқылы алуан түрлі етіп көрсетуге мүмкіндік болады.

Scratch – нақты әлемнің компьютерлік моделі. Ол көптеген нысандардың жиынтығынан тұрады. Бағдарламалау ортасында нысандарды спрайт деп, кеңістігін сахна, олардың іс-әрекетін скрипт деп атайды.

Бағдарламада кез келген жоба жасау барысында әр кейіпкердің өзіндік рөлін сомдау кезінде диалогтың орны ерекше. Ертегілер мен мультфильмдер, қойылымдар құру кезінде диалогті көптеп пайдалануға тура келеді.Диалог скриптерін қолдану арқылы кез келген кейіпкерлердің әңгімелерін құра аламыз. Әңгіме-көрсетілімнің нәтижесінде оқиғаның қызықты бағыт алатыны белгілі.

Мысалы, тапсырма ретінде Айнұр мен Аянның сұхбаттасу диалогын құруды тапсырайық. Ол үшін оқушылар:

- Scratch бағдарламасын іске қосып, қазақтың ұлттық кимін киген екі кейіпкердің 7 суретін Интернеттен жүктеу керек;

1. Екі кейіпкерді қатыстырып, «Наурыз мейрамы» тақырыбында шағын диалог .құру керек.

- Айнұр мен Аян үшін төмендегідей диалог құрайық:
- Сәлем, Айнұр!
- Сәлем, Аян!
- Көйлегің қандай әдемі!
- Рақмет, сенің киімің де өзіңе жақсы жарасып тұр.
- Наурыз құтты болсын!
- Ұлыс оң болсын, қайда барсаң жол болсын!

Тапсырманың орындалуы:

- Айнұр мен Аян үшін кез келген екі кейіпкерді таңдап аламыз (Сурет 1).Ол үшін: Ол үшін Костюмы бөлім шертеміз. Жөндеу батырмасын басып, импортты басу арқылы өзімізге қажетті кейіпкерлерімізді таңдаймыз.



Сурет 1 - Айнұр мен Аян кейіпкеріміз

1 Scratch бағдарламалау ортасында диалог құру үшін екі кейіпкерге жеке-жеке скрипт дайындаймыз. Аян үшін жасалған скриптілер (Сурет 2).
Ол үшін:
- оқиғалар блогынан: Жасыл жалаушаны, кейіпкерді басқан кезде жоба іске қосылатын командасын таңдау қажет;
- түр блогынан: Команда терезесінде көрсетілген фразаны айту скриптіне «Сәлем, Айнұр!» мәтінін енгіземіз;
- басқару блогынан: күту командасын таңдап кейіпкердің жауабын 4 секунд күтеміз;
- түр блогынан: Команда терезесінде көрсетілген «Көйлегің қандай әдемі!» фразаны енгіземіз;
- басқару блогынан: күту командасын таңдап Айнұр кейіпкеріміздің жауабын 6 секунд күтеміз;
- түр блогынан: Команда терезесінде көрсетілген «Наурыз құтты болсын!» фразасымен кейіпкеріміздің диалогын аяқтаймыз.




Сурет 2 - Аян кейіпкеріміздің скриптілері

1. Айнұр үшін жасалған скриптілер (Сурет 3).
Ол үшін:
- оқиғалар блогынан: Жасыл жалаушаны, кейіпкерді басқан кезде жоба іске қосылатын командасын таңдау қажет;

- басқару блогынан: күту командасын таңдап 2 секунд күтеміз;
- түр блогынан: Команда терезесінде көрсетілген фразаны айту скриптіне «Сәлем, Аян!» мәтінін енгіземіз;
- басқару блогынан: күту командасын таңдап Аян кейіпкеріміздің жауабын 4 секунд күтеміз;
- түр блогынан: Команда терезесінде көрсетілген «Рақмет, сенің киімің де өзіңе жақсы жарасып тұр» фразаны енгіземіз;
- басқару блогынан: күту командасын таңдап Аян кейіпкеріміздің жауабын 6 секунд күтеміз;
- түр блогынан: Команда терезесінде көрсетілген «Ұлыс оң болсын, қайда барсаң жол болсын!» фразасымен кейіпкеріміздің диалогын аяқтаймыз (Сурет 4).




Сурет3 - Айнұр кейіпкеріміздің скриптілері

Сурет4 - Айнұр мен Аян кейіпкерлеріміздің диалогы

Оқушыларға кейіпкерлерге қатысты анимация, дыбыс әсерлерін кірістіріп өз жобаларын жасауға тапсырма береміз.

5 сынып курсын аяқтауына байланысты оқушыларға өздерінің информатика пәні бойынша оқып-үйренген білімдерін пайдаланып, жоба жасау барысында өздерінің ізденіп, теориялық білімдерін тәжірибеде қолданып, компьютерлік бағдарламаларды пайдаланып, өздерінің шағын көрсетілімдерін, шығармашылық жұмыстарды жасауға тапсырмалар беріледі.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көпеева Г.А. Информатика. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық./ Көпеева Г.А., Ділманова Ү.М. Астана: 2017. -192 б.

2. Голиков Д.В. Scratch для юных программистов. Петербург, 2017. 192 с.
3. Мажед Маржи. Scratch для детей. Самоучитель по программированию. Петербург: Манн, Иванов и Фербер, 2016. - 288 с.

**УДК 339.924**

## ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ БЕЗОПАСНОСТИ В КАСПИЙСКОМ РЕГИОНЕ

**Медиханова А.Б.**
Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга
им. Ш.Есенова, г. Актау.

**Аннотация.** В статье рассмотрены основные политико-правовые, энергетические, экологические и военные аспекты безопасности в Каспийском регионе.
**Ключевые слова:** Каспийский регион, стратегическое значение, безопасность.

Распад СССР в 1991 г. и появление на евразийском континенте ряда новых суверенных государств - полноправных субъектов международного права - повлек за собой формирование новых геополитических регионов со своими проблемами и угрозами. Одним из таких регионов является Каспийское море или как его иногда называют «прикаспийский регион».

Исследованию этого региона всегда уделялось большое внимание в экспертном сообществе. Это обуславливалось богатством этого региона углеводородным сырьем и геостратегическим расположением, где пересекаются основные пути по оси Север-Юг и Восток-Запад. Большие запасы нефти стали объектом исключительного внимания мирового нефтяного бизнеса. Объем этих запасов позволил назвать Каспий вторым Персидским заливом. Наличие больших запасов углеводородного сырья на Каспии обусловили стремление США, стран Европейского Союза и Турции расширить свое политическое и экономическое влияние в этом регионе. Ресурсы Каспия могут быть также привлекательны и для быстрорастущего азиатского рынка, где основную роль играет Китай.

Каспийский регион в силу его геостратегического положения, политических, экономических, экологических, гуманитарных и иных факторов имеет важное стратегическое значение.

На протяжении последних десятилетий основными проблемами безопасности на Каспии, являются:

- определение международно-правового статуса и режима Каспийского моря;
- энергетическая безопасность, проблемы транспортировки каспийских энергоносителей на мировые рынки;
- экологическая безопасность, уникальная экосистема Каспийского моря, которая нуждается в серьезной охране;
- военная безопасность, проявление большого интереса со стороны некоторых стран Западной Европы и США к процессам, происходящим в регионе, в том числе попытки взять под контроль вопросы обеспечения военной безопасности.

Высшей точкой плодотворного сотрудничества прикаспийских государств стало принятие 12 августа 2018 г. в г. Актау исторической Конвенции о правовом статусе Каспийского моря. Данная Конвенция, основанная на принципе многосторонней выгоды, заложила прочный правовой фундамент для сотрудничества прибрежных стран по широкому спектру направлений и определила основополагающие

принципы деятельности каждого государства. Она устранила международно-правовую неопределенность и сняла многие барьеры на пути регионального сотрудничества.

Достигнут консенсус по разграничению акватории Каспия на зоны с различными режимами. Установлены территориальные воды шириной 15 морских миль, при этом их внешние границы обретают статус государственных. К территориальным водам примыкают 10-мильные рыболовные зоны, где каждое государство обладает исключительными правами на промысел. За пределами рыболовных зон сохраняется общее водное пространство. Каждое государство реализует суверенные права на недропользование в границах своего сектора дна.

Благодаря разграничению акватории Каспия на зоны с различными режимами более оперативно и эффективно будут решаться вопросы сотрудничества в сфере экономики, торговли, инвестиций, энергетики, транспорта и логистики, сельского хозяйства, экологии, туризма и т.д.

Этому будут способствовать такие следующие согласованные меры, как регулярные встречи компетентных ведомств прикаспийских стран; регулярное взаимодействие морских администраций прибрежных государств с целью эффективного и взаимовыгодного сотрудничества в области морского транспорта на Каспийском море; запланированное рассмотрение вопросов по оптимизации тарифной политики, улучшению транспортировки в прикаспийских странах и т.д.

Как считают эксперты, V саммит лидеров Прикаспийских государств (12 августа 2018 г., г.Актау) в значительной мере смягчил риски и угрозы безопасности Каспийского региона.

Во-первых, сегодня сложились политико-правовые условия для того, чтобы деятельность всех стран на Каспии строилась на основе уважения суверенитета, территориальной целостности, неприменения силы и невмешательства во внутренние дела друг друга. Каспий должен стать зоной мира, добрососедства, дружбы и сотрудничества, решать все возникающие вопросы мирными средствами.

Во-вторых, важно обеспечить стабильный баланс вооружений в Каспийском море, осуществлять военное строительство в пределах разумной достаточности с учетом интересов всех сторон, соблюдать заявленные меры доверия в сфере военной деятельности.

В-третьих, благодаря консенсусу о неприсутствии на Каспии вооруженных сил, не принадлежащих Сторонам, военно-политическая ситуация становится более стабильной. На укрепление региональной безопасности нацелено также межправительственное Соглашение о предотвращении инцидентов на Каспийском море.

В-четвертых, сегодня созданы благоприятные условия и правовые гарантии для свободы и безопасности мореплавания на Каспии. Всем прикаспийским странам гарантирован свободный доступ из Каспийского моря к другим морям и Мировому океану.

В-пятых, появилась возможность прокладки на Каспии новых магистральных трубопроводов при условии соблюдения экологических требований.Безусловно, эти позитивные факторы будут способствовать развитию международной торговли, модернизации транспортно-логистической инфраструктуры, экономической кооперации прикаспийских государств, а также интеграции Каспийского региона в глобальную экономику.

В-шестых, на фоне возвращения боевиков из Ирака и Сирии на территорию прикаспийских государств особую актуальность приобретают подписанные в Актау Протоколы о сотрудничестве в сфере борьбы с терроризмом и с организованной преступностью на Каспийском море, а также о сотрудничестве пограничных ведомств.

Не менее важен тот факт, что прикаспийские государства согласились в том, что все вопросы, которые могут возникнуть в будущем, должны решаться на основе принятой в Актау Конвенции. Не случайно Глава Казахстана Н.А.Назарбаев назвал этот документ «Конституцией» Каспия [1].

Энергетическая безопасность является важным фактором обеспечения региональной и глобальной безопасности в новых геополитических условиях. Взаимовыгодное энергетическое сотрудничество остается магистральнымпутем решения проблем экономического развития и обеспечения энергетической безопасности как отдельных стран и регионов, так и во всемирном измерении. И важную роль в этих процессах играет сотрудничество не только между глобальными игроками, такими как Китай, Соединенные Штаты, Евросоюз, Россия, Индия, Бразилия, но и между странами, входящими в те или иные региональные организации. К их числу следует отнести и страны Каспийского региона, обладающие значительными ресурсами углеводородного сырья и имеющие развитую энергетику.

По мнению исследователя А.М.Мастепанова, важной особенностью этого региона, с позиций обеспечения энергетической безопасности, является то, что и он в целом, и входящие в него страны являются энергодостаточными. Страны Каспия уже сейчас обеспечивают 20,5 % всего мирового экспорта нефти и более 27 % - природного газа. Оценки и прогнозы ведущих аналитических центров свидетельствуют, что углеводородные ресурсы в ближайшие десятилетия (по крайней мере, до 2035 – 2040 гг.) останутся основой мирового энергопотребления. Следовательно, необходимо развивать двусторонний и многосторонний формат сотрудничества прикаспийских стран, совместными усилиями всех пяти стран определить цели и методы координации в сфере обеспечения энергетической безопасности как на пространстве Евразии, так и в глобальном масштабе [2].

Что касается экологической безопасности, необходимо отметить,в Каспийском регионе до сих пор сохраняются высокие риски экологической катастрофы в ходе увеличения масштабов нефтегазовых разработок, в том числе в казахстанской части Каспия. Несмотря на то, что в 2003 году прикаспийскими государствами была подписана Рамочная конвенция по защите морской среды Каспийского моря, за последние 25 лет уже были инциденты, связанные с неожиданной гибелью тюленей, птиц и рыб Каспия. Прикаспийские государства предпринимают ряд конкретных шагов по обеспечению экологической безопасности, но этого, к сожалению, пока недостаточно. Ухудшение экологической ситуации не является следствием влияния только антропогенного фактора. Ряд факторов имеет природный характер. Это и тектоническая активность, и естественное снижение уровня моря. Но хозяйственная деятельность на пространстве Каспийского моря и впадающих в него реках вносит куда более значимую лепту.

На третьем Каспийском саммите в ноябре 2010 г. в Баку в совместном заявлении отмечалась важность защиты целостной экосистемы Каспийского моря и поддержки расширения сотрудничества в решении экологических проблем. В рамках Четвертого саммита были подписаны Соглашение о сохранении и рациональном использовании водных биологических ресурсов Каспийского моря, Соглашение о сотрудничестве в сфере предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций в Каспийском море и Соглашение о сотрудничестве в области гидрометеорологии Каспийского моря.На Пятом саммите было отмечено, что деятельность Сторон на Каспийском море будет осуществляться на основе принциповприменения согласованных норм и правил по воспроизводству и регулированию использования совместных водных биологических ресурсов;ответственности Стороны, допускающей загрязнение, за ущерб, причиненный экологической системе Каспийского моря;охраны

природной среды Каспийского моря, сохранения, восстановления и рационального использования его биологических ресурсов;содействия проведению научных исследований в области экологии, сохранения и использования биологических ресурсов Каспийского моря

Подписание Каспийской конвенции не только значительно укрепляет доверие между странами и безопасность в регионе, но и способствует росту экономической и инвестиционной кооперации, реализации совместных проектов, направленных на ускоренное развитие и полное раскрытие потенциала в самых передовых отраслях.важно создать единую систему управления прикаспийских стран по охране окружающей среды на Каспии[3].

По вопросу военной безопасности, надо отметить, все прикаспийские государства укрепляют свои военно-морские силы в этом регионе. Не секрет, что в последние годы США и их союзники по НАТО пытаются установить свое военное присутствие на Каспии. На Третьем саммите в Баку было принято Соглашение о сотрудничестве в сфере безопасности на Каспийском море. В соглашении отмечалось, что обеспечение безопасности на Каспийском море является прерогативой прикаспийских государств;Каспийское море является морем мира, дружбы и сотрудничества. Все вопросы на Каспийском море должны решаться прикаспийскими государствами исключительно мирными средствами и обеспечение равных условий безопасности для прикаспийских государств имеет особое значение.

На Пятом саммите в г.Актау вопросам военной безопасности было уделено большое внимание. В принятой Каспийской Конвенции указывалось, что деятельность прикаспийских государств в сфере военной безопасности должна основываться на таких принципах, как: обеспечение безопасности и стабильности в Каспийском регионе;обеспечение стабильного баланса вооружений Сторон на Каспийском море;соблюдение согласованных мер доверия в сфере военной деятельности в духе предсказуемости и транспарентности в соответствии с общими усилиями по упрочению региональной безопасности и стабильности, в том числе в соответствии с заключенными между всеми Сторонами международными договорами;неприсутствие на Каспийском море вооруженных сил, не принадлежащих Сторонам;непредоставление какой-либо Стороной своей территории другим государствам для совершения агрессии и других военных действий против любой из Сторон; обеспечение безопасности мореплавания.

Таким образом, интерес мировой политики к Каспийскому региону будет с каждым годом только увеличиваться, он по-прежнему останется центром столкновений геополитических стратегий региональных и внерегиональных держав. Поэтому необходимо сотрудничество всех прикаспийских государств в разном формате для того, чтобы на обширном пространстве Каспийского региона постепенно сформировалась благоприятная геополитическая и геоэкономическая среда, что соответствует долгосрочным национальным интересам всех прикаспийских, государств.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Вопросы геополитики и безопасности в Каспийском регионе. - http://casp-geo.ru/voprosy-geopolitiki-i-bezopasnosti-v-kaspijskom-regione/

2. Мастепанов А.М. Координация энергетической политики н политики стран Каспийского региона как фактор обеспечения энергетической безопасности.- http://www.energystrategy.ru/press-c/source/Mastepanov_DO_5_16.pdf Конвенция о

правовом статусе Каспийского моря. 12 августа 2018 года. - http://kremlin.ru/supplement/5328

**ӘОЖ 504.75**

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

**Молдамуратова Зульфия, студент,**
**Ғылыми жетекші: Қарашаев Д.Ә.**
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі, Каспий маңымемлекеттерінің өзара ынтымақтастық шеңберіндегі шаралары туралы айтылады.

**Түйінді сөздер:** Каспий теңізі, Конвенция, саммит,

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға 2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында өткен Бесінші Каспий саммиті барысында Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан Президенттері қол қойды. 2019 жылдың 8 ақпанында Нұрсұлтан Назарбаев Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялады. Мемлекет басшысы «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.Бұл конвенцияға қол қою арқылы Қазақстан үшін бірқатар мүмкіндіктер ашылып отыр.Қазақстан ашық теңізге шыға алмайтын құрлықтық елден теңіз державасына айналып келеді. Құжаттың арқасында барлық Каспий маңы елдерінің ресурстық-көліктік әлеуеті ашылады. Оның ішінде Қазақстан үшін көмірсутектерді, жеке өнімдер мен транзиттік тауарларды еуропалық және азиялық нарықтарға тасымалдау мүмкіндігі кеңейіп келеді. Сонымен қатар Каспий өңірінен тауарларды тікелей Еуропаға шығаруға жағдайлар жасалуда. Бұл өз кезегінде бірінші кезекте трансқұрлықтық тасымалдарды оңтайландыруды әрі теңіз порттарын жаңғыртуды ынталандырады.Сонымен бірге, Конвенцияға қол қою нәтижесінде - Каспий түбімен құбыр тарту бойынша жобаларды қайта қолға алуға жол ашылады. Ең бастысы, Каспий маңы елдерінің бір келісімге келуі оқиғасы мемлекетаралық кооперацияның жаңа деңгейін көрсетіп отыр.Конвенцияға сәйкес Каспий теңізінің теңіз акваториясы түрлі режимдермен аймақтарға бөлінеді. Тараптар ені 15 теңіз милінен аспайтын аумақтық суларды белгілейді, бұл ретте олардың сыртқы шекаралары мемлекеттік мәртебеге ие болады. Аумақтық сулар әрбір мемлекеттің өзінің айрықша құқықтарына ие он мильдік балық аулау аймақтарымен жанасады. [1]

Балық аулау аймақтарынан тыс ортақ су кеңістігі сақталатын болады. Теңіз мемлекеттік шекараларынан тыс жағалау елдерінің тулары астындағы кемелер үшін теңізде жүзу еркіндігі қолданылады. Басқа теңіздерге және Әлемдік мұхитқа көліктің барлық түрлерінің транзит еркіндігі туралы уағдаластықтың маңызы өте зор. Жер қойнауын пайдалануға және басқа да заңды шаруашылық-экономикалық қызметіне олардың егемендік құқықтарын іске асыру мақсатында Каспий теңізінің түбі мен қойнауын секторларға бөлу халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын ескере отырып, шектес және қарсы жатқан мемлекеттердің уағдаластықтары бойынша жүзеге асырылады. [2]

Еске сала кетсек, алғашқы Каспий саммиті 2002 жылы Ашхабадта, екіншісі - 2007 жылы Тегеранда, үшіншісі - 2010 жылы Бакуде, төртіншісі - 2014 жылы Астрахань қаласында өткен болатын. Каспий теңізін бөлу мәселесі 1992 жылдан бері

талқылануда. Бұған дейін теңіздің 13%-ы Иранға, қалғаны Кеңес Одағына тиесілі болатын. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Түркіменстан және Иран мемлекеттері алдында Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау мәселесі маңызды болды. Каспий теңізі әлем бойынша ең ірі мұнай және газ кен орындарымен, сондай-ақ шамамен екі мың теңіз жануарлары және 700-ден астам өсімдік түрлері бар экожүйесімен мақтана алады. Сондықтан да, Каспий маңы мемлекеттерінің басшылары аймақтағы биоресурстарды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, мұнай мен газ кен орындарын игеру, жүк тасымалдауды реттеу және жүк тасымалдау мәселелерін шешу туралы келісімге қол қоюы өте маңызды болып саналады.Сондай-ақ, саммитте бес елдің ведомстволарының басшылары Каспийде оқыс оқиғаларды болдырмау туралы үкіметаралық келісімге, Каспий теңізіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы хаттамаларға, терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа және шекара ведомстволарының өзара іс-қимылдарына қатысты бірқатар үкіметаралық келісімдерге қол қойды [3].

Қазақстан үшін аса маңызды мәселелердің бірі, бұл Каспийдегі браконьерлікпен күрес болып табылады. Өйткені, Каспий теңізінің биоресурстарының ең көп жинақталған бөлігі Қазақстанға тиесілі солтүстік аймағында орналасқаны белгілі. Қызыл балық түрлерінің әлемдік қоры сақталған бірден-бір жалғыз су көзі – Каспий аймағы. Осы ретте, Каспий теңізінің биоресурстарының Қазақстанға тиесілі болып қалуы стратегиялық тұрғыдан өте маңызды. Осының нәтижесінде, Каспий теңізіндегі барлық жұмыстар экологиялық саясат тұрғысынан шешілуі тиіс болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Салимгерей А.А. Правовой статус Каспийского моря (проблемы теории и практики). – Алматы: КазГЮУ, – 208 с.
2. http://www.history-state.kz
3. https://reactor.inform.kz/kz

**ӘОЖ 504.062.2 (045)**

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІ АЙМАҒЫНЫҢ ГЕОСАЯСИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Серикбаева А. К., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**

**Аңдатпа.** Мақалада Каспий теңізінің шекаралас елдермен геосаяси және геоэкономикалық жағдайлары туралы қарастырылған. Каспий теңізіндегі мұнайды игеру барысында туындайтын мәселелер туралы кеңінен мәліметтер келтірілген. Бүгінгі таңда әлемнің геоэкономикалық экологиялық және биошаруашылық мүдделерін тоғыстырып отырған Каспий өз алдына әлдебір қауымдастықты түзілдіру мүмкіндігі екендігі туралы қарастырған.

**Түйінді сөздер:** Каспий теңізі, геосаяси, сыртқа, байланыс, ортақ

*«Біз бейбітшілікті сүйген елміз,сондықтан Каспий теңізі аймағын бейбіт аймаққа айналдыруға мүдделіміз»*
Н.Ә.Назарбаев

Каспий – парсы, түркі, орыс, араб, Қап тауы аймақтарының тоғысқан әрі мол мұнай-газ қоры табылған, әлем елдері көз тіккен стратегиялық маңызды аймақ. XX

ғасырда өмір сүрген Әлемнің ірі державасы болып табылатын КСРО ыдыраганнан соң қалыптасқан геосаяси және геоэкономикалық жағдайлардың нәтижесінде қазіргі кезде жаңа конфигурация деген атаққа ие болған жаңа аймақтық құрылымдар түзілді. Мұндай аймақтық қауымдастықтардың негізін ең алдымен географиялық факторлар құрайтыны белгілі:

1. Елдердің климаттық жағдайлары мен биоресурстары ортақ белгілі бір географиялық ендікте орналасуы;

2. Ортақ ашық теңіз айдынын иемденуі - мысалы Қара теңіз, Балтық теңізі немесе Каспий теңізі бассейні жағалауында орналасуы.

Сондықтан географиялық іргелестігі мен табиғи потенциалды ортақ пайдалану мүмкіндігін анықтайтын осы факторлар негізінде аталған аймақтардың елдері түрлі аймақтық ұйымдар құрып отыр. Атап айтар болсақ, Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығы 1992 жылы құрылды. Оның құрамына Қара теңіз, Кавказ және Балқан аймағының 11 мемлекеті енеді.(Әзірбайжан, Албания, Армения, Болғария, Грекия, Грузия, Молдова, Ресей, Румыния, Түркия, Украйна). Сол 1992 жылы құрылған Балтық теңізі мемлекеттерінің Кеңесі деп аталатын екінші ұйымға Германия, Дания, Латвия, Литва, Норвегия, Польша, Ресей, Финляндия, Швеция, Эстония және Еуропалық Одақтың мемлекеттері енеді.

Аймақтық ынтымақтастық тенденциялары Орта Азия және Кавказ төңірегі елдерінде, атап айтқанда Қазақстан, Түркменстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Грузия, Армения, Әзірбайжан секілді бұрынғы одақтас республикаларда және оларға іргелес жатқан Түркия, Иран, Ауғанстан, Қытай арасында да жүзеге асырылуда.

Осы елдердің барлығы да өзара мемлекетаралық байланыстар жүйесі арқылы байланысқан. Біріншіден олардың барлығы белгілі бір аймақтық экономикалық блоктар мен саяси қауымдастыққа кіреді. Екіншіден, ол елдердің ішінде кейбіреуі аймақтағы көшбасшы роліне айналуға тырысуда.

КСРО орнында жаңа мемлекеттердің пайда болуына орай саяси-географиялық аппараттың ұғымына үлкен өзгерістер енді.

Каспий теңізі қайраңында және оған іргелес аймақтарда мұнайдың мол қорының ашылуы, отын-энергетикалық ресурстарды игеруге, оларды әлемдік нарыққа шығаруға арналған маршруттарды анықтауға және Европаны Азиямен қосуға мүмкіндік беретін көлік дәліздерін жоспарлауға бағытталған келешегі үлкен түрлі жобалардың пайда болуы,

Жаңа Каспий маңы аймағы деп аталатын субаймақтық ұғымның дүниеге келуіне негіз болды.

Тек бұрынғы кеңестік қана емес, сондай-ақ батыс геосаяси сөздігінде Транскаспий аймағы, Каспий маңы немесе Каспий аймағы және Каспий теңізі ауданы деп аталатын территория пайда болды. Оған Каспий теңізіне шығатын елдер-Әзірбайжан, Түркменстан, Қазақстан, Ресей және Иран кіреді.

Сондай-ақ, бұл ұғымның құрамдас бөліктері ретінде географиялық жағдайы мен жүргізіп отырған геосаясаты аймақтағы мұнай-газ құбырларын, басқа да көлік-коммуникация құрылымдарын жүргізуге тікелей қатысты болып саналатын Түркия, Грузия, Қытай, Пакистан, Ауғанстан тәрізді елдерді де қосып атауға болады.

Каспий маңы аймағының өзіне тән басты ерекшелігі - ол тек шикізаттық қана емес, сондай-ақ транзиттік те маңызға ие, себебі ол «Ұлы Жібек Жолы» деп аталатын тарихи маршруттың жаңа жалғасы Шығыс пен Батысты жалғастыратын жолдардың ғана емес, сондай-ақ Солтүстік пен Оңтүстікті ( Хельсинки- Мумбай) жалғастыратын өлке.

Осыған орай аймақты Транскаспий аймағы деп атауға болады.

Батыс елдерінің осы аймаққа деген қызығушылығының шексіз екендігіне қарамастан, экономикалық және саяси мәселелер жөнінен аталмыш елдерді біріктіруге мүмкіндік беретіндей төмендегі сұрақтарды шешумен айналысатын арнайы халықаралық үкіметтік ұйым осы уақытқа дейін құрылмай отыр:

- Каспий теңізінің статусын анықтау және теңіз жағасында жатқан мемлекеттер арасында теңіз түбі мен су айдынын территориялық бөлісу туралы келісімге келу;
- Каспийдің биоресурстарын қорғау жөніндегі шараларды анықтау және жүзеге асыру;
- Түрлі мемлекетаралық жанжалдарды атап айтар болсақ, Армения мен Әзірбайжан арасындағы Таулы Қарабахқа байланысты, немесе, Каспий айдынындағы «Осман» және «Хазар» кен орындарының Әзірбайжан мен Түркмениянның қайсысына қатысты екендігін шешу;
- Аймақтық қауіпсіздікті сақтау шараларын жүзеге асыру;
- Жаңа мұнай және газ құбыры маршруттарын жобалау және салу жөніндегі мүдделі елдердің көзқарасын біріктіретін халықаралық және қаржы институтарын құру;

Бүгінгі таңда әлемнің геоэкономикалық экологиялық және биошаруашылық мүдделерін тоғыстырып отырған Каспий өз алдына әлдебір қауымдастықты түзілдіру мүмкіндігі бар дара сипатты геосаяси аймақ ретінде бой көрсете бастады. Бұған оны жағалай орналасқан шектес елдердің теңіз су алабын бірлесіп пайдалану жөніндегі көзқарастары да ықпал әсерін тигізе бастағандай. Халықаралық қатынастар құрылымындағы түбегейлі өзгерістерді және сахнадағы күштердің арасалмағын белгілеген ХХ-ғасырдың соңындағы басты саяси оқиға КСРО-ның ыдырауы болды. Бұрынғы метропологияның орнына жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, жаңа проблемалардың соның ішінде геосаяси проблемалардың туындауына себеп болды. Республикаларды егемендік халықаралық құқықтық тұрғыдан рәсімдеуге және оларды аумақтық межелеуге қатысты проблемаларда бой көрсете бастады.Осындай ең бір күрделі проблемалардың бірі ауқымы - 378 000 шаршы шақырым км болатын әлемдегі ең ірі құрлықшілік су айдыны Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін белгілеу. Оны игерудің аймақтық мәселелері болды. Егер 1991 жылға дейін Каспий теңізі екі елге тиесілі болса, онда оның суы бес мемлекеттің-Қазақстанның, Ресейдің, Иранның, Әзірбайжанның және Түрікменстанның жағалауларын шайып жатыр.Осындай жағдайда ждаңа тарихи және саяси болмыста Каспий теңізін ұлттық секторларға өркениетті жолмен болудің жаңа халықаралық құқықтық негізін жасаудың шынайы қажеттілігі туындады.

Каспийдің бұрынғы құқықтық режимі Ресейлік-Персиялық (1921жыл) және кеңестік-ирандық (1940жыл) шарттармен белгіленді. Бұл құжаттар бес Каспий жағалауы мемлекеттерінің Қазақстан, Ресей, Иран, Әзірбайжан, Түрікменстанның арасындағы қатынастарды реттеу үшін қандай да негізгі қызметін атқара алмайды. Осындай бағытта Каспийдің құқықтық мәртебесіне қатысты проблеманы жеделдетіп шешуге бағытталған Каспий жағалауы мемлекеттеріннің іс-қимылының негізінде осы теңіздің минералдық ресурстарының тиесілігін аңықтау тілегі жатқандығы құпия емес. Сондықтан мұндай ойынның өзара қабылдауға болатын және анық ережелерін белгілеместен Каспий байлығын кең ауқымды игеру персппективасы дау туғызуы әбден мүмкін.

Осыған сай 1992 жылдан Каспий теңізіннің жаңа құқықтық мәртебесін жасау мақсатында Каспий маңы мемлекеттерінің арасында келіссөздер процесі басталды. Осыған орай Каспий теңізін ұлттық секторларға болу ұсыныстары қарастырылды.

Каспий теңізін ұлттық секторларға болу барысында ең үлкен Қазақстанға 113 000 шаршы шақырым, Ресейге - 64 000 шаршы шақырым, Түрікменстанға - 79 000 шаршы шащырым, Әзірбайжанға - 78 000 шаршы шақырым, Иранға - 14 000 шаршы шақырымдық үлесі тиеді. Каспий теңізін аймақтық игеру мәселелеріне қатысты Каспий маңы мемлекеттері Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау, оның минералдық ресаурстарын игеру барысында өзіндік көзқарастары мен ұсыныстары оларды шешу жолдарын ұсынуда. Осындай бағытта әрбір Каспий маңы мемлекеттерге өзіндік позицияларын ұстануда. Мұндағы Қазақстанның ұстанып отырған позициясы мынадай.

Қазақстан 1982 жылғы теңіз құқығы жөнінде БҰҰ-ның Конвенциясының кейбір ережелерін қажетті өзгерістермен өзгертті.

Каспийге қолдануды жақтайды. Бұл ретте Каспийдң түбін орта сызық бойынша межелеуді негізі 12 мильге дейін аумақтық теңізі және келісуге жататын балық аулау аймағын белгілеуді ұсынады. Осындай жолмен Каспийдің түбін болу идеясын ешқандай мемлекет жоққа шығармайды. Мұның өзі, сөз жоқ, Каспий теңізіннің құқықтық мәртебесі жөніндегі түпкілікті ымыраға қол жеткізудің аса маңызды алғышарты болып табылады.

Каспий теңізіннің құқықтық мәртебесін белгілеу проблемасына қатысты Ресейдің өзіндік ұстанымы бойынша, Ресей жетілдірген орта сызық бойынша Каспий түбін ұлттық секторларға бөлуді ұсынды. Осы секторлардың шеңберінде тараптар ресурстарды игеру құқығын алады, ал су беті мен оның қалыңдығы ортақ пайдалануда қала береді. Мәскеу теңізде қандай да бір мемлекеттік шекараны орнатуға қарсы.

Ал, Әзірбайжан 1982 жылғы теңіз құқығы бойынша БҰҰ конвенциясында бекітілген, жалпыға бірдей танылған әдістемеге сәйкес орта сызық бойынша теңізді ұлттық секторларға бөлуді дәйекті түрде жақтайды.

Түрікменстанның осы тараптағы көзқарасы бойынша, су қалыңдығын және су бетін бөлуді жақтайды. Теңіздің түбін 20 пайыз бойынша тең бөлу деп аталатын Иран ұсынып отырған нұсқаға тоқтала кетсек, ұлттық секторлардың 20 пайыздық бөлу идеясы Каспийде қалыптасқан тарихи және саяси болмысты бұзуды білдіреді, демек аймақтағы жалпы жағдайды тұрақсыздандыруға әкелуі мүмкін. Иран ұсынысы Каспий теңізінің географиясы, оның жағалауының кескініне сәйкес келмейді, және құрлықтық аумақтағы құрлықтық сызықтарының ұзақтығын, сондай ақ жағалау мемлекттерінің шекарасын ескермейді.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау, минералдық ресурстарын игеру барысындағы ортақ проблеманы шешу барысында Каспий маңы мемлекеттері жоғарыда келтірілген поэзияларды көзқарастарды ұстануда. Осындай бағытта Каспийді «ұлттық секторларға» бөлу барысындағы анықталған мұнай құрылымдары аймақтарын төмендегі кестеден байқауымызға болады.

1-кесте

Каспий теңізінің секторлық құрылымдары

| № | Сектор | Сектордың ауданы,шаршы шақырым | Саны Мұнай-газдық құрылым | Зерттелген бағалы өндірістік аймақтар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Әзірбайжан | 78 | 137 | 24-27 |
| 2 | Түрікменстан | 79 | 65 | 5-7 |
| 3 | Қазақстан | 113 | 82 | 1 |
| 4 | Ресей | 64 | 20 | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | Иран | 44 | 43 | - |
| | Барлығы | 378 | 347 | 30-36 |

Сонымен қатар Каспий теңізіне қатысты қазіргі уақыттағы сыртқы күштердің келесі бір тепе-теңдігі қалыптасып келіп жатыр.

90-шы жылдардың ортасына қарай Каспийдің бай энергоресурстары аясында қалыптасқан геосаяси күрестің нәтижесі батыстық мемлекттердің соның ішінде, АҚШ пен оның мұнай газ компонияларының берік экономикалық позицияларының қалыптасуы болды.

Каспий аймағында ену саясатын, біршама қарапайымдылау түрде болса да, Қытай да жүргізіп отыр. Атасу-Алашанькоу мұнай құбырының құрылысы аймақтағы Пекин поэзияларының нығаюы жолында маңызды қадам болды.

Баку-Тбилиси-Джейхан жобасы мен Қазақстан-Қытай жобаын жүзеге асыру Ресей қызығушылықтарына жауап бермиді, себебі ол Каспий мұнайын тасымалдау монополиясын іске асырып отырған аймақтық процесстерге әсер етудің маңызды механизімінен айырылып қалады. АҚШ Мәскеу және Тегеран үшін жағымсыз сыртқы күш болып отыр.

Сонымен қорыта айтсақ, Каспий маңына қызығушылық танытып отырған әлемдік және аймақтық күрделі қарым қатынастары ұзақ уақыт бойы әлі де, қайшылықта болып, Каспийдегі геосаяси атмосфераны анықтайтыны анық.

**ӘДЕБИЕТТЕР**


1. Қазақстан табиғаты: Энциклопедия; II-том Алматы - 2009
2. «Маңғыстау» газеті, №149-150/9336; 2017 ж
3. Мамедов Р. Международно-правовая делимитация Каспийского моря //Международное право. – №5/2001/14. – С.


**ӘОЖ 504.062.2 (045)**

# КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ КАСПИЙ МАҢЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

**Серикбаева А. К., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**
**Досжанов Б.А., М.Тынышбаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледжі**

**Аңдатпа.** Мақалада Каспий теңізінің шекаралас елдермен халықаралық-құқықтық мәртебесі және Каспий маңы мемлекеттерінің халықаралық экономикалық ынтымақтастығы жағдайлары туралы қарастырылған. Каспий теңізіндегі мұнайды игеру барысында туындайтын мәселелер туралы кеңінен мәліметтер келтірілген. Бүгінгі таңда Каспий теңізінің құқықтық мәртебесіне байланысты заңнамаларға өзгертулер енгізу тараптары қарастырған.

**Түйінді сөздер:** Каспий теңізі, ынтымақтастықты, халықаралық, экономикалық, құқықтық мәртебесі

Біздің ойымызша, Каспий маңы мемлекеттерінің бірінші кезектегі міндеті Каспий маңы мемлекеттерінің әрқайсысының мүдделеріне нұқсан келтірмей өздерінің ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету жолдарын іздестіру болып табылады. Бұл

проблемаларды шешу келісілген негізде Каспий теңізінің мәртебесі мен режимі туралы мәселені мемлекетаралық деңгейде қаншалықты тиімді реттеуге болатынына тікелей байланысты. Каспийдің құқықтық мәртебесін белгілеу - таяудағы уақыттың міндеті. Қазіргі жағдайда Каспий маңы мемлекеттерінің өзара іс-қимылының басқа бағыты, көп қырлы Халықаралық экономикалық ынтымақтастықты, атап айтқанда газ және минералдық ресурстарды өндіру, кеме қатынасы мен балық аулау, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша дамыту мәселесі болып табылады.

1994 жылдың 19 шілдесінде Қазақстан Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенция жобасын ұсынды. Жоба Қазақстан Республикасы ресми биліктерінің Каспийдің болашақ мәртебесі туралы көзқарасын білдіреді. Жоба бойынша Каспий теңіз ретінде қарастырылып, 1982 жылдың 10 желтоқсанында қабылданған БҰҰ Конвенциясының негізгі нормативтерінің күші жүру керек. Жобада Каспий жағалауындағы елдердің мемлекеттік шекаралары көлемдік сулар бойынша, яғни жағалаудан 12 теңіздік мильмен бекітілуі қажет. Теңіз түбінің қалғаны ұлттық секторларға бөлінеді. Бөлінген бөліктер халықаралық теңіз құқығына сәйкес жағалау мемлекеттерінің ерекше экономикалық аймақтары болып табылады. Ал, табиғи ресурстарды пайдалану, әсіресе ұлттық секторларда жатқан теңіз қойнауындағы байлықты қолдану жағалау мемлекеттерінің құқықтық құзыретіне бағынады. Осыған орай Қазақстан тарапы жағалау мемлекеттерінің табиғи ресурстарды пайдаланудағы мүдделерін қорғауға және экологиялық жүйені сақтауға шақырады. 1996 жылдың наурызында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары В. Гиззатов: «Қазақстан Каспийдің түбі мен байлығын жағалау мемлекеттері өзара бөлісу керек. Әркім өзіне тиісті бөлікті ұлттық егемендігін жүргізе отырып минералдық ресурстарды іздеу және қолдануда ерекше құқыққа ие болуы тиіс. Осы мәселеде біз тек халықаралық құқықты ғана емес, Кеңес Одағы мен Иранның тәжірибесін назарға алдық. Олар өзара кеңеспей-ақ, теңіз мұнайын өз еріктерімен өндіре білген. Демек біз Кеңес Одағы мен Иранның теңіз мұнайын пайдалану бойынша құқықтық негізге айналған қарапайым құқыққа сүйеніп отырмыз».

Назарға алынатын тағы да бір жағдай бар. Каспий теңізі мемлекеттері арасында ынтымақтастықты үйлестіру мәселелері бойынша шынайы шаралар қабылдау мақсатында 1994 жылдың 28 шілдесінде Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімімен Каспий теңізіне қатысты түрлі мәселелерді шешу, оған қоса теңіздің мәртебесін анықтау бойынша келіссөздерге қатысу үшін үкіметтік делегацияның және сарапшылар тобының бірінші құрамы бекітілді. Өкімнің «Каспий теңізі құқықтық мәртебесі бойынша нұсқаулар» атты №2 қосымшасында Қазақстан делегациясына 1921 жылғы 26 ақпан, 1940 жылғы 25 наурыз КСРО мен Иран арасындағы келісімдер жаңа геополитикалық шындыққа жанаспайтынын негізге алу туралы тапсырма берілген. Делегация БҰҰ 1982 жылғы теңіз құқығы туралы Конвенциясының шарттары жүруіне мақсат қою керек деген. Яғни БҰҰ Конвенциясы аймақтық сулар, ерекше экономикалық аймақтар, құрлықтық шельфтер, ашық теңізде еркін ұшу, балық аулау, қоршаған орта мен жағалауды қорғау мәселелерін реттейді. Өкім бойынша Қазақстандық делегацияға Каспий теңізінің құқықтық мәртебесіне қоса, жағалау мемлекеттері арасында аймақтық ынтымақтастық туралы келісім-шарт бойынша келіссөздер жүргізу тапсырылған.

Мұнда 1995 жылы Қазақстанның өкілі В. Гиззатовтың ресми мемлекеттік ұстанымды білдіре отырып: «Қазақстан Республикасы Каспийге теңіз құқығын қолдану барлық жағалау мемлекеттерінің балық аулау және кеме қатынасы құқықтарын қамтамасыз етуде ыңғайлы шешім болып табылады. Біздің пікірімзше және халықаралық құқық нормаларына сәйкес Каспий теңізі жағалау мемлекеттерінің егемендігіне тиесілі зоналарға (аймақтық зоналарға) бөлінуі қажет. Жағалау

мемлекеттері Каспий теңізінің суында, теңіз түбінде және астында биологиялық және минералдық табиғи ресурстарды іздеуге, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға егемендік құқыққа ие болу қажет» деп ескертті.

Осы орайда БҰҰ Конвенциясының «тұйық және жартылай тұйық теңіздер» туралы IX тарауын қарастырған дұрыс. 122 бапта «тұйық және жартылай тұйық теңіздерге» шығанақ, бассейн немесе екі немесе одан көп мемлекеттермен қоршалған және басқа теңіздермен немесе мұхиттармен тар өткел арқылы байланысы бар немесе көпшілік бөлігі екі немесе бірнеше жағалау мемлекеттерінің аймақтық сулары мен ерекше экономикалық зоналары болып табылатын теңіздер жатады деп жазылған. 122-баптан мынаны түсінуге болады. Тұйық немесе жартылай тұйық теңізді анықтауда екі критерий қолданылады. Бірінші критерий географиялық негіз болса, екіншісі құқықтық болып табылады. Яғни екінші критерий келешекте үлкен маңызға ие болады. Өйткені құқықтық критерий бойынша теңізде аймақтық сулар мен ерекше экономикалық зоналарды анықтау мәселелері көтеріледі. Қазақстан өзінің ұстанымын қорғауда екі критерий да құқықтық тіреу ретінде табатынын айтып өткен жөн.

Қазақстан жағалық мемлекеттермен бірқатар келісімдердің қатысушысы болып табылады. Мәселен, 10 маусым 1997 жылы Қазақстан Республикасы Әзірбайжан Республикасымен, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы көпжақты Конвенция бекітілгенге дейін теңіздегі орта сызықтағы өздерінің ұлттық секторына тиесілі шекараларды ұстану мен өзара іс-әрекеттің түрлі салаларында ынтымақтастықты жандандыру туралы ұстанымдарын мәлімдейтін ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен күшейту жөніндегі Декларацияға қол қойды. Сонымен қатар, Декларацияда келешекте өзінің мұнайын Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан мен Еуропаға тасымалдау жөніндегі қазақстандық тараптың ниеті бекітілді. 29 қараша 2001 жылы Қазақстан мен Әзірбайжан екі мемлекет арасындағы Каспий теңіз түбі шекараларын бөлу туралы Келісімге қол қойып, аталмыш келісім қазақстандық тараппен 2 шілде 2003 жылы ратификацияланды. Осы Келісімге сәйкес тараптар Каспий теңіз түбі шекарасы мен ресурстарын, жағалау сызықтары мен аралдардағы бастапқы нүктеден тең қашықтату негізінде есептелетін, орта сызық бойынша бөледі. Қарама-қарсы орналасқан және іргелес жағалаулары бар мемлекеттер арасында су кеңістіктерін белгілеуде қолданылатын орта сызыққа осы мемлекеттердің теңіз жағалауларындағы тиісті ең жақын нүктесінен осы сызықтың тең қашықтықта орналасқан нүктелері бар сызық деген анықтама беруге болады. Каспий теңіз түбін бөлудегі орта сызықты өткізудің жоғарыда аталған тәсілін қолданған жағдайда, алдында көрсетілгендей Қазақстан үлесіне 29,6%, Әзірбайжанға – 19,5%, Иранға – 13,8 %, Ресейге – 18,7%, Түрікменстанға – 18,4% келеді. Өз кезегінде, түрлендірілген орта сызық құрамына жағалаулардан бірдей қашықтықта емес және аралдар есебі, геологиялық құрылым, геологиялық шығындар мен басқа да ерекше жағдайлар негізінде анықталатын аймақтар кіреді.

1998 жылғы Қазақстан мен Ресей арасындағы келісім де ерекше мағынаға ие. Қазақстан Республикасы 14 қараша 2002 жылы, Мәскеуде 6 шілде 1998 жылы қол қойылған, Ресей Федерациясымен жерасты байлықтарын қолдану егеменді құқығын жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің теңіз түбін анықтау туралы Келісімін ратификациялады. Осы келісімнің кіріспесінен бастап бүгінгі Каспийдің құқықтық режимінің заманауи талаптарға сай болмауы мен Каспий маңы мемлекеттері арасындағы құқықтық қатынастарды толық реттемеуі туралы айтылады. Атап өтетін жайт, келісімнің кіріспе бөлігінде келешекте Каспий теңізінің мәртебесін анықтауда сол акваторияда кедендік, шекаралық және санитарлық бақылау аймақтарын, сонымен қоса балық шаруашылығы аймақтары мен ортақ пайдалану аймақтарын орналастыру мүмкіндігін қарастыру туралы қос тараптың ниеттері

бекітілген. Аталмыш келісімде биологиялық ресурстарды пайдаланумен байланысты шаруашылық қызметтер қамтылмаған. Келісімнің 1 бабына сәйкес, Каспийдің солтүстік бөлігінің теңіз түбі мен жерасты байлықтары Қазақстан мен Ресей арасында екіжақты келісімдер мен әділдік қағидасы негізінде модификацияланған орта сызық бойынша бөлінеді. Су үсті, кеме қатынасы еркіндігін, алдын ала келісілген балық шаруашылығы ережелері мен теңіз экологиясын қорғау ережелерін сақтаған жағдайда, ортақ қолдануда қалады. Осы құжаттың 2 бабында Каспийдің солтүстік бөлігінің теңіз түбі мен жерасты ресурстарын зерттеу, өңдеу мен басқарудағы егемен құқықтарды тараптар бөлгіш сызыққа дейін өздеріне тиесілі теңіз түбі бөлігінде жүзеге асыратындығы туралы баяндалады. Әзірбайжанның халықаралық құқық саласындағы заңгері Р. Мамедовтың әділ пікірінше, 6 шілде 1998 жылғы Қазақстан мен Ресей арасындағы келісімде алғаш рет қолдау тапқан шекараның модификацияланған орта сызығы «халықаралық құқықтың өзіндік новелласы» болып табылады. Қазақстан мен Ресей арасындағы Каспийдің модификацияланған орта сызығы жағалау сызықтары бастапқы нүктеден тең қашық негізінде есептелетін және құрамына түрлендірілген орта сызық құрамына жағалаулардан бірдей қашықтықта емес және аралдар есебі, геологиялық құрылым, геологиялық шығындар мен басқа да ерекше жағдайлар негізінде анықталатын аймақтар бойымен өтеді. Көп жағдайларда мамандар орта сызықты, сызықтың ең жақын нүктесінен, сектор ені мен теңіз аумағы өлшенуге тиісті, барлық нүктелері тең қашықтықта орналасатын, тең қорғау сызығы деп атайды. Ресей тарабының суасты құбыры мен шоғырсымдарын төсеу мен пайдалану сұрағын қабыл алмауына байланысты, келісімде арнайы бап келесідей мағынада – аталмыш қызмет түрлері кеме қатынасы мен ұшу сұрақтарын қоса қарастыра отырып, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияның соңғы нұсқасына қол қойылғаннан кейін, өзінің құқықтың реттелуін жағалық мемлекеттер арасында жеке екіжақты және көпжақты келісімдерде табатынын баяндайды. Атап өтерлік жайт, Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы келісімге қарағанда, Қазақстан мен Ресей арасындағы келісімге сәйкес егер модификациланған орта сызық перспективті құрылымдар мен кен орындарынан өткен жағдайда тараптар оны зерттеу мен өңдеу жұмыстарымен бірігіп айналысатын болады.

9 қазан 2000 жылы Астанада Қазақстан мен Ресей Каспий теңізіндегі ынтымақтастық жөніндегі Декларацияға қол қойып, 26 ақпан 1921 жылғы және 25 наурыз 1940 жылғы келісімдерде көрсетілген кеме қатынасының еркіндігі, балық шаруашылығы еркіндігі мен Каспий маңы елдеріне тиесілі емес теңіз кемелерінің қатынасына тиым салу сұрақтарының күшінде қалатынын баяндайды. Тараптар осы Декларацияда ымыра келісімге негізделген іргелес және қарама-қарсы орналасқан мемлекеттер арасындағы теңіз түбі шекарасын модификацияланған орта сызық бойынша бөлу тәсілі Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтаудағы келіссөздер процесінде оң үлесін қосатынын атап көрсетеді. Осыған қарамастан теңіз су кеңістігінің ортақ қолдануда болуымен қатар кеме қатынасы еркіндігі, қоршаған ортаны қорғау мен балық шаруашылығының бекітілген ережелері өз күшінде болады.

